




Атамұра  
Кітапханасы

МАКАТАЕВ

Мұқағали

Аманат



МАКАТАЕВ

Мұкағам

Аланам

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Кырга шығып ырысқа кенелмеспін...



АЛМАТЫ  
«АТАМҰРА»  
2002

**ББК 84.(5 Каз.)**  
**М 16**

## **Құрастырған Асқар АЛТАЙ**

**Макатаев Мұқағали**

**М16 АМАНАТ: Жыр жинағы. Құраст. А. Алтай. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 бет.**

**ISBN 9965–05–633–1**

Қазақ поэзиясында сирек кездесетін сөз зергерінің бірі Мұқағали Макатаевтың бұл жыр жинағына 2000 жылы Абай атындағы Казакстан Мемлекеттік сыйлығы берілген еді... Қалың оқырман сұранысына орай, ақының ақынның өлең кітабына лирикалық өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Жинаққа бұрын шыққан қос томдық пен үш томдықтарында жарияланбаған, кейіннен табылған аманат жырлары да енгізілген.

Қайталанбас құбылыстай жарқ етіп өте шыққан найзағай ақынның арда жырлары көнілі қаяу, санасы ояу бүгінгі оқырманың тағы бір серпілтіп тастары сөзсіз. Жинақ сөз қадірін сезінер қалың қауымға арналады.

**М 4702250000–242 Хабарландырусыз–2002  
418(05)–2002**

**ББК 84.(5 Каз.)**

**ISBN 9965–05–633–1**

**© Асқар А., 2002  
© Атамұра баспасы, 2002**

## БІРІНШІ ТАРАУ

Күтіп артын  
Кайран  
Саммерге

Аңы жырым құйылса отке барып,  
Ашырқанып, алайда, сөкпе, халық.

## МУЗАГА

*Отырғанын қараши күйім келмей,  
Қайда кеттің?  
О, Муза! Құйын желдей.  
Аузымды ашсам өклемнен жел үреді,  
Қаңыраған иесіз дірмендей.  
Мұздатады жанымды бұйым көрмей.*

*Жел үреді желлініп, көрік-кеудем,  
Күйім келмей отырмын неліктен мен?!  
О, Муза!  
Қайдасың сен желік берген?  
Жалын мен отқа ғана ерік берген  
Серігім, қайдасың сен сеніп келген?*

*Дәптер жатыр паразы аударылмай,  
Аударылмай шынымен қалғаны ма-ай!  
Ойлар жатыр еңсемді бір көтертпей,  
Тонна-тонна қорғасын салмағындаи.  
О, Муза!  
Әуреге салғаның-ай!*

*Күтемін сенен үміт, сенен жігер,  
Қисаң маган, биік пен тереңді бер!  
О, Муза!  
Маган алыс сөреңді бер!  
Гайыптан кел де, мені демеп жібер.*

## ХАЛЬҚҚА ХАТ

Тұған халқым!  
Қатемді кешір менін.  
Сенің арқан – сескенбей, есіргенім.  
Егерде жырын болмай, ұрың болсам,  
Алақанға саласың несін мені  
Жоқ!  
Менің жүрек емес төсімдегі  
Ол бір от сенің ұлы қөшіндегі  
Өзіңнің жандырғаның, өшіргенің  
Әзірге тастаған жоқ есім мені,  
Уа, жұртый!  
Кешір мені!  
Кешір мені!

Зәредей қылышың жоқ мен сенбеген,  
Жасудамын жаныммен көрсем деп ем.  
Жасымнан жамандықты женсем деп ем,  
Жасырмай бәрін айтып берсем деп ем.

Жамандық көре алмайсың сенсөң менен,  
Өзіңнің қалыбыңмен өлшенген ем,  
АМАНАТ бір өзіне өлсем денем.  
АМАНАТ бір өзіне жырым-сырым,  
Аманат Асан-жүрек жырым-жырым,  
Жолсызбен жортамын деп,  
Орта жолда  
Жете алмай жетеріне жығылды ұлын,  
О, менің  
Желпілдеген туырлығым!  
Желбіреп, жетіле бер Туың бүгін!

Ой-қырына мың сәлем мен көрмеген,  
Шөлдер менен тауларға, көлдерменен.  
Құмда отырған қойшының қараша үйін,  
Қайсыбір сарайлардан кем көрмеп ем.  
Жетім қалған қозыға жем берген ем...  
Жетіліп, жетісіп ем сендерменен,  
Кешір менің жанымды емделмеген!

Самал сырын жеткізіп, бұлак сөзін,  
Болсам деп ем өзіңнің құлақ-көзін.  
Бастап кетті басқаға шуақ-сезім,  
Шуақ-сезім – секірген лақ кезім.  
Менде өзіндей болмады тұрақ-төзім.

Неге бұлай?  
...Білесің бірақ та өзің.  
Несін білдім өмірдің, несін көрдім?  
Көз жазып қалмайын деп қошіне ердім.

Туған ел, көз жасы үшін кешір мені,  
Кешегі жетімдер мен жесірлердің?  
Ортасында өшу мен өсулердің  
Таяғын тарттым талай кесірлердің,  
Туған ел, сол үшін де кешір мені!

Жаманың да болса егер жатсынбадым,  
Мен жақсы көрдім, мені жатсынғанын.  
Мен сеземін жаманың, жақсың барын,  
Барлығы үшін, бәрібір, ақсын қаным.  
Барымды ойымдағы тапсырмадым.  
Бәрін де бір өзіне АМАНАТТАП,  
Кеудемде тыныш үйықтап жатсын жаным.

Туған халқым!  
Қатемді кешіре гөр!  
Кешіре гөр!  
Кеш қылмай несібе бер.  
Ақынды ая,  
Өмірге ақын бергін!  
Көрікті болсын десен қошің егер  
Ал мені... Кешіре гөр!  
Кешіре гөр!..

## ЕЙ, ӨЛЕҢ

Ей, өлең, маған тиген еншім едің,  
Бой жазайын, қасыма келші менің.  
Менің саған шамалы жақсылығым,  
Сен де маған, өрине, көншімедің.

Келші маған, тез жетші, алданышым,  
Тез жетші, атам Абай аруағы үшін.  
Бейіштегі ұянды қоя түрғын,  
Тіршілікке керексің, арда құсым.

Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем?  
Жансыз өлең жанымды алды кілен.  
Бір ойым жүрегімде қаза болып,  
Бір ойым көмейімді қалды тіреп,  
Ей, өлең, қайтсем саған жан бітірем?



Сананы сары уайым сарылтқанмен,  
Тынысты түйік тұман тарылтқанмен,  
Үзбеймін күдерімді жарыктан мен,  
Үзбеймін күдерімді халыктан мен!

Қақым жоқ тағдырыма қалтылдарға,  
Қақым жоқ болашаққа салқындарға.  
Сенемін, тұспек емес нарқым дауға,  
Сезетін жүргегімді халқым барда.



Мына дүние әділдіктен жаралған,  
Өз орнында: жер де, күн де, тау, орман.  
Бір-бірінен қуат алған, нәр алған,  
Мына дүние әділдіктен жаралған.

Күн барады әділдігін арқалап,  
Әділдігін бөлеп жатыр шартарап.  
Әділдік деп жүргеніміз біздердің –  
Бар ғаламға, әлемге ортақ салтанат.

Мынау өмір әділдіктің тұрағы,  
Мынау дүние әділдіктен тұрады.  
Ал Адам ше?  
Адам неге жылады?  
Біреулерден біреу неге ығады?  
Біреулердің сағы неге сынады?!

## ШЫДА, ШЫДА

Шыда, шыда!  
Шыдай тұс, шыда тағы!  
Шыдамдыны мына өмір ұнатады.  
Үміттің құлан иек құла таңы,  
Әйтеуір бір атады, бір атады...

Өкінбе, өкпелеме, бүгініңе,  
Өмір, өмір!  
Болмайды тұнілуге,  
Мәнгі сені жазбаған сүрінуге,  
Қайта тұрып, қақын бар жүгіруге.

Тұсінемін жаныңың ауырғанын,  
Шыдадың ғой, шыдай тұс, дамылдағын.  
Иогтардың тәсілін қабылдағын,  
Басқасына бас ұрып, табынбағын.

Шыда, шыда!  
Шыдай тұс, тағы шыда!  
Тау құлатқан тасқынның ағысына,  
Кір жуытпай, кіршіксіз намысына,  
Қарысуға болады, алысуға...

## ЖЫЛДАРЫМ МЕНИН, ЖЫЛДАРЫМ

Жылдарым менін, жылдарым,  
Жазылмай қалған жырларым.  
Айтылмай жүрген сырларым,  
Ақтармай жүрген мұндарым,  
Жылдарым, кайран, жылдарым.

Жылсып өткен жылымды,  
Жоғалтқан өмір дер едім.  
Айта алмай камап мұңымды,  
Шерменде болып келемін.

Көргенім ылғи өгейлік,  
Куанам неге тоқсынып.  
Жыл өткен сайын кедейлік,  
Жыл келген сайын жоқшылық.

Кедейдің көңілін жасытып,  
Мұң басады еken мұндайда,  
Дәuletімді тасытып,  
Бақытқа бөлер жан қайда?

Жылдарым менін, жылдарым,  
Айтылар ма еken сырларым.  
Ашылар ма еken мұндарым,  
Жазылар ма еken жырларым.

1963–64 ж.

## **МЫНА ҚАСҚА...**

Кор болған жылдарым-ай, күндерім-ай!  
Асауға ауыздықсыз мінгенім-ай!  
Мына қасқа бәрін де біле тұрып,  
Мына қасқа бірін де білмеуін-ай!

Шынымен түсінбей ме мына қасқа,  
Мына – көз, мына – жүрек, мына – басқа?!  
Мына қасқа шынымен түсінбей ме,  
Бұлбұлдың қонбайтынын қу ағашқа?!

Мына – жүрек, мына – көз, мына баста,  
Ненің барын біледі мына қасқан...  
Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,  
Тас жүрегін жасырап қына басқан.

Аламын деп қасқаның тас қамалын,  
Тас жүрекпен қашанғы тас боламын.  
Тас жүрекке табынтып, тастамағын,  
Жүрегін бер, тәнірім, жас баланын!

Сағындым сені, сәби кездерім-ай,  
Сандалтып, мені тастап безгенің-ай.  
...Мына қасқа бәрін де сезіп тұрып,  
Мына қасқа бірін де сезбеуін-ай!



Жыл келді,  
Жақсылықпен өтсе игі еді.  
Жоғалып жамандықтар кетсе игі еді.  
Ансал жүрген, жете алмай шаршап жүрген,  
Ақ қанат қуанышым жетсе игі еді!!!



Бұрын ылғи құс сайрайтын тереземнің алдында,  
Ала қарға, қарқылдайды...  
Нендей сиқыр бар мұнда?!

Көгершіндер, шымшықтар-ау...

Қайда кетіп қалдындар?

Аласапыран, абайсызда айырылып қалдым ба?!

Нендей сиқыр бар мұнда?!

Алақарға... Алақарға...  
Карасы өшсін құрғырдың!  
Шымшықтардың шырылы мен үні қайда  
Шынашактай бұлбұлдың?!  
Құстарымды тереземнен кім куды?!

Мен кудым ба?!

Жын куды ма?!

Әлде өзім алақарға!

Жігерімді құм қылдың...



Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,  
Су тартылған тенізден, жылғалардан.  
Нелер үрпақ аттанған қуған арман.  
Не бар дейсің, өмірге тұлға болған  
Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан.

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?  
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.  
Менің жаным ашиды мына өмірді,  
Отпейтіндей көретін адамдарға!

Өтеді ғой...  
Өтеді барлығы да,  
Күн арқалап кетеді танды мына.  
Менің жаным ашиды барлығына:  
Таң нұрына, адамның тағдырына.

Менің жаным ашиды өткендерге,  
Жаңа ғана өмірге жеткендерге.  
Ұран жазып аспанға қойсам ба еken,  
Енді сендер өмірден өтпендер деп.

Бәрі өтуде  
Күн батып, кеш кіруде,  
Жаңаруда дүние, ескіруде.  
Болашактан – бейтаныс, үрпағымыз,  
Босат деп тұр орнымды,  
Естідің бе?!

## ЖИП ЕНЕДІ

Жиі енеді тұсіме бұрынғы ауыл,  
Ойнақ салып, құлын-тай қырында жүр.  
Сүттен бұлақ ағызып, сиырлы ауыл  
Іркіт иісі келеді мұрынға бір.

Ойнамай жағасында құракпенен,  
Жалығып өзер ақкан бұлак көрем.  
Мал өрістен қайтқанда кешке қарай,  
Жамыраған қозы мен лақ көрем.

Қырық тұтін шығады қырық тамнан,  
Қырық торғай үшады шыбық, талдан.  
Қырық әже күзетіп отырады,  
Қырық ұлдың орынын сұып қалған.

Қыр басына қырық шал жиналады,  
Бір-біріне тартуы – сый қабагы.  
Бір-біріне отырар басу айтып,  
– Кайтесін, – деп тәнірдің қимағанын.

Тауларым да тұрады қалқан болып,  
Соны көріп қалады арқам кеніп.  
Өлі үйқыдан осылай оянамын,  
Оянамын, көңілім талқан болып.

### МЕН ДЕГЕН – ҮРЗА, МӘЗ БАЛА

Достар-ау, қайда тайдындар,  
Не берді маған ай-жылдар?  
Аздаған менде бакыт бар,  
Аз ғана менің қайфым бар.  
Қалғаны болса айтындар.

Айтылған арыз, назға да,  
Көктемге, қыска, жазға да,  
Мен деген – ырза, мәз бала.  
Рақат көрген аз ғана,  
Азап та тартқан аз ғана,  
Мен деген – ырза, мәз бала  
Сәби қалпынан қозғама.

Молынан маған бермеген,  
Бермесе қойсын кенде емен.  
Аязды аздап көрген ем,  
Ыстықта аздап шөлдегем,  
Анасының да ақ сүтін  
Айызы қанып ембеген –  
Мәз бала, достар, мен деген.

Жыласам-дағы еңбектеп,  
Жығылсам-дағы еңбектеп,  
Рақат алып аз ғана,  
Аз ғана еткен еңбектен  
Мен деген – ырза, мәз бала,  
Мәз болам мынау Жер – Көкке.

### ӨЗІММЕН ӨЗІМ

(Басқаларға қатысы жоқ)  
Өзімнен өзім аса алмай,  
Өзімді өзім баса алмай,  
Ауыздық салған асаудай,  
Барар жер, басар ізім жоқ,  
Бұғалықтан босанбай,  
Байлауда тұрам қашанғы-ай?!

Өзіммен өзім алысып,  
Болмайтын жерде қарысып,  
Жаны игі жақсы жандардың  
Жағасына жабысып,  
Жамандықленен табысып,  
Жабыларменен жарысып,  
Секілді күндес абысын –  
Өләпат менің намысым.

Өзімді өзім танымай,  
Өзгеге көніл жарымай,  
Жақсылығыма қорымай,  
Жамандығыма налымай,  
Тауыққа шашқан тарыдай  
Таусылар болды шаруа-ай!

Өзіммен өзім жүз жыртып,  
Өзіме өзім мұз бүркіп,  
Өзімнен өскен балуанға  
Өз мойнымды үздіртіп,  
Табынтықан мені тағдыр-ай,  
Өзгеге көзді сүздіртіп!..

## **ХАЛҚЫМА ХАТ**

Сыйын мен құрметіңе қарамай-ак,  
Ауылдынан аттанып ем жалаң аяқ.  
Ақсақал, ақ емшегің болғанменен,  
Өсіп ем ақымақты итке баламай-ак.

Мен сенен әрқашан да алыс кетпен,  
Таныс қыстау, таныс шал, таныс кетпен.  
Айранынды құбіне жасырып қап,  
Сен маған «тағы іш» деп пе ен,  
«тағы іш» деп пе ен.

Бөтелкеден құбің ғой артық маған,  
Дәм татуға патша да ар тұтпаған.  
Бір тостақ іркітінді жібермесен,  
Мен мына өмірінен қорқып барам.

Тамұққа барады алып мына құрғыр,  
Құлауға пәс-ак қалып тұрағым тұр.  
Қуанып өтем бе деп келіп едім,  
Түн сайын онашада жыладым кіл.

Жұртым-ау, жылаудың да себебі бар,  
Неге сонша алдыннан келеді жар?  
Сен келіп селбеспесен, қайран жұртым,  
Сенделіп екі ортада өледі жан.

Ажыратсам деп едім ақ, қараны,  
Ұлғи көрем езу мен таптағанды.  
Күйзеліп таң атқанша таңды күтсем,  
Ойпырым-ай, таңын өзі қап-қаранғы!

## **МЕЙІРІМ БЕР, ҚЫМБАТТЫМ**

Жаның ашып,  
Жарылқама,  
Жарылқама, қымбаттым.  
Жан ауырып баратқасын  
Жасыра алмай, тіл қаттым,  
Барса келмес сапарында түсім қашып, түн қаттым.  
Бір нәрсемді жоғалттым да,  
Бір нәрсемді үрлаттым.  
Сан соқпакты сапарымда  
Мықтымын ғой деуші едім,

Биіктіктің барлығын да бойымменен өлшедім.  
Жарылқама!  
Берме маған жауыздықтың семсерін,  
Мейірім бер, мұнайғанда жасың сүртем мен сенің.  
Мейірім бер,  
Мейірім бер, жүргімді тас қылма,  
Үйдегі Ана мейірін бер түзде жортқан қасқырға.  
...Сенесің бе, сезесің бе?..  
Сенің үшін бас құрбан,  
Естілмеген әнінмін мен алты кырдың астынан.  
Бір нәрсемді жоғалттым мен,  
Бір нәрсемді ұрлаттым...  
Соны іздедім,  
Айдын көлдің аққуларын шулаттым,  
Барса келмес сапарында түсім қашып, тұн қаттым.  
Мейірім бер, Мейірім бер...  
Саған келдім, қымбаттым!

1974



Пай, пай, Өмір!  
Өтесің-ау бір күні.  
Тиясың-ау қуанышты құлқіні.  
Өмір деген – бір жарқеткен найзагай,  
Өмір деген – көк аспаның құркірі.  
Пай, пай, Өмір,  
Өтесің-ау бір күні!

Болмағандай, жүрмелендей сенде біз,  
Кетеміз-ау, әй, кетеміз... пен деміз.  
Үрпактарға береміз де кезекті,  
Біз кетеміз. Кету үшін келгеміз.

Өмір деген – бұйым емес қолдағы,  
Өмір дейтін – ұлы бекет жолдағы.  
Қаның кеуіп каталаған кезінде  
Сусыныңды қандырсан бір болғаны.

Мына күн де, мына аспан да, дала анау,  
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!  
Өмір дейтін – тағатсыз бір қозғалыс,  
Өмір дейтін – өлемін деп қарамау.



Жылап тұрып қошасты биылғы қыс менімен,  
Сұнгі-сұнгі мұздар тұр  
Көзден акқан селінен.  
Өтер жаз бен өтер күз көз жастарын көріп ем,  
Түсіне алмай,  
Дел-салмын...  
Биылғы қыс, сенімен,  
Неге жылап қошастың, қаһарлы қыс, менімен?!

Айналайын Ақ Бабам!  
Аясын ба сен мені,  
Абыройын дақ шалған, алакүйын пендені?!

Әлде саған ауған ба  
Бар жылдық мендегі?!

Әлде тартып алған ба  
Бар суықты сендері?!

(Жібімейтін халдемін шақырса да жер мені...)

### ПЕНДЕЛІК

Арылайын десем де пенделіктен,  
Арылатын болмадым – ол неліктен?  
Жүгіріп те көрдім ғой, жығылып та,  
Ұрынып та журмін ғой, бұғынып та.  
Жаңыма өгей жасанды қылтығымен  
Жағынып та көрдім ғой, жұғынып та...

Жауыма да жатсың деп айта алмадым,  
Бала қаздай алдында байпандадым.  
Талай-талай сөзімнің әкесі өліп,  
Талай сөздің кезегін қайтармадым.

Жақсылық та етпедім адамға көп,  
Жамандығын айтпадым жаманға кеп.  
Пенделіктің іргесін қалай бердім,  
Қапелімде құлатып алам ба деп.

Ашу да айтып көрмедім, басу да айтып,  
Ақиқатын, шындығын жасырмайтын.  
Ақыл сұрап адамды таба алмадым  
Пенделіктің алдында бас үрмайтын.

## **ӨМІРІМЕ**

Қысқа өлең сияқтанып қысқа болар  
Деп ойлап ем,  
Ұзын болдың, өмірім.  
Ұрдым-пердім ұлым болар  
Деп ойлап ем,  
Ұзатылар қызым болдың, өмірім.  
Қара аспаннан жалт еткен бір  
Жасыным ба деуші едім.  
Қара көздің мөлт еткен бір  
Жасымын ба деуші едім.  
Қара қарға ғұмырымен неге мені өлшедің?  
Неткен жанмын таусылмайтын талқаны мен кеусені?  
Ей, Өмірім,  
Тұсінбеймін,  
Тұсінбеймін мен сені!!!

## **НЕСІНЕ ОЙЛАНАСЫҢ**

Несіне ойланасын,  
Несіне қиналасын,  
Қайтесің,  
Бір жылы сөз қимағасын?  
Атаң қазақ ескерткен әлдекашан,  
Ешкім де сыйламайды сыйламасын!

Қапаланба, қадірлім, қапаланба  
Кауіп-қатер басына тақағанда.  
Абайыңның басына қамшы ойнатып,  
Ақаныңды осылар матаган да...

## **АЖАЛҒА**

Менің досым, болсаншы кешірімді,  
Сабыр етші, таусайын несібімді.  
Басталмаған ісім көп. Аялдашы!  
Қақлашы тым ертерек есігімді.

(Алам десен, пенденің жаны дайын)  
Тоқташы, тіршіліктен жалығайын.  
Ракатқа белшемнен батпасам да,  
Қалтам толы сорымнан арылайын.

Осынау азын-аулак тәтті өмірді  
Қайтер еді өткізсем сәл көнілді!  
Аялдашы, бой жазып, бір түзейін  
Өкінішпен ұзатқан күндерімді.

Баянсыз жылдарым бар текке кеткен,  
Бишара жандарым бар өкпелеткен.  
Әлде мені тірлікте масқаралап,  
Өмірдің азғыны боп өт демек пе ең?!

Қапаста жатса-дағы күрсінбеген,  
Жомарт менің жүрегім дүрсілдеген.  
Міне, соның жасырмай алуан сырын,  
Ақтарайын, ел-жұртыйм білсін деп ем.

Риза етіп досым мен қастарымды,  
Жастанайын сонан соң жас қабірді.  
Тым болмаса сөннейін бір жарқ етіп,  
Киши маған әзірше жас жанымды.



Мұлде бөлек бір жан бар осы манда,  
Опық жеген қасынан, досынан да.  
Айтындаршы, құзғындар, нелерің бар  
Қарапайым тек жүрген осы жанда?!

Қабындырған, кеулеген жел өкпесін,  
Тобырлар мейлі оны бөлектесін.  
Татындар, таласындар, үймелендер,  
Сендерге ол тастады ғой өлексесін.

О, дәрменсіз найсаптар, пасық жандар!  
О, шерменде бықсықтар!  
Қоқыр-моқыр.  
Қаламымды кезеймін, шошынбандар!  
Әлімсіреп мөлимей, түзу отыр!

1955 ж.

## Н-НЫҢ МОНОЛОГЫ

Бір мінезім бар еді көкке өрлеген,  
Батылдықты, шындықты жек көрмеген.  
Ол әншнейін жастықтың жалыны екен,  
Ойласам, ақымақ боп тек терлегем.

Бір мінезім бар еді анқылдаған,  
Досқа да, дұшпанға да жарқылдаған.  
Ол да әншейін жастықтың желігі екен  
Ауыздықсыз бір кезде қарқындаған.

Пайда болды бір мінез енді маған,  
Алып-қашпам басылды, бітті шамам.  
Кімдер қандай қабақпен қарайды деп,  
Асыранды тазыдай жылман қағам.

1958 ж.

## БІРЕУГЕ

### I

Өсініз, жетілініз, тасқынданыз,  
Бірақ та биікпін деп асқынбаныз.  
Сен мықты, анау осал, мен орташа –  
Бәріміз бір аспанның астындамыз.

Сіздің ой біздің оймен бірікпейді,  
Шайқаңыз осы өмірді жүріп мейлі.  
Ойланыз, арзан атак, сасық ырыс  
Сіз өлгенде қайтадан тірілтпейді!

### II

Сен қандайсың?!

Сен бе?

Сен...

Жыландаісың елге сен,  
Жүре алмайсың жөнге сен,  
Құрдымдаісың шөлде сен,  
Құрымайсың өлмесен!

Сен қандайсың?  
Қандайсың?!  
Майлы, майда шандайсың,  
Жұғып кетсең қалмайсың,  
Алпыс айлалы андайсың.  
Адамдарды қармайсың,  
Өзгелерге ор қазып,  
Өз көрінді қамдайсың!

Сен сондайсың!  
Сондайсың!  
Барса келмес жолдайсын,  
Балшықтағы сордайсың,  
Түбінде сен сорлайсың!  
Түбінде сен онбайсың!  
Сондайсың сен, сондайсың!

1958 ж.



Катыгез қайсыбір сағатта  
Өмірді келеді тастағын.  
Сонда да үмітті жоғалтпа,  
Каралы күндерден қашпағын.

Сабыр ет, тоқтау қыл, шеше біл,  
Тағдырың улы оғын жолдаса.  
Өзің-ақ ойлаши, несі өмір,  
Куаныш, қайғысы болмаса?!

Қай жерде тіршілік, өмір бар,  
Сол жерде куаныш, қайғы да.  
Болсын да алдың құз, артың жар,  
Көн-дағы, өмір сүр, айныма.

1958 ж.



Бұлініп кеттің дейсің бүгінде сен,  
Мен мына табиғатпен күбірлесем.  
Осы бір жаратылыс құбылмаса,  
Мен-дағы құбылмас ем, бұлінбес ем.

Сүрініп жүрсің дейсің бүгінде сен,  
Жерімді сүйе алмаймын сүрінбесем.  
Осы бір жаратылыс жалтармаса,  
Жалтарып, тізе бүгіп, жүгінбес ем.

Қарашы, әлгіндегі ашық аспан  
Қажып тұр,  
Қара нөсер ласы басқан.  
Жасаусыз кәрі терек жыламаса;  
Мен-дағы қуанар ем жасымастан.

Жалтарма, жаратылыс, құбылма сен!  
Құбылмасаң, қуалап, жығылмас ем.  
Кез келгенге кезбе жел ұрынбаса,  
Кез келгенге мен-дағы ұрынбас ем.

Бұлініп жүрсің дейсің бүгінде сен,  
Бұтінделе алмаймын бұлінбесем!  
Жаратылыс, мен сенен тұнілмеймін,  
Сен өзіннен сезік ап, тұнілмесен.

1963 ж.

### **КЕШІРІНДЕР**

Кешіріндер, туыстар,  
Кешіріндер, ағайын,  
Өр көкірек бейбаққа өкпеледің талайың.  
Кірсіз көңіл ақ туын  
Жоғары ұстап, ағайын,  
Ақ киімге оранып, алдарыңа барайын.  
Кешіріндер, жарандар,  
Қошақаның болайын.

Сый сұрағам жасыннан,  
Мейір күткем қартыннан.  
Еркелеп ем сендерге,  
Емін-еркін шарқ ұрғам,  
Екенмін ғой антүрған.  
Сөз өргізіп артымнан,  
Арыла алмай келемін  
Бала құнгі қалпымнан.  
Кешіріндер, достарым,  
Кешіріндер, қастарым.  
Есім кіре баstadtы,  
Мен-мен емес, басқамын...  
Еркелікті тастадым.  
Естеріне алғайсың еркін жүрген қалқаны.

### **КҮНДЕСТІК ҚҰРЫСЫН!**

Қандай рақат!  
Жүрейік, достар, күнде өстіп.  
Ренжу деген,  
Ренжү деген – білместік.  
Бауырларым-ау!

Бәріміз қыын күн кештік,  
Арамызға біздін  
Кай жақтан келді күндейстік?!

Журуші едік қой  
Мұнымыз бірге, арман да,  
Армандал жүріп,  
Келдік қой осы орманға.  
Көзімізді ашып,  
Қарайық атар тандарға,  
Күндейстік құрысын!  
Күндейстік құрысын жалғанда!

Тағдырымызға  
Тамаша күндер тап келіп,  
Отырмыз, міне,  
Елуге жетпей бақ көріп.  
Күндейстік құрысын!  
Күндейстік деген – жат көрік,  
Тастайық оны нақ ортасынан қақ бөліп!

Елдер мен елдер,  
Материктер мен материк  
Достасып жатыр,  
Татулық туын көтеріп.  
Бауырластықтың жалауын біз де көтеріп,  
Жарқын өмірден  
Жауласпай жүріп өтелік!

Қарасандаршы,  
Қаншама достан айырылдық...  
Біріміз нағыз,  
Біріміз жалған қайғырдық...  
Тазалайықшы  
Ынтымақ деген айдынды,  
Қалыпқа түспей тұрғанымызда маймылдық!

Ойландар, достар!  
Өнерде «жарыс» болмайды!  
Өресі жетпей,  
Күндейстік қылған онбайды.  
Өнерің жетіп,  
Өсе алмай қалсан, сол қайғы...  
Күндес таласқан  
Өнерің өнер болмайды!!!

16 желтоқсан, 1974 ж.



Адалмын деп, араммын деп айта алман,  
Адалдықлен бірге ойладым, бір күлдім.  
Арамдықтың кемесінде шайқалған,  
Тентек болған тайыншадай ділгірдім.

Адалсың деп көнілімді көпсітпе,  
Адалдықты ала келгем анамнан.  
Арамсың деп өмірімді өксітпе,  
Жұмыр басты пенде болып жаралғам...

Адалдығым, арамдығым байқалған,  
Жырым менің – сырым менің – шарайна.  
Адалмын деп, араммын деп айта алман,  
Сен сұрама, жарай ма?



...Сонымен күндер өтті,  
Күндер өтті...  
Кімдер кеп, кімдер өтті?  
Жонынан майы тамған жомарт өлім  
Бәрін де қабылдапты, күндеңепті!

Күндеңепті бәтірің, талғамапты,  
(Өмір үшін адамдар қанға батты.)  
Кеткендердің артында айғыз-айғыз  
Біреуден із, біреуден таңба қапты.

Біреулерден із емес, жол қалыпты,  
(Өмір жолын олардын онғарыпты.)  
Артында тұғыры жоқ пақырлардың  
Алдыңда аpanдайын ор қалыпты.

Өтті күндер, кетті кім құрағынан,  
Ит өлімді еріксіз мұра қылған.  
Адамдардың өмірі жаралсашы  
Радийдің өзінің шуағынан...



Өкпелетті дей алман өмір мені,  
Кейбір ойым үшқанда көнілдегі  
Салауат боп, сал денем женілдеді.

Куантты да дей алман өмір мені,  
Кезбе бұлттай кей ойлар қөгімдегі  
Нөсерлетіп, қайтейін, төгілмеді.

Әкпелетті дей алман өмір мені,  
Барды-жоқты бөлістім елімдегі,  
Соны көрдім, көрсө егер елім нені...

Куантты да дей алман өмір мені,  
Көп несібем құныға желінбеді,  
Жалтақ бақыт жалт етіп көрінбеді.



Өмірімді несіне жек көремін,  
Ауыр-женіл болса да өткеремін.  
Өмір қашып барады құска мініп,  
Мен артынан жетем бе деп келемін.

Тағдырыма несіне өкпелейін,  
Мойын бүрмай келіп ем көпке дейін.  
О, өмір, ұстаптаған уың бар ма?  
Әкел, әкел, оны да жеп көрейін!

## ЖАМАН ӨЛЕҢ

Бәрібір қарауылға ілінгенсін,  
Білгіштің айтуынша, «бұлінгенсің».  
Жаман өлең жазайын Петефише,  
Жамандасын білгішім, күнін көрсін.

Жаман өлең жазайын мынадай деп,  
Торы менен жиренді құладай деп.  
Айтайыншы құланды құралай деп,  
Тұсінбейді тенесем Хантәнірді  
Қағып қойған Тянь-Шаньға сынадай деп.

Іздестіріп жер-көктен қарайын да,  
Керемет бір теңеуді табайын да,  
Білгішіме берейін, не дер екен,  
Ақ қағазға ақ бояу жағайын да.  
Көрер ме екен қайсыбір қара шаштын  
Күміс талшық тұрғанын самайында.

Тұсінер ме не екенін бақ пен нала,  
Боя дейді жалғанды ақпен ғана.  
Сезер ме екен білгішім, қайдам, қайдам,  
Тұратынын алмасып ақ пен қара.

Қызыл мен көк, күрән мен сарылардың  
Білер ме екен бір жерден табыларын.  
Сезер ме жыр ақынын сағынарын,  
Сағынарын ақынын жаны жарым,  
Ат жалынан мал тапқан бір білгіштің  
Жаны жарым ақынды торығанын.

Маған жат күр қуаныш, арам қайғы!  
(Біліп тұрмын, білгішім жамандайды...)  
Қалай шалсам екен деп ескі досым,  
Күні-түні тыныштық таба алмайды.  
...Айта келіп адам мен заман жайлы.

— Ақын өлді, өлді, — деп хабарлайды.  
(Кандидат бол сапарын тәмамдайды...)

Өз өлінше әркім де самғап қалар,  
Өз өнімен әркім де сарнап бағар.  
Жаман өлең көп менде, қауіптенбе,  
Жаманда да, ақынды ал, әу, бәтшағар...

19 жетекшілік, 1974 ж.

### ӨЗІМНІҢ ЕСЕБІМШЕ...

Өзімнің есебімде  
Мен биыл дәл қырықтың бесеуінде.  
Кім біледі...  
Ендігі қалған өмір  
Неше жылға жетерін,  
Неше күнге?  
Ұмыт болып есебін, есегін де,  
Ұйықтап кетсем болғаны төсегімде  
Қырықтың бесеуінде.

Адал едім,  
Артынан «арам» болдым,  
Адам едім,

Ақыры «надан» болдым.  
Жиылып бұл жалғанның жамандығы  
Ақыры маған қонды.  
Жаман болды...

Айтындар,  
Қайсысын өзінде ардақтаған,  
Таразыға тен қойып, салмақтаған?  
Басылған мандайым қарғыс таңба,  
Қарауға жан батпаған.  
Жапалақ емеспін мен жалбактаған,  
Қыранмын екі көзін қан қаптаған!

*21–26 қаңтар, 1976 ж. Аурұхана.*

## БАСЫМНАН ҚОРҚАМ

Мен басымнан қорқамын атом ба деп,  
Бір өлемет жасалып жатыр ма деп.  
Мұндай-дағы сұрапыл тал болар ма  
Өзі болған өзімнен пакырға кеп?!  
Мен басымнан қорқамын атом ба деп.

Белгісіз элементтер миымда ойнап,  
Миым қайнап барады, миым қайнап.  
Белгісіз ғалымдарға мекен болып,  
Өзденеме өз басым бүйірмай ма?!

Бұл ғаламның түбіне жететіндей,  
Сұмдық-сұмдық сынаулар өтетіндей.  
Мен басымнан қорқамын, мен болмасам,  
Атом-миым жарылып кететіндей.

Жүрген жан ем байымай, тапшысынбай,  
Сарсан болдым ертегі баксысындей.  
Басым қалды жасырын полигон боп,  
Өзім тұрмын мактаулы сақшысындей.

Мен басымды жасырам, жасырам кеп,  
Миымдағы сынаулар басылар деп.  
Мен миымса сенемін, ажал болмай,  
Дүниеге шуақ боп шашылар деп!

*1970 ж.*



Жігіттер, басымда екен бар салмағым,  
Кезбе аяғым, несіне алшандадын?  
Болғанына мәз болып жүріппін-ау  
Тұлқі тұмсық бәтіңкем, тар шалбарым.

Салмағымды көтерген, жасымаған  
Бар мүшем де, болса екен басым аман.  
Шаруадай кетпенін арқалап ап,  
Бас екен ғой бәрін де асыраған.



Егерде айта алмасам айтарымды,  
Алжыдым,  
Ақылымды сайтан ұрды.  
Қынына қылышымды салам онда,  
Ақ жүзі алмасымның қайтарылды.

Егерде айтып кетсем айтарымды,  
Ақылым арнасына қайта кірді.  
Қынанан қылышымды алам онда,  
Қағамын албастыңды, сайтаныңды!  
Бітті серт, кегім менің қайтарылды!

... Ырқыңа сенің деген көніп келдім,  
Енді сен ерік бергін, ерік бергін!  
Сөзден өлген атамды тірілтпесем,  
Кос мені қатарына өліктердің.

Бәріміздің бабамыз сөзден өлген,  
Өнердің кереметін сөзбен өрген.  
Мен тынбаймын солардың кегін алмай,  
Сен мені салыстырма өзгелермен!

Қалай да айтарымды айтып өлем,  
Айта алмасам, жасайды қайтіп өлең?  
Тәнірім мені консы қондырмағай  
Тіл білмес дуанамен, шайқыменен.

1975 ж.



Коя тұрындар,  
Айтыла жатар арнаулар.  
Аялдай тұрындар,  
Асығыстыққа бармандар.  
Әлі де талай құлдырау бар да, самғау бар,  
Әлі де нелер танылмай жатқан тарлан бар.

Осымыз қалай?  
Жырымыз неге тым арзан?!  
Арнау жазбасақ, шықпайтын болдық құмардан.  
Кырсығы тимес,  
қысқарсын «фабрикалар»  
Арзан бағамен арнау өлеңдер шығарған!

Ақынның сөзі алтыннан құнды келетін,  
Арзандап кеттік, ағайындар-ау, неге тым?  
Құшынаш болып кетпесек біздер жарады  
Көрінген жанға ішірткі жазып беретін.

25 ақпан, 1972 ж.



Жібі түзу жан едің құрметтеген,  
Сен де ілесіп барасың дүрмекпенен.  
Саған деген көнілімде адалдық бар,  
Дүрмекпенен кетсем де кірлетпегем.  
Саған соны, жарқыным, біл деп келем.

Ары таза деуші едім, жаны жаксы,  
Қалған көніл, қайтейін, нальмақшы.  
Қайда барып, жарқыным, жарымаксың?!  
Сүт іздеген тұртіншек ақ лақсын,  
Сөйтіп жүріп кімдерді жанымаксың?

Томпаңдаған монтаңдай момын-ақсын,  
Сен де өзіңше намысты қорымаксын.  
Қасығынды қалайы қолына апсын,  
Қайсы ауылдың қазанын торымаксын?

Жаңарта бер, ұштай тұс жағынғанды,  
Жағындың да, жарқыным, бағын жанды.  
Тандандыра білмеген басқаларды  
Басқаларға ұнатар табынғанды.

Жібі тұзу пендем-ау құрметтеген!  
Қайда ілесіп баrasын дүрмекпенен?  
Тіршілігің шамалы тірнектеген,  
Жібі тұзу, жарқыным, біл деп келем!

1975 ж.

## НЕНІ КӨРДІМ

Не көрмедім демеймін,  
Нені көрдім?  
Маған, өмір,  
Көрсін деп нені бердің?  
Ештеңе де көргем жоқ,  
Көрмей, білмей,  
Жөніме өлгім келеді, жөніме өлгім.

Көргемін жоқ қуаныш, қайғыны да,  
Қуануға мұрса жоқ, қайғыруға.  
Жоқшылық та жат маған, байлығын да,  
Қонысым бар қос жолдың айрығында.

Махаббатты білмеймін, сүюді де,  
Сүймей өмір өткерген күйім міне.  
Жүрегіме біреулер ғашық болып,  
Иілді ме, білмеймін, күйінді ме?

Жақсылығын біреудің, қорлығын да  
Көргемін жоқ, білмеймін барлығын да.  
Қуанышым белгісіз, зар-мұным да,  
Таң нұры да белгісіз, тағдырым да.

Не көрмедім демеймін,  
Не көрдім мен?  
Көрермін деп бәрін де келер күннен,  
Айрығына қос жолдың қосым тіктім,  
Қос өркешті түйемді шөгердім мен.



Көретін күнім алдымда,  
Алдымда көрер таңым да.  
Алдампаз мынау тағдырға  
Бағынба, жүрек, бағынба!

Үміт бар алда, бар арман,  
Талпына бергін тандарға.  
Болымсыз нұрға ағарған  
Алданба, жүрек, алданба!

Әміршім менің, алданба  
Мына бір бейқам құндерге!  
Алдағы таңды арманда,  
Тұндерге аттап кіргенде.



Алаң боп, абыржыған кездерімде  
Нанбаймын адам айтқан сөзге мұлде.  
Кеше мен дәл осындай халде болдым,  
Сен оны сездің бе өлде сезбедің бе?

Алаң боп, абыржыған шактарымда  
Мұршам да жоқ мұнымды актаруға.  
Бөрі ұлып жатады, құзғын шулап  
Құлазыған көнілдін бактарында.

Жапа-жалғыз жабығып қалғанымда  
Жат дүние жатады жан-жағымда.  
Қаным тасып, көзіме құйылады  
Қаламнан жас қағазға тамғанында.

Досым, мені сол сәтте таста жалғыз,  
Жүрегіне ренжіп, жасама мұз.  
Ойым опат сондай бір бейуақытта  
Бұлқан-талқан көнілде басталар күз.



Толқын-көніл тоқырап, таусылуы-ай,  
Тасып-тасып басылған тау суындай.  
Жетім жүрек жастықтың жұртында қап,  
Ұлиды кеп бөрінің қанышығындей.

Қырық күздін қырқада бұлты аунайды,  
Қырық көктем келсе де жылыта алмайды.  
Қылын шертсөң күмбірлеп күй төгетін,  
Қырт көнілден бұл күнде дым тамбайды.

Қырқасына шыққанда қырық белдің,  
Мойынымды артыма бұрып көрдім.

Жатыр екен жиырма мекенінде,  
Мен несіне қырықты құып келдім?!

Қырық...

Қырық...

Қай жерге тоқтар екен,  
Жайлауында жастықтың жоқ па мекен?!

Жастық – өлең, жігіттер,  
Жастық – өмір,  
Қалғанының барлығы оттау екен!



Мотордың даусын есіте-есіге шаршадым,  
Жамырап жатқан жас төлдін үнін аңсадым.  
Жабағы үйді ақ жауын түтіп түрғанда  
Отырар ма еді түтінін жұтып аршаның!

Бозарып құлі, быртылдан арша, от жанып,  
Отырсан, шіркін, тигендей жарты патшалық.  
Пысықтау женгей піспекті барып қозғаса,  
Көпіршіп кетіп, сабадан саумал жатса ағып.

Шыланып суға шыршалар тұрса қапталда,  
Шыршадан өріп киіктер шықса шатқалға.  
Арнасы керіп, анырап жатса ақ өзен,  
Еңіреп бұлттар жер ауып бара жатқанда.

Тұнерген бұлттан тұnlігі таудың түрілсе,  
Алыстан өзер көкжиек жүзі білінсе.  
Осынау үйдің отырған зорға тентегі  
Мамада түрған тайына дереу жүгірсе.  
Төпеген нөсер толастап біраз, ес кірсе,  
Бой жазайын, қасыма келші менің.  
Соноу бір қырдан құлаган бері отардан  
Қозының даусы-ау, қозының даусы естілсе!

## БІРЕУГЕ

Бота тірсек, боз белбеу, қатпа бала,  
Ойына келгенінді шатпа, бала.  
Ойнактап ортамызда жүргің бар-ау,  
Оп-онай жаға салып аққа қара.  
Ойына келгенінді шатпа, бала!

Қайтесің ақын болып тумағасын,  
Жаңыңың сезесің ғой жырламасын.  
Әдебиет үйінен орын таппай,  
Әр есікті әуре боп бір қағасын.

Біреуге іні, біреуге жұрағатсың,  
Бір көрініп қалуға құмар-ақсың.  
Місі тұтпай, ұмтылған әр табаққа,  
Қайдан келген, қарағым, сұғанақсың?!

Есек дәме аңшыдай қақпан артқан,  
Аралыштап, жақсы емес сақлан атқан.  
...Сыншының ары таза болса керек  
Алдыңда жатқан ана-оу ақ парактан!!!



Не десен, о де!  
Бұрылман енді, бұрылман.  
Адассам мейлі,  
Анадан бір-ақ туылғам!  
Қолыңнан келсе, қола мұсінді ап таста  
Жасалмаған да, қашалмаған да тұғырдан!

Не десен, о де!  
Ақыры маған бір өлім!  
Осылай жүрдім,  
Осылай жүрмін,  
Жүремін!  
Басқадан ба, өлде сенен бе ажал?  
Білмеймін.  
Неден де болса, өлетінімді білемін.

Не десен, о де!  
Жатсындым сені, жатсындым.  
Құдай да, құл да,  
Пәнде де – өзім,  
Тақсырмын!  
...Әкетсем сенен,  
Өзімді өзім әкеттім.  
Өзгениң бәрін  
Үйтіп же, саған тапсырдым!

## **ТҮСІНБЕЙМІН**

Біле алмаймын, білмеймін, тұсінбеймін,  
(Тұсінбесен, тұсінбе, тұсін мейлін)  
Куанып көкten ырыс қүйды еken деп,  
Қолымнан тостағымды тұсірмеймін.

Жағуға да жоқ шама акқа қара,  
Жабуға да жоқ дәрмен жатқа жала.  
Тұсінемін, тұсінсем бірдемені,  
Өзімді өзім тұсінген шакта ғана,  
Өзімді өзім зерттеген шакта ғана.

Тұсінбеймін жақсыны, жаманды да,  
Адамды да білмеймін, наданды да.  
Жазығым да жоқ менің, жауабым да,  
Жалтара да алмаймын зан алдында,  
Бір ғажап өзгеріс бар, өзгеріс бар...

## **БҰРЫНҒЫ КҮНІМ ЖОҚ МЕНДЕ**

Сағымнан шәйі жамылған,  
Қырмызы тоты құстар-ай.  
Аулактап жастық бағымнан,  
Көзімнен бұлбұл үшқаны-ай!

Ауылдың жаны бұлакта  
Жүрсіндер, әне, топтанып.  
Отырмын қарап қыратта,  
Көзімді менің шок қарып.

Қырандай тиген кептерге,  
Қызғалдақ – ғұмыр бозбала-ай!  
Жалыны қайтып от кеуде,  
Жасыны солып, тозғаны-ай!

Көзімнің жауын алдың-ау,  
Карлығаш, тоты, қырғауыл.  
Селдете алмай қалдым-ау,  
Кеудемде ұлып құр дауыл.

Бозаны шыққан бөктерге  
Боз жусан қаптап кеткен бе?  
Бұрынғы күнім жоқ менде  
Қырғидай тиген кептерге.



Бір күні біреу мерт етсе,  
Айызы қанған адудын,  
Тұяғымен жер тепсе,  
Көміліп шаңға жауырын,  
Көңілің құлап, шер төксесе;  
Қайтер ең, менің бауырым,  
Карсыласар ма ең ереккеше?

Қалар ма ең әлде қамданбай,  
Корланып, құрып намысын,  
Қапыда кеткен балуандай,  
Ақылын, есің ауысып?  
Аяқта кеткен ар үшін  
Корланбай иә арланбай,  
Қалар ма ең болып сорманда?



Шіркіндер,  
Жарамады-ау хал сұрауға,  
Серігін іздел сезім сансырауда,  
Қарымта қайтара алмай қарсы дауға.  
Қабактан қара тамшы тамшылауда,  
Жебір ой жігерінді жаншығанда.

Иланып мен туралы сыйбыстарға,  
Шіркіндер, шыныменен сұыскан ба?!

Достарға, жолдастарға не жазып ем,  
Не жазып ем бауырға, туысқанға?!

## МАСТЫҢ МОНОЛОГЫ

Ақымакқа болмайды ақыл айтып,  
Алдап кетер көзінді бақырайтып.  
Ағажан, маған несін өуре болдың  
Бір ауыз сөзіңізге татымайтын.

Басуға күш жоқ менде мас желікті,  
Ақыл бермей, тәнірім бас беріпті.  
Бір түйір ақыл қонбай кетіп барам,  
Мінеки, қырық бірге жас келіпті.

Жоламай құрбыларым сырласуға,  
Інілер ажуалап құрдасымдай,

Әлі де қылтың-сылтың жүр басылмай,  
Базарда беті ашылған ұрғашыдай.

Мендеңі көрік бөтен, желік бөтен,  
Ит құйрығын бұлғаса, еріп кетем.  
Кім білсін, анам мені көтергенде  
Есектің миына әлде жерік пе екен?

Ағажан, сөзінізге татымайтын  
Ақымакқа қайтесіз ақыл айтып?  
Тартты, әне, ол мүйістегі шайханаға,  
Баса киіп кепкісін жапырайтып.



Бәрібір,  
Бізді ішкіш деп жүр ғой,  
Аяулым,  
Ішіп қайталық,  
Басына барып һәйәмның.  
Көземіз майға,  
Көзіміз жасқа кенеліп,  
Азан салайық:  
— Оянғын, баба, оянғын.

Хан менен бектен,  
Молда мен шонжар, күштіден,  
Дейді ғой Сізді қиянат көріп ішті деп.  
Оянғын, баба,  
Отырайық бір кәйіп қып,  
Біздің шараптар Сіздің майлардан күштірек.

Сіз көрген, баба,  
Қиянаттарды көрмей біз,  
Рақаттарды кешіп жүріп-ақ шөлдейміз,  
Тірі пенденің тілін алмаймыз, көнбейміз.  
Қоймайтын болдық,  
Өзінізге ұсап өлмей біз.

Көрдіңіз қиянат,  
Көрмей-ақ біздер ішеміз.  
Басымыздағы бақыттардан да күсеміз,  
Қазылған орға өзіміз іздел түсеміз.  
Қайтеміз енді?

...Бәрібір бізді,  
Ішкіш деп жүр ғой, аяулым,  
Көтеріп жібер,  
Көнілің неден қаяулы?  
Не деген екен?  
Несі бар осы заһардың?  
Окышы тағы, окышы Омар Һәйәмдү.

### ОРТА ЖОЛДА

Көніл де пәс, пәс кеуде,  
Аэропортта даң-дұңмен  
Затым кетті Мәскеуге,  
Актөбеде қалдым мен.

Алдан шығып достарым,  
Тоса берді тостағын.  
Ұсынғасын тостағын,  
Сілтеп-сілтеп тастадым.

Адал ас пен көнілін  
Қалай қып кетерсің?!

...Айхай, менің өмірім,  
Армансыз-ақ өтерсің!

Маған жок-тын жат, дүшпан,  
Бәрі бауыр, тұстасым.  
Қалып қойдым ақ құстан  
Актөбеде, қыскасы.

Көніл, неге мұздадың?  
Асықпа, әлі жетерсін.  
Қазағынның тұз-дәмін  
Қалай қып кетерсің?!

Қарсы алар ма бір адам  
Сонау алыс шалғайда?  
Мына көніл, мына дәм  
Бола ма алда, болмай ма?!

Бірге күліп, жыласқан  
Пәк көнілдер бір жүрсін.  
...Мына дала, мына аспан  
Қимай түр ма, кім білсін?!!

## МЫҚТЫМЫН ҒОЙ ДЕГЕНМЕН...

Мықтымын ғой дегенмен  
Корғасындаі бір салмақ кетер емес денемнен.  
Басады кеп төбемнен. Қош айтысып өлеңмен,  
Терезеге төнем де Алатауды көрем мен  
Басы қарға бөлөнген.  
Бауыры қекке кенелген – Алатауды көрем мен.  
(Корғасындаі бір салмак арылмайды денемнен.)

Мықтымын ғой тегінде!  
Коркытарың өлім бе, оранарым кебін бе?!

Түкірдім мен оларға!  
Ей, жүрегім, женілме!  
Ана тұрған көгінде – жұлдызың бар сенің де,  
Басын иген өлімге, түкірдім мен өмірге!  
Ей, жүрегім, женілме!  
Ей, жүрегім, женілме!

...Мен несіне жерінem?!

Корқатыным өлім бе?!

Корықпай-ақ берілем  
Өкінішті...  
Амал не...  
Өлмейтіндей келіп ем...  
Мына жарық дүнием бірге туған менімен  
Бірге өледі менімен!!!



Қысқа жіп келмей күрмеуге,  
Қысқа жіп келмей байлауға,  
Қысылып жүрген құр қеуде  
Қыжылдан босқа қайнауда.

Өзімді бітеп өз демім,  
Өзді өзін сезім қамауда.  
Откізген сәтсіз кездерім  
Өрт болып ішті жалауда.

Қамықла дейсің сен маған,  
Қамықпай қалай тұра алам?  
Жел айдал, алға самғаған  
Қайықты қайтіп бұра алам?

Қамықпа дейсін, жаркыным,  
Қамықпан, макұл, қамықпан.  
Қамықкан жүрек, ал тыным,  
Ал тыным, жүрек жалықкан.



Арман-ай, әкеттің-ау тым алысқа,  
Әкеттің-ау!  
Қайғы ма, қуаныш па?!

Әншейін өуре болып жүрмін бе әлде  
Әзіргі көніл жықлас жұбанышка?!

Арман-ай!  
Орындалар болармысын,  
Қолыма қалай етсөң қонар құсың?  
Әлде сен әр киядан із соктырған  
Олжасыз, опығы мол сонармысын?

Өзіңсің мәңгі серік қасыма алған,  
Қайда бастап баrasың, ғашық арман?  
Пау, неткен жеткізбейтін жүйрік едің,  
Солығын, сірә, сенің басылар ма?!

Ақ арман, аялдама, алысқа атта,  
Серт еттім сеніменен табыспаққа.  
Қайда апарсан, сонда апар, жықла жарға,  
Үзбеген үмітімді алыстатпа!

## БАҚЫТ ІЗДЕП

Аспан астын, жер үстін шиырлаған,  
Бақыт жүр біреулерге бүйырмаған.  
Білемін, бақыт табу қын маған,  
Несіне бақыт іздел құйын болам!

Бұрыстын да старқаны жиылмаған,  
Бірақ ол біреулерге бүйырмаған.  
Білемін, бақыт табу қын маған,  
Әйткенмен, бақыттан да қын бағам!

Аспаннан бақыт жауса тиылмаған,  
Бәрібір біреулерге бүйырмаған,  
Өмірдің өзі берген сыйымды алам,  
Бақыт-ау! Сенің құның тиын маған!

Қайтемін бақытты мен бұйырмаған,  
Өзімнің ырысым бар құйылмаған.  
Мен мынау өмірімнің күйін бағам,  
Бақыттан басқалары үйір маған...

Аспан асты, жер үстін мекендеген,  
Біреулер бақыт іздеп тепендеген.  
Бақыт іздеп жүріппін бекерге мен,  
Қарызымын арқалап өтмелеген,  
Ой болсашы бір күні кетем деген.

### АДАСҚАНДА

— Әлі жүріп келеміз бе, ей?

— Келеміз.

— Өстіп жүріп өлеміз бе, ей?

— Өлеміз...

Құзар тауда біз адасып келеміз,  
Бір жылынып, бір суынып денеміз.

Бағыт-бағдар — барлығы да белгісіз,  
Қап-қара тұн, өзінді өзің көргісіз.  
Ат аяғын шалыс басса болғаны,  
Құздан құлап, даяр жатқан көрді сұз.

Аспан мен тау қара кебін жамылып,  
Үрей ұшты, құбыжықтар жабылып.  
Біз келеміз, анырып та жабығып,  
Әлі, тірі аруақтарға табынып.  
Аттарда да дәрмен қалмай барады,  
Бір биіктен бір биікке сабылып.

Шұмектеп тұр жаздың тентек нөсері,  
Жасын ойнап, жалт етеді, өшеді.  
Кемсітсе де кеселі мен өсегі,  
Қамсыз жүрген қайран күндер кешегі...

— Біздер әлі тіріміз бе, ей?

— Тіріміз.

Жөнсіз, босқа қырта бермей, жүрініз!

— Мені ұнатпай келесің-ау, бастаушым,  
Түсінбеймін, не болады күніміз?!

— Не болушы ед, қорқатұғын несі бар?

Өле кетсек, өлгендердің біріміз.

Корықпаныз, біз әзірге тіріміз!

## АРМАНЫМ, ТІРЛ, КӨЗ ІЛГЕН

Баяғы бала кезімде,  
Әкем бе өлде өзім бе,  
Әкелдік аппақ қүшікті  
Ашпаған өлі көзін де.

Өсірдім көңілін қалдырмай,  
Мойнына қарғы салдырмай.  
Әлжуаз аппақ қүшігім  
Ақ тазы болды қанжырдай.

Әжүа, мыскыл, әзілмен,  
Қайтейін онда ұяты,  
Ойнаймын аппақ тазыммен,  
Ұялас қүшік сияқты.

Қар жауды, міне, алғашқы,  
Ақ тазым менің қар басты.  
Тұлқі ұстатып берем деп,  
Үлкендер келіп жармасты.

Біріне-дағы бермегем,  
(Кайсар едім ғой мен деген)  
«Бере ғой» деген өжемнің  
Тіліне-дағы көнбекем.  
(Көрмей-ақ кетсін көрмеген!)

...Сол жылы қыста, акпанда,  
Күн батып бара жатқанда,  
Ойынға мені шақырып,  
Ақ мұсін тұрды ақ қарда.

— Жынданба! — дедім, — желөклем,  
Үйге қайт, енді кеш кірді,  
Осы бір сәтте кенеттен  
Мылтықтың даусы естілді.

Ақ тазым менің қаңқ етті,  
Қаңқ етті-дағы жалп етті.  
Миыма менің қан тепті,  
Көзімнің оты жарқ етті,  
Ақ қарға тазым қан төкті.

... Соноу бір бала кезімнен  
Жауыздық барын сезінгем.

Мұң төгіп алғаш көзімнен,  
Бәрінен сонда безінгем.  
Келемін бірақ төзумен,  
Айыра көрме сезімнен,  
Арманым, тіріл, көз ілген!

## БӘРІБІР СЕНІҢ ҰЛЫННЫН

Жаздай ойланып,  
Каздай айналып,  
Кондым-ау саған жұртый деп.  
Басым айналып,  
Тілім байланып,  
Соғады жүрек лұпілдеп.

Берген тамағын,  
Айран-шалабын  
Көнілде қалды кілкілдеп.  
Жайран ағаны  
Қайдан табамын?  
Жас келді көзге біртіндеп.

Қымбат-ты нарқым,  
Қалмапты қартын,  
Тұскенін сездім құнымын.  
Ниетің тар тым,  
Босаған салқын,  
Келген-ді менің жылынғым.

Адасып кеткен,  
Алдына жеткен  
Мен де бір жетім құлынмын.  
Жек көрсөн, жек көр,  
Куала шетке,  
Бәрібір сенің ұлыннын!

Қаласан, үрғын,  
Оған да тұрдым:  
Кеудеме менің төп мейлін.  
Астына қырдын  
Қалдыр да тынғын,  
Жұртына тастап кет мейлін.

Қалмаймын караң,  
Бәрібір табам,  
                          Өмірден сенсіз өтпеймін.

Түссе де бағам,  
Бәрібір табам,  
Артыңнан барам,  
                          Айдасан-дағы кетпеймін.

Бәрі де арман,  
Айтамын жалған,  
                          Өзімді өзім алдаймын.  
Көнілім қалған,  
Мен саған барман,  
                          «Бармаймын, – дедім, – бармаймын!»  
Сәлемдерімді,  
Сал әңдерімді  
                          Эфирден ғана арнаймын.  
Самал желімді,  
Далам, көлімді  
                          Кұс болып ұшып шарлаймын...

## БӨРІ ЕКЕНМІН

Ақылынды  
Ашуыңа жендірмей,  
Бауырым-ай,  
Ақыры сен келдің бе, ей?!

«Бәрі арығын білдірмейді» деуші еді.  
Сол бөрінің бірі екенмін,  
Көрдің бе, ей?

Жан емес ем  
Жалған айтып,  
Жұртты алдар.  
(Өздерін біл, құптамандар, құптандар)  
Бөрі екенмін,  
Сыртым ғана қампиған,  
Сыбағамды беріп жатыр сырттандар...

Берсін,  
Берсін,  
Не көрмеген бұл басым?!

Тек жүрегім  
Жыламасын, жырласын.

Жағдай міне,  
Рақмет, құрдасым!  
Жалғыз қалам,  
Жалғыз дәптер – сырласым.

### КЕТЕР МЕ ЕКЕМ...

Бірде олай ауытқып, бірде бұлай,  
Бір байlamfa келе алмай жүргенім-ай.  
Таулы аймақтың ауасы секілденген  
Аумалы да төкпелі күндерім-ай!

Аяз қарып, аптаптың жаңдыруы-ай,  
Бірі шаттық, бірі мұн қалдыруы-ай.  
Не туары белгісіз жүкті әйелдей  
Не болары белгісіз тағдырым-ай!

Өз-өзінен өзегім өртенгенде,  
Өз-өзімнен түніліп, жеркенгенде,  
Сары ауру сарғайтқан науқастайын  
Үміт күтем бүгіннен, ертеңнен де.

Нені күтем,  
Не керек осы маған?  
Аяқ-қолым, жанарым, басым аман.  
Шаруаның баласы емес пе едім  
Күшіменен тамағын асыраған?!

Өмір деген осынау майданда бұл  
Қолбасы да, қорқақ та сайрандал жүр.  
Өмір менен өлімнің ортасында  
Кетер ме екем келе алмай байlamfa бір?!

### БІЗДЕР ДЕГЕН

Бай өлкенің ойынан, тау-тасынан  
Біздер де арамыз ғой бал тасыған.  
Шырын құйып жатамыз жүректерге,  
Шымшып альп гүлдердің арқасынан.

Біз деген гүл қуалап, нәр іздейміз,  
Шөп қажап шегірткедей дән үзбейміз.  
Алты айшылық жол басып, арып-ашып,  
Адам деген патшага дәрі іздейміз.

Балға қоса, біздің де уымыз бар,  
Ұғыныздар,  
Гүл алып шығыныздар,  
Жабыла кеп жармасқан маса ғұрлы  
Жабыла кеп талайтын жынымыз бар.

Ұямыз бар біздің де – омартаңыз,  
Алмағайып бүлінсе сол ортамыз,  
Басымызды бәйгеге тігеміз де,  
Көзімізді біржола жоғалтамыз.

Мықты болсан, ақын боп жаралып көр,  
Қолқасынан гүлдердің нәр алып бер.  
Ғұмыр бойы жол басып, арып-ашып,  
Адам деген патшага дәрі алыш кел!

### **ӨМІР ДЕГЕН БІРЕУ БАР**

Жазықсызыбын дей алман, жат көріндім,  
Жазықтымын дей алман, ақ көңілмін.  
Өмір деген біреу бар билік құрған,  
Билігінен мен соның қақ бөліндім.

Желіктіріп, су бүркіп сайтан маған,  
Кезім болды өділдік айта алмаған,  
Батқан ерді арқама ауырсынып,  
Жауыр болған құнандай қайқандаған.

Арыммен де оңаша қалып көрдім,  
Жоғалғанын ізdedім, тауып бердім.  
Ар-ұят деп аталар нәрестені  
Қызылشاқа күйінде алыш келдім.

Сайтанның да, күнәсіз періштенің  
Бал мен уын талғамай неге ішкенмін?  
Періштенің қайғысын бөліспедім,  
Сайтанименен болса да келіспедім,  
Не істермін, тәнір-ау, не істермін!?

Анқылдаған не таптым ақ көңілден,  
Несіне ердім сайтанға жат көрінген?  
Өмір деген біреу бар билік құрған,  
Билігінен мен соның қақ бөлінгем!

## **КӨНЕМІЗДЕ...**

Қайтер едің өмірге келмегенде,  
Көнесіңде...  
Қайтесің көнбекенде?  
Көресіңде...  
Қайтесің көрмегенде?  
Көлден тамшы бұйырмас шөлдегенде.

Қадірлі дос,  
Халінді ұғып тұрмын.  
Күйзелттің ғой, бәрін де ұмыттырдың,  
Нақ айыпты жандайын алдында мен  
Не дерімді біле алмай, құрып тұрмын.

Не де болса, тәуекел – тең көрейік,  
Әкел бері қайғынды – тең бөлейік!  
Бірімізге біріміз дем берейік,  
Бір арбаның астында дөңгелейік.

Қақ бөлесің қайғынды,  
Келісеміз.  
Алауын да, уын да тең ішеміз.  
Кезбе бақыт кездесіп қалса бізге,  
Тепе-тең ғып екіге бөлісеміз!

«Өлі балық жолығар өлмегенге!»  
Өлмегенге не жетсін, өлмегенге!  
Өмір деген осылай, жаным менің,  
Қайтер едік өмірге келмегенде?!  
Көнемізде...  
Қайтеміз көнбекенде???

## **АЛДАМА МЕНІ, АҚ САҒЫМ**

Алдама мені, ақ сағым,  
Арбама енді алыстан.  
Өзімше мен де патшамын,  
Өзімше мен де данышпан.

Алдағын, мені арбағын,  
Жалғанды кезер жоқ жайым.  
Сыбаға сенен алғанмын,  
Ллессем енді онбайын!

Алданып саған тау асып,  
Алданып саған құм бастым.  
Хайуандарменен санаып,  
Айдаһарлармен сырластым.

Тұяғы күйген құланның  
Шөлдерде мені қалдырдың.  
Ысқырған улы жыланның  
Уымен сусын қандырдым!

Арбама енді,  
Алладың!  
Алданып саған барғамын.  
Адасып өлмей жапанда,  
Қалайша тірі қалғанмын?!

### **ЖҮРЕК ДЕМІН АЛҒАНДА**

Сандалғаны-ай санамның сан бөлініп,  
Тамырымда тулады қан желігіп.  
Бара жатыр көлшіктер көлге айналып,  
Бара жатыр төбелер тау көрініп.

Құмды құшқан қу тақыр бакқа айналып,  
Суық аяз күйдірген оттай қарып.  
Әлсіз жүрек әл жып алатындей,  
Аракідік лып етіп, тоқтай қалып.

Тас көшеге табанмен сына қағып,  
Қайда асығып барады мына халық?  
Абыр-сабыр ағылған адамдарға  
Айғай салғым келеді тұра қалып.

Көшелер де теңселіп баратқандай,  
Машиналар шоршиды шабактардай.  
Бәрі қалқып барады сағым болып,  
Барлығын да сағымнан жаратқандай.

Сағымменен сағым бол еріп барам,  
Көніл сұрап пенде жоқ келіп маған.  
Анда-санда көзімді бір ашканда  
Алатаудың ақ басын көріп қалам.

## ТАҢДАНБА, ЖАНЫМ, ТАҢДАНБА

Орманға, тоғай, талдарға  
Онаша жалғыз барғанда,  
Серігін іздеп жалғаннан  
Сұнқылдаса сүр көкек  
Отырып ескі тамдарда,  
Таңданба, оған таңданба!

Онаша сон-оу тауларға  
Онаша өзің барғанда,  
Құлақ сап көрші бар манға.  
Сыбызығы тартып сүр бұғы,  
Маралын іздеп зарлауда,  
Оған да, жаным, таңданба!

Сорғалап соноу занғардан,  
Шаңқылдап қыран самғауда.  
Серігін іздеп жалғаннан,  
Оған да, жаным, таңданба!

Үмітінді артып арманға,  
Адасып достан қалғанда,  
Өзің де, жаным, жалғызсын,  
Өзіне-дағы таңданба!

Өкінбе жалғыз жүрмін деп,  
Несіне өмір сүрдім деп.  
Бәрінің де аты – жалғыздық,  
Келеді бәрі бір-бірлеп,  
Кетеді бәрі бір-бірлеп.

## ТАНЫС ӘУЕН

Сірә, бізге тыныштық жок тұрмыста,  
Іздеме оны,  
Табамын деп тырмыспа.  
Тыныштық жоқ,  
Тыныштық бар – мәнгілік,  
Тыңдырып бақ, ғұмыр қысқа, күн қысқа.  
Тіршіліктегі тыныштық жоқ тұрмыста.

Демалыс ап, Кавказ, Қырым барғаның –  
Бәрі өкініш,  
Өзінді өзің алдауың.

Калай үзіп, қайда тығып, тыншисын,  
Тыным бермес ойларыңның жалғауын!?

Тіршілікте анау жүрек, мынау бас  
Сая бағып, сірө, тыныш тұра алмас,  
Желік көніл,  
Жетім ойлар тұрғанда,  
Тыншып бейқам сауық-сайран құра алмас.

(Бұл – қағида қайталаған тіл біткен)  
Тыныштық жок!  
Тыныштық жок тірлікте!  
Тыныштық сол –  
Үлкен жердің үстінде  
Откен ғұмыр,  
Біткен сөйлем,  
Бір нұктеге...

## ЖОЛЫМ МЕНИҢ БОЛМАЙ ЖҮР

Жолым менің болмай жүр көпке дейін,  
Тағдырыма сондықтан өкпелеймін.  
Алды тартып, өмірдің арты теуіп,  
Ығыстырып тастайды шетке, кейін.

Айбын, ашу, жок менде адам қанау,  
Менде жоқ жағымпаздық – табан жалау,  
Менде – төзім,  
Сірәда, жүйкем менің  
Өгіздің терісінен жаралған-ау.

Жо, жок!  
Менің өкпем жоқ тағдырыма,  
Өміріме, өзіме – барлығына.  
Нан батырып жесем де ризамын  
Көз жасымның бір тамшы қалдығына.

Жүректе қан, кеудеде жан тұрғасын,  
Көнілден күй, көзден жас сарқылмасын,  
Көз жасымен тағдырым суарылып,  
Жарқылдасын өмірім, жалтылдасын.

Көтеріліп көнілім шарқ ұрғасын,  
Көз алдымда тағдырым қалтылдасын!  
Ішек үзілсін, домбыра сынсын мейлі  
Шер тарқатар шемен күй тартылғасын!

## ҚАРАСАЗ

Мен бақыттымын,  
Бақытты жерде туылдым.  
Айналайын Қарасаз,  
Касиетінен сүйнің!

Сенің әрбір бұлағың –  
Менің әрбір қан тамырым емес пе?  
Касиетті тұрағым,  
Касиетінен сүйнің!

Көктемде үйрек ұшып, қаз қонып,  
Қараушы едім тырналарға мәз болып.  
Жыр қыстап туылмас ем, сірә, мен,  
Жаралмасаң өзің Қарасаз болып.

Сонау жатқан жасыл тауды көлденен  
Алғаш рет ес білгенде көрген ем.  
– Асқар таудың ар жағында ел бар, – деп  
Әжем айтса, әй, сәбилік, сенбегем.

Қарасазым!  
Айтылмаған сезім ең,  
Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең?  
Сенің ғажап табиғатынды кімге айтам,  
Кім құмартса, өзі көрсін көзімен...

## ТАҒЫДА ӨКІНІШ

Жандарды жылы жүзді ұнатағысын,  
Барлығы баласындей бір атаның.  
...Жүзінен, жаным, неге мұн атады,  
Жаным-ау, қайтсем сені жұбатамын?

...Бір ару автобусқа жылап кірді,  
«Қайтем?» деп қабағында сұрак тұрды.  
Қасына енді жете бергенімде,  
Автобус мөнкіп кетіп, лактырды.

Адамдар бір-бірімен қактығысып,  
Әлділер, әлсіздер де жатты ығысып.  
Өмір бақи тоймайтын кассаға әкең,  
Адамдар өлгі аруды жатты қысып.

Бұзып-жарып қамалын адамдардын,  
Қол үшін беріп оған бара алмадым.  
Келісіп аяғымды басқан жанмен,  
Борышымды азаматтық тәмамдалым.

Аулақ қалып адамның назарынан,  
Күндерім-ай,  
Құр босқа қаза қылған!  
Жұбата алмай біреуді бұгін тағы,  
Жылап қайттым өмірдің базарынан.



О, менің сүттен аққан қос бұлағым,  
Сендерсіз иесіз сарай – бос тұрамын.  
Кәріген үндерінді есіте алмай,  
Елендеп отыр менің қос құлағым.  
Жүргенде өз өртімді сөндіре алмай,  
Өртіме тәнірім әкеп қосты жалын.  
О, менің сүттен аққан қос бұлағым!  
Жанымды қалақаймен оскылаған,  
Қайтсем мен адамдарды дос қыламын?  
Қайтіп мен – керуен сарай бос тұрамын?  
Тұсіндім, тұсінбейтін өрекпе екем,  
Қалай мен адамдардан бөлек кетем?!  
О, менің сүттен аққан қос бұлағым!  
Айтындар, нем бар менің бөлек-бөтен?  
Құттықтап құстар сайрап, сөйлеседі,  
Құдайдан келген әлде дерек пе екен?!

Айтындар, мазасы жоқ бұл ғаламға,  
Алысып аспан мен жер тулағанда,  
Адамнан бір құрбандық керек пе екен?

Құрбандық керек болса, шалсын мені,  
Үзіліп бір пендениң қалсын демі.  
Жарты қасық қаныммен шөлін бассын,  
Аз болса қара жерге қан сінгені.  
Мың сәлем! Құдіретке жеткізіңдер,  
Құрбандық керек болса, шалсын мені!

Әлем тыныш болса екен арт жағымда,  
Алға шеру қозғалыс тартқанында.  
Тыныш келіп, сайрандап қайтса болды  
Бір ел келіп бір елдің бақтарында.  
Егін өсіп, ел жайлап жатса болды,  
Сапырылмай мұхиттар жатқанында.

О, менің сұттен аққан қос бұлағым!  
Қос Мекем, қос мекенім, қос тұрағым.  
Мен деген – керуен сарай, келтіріндер,  
Керуенсіз қалайша бос тұрамын?!  
Елендеп отыр менің қос құлағым,  
Келіндер, сұттен аққан қос бұлағым!

### ДАСТАРКАН БАСЫНДА

Селдетіп өткен тасқындай  
Серпіліп біраз асасын.  
Сергітіп кеткен мас қылмай,  
Сейілді күндер жасасын!

Айналаң толы дос-жаран,  
Айқара құшақ ашасын.  
Жауының сөзін қоштаған  
Жауынның өзі жасасын!

Арынға салма ауыздық,  
От болсын, мейлі шоқ болсын.  
Дүниедегі жауыздық  
Көмейден өтіп, жок болсын!

Тамаша әзіл не түрлі,  
Тартылсын ылғи табақтар.  
Шөлмектегі арак секілді  
Жойылсын қырғи қабақтар!

Селдетіп өткен тасқындай  
Серпіліп біраз тасасын.  
Сергітіп кеткен мас қылмай,  
Сейілді күндер жасасын!

### ТҮЙСІК

Бір нәрсені сеземін,  
Сеземін де,  
Тұтіндейді бір шала өзегімде.  
Тақалғанда осынау кезеңіме,  
Төзбеймін бе, білмеймін, төземін бе?!  
Тұртқілеген бір түйсік безеруде.

Ойым алан, көніл пәс, сауық қашқан,  
Осылай ма жай жүріп, анық басқан?

Осы екен ғой намысты шағып тастап,  
Суырдайын күн кешу жалықластан,  
Түйсігінді түйіп ап, ағытпастан.

Ұтылғаным белгісіз, ұтканым да,  
Жығылғаным неғайбіл, жыққаным да,  
«Барар жерің – Балқантау» дейтін еді,  
Балқан тауға, бауырлар, шыққаным ба?!

## ЕСТИРТУ

Арпалысып алақұйын өміріммен, жырыммен,  
Лашын-ау!  
Білуші едім мына өмірді бұрын мен.  
Сөзбен қалай айта аламын, байқайсың ба түрімнен,  
Және де бір сүм қайғыға тап бол тұрмын бүгін мен,  
Және де бір жас еменің құлап тұсті түбірден,  
Жана ғана хабар алдым...  
Қайтыс болты Нұрылден!!!

## ШАЛҚЫ, МЕНИҢ ШҰҒЫЛАМ

Тағы, тағы,  
Тағы да, тағы да кел,  
Ағыла бер, жырларым, ағыла бер,  
Бағына гөр, жүргегім, бағына гөр.  
Анда-санда қанынды бір тасытқан  
Сағына гөр жырынды, сағына бер.

Мазалай бер, мазала,  
Тыным берме.  
Әбігерге сала бер, ұрын кел де.  
Желпіл жібер шаттықтың шәйісімен,  
Бүкіл мына ғаламның мұнын бер де.

Үйіп-төгіп басыма, жұбанышым,  
Бүкіл мына ғаламның қуанышын,  
Жарамасаң, жүргегім, жарылып кет,  
Куанышым алдында кінәлісің.

Сок, сок, жүрек!  
Сок, жүрек, қозғал, миым,  
Ми қозғалмай, ойды да қозғау қын.  
Жырызы өмір – мен үшін өмір емес,  
Жырызы өмір – мен үшін тозған бұйым.

Шалқы, менің шұғылам, көк белдеуде,  
Көпір бол да, тартып ал, көк пен жерге.  
Несерлетіп, сөндір де таста мені,  
Баяу жанып баратса от кеудемде.

### ГҮЛДЕР СЕМІП БАРАДЫ

Жер ылғалын, күн нұрын көріп толып,  
Бал араға бар нәрін беріп болып,  
Күннен күнгे дерт женген нәрестедей  
Гүл сарғайып барады семіп, солып.  
Көрік кеткен лала гүл, раушаннан,  
Жапырағын, сабағын қырау шалған.  
Сумандаған ұрыдай сұық жел тұр,  
Жабырқаған гүлдерге лан салған.

Ажарымен қоштасып, аланымен,  
Гүлдер семіп барады сабағымен.  
Тұғі кетіп, жарғакқа айналған ба  
Көздің жауын алатын дала – кілем?

Күнде көрсөн тұратын күнде өртеніп,  
Гүлдер сөніп барады,  
Гүлдер сөніп.  
Гүлдер семген,  
Сарғайған дала мұнда,  
Гүлсіз көркі шамалы қаланың да!  
Сабағынан үзілген гүл раушан  
Жазды әкетіп барады жанарында.

### ЕСТІ КҮНДЕРІМ

Көнілде  
Көптен бері мен  
Өмірді көктем көріп ем.  
Енді-енді түсініп келем,  
Откенде откелдерінен.

Кей-кейде жығылып барып,  
Кей-кейде жығылып та алып,  
Өмірдің сырын үқпадық,  
Ол бізден бұғынып қалып.

Тыңнан жол таппақ та болдық,  
Тыңнан нәр татпақ та болдық...

Ақыры батпакқа кондық,  
Сонан соң ақ мақта болдық.

...Беу, менің есіл күндерім,  
Білмедім есім кіргенін.  
Әйтеуір, есіп жүргенмін,  
Өмірді кешіп жүргенмін.

Әйтеуір, есті білмедім,  
Білмедім кештің кіргенін.  
Қош енді, ескі күндерім!  
Келе ғой, есті күндерім!!!

### **ӘТТЕҢ, ӘТТЕҢ...**

Қайтейін мінезінді жарқылдаған,  
Жақсылық бір өзіннен артылмаған.  
Несіне көзді көріп көлгірсисін,  
Жігітім, белгілі ғой артың маған?!?

Әлділерді көргенде қалтылдаған,  
Әлсіздерді сескентіп, жалтылдаған –  
Жеркенішті осы бір салтың маған!  
Ыза кернеп, бойымда қан тулаған!

Жоқ саған бес бересім, алты аласым,  
Ағылтып ат жалынан мал табасын.  
Бір өзің. Бір өзінің қамқа басың,  
Күнінді көре бергін жанталасып,  
Қолтықтасып, кімдермен арқаласып.

Кенесіңе болайын, ақылыңа!  
Керегі жоқ ойыңың бақырыма.  
Әттен... Әттен... өзіндей қу сиракты  
Көкпар етіп басар ем тақымыма!

### **СІРӘ, МЕН БАЙҚАМАСПЫН**

Сірә, мен байқамаспын, байқамадым,  
Қайтейін, айтарымды айта алмадым.  
Шындықтың көзі шығып кете ме деп,  
Әлі де тайқудамын, тайқудамын.

Осынау шуақ шашқан кен өлкеде,  
Сірә, мен қаламын-ау көленкеде.

Шынымен жұртым маған шын өкпелеп,  
Із-түзсіз мәңгілікке жөнелте ме?

Өлемін деп өкініп, сескенбеймін,  
Өлмек парыз, өмірден өшсем мейлі.  
Айта алмаған сөзім бар, арманым бар,  
Арманымды қалдырып кетсем деймін.

Тұсінем, Қасым-тағдыр қасымда жүр,  
Басымда жүр, көзімнің жасында түр.  
Тым құрыса қалса еken бір шумағым  
Басымдағы туған жер тасында бір.

Қайтейін, айыптымын алдарында,  
Айта алмаған сөзім бар, арманым бар.  
Достарым, жаман ақын жазған жырдың  
Тым құрыса бір парағын аударындар!

## СЕН ҰШЫН

Біреулермен жалғастырып жен ұшын,  
Жасап жүрсем жаным сүймес келісім,  
Барлығы да,  
Поэзия, сен үшін!

Сырласым-ау,  
Сырымды ұқсын кім менін,  
Кімге керек мұнайғаным, күлгенім?  
Ай-жылымды алып қашып ілгері,  
Барады өтіп,  
Барады өтіп күндерім.  
Жырым – сырым,  
Мен сенімен біргемін!

Мәзір етіп мәпелеген жемісін,  
Мәуелесе баққа толып өрісім,  
Барлығы да,  
Поэзия, сен үшін!

Күйінішін, сүйінішін тен бөлген,  
О, Бақытый!  
Мына өмірде мен көрген!  
О, Тағдырым,  
Сырласайық, кел бермен!  
О, Құдайым,  
Құлағанда дем берген!

## ЖАНАШЫРҒА

Білем...  
Білем...  
Сендерді, туыстарым!  
Өзімсініп дұрыс қой ұрысканың.  
Көкпар тартсан өзімді – өздерің біл,  
Жырларымда болмасын жұмыстарын!

Жырым менің – өзімнің асau жаным,  
Іздемей-ақ қой оның осал жағын.  
Жырым менің алтын да, асыл да емес,  
Білесің бе не заттан жасалғанын?!

Келесің сыртымнан тон пішуменен,  
Женбексің желеуменен ішу деген...  
Ақын ба от пен суды түсінбеген?!  
Ақын ба жанына ақау түсірмеген?!

Ішу деген, шынында, осал жағым,  
Осал жактан іле бер, шошаңдағын.  
...Құлы болсаң өмірдің – өзін болғын,  
Қара басым құлдықтан босанғамын!

Сөз сенікі, сөйлей бер, нан табарым,  
Әлі-ақ ертең әләуләй тарқар әнін.  
Тұғырынды бәйгеге коссан – сен қос,  
Тұлпарымды қор қылмай, қантарамын...



Тұн маған үйықтау үшін жаралмаған,  
(Үйықтасын сапарларын тамамдаған).  
Алдыымда сапар жолы тарам-тарам,  
Үйықтасам, барлығынан қаран қалам.

Тұн менің үйқым үшін жаралмаған,  
Тұн келсе, түйсік түсіп, алаң болам.  
Іздеймін жоктарымды таба алмаған,  
Аңсаймын жерлерімді бара алмаған.

Алдандырып, әлдилеп кеше-бүгін,  
Неше жылым өтті екен, неше күнім?  
Қашама ойлар қалды екен қаза болып  
Жастығымның астында, төсегімнің?

Тұнілдіріп түсімнен сиқыр ашқан,  
Қаншама ойлар қалды еken үйқы басқан?  
Қанша сәттер ғажайып  
Ғайып болды  
Оянғанда сүрөңсіз сиқы қашқан?

Тұн маган үйықтау үшін берілмеген,  
Үйқы тен шала-жансар өлімменен.  
Қанша менің өлді еken уақытым  
Ак төсек, ала жастық кебіндеген?!



Жиылып ой қазағы, қыр қазағы,  
Ақын боп Алматыда жыр жазады.  
Біреулер жырыменен сарай салып,  
Біреулер жырыменен ін қазады.

Әйтеуір бір келер деп дүр етер күн,  
Алданып мен де босқа жұр екенмін.  
Атакқа алан болған, тынға құл,  
Өзім де акымақтың бірі екенмін.

Қалай да қатарымнан озамын деп,  
Қатындар күндеңстігім қозады кеп.  
Сабылтып, сайқал үміт қолын бермей,  
Көзін қысып, саусағын созады тек!

Несіне?  
Несіне мен? Несіне мен?  
Жазды екем, жанды қинап, несіне өлең?!

Жүргіме жүк арттым несіне мен,  
Жүре бермей өмірдің көшіменен?!

Соры қалың жан екем, соры қалың,  
Сірә да, көп кешікпей, торығармын.  
Несіне жолды қумай, сөзді қудым?  
Сірә, мен бір пәлеге жолығармын!



Алматының жерінде атам жатыр,  
Жалғыз бейіт құлазып жапанда тұр.  
Қайтсем сені қоршаймын қыш дуалмен,  
Аруағыннан айналдым, атам батыр.

Батыр атам, сен менің жүргегімде,  
Асыр салып аруағын жүр өмірде.  
Аруағынды жырыммен бір нақыштау –  
Арманым да, ойым да, тілегім де...

Ұрпағына медет бер, ұлы бабам!  
Ұлы бабам, ұлыңың құны қаран.  
Қара жерге өмірім көмілгенше  
Қасиетті ананың құлы болам!



Сатқан емен.

Сатпаймын дінімді мен,  
Өлмейтүғын, өшпейтін күнім білем.  
Алла есімі – жүргегім жұдырықтай,  
Жүргімнің сокқанын біліп жүрем.

Мұхаммедтің үмбеті – мұсылмандын,  
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.  
Алсын Тағалам, ант етем, ант етемін,  
Алла есімін қеудемнен ұшырған күн!

Алла – ақиқат.

Аллаға сеніп өтем,  
Адалдық пен ақиқат серігі екен.  
Адаспаймын, Аллама сеніп өтем,  
Арамдыққа баспаймын – жолы бөтен!



Я, Жаратушы Аллам!

Колдай гәр,  
сүйей гәр мені, сүйей гәр!  
Колдары да, қорғаны да жоқ жан ем.  
Жасаған ием!

Кұлап барам, сүйей бер!  
Пенделерге табына-табына болған ем.

Жаратушы жалғыз ием, қуат бер,  
Азабымды, тозағымды жеңейін.  
Жаратушы жалғыз ием, шуақ бер,  
Өзіме де, өзгеге де төгейін.

**Я, Аллам!**  
Жаратушым,  
Корғаушым,  
Өзің – өмір, өзің – қуат, корғансын.  
Іші өртенсін, дүшпандарым долдансын,  
Достарым кеп демесін бір, қолға алсын.

**Я, Аллам!**  
Адамдарға қас қылма,  
Сорлы қылма көк аспанның астында.  
**Я, Аллам!**  
Жауыздықтан сақтай гөр,  
Жамандыққа, жауыздыққа бастырма!



**Я, Аллам!**  
Жаратушы жалғыз ием,  
Медет бер, жапандағы жалғыз үй ем!  
Хал сұрап, жәй түсінер бір пенде жок,  
Жүрек жұн, ойым опат, жанды жүйем.  
**Я, Алла!**  
Жарылқай гөр, жалғыз ием!  
Көнейін, көндігейін тапшылыққа,  
Жат жұртта күн кешейін жатшылықта.  
**Я, Алла!**  
Я, Атамның аруағы!  
Ақырын соқтыра гөр жақсылыққа,  
Сақтай гөр, соғындырма жат қылыққа!

## ӨЗГЕРЕДІ

Өзгереді дүние,  
Өзгереді,  
Әуселден сол –  
Адамның көздегені.  
Кереметті ескіртіп кереметтер,  
Керемет шақ ақыры кез келеді.

Жүгінейік,  
Тартайық шындықты алға,  
Өзгереді мұхиттар, құрлықтар да.  
Өз бетімен,  
Табиғи өзгерсе екен,  
Ұшырамай алапат сұмдықтарға.

Шөлдер, күмдар өзгерсе бакша болып,  
Жұлдыздарға адамдар жатса қонып.  
Адыра қап айла, күш,  
Тұрар сонда  
Ақыл менен парасат патша болып.

Өзгереді, қандай сыр бар осында?  
Болашаққа дүние таласуда.  
Өзгерт бәрін, уақыт!  
Тиме бірақ  
Санасы бар адамзат баласына!

### ЖЕР БАСЫП ЖҮРГЕНІНДЕ...

Құрып кетпей, жер басып тұрғанында  
Қалай ғана жағарсың бұл қауымға?  
Талай рет мойныма арқан салып,  
Талай рет шақ қалдым жындануға.

Біле тұра бірісі білмегендей,  
Теріс қарап кетеді, тілге келмей.  
Жабыла кеп жармасып, олжалайды,  
Жаудан түскен түйені жүндегендей.

Түйткіл ой жүр тұнерген көкейімде,  
Қайтсем еken!  
Жоқ болып кетейін бе?!

Сырымды да жырымды ашпай барып,  
Қалсам ба еken қап-қара тасқа айналып!

Қалай ғана жағармын бұл қауымға,  
Бірдемесін бұлдіріп, үрладым ба?  
...Қандай еді серінің салған әні –  
«... Бектергінің қор болған тырнағында»...



Неғылған ой жаншып тұрған мұншама,  
Нені аңсаймын,  
Кімге барып мұң шағам?!  
Әуре ететін әлде, жырым, сенбісін,  
Әлекке сап, әр нәрсеге жұмсаған?!

Не көксеймін?!

Неге мұнша жалықтым?!

Әлде өмірді енді білдім, жаңа ұқтым?

Қолым жетпес қуатына құмар қып,  
Әурелеген әлде сен бе, жарық құн?!



Қатыгез қайсыбір сағатта  
Өмірді келеді тастағын.  
Сонда да үмітті жоғалтпа  
Каралы күндерден қашпағын.

Сабыр ет, токтау қыл, шеше біл,  
Тағдырың улы оғын жолдаса.  
Өзің-ак ойлаши, несі өмір  
Куаныш, қайғысы болмаса.

Қай жерде тіршілік өмір бар,  
Сол жерде қуаныш, қайғы да.  
Болса да алдың құз, артың жар,  
Төзе біл, өмір сүр, айныма.



Сағынып кеткенім-ай сол жылдарды,  
Саялап, қуат етіп мол жылдарды.  
Қосымды егістікке қондырғам-ды,  
Шық қарып, табанымды тоң да ұрган-ды.  
Сонда да сағынамын сол жылдарды,  
Сабанның арасында орным қалды.

Кешкісін оранып ақ сабанға,  
Жатушы ек бой берместей атса жауға.  
Таңертең жылы орынды қия алмаушы ек,  
«Тұр, тұрлап!» бригадир қақсағанда.

Қарыма қаршадайдан құрық та астым,  
Масақтан дән айырып, тұлып бастым.  
Қайғылы, қуанышты қайран күндер,  
Қалай да мен сендерді ұмытпаспын!

Келді де соғыс деген ала шапқын,  
Сайранын быт-шыт қылды бала шақтын...  
Түтінін жұтпағанда жер ошақтын,  
Тәттісін татпас та едім Болашақтың.

Сонда да сағынамын қайран күнді,  
Сонда да жаным менің сайрап жүрді.  
Куантып жатушы еді майдан кімді...  
Жылан боп, аждаһа боп түске кірді.



Егін салдым,  
Мал бақтым,  
Тас қаладым,  
Сағынам да,  
Жұртты да басқарамын.  
Жалағам да,  
Жабырқап, пәс қаламын.  
Жырды бірак,  
Жырды мен тастадым,  
Жырдан бөлек қалмады басқа амалым.

Аласартты тағдырым, биқтетті –  
Бәрі өткінші.  
Куаныш, күйік те өтті.  
Екітәлай кезенде еңсем бүккән  
Күйсандыққа саусағым тиіп кетті.

Күйсандықтан күніреніп үн шығады,  
Күй ансаған қу көңіл тыншығады.  
Карғып шығып кетердей аласұрып,  
Тұтқын жүрек кеудемде тұншығады!

## ӘКЕ АМАНАТЫ

(*Eске алу*)

Аттанарда алыс жолға,  
Тапсырды әкем аманатын.  
Серт етіп мен де алдым қолға,  
Әкемнің берген «асыл затын».

Сұстандырған сұық лебі,  
Соғыс жылы, қыстың кезі.  
Әкем сонда аймалап мені,  
Аманат еткен мынау ед сөзі:

«Тында, балам, тында, күнім  
Болуға жара колғанат!  
Кәрі анаң, сәби інің,  
Барлығы саған аманат!

Мен де сенің он жасында,  
Атадан жетім қалғанмын.

Аса ақылды болмасам да,  
Аманатын алғанмын.

Санамда сініп, сақталып,  
Әкенін сөзі өлмеген.  
Болғанша қашан ақталып,  
Тұратын бел боп көлденен.

Талпын өмір шынына,  
Жетіп те мүмкін қаларсың!  
Ананың ауыр мұнына  
Сергіткіш себеп боларсың!

Сен жас буын, жана тал,  
Гүлің де өсіп шашырап.  
Сарылып оқып, білім ал,  
Сөнгенше сәулен асырап».

Деп жан әкем аттанып  
Кетті қайта айналмай.  
Тек сол сөзі жатталып,  
Жүргімде қалғандай.

## ӘКЕМЕ

Сонымен құладың ба, тас қамалым?  
Калмады қүйініштен басқа амалым.  
Зиратың аяқ асты болмасын деп,  
Бұзылған қорғанымнан тас қаладым.

Шынымен құладың ба, шым қорғаным,  
Шынымен өртөндің бе, нұлы орманым?  
Әке, сенің өмірінді жалғамасам,  
Құрып кетсін жер басып, ұл болғаным!

## ӘКЕ

Әке, сенің жасынан асып барам.  
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,  
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,  
Мына өмірге, бәрібір, ғашық балан.

Құры алақан емеспін қуаныштан,  
Қуаныштар алдымда құрақ үшқан.

Бір арыстан өмірден өткенімен,  
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,  
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.  
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,  
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.

Әке, сенің тастап кеткен мұранды,  
Төрт немерен көрген шақта қуанды.  
Терің сіңген тақияға жармасып,  
Алма-кезек бірінен соң бірі алды.

Ііскейді танауларын шүйіріп,  
Шешем отыр тәуба жасап сүйініп.  
Мазалаған әлдекаңдай бір сезім,  
Тұрды менің алқымымда түйіліп.

Кейіс пішін. Келінің де тұр қарап,  
(Сәбилер-ай, сәби кімді тындармак.)  
Сездің бе, әке, сенен қалған мұраны  
Ұрпактарың жатыр әне жұлмалап.

Сезбейсің-ау, сезбейсің-ау, ардағым,  
Осыншама артында ұрпак қалғанын.  
Пай, пай, шіркін. Орталарында отырсан,  
Ию-кию базар болып жан-жағын.

(Сезбейсің-ау өшпегенін отыңын...)  
Оргасында өзің шашқан қоқымның,  
Өзің жоқсың.  
Өзіңе ұсап отырмын.



Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,  
Алынбаған ақым бар сенде менің.  
Бүйрат құмдар — бұйығып шөлдегенім,  
Бура бұлттар — бусанып терлегенім.

Аспанындаі кей сөтте күрсінемін,  
Жас талындаі жауқазын бүршік едім.  
Кең дүние, керемет қалпынменен,  
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,  
Секілді бәрі менен көз алмаған,  
Кең дүніне кенде етсөн сыбағамнан,  
Шырылдаған сәбидей мазанды аlam.



Міне, тағы ашу келіп, алқымыма тығылды,  
Ақылымның есігінен аттай бере жығылды.  
Көлдей тұнық көңіліме қоқыс тастап лайлап,  
Кей пенделер қайнатады-ау, қайнатады-ау зығырды.

Інім айтса бас изедім, ағам айтса қош көрдім.  
Жанның бәрін жатырқамай, жақсы дедім, дос көрдім.  
Араларын ажырату мұншама ауыр болар ма,  
Адалдық пен арамдық деп аталатын қос белдін.

Мақұл дейін, кінә өзімде, өзіме айып тағайын,  
Ақ жаныма, пәк жаныма қалай күйе жағайын.  
Адалсың ба, колынды бер, сенен тәлім алайын,  
Арамсың ба, аулак-аулак маңайымнан, ағайын.

Арым, міне, сүттей аппақ алдыма кеп жылап тұр.  
Жаутандаған жанарында жалғыз ғана сұрақ тұр.  
Өмірдегі адамдықты, адалдықты теріп ал,  
Қалғандарын құлан жортпас құла дүзге лактыр!

## СОҚПАҚ

Жалғыз аяқ соқпақ жатыр іргесінде үйімнің,  
Соған шығу қыны екен өмірдегі қыннның.  
Жалғыз аяқ соқпақ өкеп жолға салды шытырман,  
Шимай-шимай сызығындај жүрегім мен миымның.

Бұл соқпақпен өкем менің қан майданға аттанған,  
Бұл соқпақпен әжемді де қабіріне ап барғам.  
Бұл соқпақпен баламды да ұзатып сап мезгілсіз,  
Бәрісінің жүрген ізін ескерткіш қып ап қалғам.

«Жол деген көп далада да, қия белде, жондарда  
Адаспа, ұлым, андап басқын, ұрынбағын орларға», —  
Деп соқпақпен ғазиз анам аттандырған мені үйден,  
Бетіндегі әжіміндей айғыз-айғыз жолдарға.

Сол соқпакпен жүріп келем бір жығылып, бір тұрып,  
Жол іздеймін, жол іздеймін алға қарай ұмтылып,  
Жол шіркіннің орынын да, жарының да көбін-ай,  
Сүрінемін, жығыламын, қайта жүрем ынтыбып.

Жол үстінде ор жок деуге қалай ғана нанасын,  
Жолдар, жолдар, үйден шалғай қайда әкетіп баrasын?  
— Орға ұрынбай, жарға ұрынбай айналып өт! — деп маған  
Бекер ғана айтыпсын-ау, бекер, бекер анашым...

## ЖАСТЫҚ

Ойлайыншы, не берді жастық маған?  
Үйрет деп асау берді бастықлаған.  
Жастық маған от берді жалыннат деп,  
Жастық маған оқ берді жауынды ат деп.

Жастық мені жалтартпай шыңға айдады,  
Жастық менің жаныма жыр байлады.  
Жастық мені шындағы, шынықтырды,  
Жастық, шіркін, өмірді шын ұқтырды.

Ризамын жастыққа, текке өтпеді,  
Әзір тұр гүл-бағымды көктеткелі.  
Жастық маған ақыл-ой, сана берді,  
Амал не, жастық өзі қалады енді.

## ОТЫЗДАН АСЫП БАРАМЫН

Сұқтанып тұрып жанарын,  
Сұрыма неге қарадын?  
Солай да, солай, қарағым,  
Отыздан асып барамын.

Шашымның санап әр ағын,  
Таңырқай берме, қарағым.  
Санаулы басқан әр адым,  
Отыздан асып барамын.

Белгісі тұр ма ағанын,  
Бетіме неге қарадын?  
Бақытын тілеп баланың,  
Отыздан асып барамын.

Куанып кейде қаламын,  
Куарып кейде қаламын.  
Аттанған ата-ананың  
Артынан қуып барамын.

Әзілің қайда, қарағым,  
Әжімге несін қарадың?  
Артымда қалып аларым,  
Отыздан асып барамын.

Солай да, солай, қарағым,  
Көнілдің таптай қалауын.  
Жастықтың жықлай жалауын,  
Отыздан асып барамын.

## ЖЫРЛАСАМ БА ЕКЕН

Жырласам ба екен, жыласам ба екен, білмеймін,  
Алдыма тұрған адамды мынау кім деймін?!  
Алдыма менің адасып кеткен арман тұр,  
Жылатсам ба екен, жұбатсам ба екен, білмеймін?!

Алдыма менің адасып кеткен тұр арман,  
Айыру киын бейнесін сұрғылт мұнардан.  
Жетілмей жатып жемісін мұның кім алған?  
Алдыма менің ағаш тұр көктей қуарған.

— Танымай тұрмын, таба алмай тұрмын сені мен,  
Жанарын ұксас, жаным-ау, қайдан көріп ем?  
— Ақырғы рет адасып келіп, сенімен  
Сырласу үшін, мұндасу үшін келіп ем.

Жемісім менің көктеді, бірақ өспеді,  
О, қашан менен жастықтың оты өшкелі!  
Бір кезде сенің арманың болған емес пе ем?  
Есіне алшы, есіне ал да кеш мені.

...Есімде, иә, есіме тұсті қара қыз,  
Ұмыт боп кеткен, сұық боп кеткен арамыз.  
Кешегі сотқар адудын жанның орнында  
Тандыр боп қалған өруей отыр, қараңыз.

Жастықтан жалғыз қабак пен ғана қас қапты,  
Қап-қара шашы буырыл тарта бастапты.  
Жалындай сүйген, жанындай сүйген «жан жары»  
Оқылған хаттай төрт бұктең, жыртып тастапты.

«Есімде менің алдыңа сенің барғаным,  
Сананды бөліп, сөзімді менің алмадың.  
Алансыз едін, күлкінмен ғана алдадың,  
Алдадың-дағы алыстай бердін арманым.

Алыстай бердің, алыстай бердің, арманым,  
Адасқан сенен, асулар тұрган алда мын.  
Заулатып өткен, шандатып өткен жолында,  
Гүл болып өсіп, қурай боп қатып қалғамын.

Есімде менің, есіне сен де алып көр,  
О күннен қалған ескерткіш бар ма, алып кел.  
Ілесіп кеткен, бір өсіп кеткен өзінмен,  
Жастығым қайда, жаз күнің қайда, тауып бер?»

Есігімді аштым, шығарып жолға салмадым,  
Қош бол деп енді қолын да қысып қалмадым.  
Байқамай қалдым, не болып кетті жан-жағым!  
Үзілді ме әлде үмітсіз менің арманым.

Жанымда менің арман бол мәнгі жүр, мейлін,  
Лап етіп сөнген үміттің несін үрлеймін.  
Жастық-ай, сені түсіну қын, білмеймін,  
Жырласам ба екен, жылласам ба екен, білмеймін.

### БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ ІНДІРІ

Әлдекашан жасырынды, күн батты,  
Ауыл үстін алан-елең түн жалты.  
Сонау егіс даласында колхоздың,  
Қызған еңбек әлі-дағы тынбалты.

Жарқырайды түнгі ауылдың оттары,  
Адам даусы, пысқырынған аттары.  
Қызыл сөule бір көрініп, бір сөніп,  
Белден асып машиналар кетті әрі...

Дүбірлеткен көшеміздің жан-жағын,  
Дыбыстары машинаның, арбаның.  
Қалтырайды қойлы ауылдың оты да,  
Жағасында тасып жатқан арнаның.

...Күндеңіден әлдекайда жай тіпті,  
Қыр астынан әрен-әрен Ай шықты.  
Жатағынан кешеу қалған топ үйрек,  
Жаңа ғана жайыльмнан қайтышты.

Көз алдында оның кейпі, сыр, тұсі,  
Сыпайы бір ашық-жарқын құлкісі –  
Ар жағында қарауытқан қыраттың,  
Әндегеді менің досым жылқышы.

Өсекшіл жел сыйырлайды алыстан,  
Сырын үрлап жастардың да табысқан.  
Әлі қарап, мен де тұрмын бір үйге,  
– Жұмысынан келді ме? – деп таныс жан...



Күміс жалды күн дейтін көлікпенен  
Көріп келем өмірді, көріп келем.  
Қуатым бар жанымда сеніп келем,  
Данғазаға даурығып, желікпеген.

Кездеседі кей-кейде босаң қайғы,  
Кеспек болып алдынды шошандайды.  
Кездестірем кейде бір осал жайды,  
Кезі-кезі келгенде дос алдайды,  
Көніл сонда құлазып, босандайды.

Жүгірмей, желмей, жортпай, жорғаламай,  
Өрмелеп шығып келем жонға қарай,  
Қыран болсам қонбас па ем шынға барып,  
Дариға-ай, қанатымның болмағаны-ай!..



Кем болып жарагам жоқ мен ешкімнен,  
Кейбіреуге қарыздар емеспін мен.  
Пейілімді теңізбен таластырып,  
Тереземді аспанмен теңестірем.

Досқа сыйын, заһарын шашар жауға,  
Қарыздармен халқыма қашаннан да.  
Қабырғасы қайысып қарт әжемнің,  
Қалай тұрам, көзіне жас алғанда.

Қайғы түссе басына бір ағанын,  
Қалай ғана шыдал мен тұра аламын.  
Жасын сұртіп солардың, бірге жылап,  
Бірге құліп солармен, жұбанамын.

Ести тұра шырылын жас баланың,  
Қалай ғана алшандап, мастанамың.  
...Тік көтеріп сәбиді уатпасам,  
Сәби-халқым, саған мен масқарамың.

Сәби-халқым, сарыла сыр актарам,  
Жалған ой, жасырын күй жырақ маған.  
Сенің үнің мендегі, сенің жырың,  
Сенің ойың санамда тұрақтаған.



Қабағы таудың қатулы,  
Қар жауа ма, қайтеді?!  
Бұлактар мұнда батулы,  
Мұз тұра ма, қайтеді?!

Ай туыпты шалқалап,  
Шатынап аяз болар ма?!

Тыныстай қапты шартарап,  
Шарқ ұрып дауыл соғар ма?!

Жапсан жап тауды, қыратты,  
Жаусаң жау, ақ қар, үш апта!  
Бұйығып жатқан бұлакты  
Бұрқана келіп құшакта.

Дала, орман тегіс ілбіпті,  
Соқсан сок, дауыл, серпіл бір!  
Мына бір бейқам тірлікті  
Желпіндір, дауыл, желпіндір.

Шалқадан туған Айды да  
Орак қып көкке шанышп қой.  
Жол ашсаң мұнға, қайғыға  
Тірлігің онда мансұқ қой.



Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт!  
Жүруші ең кейбір жерде ойран салып,  
Жүруші ең кейбір жерде сайран салып,  
Шау тартып қалыпсың-ау, қайран шабыт!

Секектеп желетін де сен емес ең,  
Тепектеп келетін де сен емес ең,

Ақ бұлт пен қара бұлттың арасында,  
Алапат айқұш-ұйқыш төбелес ен.

Сен солай болмағанда елемес ем,  
Сені мен найзағайға тенемес ем.

Шау тартып баrasың-ау, шарық құсым,  
Тояттап әлде жемге қарықпысың?  
Бар, үшши!

Босатайын тұғырыннан,  
Шау тартпа!  
Шынымен сен шабытпышың!?



Өлең деген тумайды жайшылықта,  
Өлең деген тулады қайшылықта.  
Ақын болсаң жарқынам, алысқа аттан,  
Күнделікті тірлікке бой суытпа.

Айшылық жол...

Шөлдейсін, зарығасың,  
Армандаисың, аңсайсың, сағынасың.  
Жол азабын көресін, көресін де  
Ашынасың, біреке бағынасың.

Даламенен жүресін, тау асасың,  
Сезесін биігін де алласың.  
Кенезең кепкенде бір, лай суға  
Кез келген мақұлықпен таласасың.

Сапар ұзак.

Тағы да аяндайсың,  
Алыпқашпан басылып, баяулайсың.  
Ел шетіне жетесін, жетесін де  
Көргеніңің бәрісін баяндайсың.

Міне, осылай өлеңнің кілті деген,  
Құйттай жүйен қалмайды сілкімеген.  
Аттанам деп алысқа, айдалада  
Адаспаса болғай-ды шіркін өлең.



Тау бұлағы да ағады,  
Ой бұлағы да ағады.  
Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.

Бірі жылжып барады,  
Бірі мөңкіп барады,  
Бәрісі де, не шара, аға алмайды жоғары.

Бәрісі де, үмтұла, тек ылдиды іздейді,  
Әрқайсысы өзінше,  
Қатарларын түзейді.  
Дарияға қосылып жай тапсам деп теңізден,  
Байғұстардың бәрісі құдерлерін үзбейді.

Бірі жатыр күркіреп,  
Бірі жатыр жылмиып.  
Бірі қалды көлдерде көмейіне құм құйып.  
Асығады байғұстар.  
Сезінбейді сірә да,  
Барар жері бәрібір екендігін тұнғиық.

Асығады байғұстар,  
Өзін-өзі қинайды...  
Бұлактардың көбісі дарияға құймайды!  
Дарияны қайтеді.  
Мұнысы да жөн шығар,  
Мүмкін олар даласын шөл етуге қимайды,  
Бар қуатын өзінің топырағына сыйлайды.



Санаулы күн,  
Санаулы ай,  
Санаулы жыл.  
Санай жүріп самайлар ағарды кіл.  
Уақытты не пайда санағаннан,  
Алатұғын өмірде бағанды біл.

Қанша күнің,  
Санап көр текке кетті,  
Қанша жанды  
Санап көр, өкпелеттің.  
Адамдықтан адасып қаншама рет,  
Қаншама рет ауытқып, шетке кеттің?!

Қанша жүрек түбінде тұрақ тептің,  
Қанша жанның жүзіне шуақ септің?  
Қаншама рет қуанып бардың-дағы,  
Қанша адамның алдынан жылап кеттің.

Ал, қанеки,  
Санаң көр, санағышым!  
Сарқылмaston тұрғанда сана-күшін.  
Не жақсылық көрсөтті адам саған?  
Не жақсылық жасадың адам үшін?



Жүргімде жүргені-ай бір қауіптің,  
Сабағындай шырмайды шырмауықтың.  
Үмітпенен, арманмен, күдікпенен,  
Өтіп жатыр зымырап зырлауық күн.

...Шешем менің еңкейіп бара жатыр,  
Қай күні келер екен нала «батыр».  
Жел маған сыйырлайды аят оқып:  
«Бір күні айырыласың, қара да тұр».

Кім білсін, көніл, қандай күй кешеді,  
Қаңырап қалуыңдай үй кешегі.  
Аландаймын алтыным жоғалғандай,  
Анамның көрінбесе кимешегі.

Шешем менің – иілген сұрау белгі,  
Сәлғана шаттық көрді, жылау көрді.  
Қалайғана қалпына келтірерсің,  
Дауылдар майыстырған мынау белді.

Ұлың сені ұжмаққа бергісі жок,  
Ұжмағың да тамүқ қой – көргісіз от.  
Осылай көз алдымда жүре берші,  
Сұраулы сөйлемдердің белгісі бол.

### **НЕГЕ ЕРТЕРЕК СУАЛДЫҢ**

Неге ертерек суалдың, жаңым Анам?  
Қалжыраған қозыңың халы жаман.  
Өзің берген уызды іздеуде өлі,  
Жетім қозы күзетке маңыраған.

Таста тұнған тамшының сынабынан,  
Татып көрсө таудың да бұлағынан;  
Бір кезде өзің ііскеп қоюшы едін,  
Тартады енді біреулер құлағынан.

Бар айыбы – сусынын басқаны ма?!  
(Барлық жердің шөлі тұр баста мына).  
Барлық жердің іздеді аспанынан,  
Тәтті узының шынымен таstadtы ма?

Іздей-іздей еріні кезергенде,  
Еміп көрді көлден де, өзеннен де;  
Еріп кетті ақыры болмаған сон,  
Емін-еркін жүретін көзелдерге...

Олар оны бастады ойға-қырға,  
Мұрша бермей отыру, ойлануға.  
Сүйек заттың бәрінен сүт іздеймін,  
Ақ уызды ашы су жойғаны ма?!

Неге ертерек суалдың, жаным Аnam?  
Ақ уызды қай жерден тауып алам?  
Азаматтың арда емген деп жүруші ем,  
Жан екем уыздыққа жарымаған!



Тағы да күз, тағы, міне, сары танды ұзак тұн,  
Уысында тағы да мен үйқы дейтін тұзактың,  
Ой-хой, шіркін, тағы да бір күзді, міне, ұзаттым.

Өмірімнің есейгенін сезінемін күзде мен,  
Алдағыма асығамын, өткенді өсте іздемен,  
Ой-хой, шіркін, болашаққа құмармыз ғой біз деген.

Жүрші, жаным, қоңыр күзде серуендейік жыракта,  
Қайтқан құстың өуенімен қоштасайық қыратта,  
Күз өткенге кейімеймін, сағынамын бірақ та.

Қайтып бара жатыр, әне, сағыныштар-тырналар,  
Ақ қайындар, тал, теректер... алтын сары сырғалар,  
Туған жердің қеудесінде тұнжырайды жылғалар.

Қайда кеткен жасыл алқап, жасыл орман, жасыл ман?  
Қайда кеткен жақұт гүлдер пан даға шашылған?  
Қайда кеткен, қалай өткен, кімге барып бас үрған?!

Қалай біздер қапелімде анғара алмай қалғанбыз?!

Әттеген-ай, неткен анқау, неткен анқау жандармыз?

Келіп қалты-ау сағыныштай сап-сары ала арман-күз...



Азамат едің тәп-тәуір,  
Барасың болып жат бауыр.  
Жалт беріп, сырғып кеткенін  
Жаныма менің батты ауыр.

Айырылып достан жаны ізгі,  
Ауырлық басты, сеземін.  
Адасқан құлын тәрізді,  
Апыр-ау, қайтіп төземін?

Көнілге салдық босқа кір,  
Кіре алмай достық тыста жүр.  
Қуатсыз қалған дос та бір,  
Қанатсыз қалған құс та бір.

Бауырын бауыр қия ма?  
Табысайықшы қайтадан?  
Қос-Ана бір-ак ұяда,  
Балапан едік шайқаған.

Азамат едің тәп-тәуір,  
Барасың болып жат бауыр,  
Толғанып кел де, тап бауыр,  
Томсарып жүрер шақ па бұл!..



Жоқ күндерім бар күндермен өтеліп,  
Баршылыққа, таршылыққа ет өліп,  
Күйігім мен куанышым қолдасып,  
Келе жатыр мені иыққа көтеріп.

Екі дүние, екі мінез өр алуан,  
Екеуі де орын тапқан санамнан.  
Бакыт деген осы ма өлде, кім білсін,  
Кайғы менен куаныштан жараган?!

(Мен еріксіз екеуінен қаймығам)  
Куанамын, куанам да қайғырам.  
Күйініш те маған керек сиякты,  
Күйінішсіз шаттығымнан айырылам.

Жоқ күндерім бар күндермен байыпты,  
Бар күндерім жоқ күндерге айыпты.

Мәңгі-бақи шаттықта өту мүмкін бе?  
Адаммын ғой, қайғыру да лайықты.

Ан емеспін, адаммын ғой, санам бар,  
Шаттығымды бөлісіндер, жарандар!  
Көкте күнім тұрған сөтте нұр шашып,  
Жай орнатқан бұлтыма да қарандар.



Заулап өткен заман-ай құр аттайын.  
Сырғанаған күндер-ай сынаптайын.  
Өксі, көніл, өткізген сөттеріне,  
Өксі, көніл, мен сені жұбатпайын.

Белгісіз, қыр аса ма, сай бара ма,  
Асығады осы өмір қайда ғана?!

Көшін тартып барады шіркін жастық,  
Оянғасын қарасам айналама.

Қалмасам деп сол көштен далбасалап,  
Жалын тартып асаудың жармасам-ак,  
Адуын ат ауыздық салдыртпайды,  
Караң қалған мені бір жанға санап.

Әттең-ай, құлағындан басып тұрып,  
Басып тұрып арканды қасып тұрып;  
Жастық көшін жалтартпай қуар едім,  
Шалқыта көбігінді шашып тұрып...

Өксі, көніл, мен сені жұбатпайын,  
Өкси берші жалғыз тал бұлактайын.  
Күзден қалған қүрен бір жапырақтай,  
Жармасып ап жағанда шуақтайын.



Жалаң аяқ жар кешіп,  
Қызыл аяқ қыр кешіп,  
Қыр гүлімен бірге өсіп,  
Қыр желімен бірге есіп,  
Торғайлармен тілдесіп,  
Торы тайға мінгесіп,  
Тобын жазбай топ бала  
Жүретін ек гулесіп.  
Орман, таулы туған жер –  
Ортақ бізге бір бесік.

Оны да біз атқардық,  
Жігіт болдық, мактандық,  
Тартып мініп ат жалын,  
Жеке-жеке аттандық,  
«Өнерімізді» актардық,  
Өршелендік мактан ғып,  
Өкініші сол ғана –  
Өзді-өзіміз тан қалдық.

...Орақ мұрын, қыр мандай,  
Маңғаз жігіт жүр бүгін.  
Өзі ұстал тұрғандай  
Туған жердің тұнлігін.  
Сақтап қалса, жарады,  
Азаматтың тірлігін,  
Сәби шақтың бірлігін...

## ЖОҚ, ДӘРІГЕР

Жүрегіме жүк артып жүргенімде,  
Қажыңдың ба, байғұсым, білмедім бе?  
Шайпау тиіп, шаршатып кім көрінген,  
Уландың ба білмеймін, кірледің бе?

Бары ақиқат бір дергің жүрегімде,  
Дәрігер-ау, арқалап жүремін бе?  
Сорлайтындаі соншама кім едім мен,  
Неге аяныш атасың іренінен?

Айтып өлтір, қайтесің босқа ойланып,  
Жүрек дерті өлімге бастай ма анық?  
Адасам ба өмірден жастай қалып?  
Ет жүрегім кете ме тасқа айналып?  
Неге айттайсың, тұрғанша босқа ойланып?

Пері соққан пендедей есі жарым,  
Тамырымда тулайды есіл ағын.  
Бұл жүректің білмеймін, несін алдым,  
Несі жоғын білмеймін, несі барын?

Қаным қайнап барады, қаным қайнап,  
Бір амал тап, дәрігер, халімді ойлап.  
Алауыртқан ақынның қолын байлап,  
Әкетпесін ажал кеп, өлімге айдал.

...Жок!

Дәрігер!

Орнатпа басқа жүрек!

Басқа лұпіл жасама, басқа леп.

Қалай айтам, бұлінген жүргімді,

Білдірмей доғдыр алып тастады деп?!?

Өңгеріп өгей жүрек қайда барам,

Өзгенің ғұмырын қалай пайдаланам?

Сыйына ракмет, қайран Адам!

Өзімнің жүргімдей қайда маған?

Алмастырам!?

Дедін-ау, алмастырам!..

Сірә, менің жұлдызым жанбас бұдан.

Өзімнің жүргімді жерлеп келіп,

Өзгенің өмірін қайтіп жалғастырам?

Тула, Жүрек!

Өкінем мен несіне!?

Туған жүрек,

Әрине,

өлмесін бе?

..Жок!

Дәрігер!

Қозғама,

дамылдасын,

Әрбір жүрек өзінің қеудесінде!



Жарық дүние-ай!

Жарығың неткен жақсы еді!?

Жаңылыспаспын,

жарым деп айтсам нак сені!?

Құшаққа сыйсан,

күштырым қанып,

өбер ем,

Құшақтап тұрып, өлер ем.

Жарық дүние,

жанарайм менің жайнаған!

Жап-жарық неткен айналан!?

Нұрыңа сенін

миллион бояу ойнаған,

Құмартып кетер

қомағай көзім тоймаған...



Құмған алған,  
Суга барған,  
Сұлұымды сағындым.  
Сырғаланған,  
Күған арман,  
Күлінімды сағындым.

Түйнектер мен  
Жидек терген,  
Нуларымды сағындым.  
Үйректермен  
Иректелген,  
Суларымды сағындым.

Тынып тіптен,  
Тұлік біткен,  
Жусағанын сағындым.  
Жиі беттен  
Сүйіп өткен,  
Қыр самалын сағындым.

Безінбейтін,  
Сезінбейтін  
Аңғал кезді сағындым.  
Өзім дейтін,  
Сезім дейтін –  
Жанған көзді сағындым.



Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,  
Бұдан артық ракат табылмайды.  
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,  
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы.

Қар да ілігіп қалған-ды тау басына,  
Мұз тонды ма бұлактың жамбасына?  
Суық келіп, суыр да жатқан шығар,  
Камдалап алып азығын қамбасына.

Төрт түліктен төгілген шалқар әнді,  
Ұзатқан-ды, жайлау да тарқаған-ды.  
Ескі жүртты тіміскіп, қорқау әлгі  
Қажалап та жүрген-ді қаңқаларды.

Сағыныштай сарғайып жанды ма күз,  
Сары шәйі жамылып алды ма түз?  
Курайларын сыңсытып сыйзығыдай,  
Қанбағы ұшып, қаңырап қалды ма аңыз?

Әңгімелे тауын да, даласын да,  
Қырқасын да, сайын да, саласын да.  
Ақбоз үйдің түндігін желпілдетіп,  
Қонды ма кеп қойлы ауыл Қарасуға?

Қарасуға қосылып тұна барып,  
Жатқан болар іргеде бұлак ағып?  
Арып келіп, тойынып қайтқан болар,  
Топ тырналар аспанға сына қағып?



Жасасаң қайыр,  
қарыз деп айтпа,  
жарқыным!

Қарыз ғып берсен,  
қажет те емес алтының.  
Әгіз боп саған,  
өткөрер менің жайым жок.  
Әмірдің қалған тамтығын.

Ақ уыз берді,  
қарыз деп А нам айтпады,  
Мойнымда әлі,  
Әкенің қарызы қайтпады.  
Қарыз демей-ак,  
қамқоршым болған дос қанша,  
Қайтарар едім,  
қайтейін, мені байытпады...  
Еліме мәңгі  
қарыздар едім қашаннан,  
Әтермін қашан?  
Кетермін қайда?  
Қарыз деп айтпас,  
қайырымды мынау өмірге,  
Қарыздар болып жасалғам.  
Қарыз деп айтпа,  
жасасаң маған қайырым,  
Қайтара алмаспын,  
белгісіз менің байырым...

Мен деген,  
жолдас, жарлының жалғыз тайымын,  
Ағытып болмас айылын!...



Кейіме, інім,  
Сен татқан мұнды мен емгем,  
Кеткемін сосын,  
Өзімді-өзім жебеумен.  
Анамыз жомарт.  
Бабамыз жомарт дегенмен,  
Жыламай жатсақ,  
Жарылқап, емшек берер ме.

Кейіме, інім,  
Кездескен мұнға алғашкы,  
Кесірлі шақтын болмасын тіле алды ашы.  
Қып-қызыл шоқтан сурып алып зергерлер,  
Салмай ма суға сертке ұстар семсер-алмасты.

Кейіме, інім,  
Керемет күндер алдында.  
Кемсіне берме,  
Керенау тартса, тағдырға.  
Сүрініп кетсен, карғып тұр қайта, даярлан  
Кедергілерден екінші рет қарғуға.

Келіпсің інім,  
Кенесіп қайттың көктемде.  
Кейітпес едім,  
Болмады билік тек менде.  
Жұлмалап, тонап, қалдырып мені шеткеріге,  
Жымысқы-уайым жылысып саған жеткен бе?!



Қазынам бар.  
Біреуге берсем бе екен?!  
Өкпелейді-ау бермесем,  
Берсем, бөтен.  
Бар байлықты қойныма тығып алып,  
Әлде мына құмдардай өлсем бе екен!?

Қазынам бар,  
Біреуге қисам ба екен!?

Ренжиді-ау қимасам,  
Қисам, бөтен.  
Әлде мына даладай бар байлыкты  
Бір өзім иемденіп, жисам ба екен!?

Қазынам бар.  
Тәуекел, сатсам ба екен?!  
Өзіндікін өзгеге сатсан, бөтен.  
Әлде мына таулардай бүркеніп ағ,  
Бұк түсіп, теріс қарап жатсам ба екен?!

Қазынам бар.  
Қисапсыз шектеледі.  
Қызғанады біреулер, жек көреді.  
Бермеймін де сатпаймын, көрсетпеймін!  
Аlam десен,  
Алдымен зертте мені...



Туады, туады өлі нағыз ақын,  
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.  
Жесірдің айырылмас сырласы бол,  
Жендеттің көзінен жас ағызатын.  
Туады, туады өлі нағыз ақын!

Жыр сөздері жай болып атылғанда,  
Атылғанда, аспаннан оқылғанда,  
Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,  
Жанар пайда болады соқырларға.



Қашанғы қалжыраймын, ойлап өтем,  
Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем.

Аламын да таяғын Шопан-Атам,  
Ақ қойларымды өргізем, жоталатам.

Шыңға барып шыңғырып мұн шағамын,  
Тұмшалағын жасыл тау, тұмшалағын.

Мұн шағамын?!  
Мұны бар күйкі ме едім?!  
Ақ тауға алты қанат үй тігемін.

Ойнақтатып мінем де Қүренімді,  
Оқалатып қоямын жүгенімді.

Көк шалғынды көсілте жүзіп келіп,  
Қымыз ішіп жатамын, қызық көріп.

Қасқа бұлақ бесікті тербетеді,  
Қасқыр жүрек ұлдарым ер жетеді.

Койларыммен тау асып, тау барамын,  
Бір қоныстан бір қоныс аударамын.

Қашамын, қайрылмаймын, қойға кетем,  
Жетеді өзімді-өзім алдағаным!..



Жүрегіме жүк артып,  
жүрегіме жүк артып,  
Жүдедім бе?  
Білмеймін,  
Жүдедім бе мұнартып?!  
Жігеріме, білмеймін,  
Жібердім бе мұн артып?!  
Жүремін де, әйтеуір,  
жүремін де құмартып,  
Жүрегіме жүк артып.  
Мен іздеген нұр-бақыт,  
ұстапаса, зуласын.  
Тек жүрегім бір уақыт,  
Жұксіз қарап тұрмасын.  
Жүрек болып туғасын.

## ЕКІ ІНІМНІҢ НАЙЗАСЫНЫҢ ҰШЫМЫН

Мен – Үйсінмін,  
Қауға берсен, қауға бер,  
Қан ағызып, үйренгем жоқ жаулап ел.  
Дауы да жоқ, жауы да жоқ, тып-тыныш  
Бауырларым, біздің асқар тауға кел.

Мен – Үйсінмін,  
Мал бақ десен, мал бағам,  
Еш жамандық көргемін жоқ қауғадан.  
Мен – Үйсінмін,

Ұлы жұзбін, ұлымын,  
Ұлымын деп, ұлыққа да бармағам.

Ортадан да, Кішіден де кішімін,  
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.  
Ел басына екіталай күн туса,  
Екі інімнің наизасының ұшымын.

Мен – Үйсінмін,  
Ұлы десен ұлымын,  
Кісліктің, кішіліктің құлымын.  
Бөлінбеген еншім даяр, екі інім,  
Желпілдетіп, жетіп келсе тұлымын...



Ойым бар менін,  
Ойым бар менің ерекше.  
Жақсылық жауып,  
Дүниені мынау сел етсе,  
Жауыздықтардың, жамандықтардың барлығын  
Көрге алып кетем керексе.

Адамның бүкіл айыбын  
Арқалап алып,  
Азабын өзім көрер ем.  
Жамандық басқан денемен,  
Жандырып жатқан,  
Тондырып жатқан тамұққа  
Жамандығыммен тәнер ем.

Бүкіл дүние жамандықтарын  
Артындар маған, көтерем!  
Қарызым болсын өтеген,  
Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсে,  
Бүгін-ақ өліп кетер ем.

Армансыз барып,  
Көрімнің аузын жапқасын,  
Дүниедегі тірілер  
Жамандық іздең бақпасын!  
Жауыздық жатқан,  
Арамдық жатқан көрімнің  
Қақпасын келіп қақпасын!

## КӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгеретін тіршілік көгереді.  
Ку бұтағы арса-арса қарі еменге,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгереді ауылдың төңірегі.  
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.  
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,  
Менің жесір женгеме не береді?

Көгереді...  
Барлығы көгереді:  
Ой да, қыр да, даланың төбелері.  
Әлі құрып баратқан ауру досқа,  
Осы көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей, көктем де келіп қалар,  
Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.  
Азан-қазан аспанның қоңырауы,  
Жақсылықтан тұrsa иғі беріп хабар...



Апырым-ай,  
Туған жер-ай!  
Тендесер кім,  
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.  
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,  
Сен болмасаң, бұл манды көрмес едім.

Жат көзімен қарайды адамдарын,  
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.  
Жас отаудың есігін ашып қалып,  
Айлам құрып, қайыра жаба алмадым...

Кел демеді немесе кет демеді,  
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!

Сені сүйген жүректі, туған өлкем,  
Сен өсірген біреулер жек көреді.

Туған елім,  
Көрмесем сағынамын,  
Кетсем ізім өзіңден табылады.  
Жасыра алман, інінің отауынан,  
Ыстық маган атанаң шанырағы.



Ауыздықтап тұра алсын арманды кім,  
Жай таптырмас жаныңа жалған бүгін.  
Байыздамай өмірден біз де өтерміз,  
Болашаққа қалдырып қалған жүгін.

Армандаймыз, аңсаймыз, киялдаймыз,  
Мына думан өмірге сыя алмаймыз.  
Бос киялмен өтпесек жарап еді,  
Көктемеген егінді жия алмай біз.  
Өзімізді, себебі, жиі алдаймыз,  
Өзімізден-өзіміз үялмаймыз.



Қадірлі дос!  
Қайтесін, ренжіме,  
Айтпай-ак кой,  
Халінді білем, білем!..  
Таппай жүрсін сырласар сыңарынды,  
Жібі тұзу жан іздел жылы өндіден.  
Айтпасаң да халінді білем, білем...

Жанның бәрін жаныңа дос санадын,  
Дос санадын...  
Қалмады басқа амалын.  
Ал, жүрегін?..  
Жүрегін тулас жатыр,  
Кирата алмай кеуденнің тас камалын.

Бәрі де алдыма бас иер менің,  
Бір құдірет қолыма тиер ме еді,  
Қызылشاқа сәбидей жүрегінді,  
Босатып ап түрменнен, сүйер ме едім.



Санаулы менің сағатым,  
Санаулы менің күн, айым.  
Асығам қалмай тағатым,  
Асықпай қайтіп шыдайын.

Шау тарта жаным бастады-ау,  
Айларды құып жылдарым,  
Айтылмай қалса масқара-ау,  
Ашылмай жүрген сырларым.

Күні ертең өліп кетердей,  
Жастыққа қорқа бас қойдым.  
Өмірім босқа кетер ме ей,  
Өруін таптай таспа ойдың?!

Күндер-ау, күндер, көктемдер,  
Қасымнан менің кетпендер?!  
Әуелде неге жараттың,  
Көпсінсең мені қек пен жер?!



Біреулерді мерг қылып аламын деп,  
Ашуыма ауыздық саламын кеп.  
Тентек іні бетіме тік қараса,  
Жасқанамын жандай-ақ залалым көп.

Бағамын деп әркімнің қас-қабағын,  
Балам қабақ шытса да жасқанамын.  
Сәлемімді біреулер алмай кетсе,  
Екі иығым салбырап, пәс қаламын.

Досым өтсе алдынан қырын қарап,  
Бозторғайым кеудемде шырылдамақ.  
Естігісі келмейді бәтшағардың,  
Қорғасынмен құлағын тығындалап ап.

Кайсыбіреу, карайды айдаһарша,  
Тұрпайы өзіл, тұрпі сөз – қайда барсам.  
Қайтер еді, ожардың шарығына,  
Ашуымды қайтадан қайрап алсам?!

## ӨМІР ДЕЙТІН

Өмір дейтін тайғанақ мұз-айдында,  
Жырлап кетем, алдымен жылаймын да,  
Сөредегі кермені кесіп өтsem,  
Маған әлі жетпейді құдайдың да.

Мұн мен зарға ондайда шаң қаптырам,  
Қайғы дейтін қаншықты қан жаптырам.  
Ұры-уайым тиер деп қай жағымнан,  
Секем алған киіктей андалап тұрам.

Аттай жүріп өмірдің баспалдағын,  
Бірі менмін қайғыдан қашқан жаннын.  
Көзім жасын көл етсем сөнер мекен,  
Көмейімнен лапылдап, шашқан жалын?!

Жок сөндірмен, сөндірмен, жыламан да,  
Куаныштан мұн жуық тірі адамға.  
Дариясы өмірдің шайқалмайды,  
Дәрмені жок бір пендे жылағанға.

Жүргемін жок қайғының жүгін артып,  
Ер сүрінсе еңкеймес, жығылар тік.  
Бөліп, жарған қайсыбір қуаныштан,  
Ойландырған оңаша мұным артық...



Сусыны жок жолаушыдай кезерген,  
Сусыным бір қанбай қойды ежелден.  
Ол – жүректің шөлдегені сезем мен;  
Төрт аяғын жағалатып буырылдың  
Бұрқыратып, кен өлкемді кезер мем?

Сусыны жок жолаушыдай қансыған,  
Сусыным бір қанбай, мені жаншыған.  
Жүректің бір қалағаны бар шығар,  
Катаған шөлімді бір басар ма ем,  
Сусын ішіп даладағы малшыдан.

Шөлім неге, шөлім неге қанбайды?  
Тәтті де іштім,  
                  ашы да іштім,  
                  нанбайды...  
Жүрек нені, жүрек нені талғайды?!

Кыр басында отыратын ауылдың  
Кымызымен жібітер мем тандайды...



Аулак, аулак,  
Аулак менің жанымнан!  
Кара уайым кара шәлі жамылған.  
Жазбын өлі гүлім жаңа жарылған,  
Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан.

Жалт бұрылып, жанарымнан шашқанда от,  
Жатыр екен жүрген ізім дастан бол.  
Бар сырымды түгел өлі ашқам жоқ,  
Дүлдүліме өлі қамшы басқам жоқ.

Кейімеймін, кейімеймін тағдырға.  
Артта уайым, ал қуаныш алдымда.

### ШАРШАДЫМ БІЛЕМ

Шаршадым білем,  
Жантая кеткім келеді.  
Миынды жеген, құрысын бүйткен өлеңі!  
Күйзеліп тапқан көнілімдегі көрікті ой,  
Аузымнан тұссе адыра қала береді.

Өлеңі құрысын,  
Таппадым одан миятты,  
Жазбай-ақ қойдым,  
Жазғаным енді ұят-ты.  
Менсіз де мына ғаламат жырау-дүние,  
Өзінен-өзі жырланып жатқан сияқты.

Откізіп жылдар,  
Откізіп айлар,  
Бекер күн,  
Болғансып ақын,  
Мұрнымды несін көтердім?!

Олмей-ақ жүр ғой,  
Өлең жазбаған адамдар,  
Өлеңсіз мен де,  
Өмірді бірдене етермін.

Жанды да жансыз,  
Көрінген заттан сыр бағып,  
Өлетін болдым,  
Өзімнен-өзім ұрланып.

Шаршадым білем,  
Жатпасам енді болмас-ты.  
Жұрт кетіп жатқан  
Қара теңізге бір барып...

### АВТОГРАФ

Көрер едің,  
Шаламын ба, отпын ба,  
Білер едің,  
Ақынын ба, жоқпын ба?..  
Кектендерген хан Жәнгір де жоқ мұнда,  
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.

Тұсінер ең,  
Езбін бе, әлде ермін бе,  
Байқар едің,  
Артықлын ба, кеммін бе?..  
Мен Спартак бола алмадым, не шара,  
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?!

Сырым да – осы,  
Жырым да – осы,  
Алдында.  
Байқашы бір,  
Бықсыздым ба, жаңдым ба?  
...Махандар жоқ,  
Махандардың сарқыты –  
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

### АЙХАЙ, ДАЛАМ

Ah, далам, айхай, далам, сағым далам,  
Бір бұдыр жоқ-ау көзге шалынбаған;  
Аспан құлап кетсе де тарынбаған,  
Бір ғаламат бойында сабыр бар-ау.  
Ah, далам, айхай, далам, сағым далам!  
Төсінде атылмаған жанар таулар,  
Вулканын тұншықтырып, дамылдаған.

Боз далам, күрең далам, жасыл далам,  
Кісі емес саған келіп бас ұрмаған.  
Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау,  
Қалай ғана құшармын ғашық-далам?

Құшактан шығармаспын деген едім,  
Дәрменсіз ғып жараттың неге мені?  
Өзіндей алып болып тумаған сон,  
Адам болып жүрудің не керегі...

Сонда да сүйіп өтем, сүйіп өтем,  
Сүйе тұра құша алмау – қүйік екен.  
Алыптан алып болып тумаған сон,  
Адам болып жүру де киын екен...



Бір күні,  
Бір жылдары,  
Бір заманда,  
Уақыт қуатымды ұрлағанда,  
Шабыттың ақ бастауы құрғағанда,  
Шынымен қалам алып, жыр жазам ба!?

Жүректе от,  
Ойда жасын қалмағанда,  
Тағы да жыр жазам деп қарманам ба?!  
Жастықта жазып кеткен жырымды оқып,  
Танданам ба, кім білсін, алданам ба?!

О, Муза!  
Мәңгі жастық!  
Қайран досым!  
Қай күні ауар екен сайран қосым.  
Поэзия – жастық қой жалын ұшқан,  
Жас күнде жазғаныңдай қайдан болсын.

О, Жастық!  
Сен өлгенде, мен өлемін,  
Сенсіз мен қылған бір бөренемін.  
Көнеремін, білемін, көнеремін.  
Көгерे бер мәңгілік сен, өлеңім!..  
Жырсыз менің өмірге не керегім,  
Жырдан басқа жұртыма не беремін.

## СЕЗІМ

Арпалысып ақылмен, тәзімменен,  
Бір сәт те дем алмайды сезім деген.  
Шыр етіп жерге түскен шілдехана,  
Келеді дүниені кезуменен.

Жанымды тыншытпайды сезім деген,  
Қалай жүр, япыр-ау, төзіп денем?!  
Қаншама күндер өтті дамылдамай,  
Қаншама түндер өтті көз ілмеген,  
Білмеймін, не іздейді сезім менен?!

Белгілі шегі де жок, жок тұрағы,  
Белгісіз, қайда апарып соктырары.  
Не, сезім, мені бір күн от қылады,  
Не, сезім, мені бір күн жок қылады!..

Қаншама көлдененен өтті қарғып,  
Әлемге әмір беріп, етті жарлық.  
Ғаламдық зандылықты мойындамай,  
Жүргені, барды жок қып.  
Жоқты бар ғып.

...Адамның сезімінен сезіктенбे,  
Сезімді сезіне біл, төзіп, көн де.  
Ақыл менен парасат бұғынады,  
Шынайы шын сезімге кезіккенде...



Жазғырма мені, жан-аға,  
Жаманға мені балама.  
Жалғыз тұп емен көріп пе ен,  
Жабырқап тұрған далада?  
Емен деп мені бағала.

Еменде жапырақ-жүректер,  
Үп етсе самал дір еткен.  
Осынау елсіз жапанға,  
Жападан-жалғыз кім еккен?

Далада дауыл болғанда,  
Сая жок жанын қорғауға.  
Ұшайын десе канат жок,  
Корғанға – алыс орманға.

Жазғырма мені, жан-аға,  
Жаманға мұлде балама.  
Бұлаққа барсан, жалғыз тұп,  
Талшыбық тұрар жағада.  
Шыбық деп мені бағала.

Кеткенше киып әлдекім.  
Емен де, мейлін, тал дегін.  
Әзірge менін бар демім,  
Осындай, аға, халдемін...

## ЖҮРЕГІМ, ЖҮЙКЕМ, БАР ТҮЛҒАМ

Жүрегім, жүйкем, бар тұлғам,  
Бұл күнде сымдай тартылған.  
Лұп етіп самал соқса да,  
Ызындал қалар антүрған.

Ызындал, нәзік үн шығар,  
Үн шығар-дағы тұншығар.  
Шегіне жеткен сым-ішектер,  
Үзілейін деп тұр шығар...

Алдыма өзің келгесін,  
Аянаам енді мен несін.  
Үзілсе, мейлі, үзілсін,  
Басып бір көрші пернесін.

Баяғы сазы бар ма екен,  
Куаныш па екен, зар ма екен.  
Сыңғырап тұрған сым-ішектер,  
Бұл күнде қандай халде екен?!

Саусағың салып пернеме,  
Сазды үнің шығар тербелे.  
Тыншып бір тұрған тұлпарым,  
Тықыршып қалсын кермеде.

Бұл күнде сымдай тартылған,  
Жүрегім, жүйкем, бар тұлғам,  
Айныма осы қалпынан!  
Айныма осы қалпынан!!!

## АЙЫҒЫП КЕЛЕМ

Айығып келем.  
Айығып келем бәрінен.  
Емделіп жүрмін,  
Жақсылар берген дәрімен.  
Мен үшін өмір тарылған емес, әлі кен,  
Кеңістіктерге сапарға шығам әлі мен.

Сауығып келем,  
Жинаң та келем есімді.  
Сағынып қалдым,  
Саламат өмір кешуді.  
Тағат таппастан,  
Тартамын алға көшімді,  
Жанып бітпестен жазбаған маған өшуді.

Киын ғой  
Киын...  
Көшінді жолға доғарған,  
Жана алмай бықсып, ошақта отың жоғалған,  
Жаға алмай сөнсөң жалын мен отты —  
Сол арман,  
Жалындал тұрып,  
Өртеніп кетсен, жоқ арман!



Жарығым-ай!  
Тұман торлап жүзінді қалды ма-ай!  
Деуші еді ғой: «жалғыздың жары құдай»,  
Неге таси береді қаным ұдай?!

Жалт етеді бір үміт, тайып беріп,  
Жалынамын жанымды жайып көріп.  
Қаным сыймай барады арнасына,  
Қосылғандай Ілеге Жайық келіп.

Селдеткенде, екі өзен тасығанда,  
Тал қармаймын, жағаға асылам да.  
Шыңыраудан шыға алмай шыдам кетіп,  
Тағдырыма шынымен бас ұрам ба?!

Қорқып тұрам орнынан, қорқып жатып,  
Толқын кетіп барады, толқынды атып.  
Бәрі келіп, тоғысып,  
Жүргегімнің  
Жағалауын тебеді солқылдатып.

Сокқанда кеп миымның жар қабағын,  
Бір минуттық тынымға зар боламын.  
Менің жарық дүнием, шуағынды  
Ала кетсем деймін де, карманамын...



Жаз едім кеше,  
Айналып күзге барам ба!?  
Жалын жоқ,  
От жоқ, жасыған мынау жанарда.  
Ауытқып кетті аймалап тұрған самал да,  
Кеулеп тұр міне,  
Дауыл ма, әлде боран ба?

Бұлттанып кеттім,  
Бусанып, әлде жауам ба?!  
Жел айдал, әлде жердің тубіне ауам ба?!  
Қалса екен нәрім ауамда, мына даламда,  
Тұспесе екен көлеңкем тірі адамға.

Күз болса, болсын!  
Үмітімді өсте үзбен мен.  
Көктемнің сепкен жемісін маған күз берген.  
Сырласып тұрам,  
Орылған алқап,  
Сыбызғы тартып қурайдан,  
Куарған құла тұздермен.

Күз болып тұрып,  
Бақтарды ойға батырам.  
Күз болып келіп,  
Қасына, қалқам, отырам.  
Отырам-дағы, жазынды сенің шакырам,  
Аймалап тұрып,  
Сөйлеймін жаздың атынан.



Тілегім қайда менің көкке өрлеген?  
Жүргегім қайда менің кек кернеген?  
Жүремін неге бұлай бәктерде мен?  
Білемін...  
Тек терлегем, тек терлегем.

Апырым-ай, бәрі бітіп қалғаны ма?!  
Жеткізбей арманым, алдағыма.  
Аяй гөр, арманым-ау – ардағым-ау!  
Үзілген үмітімді жалға мынау.

Жүргізбе мені бұлай бәктерменен,  
Алып өт асқарына өткелменен.  
Тілегім бәктерменен шектелмеген,  
Алдыңда өмірім бар өткермеген.

Жанымда жалын барда, қиял барда  
Аядай аулаға мен сыя алғам ба?  
Аяшы, ая мені, ардағым-ау,  
Апарып таста мені кияндарға.

Сырқаттанып жүргенше сызда қалып,  
Өлсем де өлейін мен құзға барып.  
Мұзға барып құлайын, құздан ағып,  
Сөндірейін отымды мұзға малып.

## ЕЙ, ӨМІР!

Дүниенің ағын да, қарасын да,  
Мыңқ етпейсін, қабылдап аласын да.  
Қарасымен шаман жоқ таласуға,  
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?

Жер мен көктің желпініп арасында,  
Желігесін, түсесін қара суға.  
Құйын қуған қаңбақтай аласұра,  
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?

Мен отырмын теңіздің жағасында,  
Бересім де жоқ оған, аласым да.  
Мені тастап, толқындар, ағасың ба?  
Толқынданып, өмірім, барасың ба?

Шаң шығарып ізінен құйындаған,  
Барасың ба, өмірім, қындаған?  
Сыйын маған,  
Ей, өмір, сыйын маған,  
Сыйынды алам мен сенің бүйірмаған!

## ТАҢЫСУ

Мен келмеген, мен көрмеген өріс ен,  
Жатырқама, тосырқама мені сен!  
Досынменен досын болып, көрісем,  
Дүшпанынмен дүшпан болып, өлісем!  
Жат көрмегін, жатырқама мені сен!

Несін айтам, көнілің сенің ақ айдын,  
Ақ айдын деп, өзгелерге қараймын.  
Айналайын, аман болшы, сақ болшы!  
(Мен өзіме әрқашанда абаймын...)

Айналайын, сыйлағанды сыйлашы,  
Берекенді берекесіз құймашы,  
Алқам-салқам омырауынды ағытып,  
Елпендей, Етек-женің жинашы!

Көріп тұрмын, өткізіпсің нелерді,  
Айылынды бір жина да, көр енді.  
Келгенің мен кеткенінді өлшеші,  
Байқасаншы, даракылық не берді?!

Мен көрмеген, мен білмеген туысым,  
Ойламағай, сарқылмас деп ырысым!  
Жан екенсің ашылған да шашылған,  
Әйтпегенде, менің не еді жұмысым...



Асығып алыс күндерге,  
Бір белден асып, бір белге,  
Адасып қалмай бір жерде,  
Айсыз қара түндерде,  
Отанында – іргенде  
Не жетсін өмір сүргенге!

Алысар жерде алысып,  
Табысар жерде табысып,  
Жұгенсіз асау өмірдің  
Жалына мықтап жабысып,  
Жарысар жерде жарысып,  
Жұртыңың қорғап намысын,  
Халқынмен бірге қауышып,  
Не жетсін өмір сүргенге!

Отынды бірге жағысып.  
Тыраштап босқа күн көрме  
Тірлікте мына жүргенге!  
Тыншығып қалма бір демде,  
Тыншығып қалма тіл, кеуде!  
Жарыққа мына не жетсін,  
Не жетсін өмір сүргенге!

Сезбейсің ғой, сезбейсің ғой сен мені...  
Көрмейсің ғой кереметті мендегі.  
Тұсінсенші сарсан болған пендені,  
Тұсінсенші!  
Ақыл-ойым кем бе еді?!

Неге бұлай?  
Неге жүрмін көнілсіз?  
Жаным менің жылап жатыр, тек үнсіз.  
Қалам ба деп қайғырмаймын көмусіз,  
Кетем бе деп қапаланам өмірсіз.

Жасырамын назым менен өклемді,  
Бүгінімді, болашақты, өткенді.  
Неғыламын шуағы жоқ көктемді?  
Құрағы жоқ неғыламын көк белді!

Тұрағы жоқ неғыламын арманды,  
Арман қуған ақ көнілім алданды.  
Ояу жүріп өткізсем де тандарды,  
Артымда тек шұбатылған шаң қалды...

Білмейсің ғой, сезбейсің ғой мені сен.  
Ойдағымды енді кіммен бөлісем?



Жарқырап шығып,  
Қалтырап барып батар күн.  
Қыскарып қалар тәулігі ұзак сапардын.  
Күн батқан жерге,  
Қосымды мен де апардым,  
Күнменен бірге дамылдап мен де жатармын.

Өмірім менің!  
Күнменен бірге жылжыған,  
Өте бер жәйлап,  
Несіне саған қынжылам.  
Ашылып күнмен,  
Күнменен бірге тұнжырап,  
Күнменен күліп,  
Жыласа, бірге тұр жылап.

Күн шыққан жерде,  
Күн батқан жерде тұрағым!

Кірлесе көңіл, нұрына сонын жуамын.  
Ақтарыл, менің шуағым!  
Сөнбесен екен,  
Сөнбесен екен, шырағым!!!



Кереметі-ай,  
Мына жарық сәуленің!  
Езу тартып барады, әне, әлдекім,  
Алатау да жатыр, әне, сәнденіп,  
Ал мен болсам,  
Бір жаныммен өуремін.

Кереметі-ай,  
Мына жарық сәуленің!  
Қайта маған оралар ма әл-демім.  
Қайда кеттің,  
Қайда кеттің, дәрменім?  
Қайда кеттің, сауық-сайран дәуренім?



Айтатын саған сырым бұл,  
Ертеңім менің бұлышыр.  
Әлсіреп, дымым құрып жүр.  
Адасып менен кеткен бе?  
Айналайын құлын-жыр.  
Айтатын саған сырым бұл,  
Бастаудың мұздай суымен  
Мерт бола кетсем жуындыр.  
Өртенген жанды суындыр.

Ерте келіп,  
ерте өліп,  
Шарамды таусып,  
төңкеріп,  
Кетем бе деп корқамын,  
Өз отыма өртеніп.

Бұлактың мұздай суымен  
Жуындыр мені, жуындыр.  
Қауышып жаным жырыммен,  
Алайын сосын тыным бір...



Не пайда күрсінгеннен, өкінгеннен,  
Не пайда дәтке қуат бекінгеннен,  
Алайда, емханада көз жұмғаннан,  
Жақсы еді ғой майданның өтінде өлген.

Құрбан ғып жастығымды, жас ғұмырды,  
Жауымнан жасыра алмай қастығымды.  
Жанымды аямаған жауларымнан,  
Ала жатар едім ғой жастығымды.

Өкінбен, мұнайман да, өксімеймін,  
Әмірім, осылай-ақ өтші мейлін.  
Алайда, аласапыран тіршіліктін,  
Алдында күресе алмай тек сілейдім!

Күнін көріп жүргем жок жетім құлдын,  
Бірак та не бітірдім, не тындырдым.  
Шөп жинаған ініне суырдайын,  
Әйтеуір тіршілікке бетім бұрдым.

Қара саз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Қырға шығып ырысқа кенелмеспін...  
Әлсе өлер Мұқағали Мақатаев,  
Әлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім!

## БІР КЕЛІНШЕК

Емханада бар еді бір келіншек,  
Емделуге, асқа да бір келуші ек.  
Ерлі-зайып адамдар деп қалатын,  
Ертелі-кеш екеуміз бірге жүрсек.

Көленкесіз көнілді жатқа бұрмай,  
Сөйлестік асып-тасып ақтарылмай.  
Әсерлі қарапайым өңгімеміз,  
Жазысқан ғашықтардың хаттарындаі.

Сырластық адам жайлы, заман жайлы,  
Әмір жайлы, жақсы мен жаман жайлы.  
Жасырамыз біріміз-бірімізден,  
Әңгімеміз әріге бара алмайды.

...Иесі келіп бір күн алып кетті,  
Байқаймын, бір келіңшек налып кетті.  
Сауығып қалғандай ем саясында,  
Сыр кетті, сырмен бірге жарық кетті.

Айықтыра қоймады бекер үміт,  
Жазылатын жайым жоқ жеке жүріп.  
Төрт бүктеліп төсекте жатып қалдым,  
Қаным менің қайтадан көтеріліп.



Туған жер сағындырды, келді есіме,  
Өзім кепіл енді оны көрмесіме.  
Тағыдай тауда өскен тарлан едім,  
Танылдым емхананың бөлмесіне.  
Кім кепілдік береді өлмесіме!

О, дәурен неткен ғажап сүйікті еді!  
Жайылған жасыл манда киіктері.  
Отырған оңашада, биіктегі,  
Танғы самал жататын сүйіп мені.

Ойнатып омырауда таң самалын,  
Мен алғаш шыққан күнді қарсы аламын.  
Мәңгілік сол биікті қалып қоймай,  
Несіне бұл тірлікті аңсағамын?!

Қасқа бұлак, қасыннан неге кеттім?!

Не деген жел айдаған көбелекпін.  
Еркіндік, еркелікті місе тұтпай,  
Тасқа өкеп өзімді-өзім шегелеппін...

**Пай, пай! Пай!**  
Сағындым-ау, сағындым-ау!  
Талықсып, тар төсекке танылдым-ау!  
Қапыда қалтылдаған жаным мынау,  
Жаратқан, нағылдым-ау, нағылдым-ау?!

## ХАЛҚЫМ БАРДА

Шыныменен дос жоқ-ау,  
Дос жоқ менде.  
Сонда қалай, өмірім босқа өткен бе?!

Осылай бір байламға келдім бүгін,  
Қарадым да сүйіскең қос кептерге.

Менде арамдық жоқ еді алабөтен,  
Доссыз өмір жалғанда қарән екен.  
Қақ жарылған қауымға қайран жүрек,  
Қашан ғана қанырап қалар екен?!

Сәл сабыр ет, ей досым, жасымағын,  
Доссызыбын деп мен неге ашынамын?!  
Дос көп менде, қашаннан досым – халқым,  
Қараймын да мен соған басыламын.

Доссызыбын деп айта алман халқым барда,  
Саясында халқым бар салқындауға.  
Карғамаса болғаны халқым мені,  
Айналмаса болғаны нарқым дауға...

Қалт-құлт етіп, мейлі, мен күн кешейін,  
Күн кешейін, еліммен бірге өсейін.  
Мені әзірге, ей, тағдыр, мазалама?  
Емін-еркін жұрттыммен тілдесейін!



Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.  
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

Аңыз ғып айтар мүмкін қылығымды,  
Қылығымды ұнаткан жұлынуды.  
Жақсы көрген дер мүмкін «жылынуды»  
Әйтеуір қазбас былық-шылығымды.

Жоқ жанды қиған емес жамандауға,  
(Сол үшін рақмет адамдарға!!!)  
Білемін, әйтеуір бір замандарда,  
Жүреді жұз жыл жасап жаман қарға...

Жазылар естеліктер нешелеген,  
Көрерміз оның бәрін пешенеден.  
Әйтеуір, білетінім бір-ак нәрсе –  
Көшеді өлең немесе өшеді өлең!

...Кулары, таудың қызыл тұлкісі дер,  
Момындар, біздің үйдің кірпіші дер.  
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,  
Менің нәзік жанымды кім түсінер!?

## **КҮН АУЫСЫП БАРАДЫ**

Күн ауысып барады тұнге қарай,  
Шығыста – кеш, Батысқа – кірген арай.  
Күн шыққан жерден әр кез тұн келеді,  
Маған солай, білмеймін, кімге қалай.

Соңғы шоғын сөндіріп арайлаған,  
Күн кетті, тіршілікке қарайлаған.  
Ай туды, нұрсыз да емес, нұрлы да емес,  
Шашырап өлі сөule шар айнадан.

Аспан да абыр-сабыр шамын жағып,  
Құс жолы да тәселді сағымданып.  
Бар дүние тұрғандай дамыл бағып,  
Тауым қалғып, ойымда бағым қалғып.

Тұн мені күйзелтеді жынды қылып,  
Бакты басып жатқандай, гүлді жұлып.  
Күміс қанат бір құсқа мініп алышп,  
Кетсем бе еken артынан күнді қуып.

Неге мен үрейленем тұнге қарай,  
Маған солай, білмеймін, кімге қалай.  
Күнде – өмір, түнде – дамыл, түсінбеймін,  
Мойнымды бұрсам еken кімге қарай?!

## **ЕЛІМ БАРДА**

Не сыйлайды, не береді келер күн?!

Неде болса тірі тұрсам көрермін.  
Желідегі құлынымын мен елдін,  
Көгендегі қозысымын мен елдін.

Не сыйласын, несін берсін ел маған?!

Тұрсақ еken елім де аман, мен де аман.  
Таулар – менің таусылмайтын бақыттым,  
Ал ырысым – ұланғайыр кен далам.

Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,  
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты,  
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,  
Туған елім болса еken бақытты.

Дәнене де сыйламасын келер күн.  
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.  
Тұған елім тұғырында тұрса екен,  
Әрі қарай...  
Әрі қарай көрермін...



Өзгеден емес,  
Өзімнен қорқам,  
Сезем мен.  
Көзімнен қорқам,  
Ернімнен қорқам кезерген.  
Мінерге қөлік, ұшарға қанат жоқ менде,  
Дариға-ай, шіркін!  
Қалдырып бәрін безер ме ем...

Басым бір шойын, аяғым менің қорғасын,  
Мерзімі толмай ілгері кетті он жасым.  
Неге сезбесін?!

Сезеді жаным, сезеді,  
Баяғы жылдар қайтадан енді болмасын.

Тұйыққа келіп,  
Тіреліп тұрмын бір түрлі.  
Көзімнің нұры – көнілімде қалды іркулі.  
Жылай да алмаймын, күле де алмаймын,  
О, досым!  
Тауып әкелші ұмыт қалдырган құлкімді.

Өзімнен қорқам,  
Өлтірген өзімді өзім ғой...  
Басымда ми жоқ,  
Тиянақ таппай кезуде ой.  
О, досым менің!  
Құлкімді тауып әкелші,  
Сүретін өмір, құлетін нағыз кезім ғой...



Жырлар жазам,  
Алайда ол кімге керек?!

Жанға шипа іздеймін, тілге дерек.  
Мәжнүн болып барамын күннен-күнге,  
Сау жандардан саяқсып, жүрген ерек.

Жырлар жазам,  
Білмеймін не берерін,  
Көгерерін білмеймін, тек өлерін.  
Күйінішін халқымның сүйінішін,  
Өз үнімен жырласам деген едім.

Кімге дәрі бар сыры қара бастың  
Өзім ғана өзіммен жағаластым.  
Қапелімде ой айдал, қиял куып,  
Барса келмес сапарға араластым.

Барса келмес сапарға араластым,  
Енді артыма бұрыльып қарамаспын.  
Жырлар жазам, дерімді деп өлемін,  
Қарсы алдында тұрсам да дар ағаштың.



Еш нәрсенің керегі жок!  
Керегі жок, шаршадым!  
Басымда үйіп тұрып алды өлемдегі бар сағым,  
Өніп-өскен топырағыма апарындар,  
Тастандар.  
Тауларымды,  
Кара суды, Қарасазды ансадым.

Енді емделсем,  
Тұған жердің топырағымен емделем,  
Ескең желмен ентігімді  
Басқанымды жөн көрем.  
Неге керек сән-салтанат, ию-қиу, той-думан,  
Таудың ерке тағысымын, тағысымын  
Мен деген.

Тіптен маган керегі жок, керегі жоқ еш ненін.  
Белгісіз-ақ болсын, мейлі, өткенім де өшкенім.  
О, киелі шанырағым!  
Айналайын астанам,  
Алдында егер айыбым мен күнәм болса,  
Кеш менін!



Қай күні менің  
Тәмамдалады дастаным?  
Бітпесе екен,

Жаңадан ғана бастадым.  
Биіктей берсін, биіктей берсін,  
Өкінбен,  
Мұнартып тұрған шындарым менен аскарым.

Сапарға сапар  
Жалғана берсе екен деп,  
Жалынам күнде,  
Жазмышқа тағзым етем көп.  
Адасу болар,  
Таласу болар өмірде,  
Жұрсем болғаны Ата жерімді мекендей.

Атак-даңқтын  
Керегі маған шамалы.  
Қалады досым,  
Қалады, бәрі қалады...  
Қай күні менің тәмамдалады дастаным?  
Уақыт өтіп,  
Уақыт өтіп барады.



Өлімнен қорқам,  
Кете жаздаймын жынданып.  
Өмір бар жерде  
Өлім деген бір жүр қауіп.  
Ажалды қойшы,  
Байқатпай соғар ұрланып,  
Алдына оның жүрміз ғой күнде мың барыш.

Өлімнен өткен ақиқат сірә болған ба?  
Тағынан келіп қонғанда,  
Жалтартпас соты болғанда,  
Жазалаушы да,  
Жолай алмайды ол манға,  
Жақтаушы тіптен жолай алмайды,  
Ол манға.

Үкімі оның арыздануға жатпайды,  
Мәңгі құлпыда,  
Мәңгілік мөрін сақтайды.  
Дәуірлердің де, ғасырлардың да – бәрінін,  
Ақиқат-өлім белінен бір-ақ аттайды.

Ажалды қойшы, алдын оның мың барып,  
Мың кетіп жүрміз сұранып, кейде ұрланып.  
Өлімнен корқам, кезегі бір күн келер деп,  
Асықпай, саспай,  
Алдыымды менің тұр бағып...

## ЖҮРЕК АРЫЗЫ

Оу, ием менін,  
Өзіннен бұрын жаралғам.  
Алдымен – менмін,  
Сонан соң – сенсің жаралған.  
Басың мен миың, ақылың, есің, қимылың,  
Аяқ пен қолың –  
Барлығы менен нәр алған.

Балғын шағында, өмірге жаңа аттанған,  
Бағына бастар адамдық жолға ап барғам.  
Кезім де болды қайғырған әрі шаттанған,  
Кезін де болды, қайтейін, маған дақ салған.

Келеді сенің кей-кейде мені мұз еткін,  
Бәріне қөндім,  
Қателігінді түзеттім.  
Төсек тартқызып, төнгенде қатер басына,  
Айнымай соқтым, аялап сені қүзеттім.

Жалындым саған жақыны бол деп баршаның,  
Жан-ием, сенің жақсылығынды ансадым,  
Откіздім сені қашшама қауіп-қатерден  
Ал енді, маған, демалыс берші, шаршадым!..

...Қақың жоқ сенің дем алуға да соқлауға,  
Қарсы барамыз оқтарға, әлі оттарға.  
Қақым жоқ менің демалыс саған беруге,  
Қақың жоқ сенің қалдырып мені тоқтауға!!!

## СЫР

Күрсініп көкірегім, жылайды ішім,  
Өсем бе, өшемін бе құдай білсін.  
Қанды дағын жүректің қалдырайын,  
Каласа біреу-міреу сұрай жүрсін.

Көрсін де жүрегімнің аққан қанын,  
Ақ қағазда жол-жол боп жатқан дағын,  
Байқап бір қарасын да, іздегендер,  
Жаудырсын мактауларын, даттауларын.

Еркелеп мен өмірді кешіп жүрем,  
Шаттығым, мұным да бар,  
Несін бүгем.  
Кей-кейде сүріндім де, тұнілдім де,  
Алайда, жоғалтпадым есімді мен.

Жакпадым жауыздықпен акқа қара,  
Жатсынып жапқаным жоқ жатқа нала.  
Гаваньға құлап тұскен ақ шағала —  
Жарымды тірілтем деп әурелендім,  
Мастанбай ақын деген атқағана.

О, Муз!  
Тағдырыма иемісің?  
Күрсініп көкірегім, күйеді ішім.  
Мен сені жаңартам деп келгенім жок,  
Сен мені жаралғансың сүйеу үшін.



Ей, Бауырым!  
Неге сонша сарғайдың?  
Қапалансам, менің-дағы бар қайғым.  
Мен жұрттыма мұнымды емес,  
Жырымды,  
Куанышым-шаттығымды арнаймын.

Қайғы-мұны неге керек бір бастың,  
Елім барда, есенгіреп тұрмаспын.  
Күндер маған көленкесін тұсірсе,  
Халқыма кеп, сырымды айтып, мұндастым.

Қайтер дейсің қара бастың толғағы,  
Өтер-кетер,  
Шаруа ғой қолдағы.  
Абдырасан, арқа тірер айбының,  
Асқар тауың күрсінбесе болғаны.

Ей, Бауырым!  
Неге сонша мұнайдың?  
Мен мұнайсам, сенен бетер жылаймын.

Көп ойланып, аз күрсінген халқыма,  
Қараймын да,  
Қайраттанам, шыдаймын.

Ерікті елміз, бұлінбеген қорғаны,  
(Бәрімізге белгілі ғой ол жағы.)  
Қайтер дейсін қара бастың толғагы,  
Тек жұрттымыз күрсінбесе болғаны.

## АРЫЗ ЖАЗЫП КЕТЕЙІН

Бүгін менін туған күнім.  
Ой, бәле-ай!  
Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ак,  
Тәнірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

Мына дүние неге жатыр үндемей?!

Алаулатып тойдың шоғын үрлемей.  
Құшақ-құшақ гүл шоктарын лақтырып,  
«Мынау – шапан,  
Мынау – атың, мін» демей.

Мына жұртқа жақпады ма әлденем?!

Бекер өмір сүргемін бе, әлде мен?  
Халқым,  
Сенің қасиетінді білем деп,  
Босқа өмірім өтті ме екен әуремен?!

Айтамын деп қуанышың, мұныңды,  
Басқа арнаға бүрдым ба әлде жырымды?!

Мен, бәрібір, өзіңменен бір болам,  
Өзегіне тепсөң-дағы ұлыңды.

...Тойланбаса тойланбасын,  
Не етейін.  
Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ өтейін.  
Қаламымды берші маған, бәйбіше,  
Болашаққа арыз жазып кетейін...

## **МЕНІН МАҚСАТЫМ**

Мен жырламаймын,  
Сырласамын.  
Сыры бар замандаспен мұндаасамын.  
Асықкан уақытпен,  
Адымымды  
Абайлап, анда-санда бір басамын.

Көгендер жыр қосағын,  
Келмейді жыр жасағым.  
Бөгендер бетонменен коя алмаймын,  
Өзінше емін-еркін туласа ағын.

Ғайыптан пайда болған сайтандайын.  
Жыр туса, қайтармаймын.  
Улатып май тандайын,  
Ашы тіл ақиқатын айттар дәйім.

Жаңынан жалындаған өрт кетпеген,  
Жалықпай өзімді-өзім зерттеп келем.  
О, жүрегім!  
Орнынан қобалжыма,  
Жарамсақ жалғандыққа беттепеген!

Тіптен де мен емес-ті,  
«Мен» дегенім,  
Сендермеймін,  
Сенбендер сенбегенін.  
Басқаның жаны-сырын үғу үшін,  
Өзімді зерттегенді жөн көремін.

Мендеңі бар,  
Сенде бар, онда да бар.  
Демек, сенің,  
«Мениң» де сонда қалар...  
Өз жанынды алдымен жайып таста,  
Жақсылықтың көкесі сонда болар.

Не шығады бәрін де сүйем деуден?  
Бәрін де сүйемін деп, иемденген.  
Бәрін де мен де сүйем,  
Айтпан бірақ,  
Отырып оңашада күйер кеудем...

Күйер кеudem...  
Сондықтан күйінемін.  
Жасырман, жырым да сол жиі менін,  
Жыр жазу, кім біледі, ермек шығар?!  
Ақын болу –  
Неғылған қыын едің!!!

### ӨТЕЛЕР МЕ?

Аңсамаймын,  
Алмаймын көп өмірді!  
Білемін, көп өмірден көрерімді.  
Аларымды алған соң, ақысына  
Беріп кетсем болғаны берерімді.

Мынау аспан,  
Мынау жер мекеніме,  
Есеп берер күн туар кетерімде.  
Тоқсан жасап, жұз жасап неғыламын,  
Не беремін жұз жылдың өтеуіне.

Өтелер ме жылуы жарық күннің?  
Төленер ме қызығы мамық түннің?  
Жұз жыл емес, бір жылдың өтеуі жок,  
Ылаж құрып, мінеки налып тұрмын  
Нағып тудың, Аナン-ай, нағып тудың?  
Күндерімді күйбенмен жалықтырдым.

Аңсамаймын,  
Алмаймын көп өмірді!  
Көріп жүрмін онсыз да көрерімді...  
Күндер батып, таңдарым атқан сайын,  
Күдіктенем, біле алмай не дерімді.

### ЖУРЕК НЕГЕ ЗАТ БОЛЬШАЯ ЖАРАЛМАҒАН?

Қарғам менің!  
Қарғам менің!  
Аласарып барады арман-көгім.  
Жалған десе, дүние жалған ба едің?!

Жараланған көңzlім дал-дал менің.

Қауырсын ең үзілген қанатымнан,  
Жанарымнан шуақ ең таратылған.  
Қара басқа орнатып қара тұман,  
Қайғым болдың ойымда дара тұрған.

Күйзел жан, күнірен жан, күнә басып,  
Айығар сәтін сенің, сірә, қашық.  
Жабығып жарығында бұл жалғанның,  
Бір түйір қаным менің жүр адасып...

Мен жүрмін бақыт қуып, данқ қуып,  
Сайрандаған боламын сауық құрып.  
Кінәсі жоқ қарғамды жабықтырып,  
Жолай алмай құрыдым танып тұрып...

Қарғам, сені жайым жоқ кем көретін,  
Бимағұлым тағдырың сен көретін.  
Зат боп неге жүргегім жаралмаған?!  
Карғаларым, сендерге тең бөлетін...

### ҰЯТ БОЛДЫ-АУ!

Сен де кеттін,  
Мен де кеттім,  
Ол да кетті ауылдан.  
Осынымыз ұят болды-ау,  
Ұят болды-ау, қауымнан!  
Ұят болды-ау,  
Ұят болды-ау,  
Ұят болды-ау, бауырлар!

Момын жұрттың, арқа сүйер,  
Азаматы біз едік.  
Тұлпарлардан, тұғырлардан,  
Қалған бір-бір із едік.  
Біз де кеттік,  
Басқа жакқа бетімізді түзедік.

...Естімісің, құлақ түрші,  
Қырдан ескен самалға.  
Сөлем айтып жатыр ауыл,  
Саған, оған, маған да.  
Телеграф сымы тұрған сүйеніп ап бағанға.

Көремісін,  
Занғар таулар жаулықтарын бұлғайды,  
Шақырады Ақбас шалдар,  
Сыбызғы етіп курайды.  
Еске салып, қайтқан құстар  
Елдің жырын жырлайды.

Күте-күте,  
Көзі талып,  
Күн сарғайып батқандай,  
Күте-күте,  
Жұлдыздардың жанары да акқандай,  
Зират екеш зираттар да,  
Бізді жоқтап жатқандай...

Момын елдін,  
Арқа сүйер,  
Азаматы біз едік,  
Жеке-жеке бақыт іздең,  
Жеке өмір түзедік,  
Жетер енді!..  
Тұған жердің топырағына тізе бүк!

### ТҰЛПАРЛАРЫММЕН БІРГЕМІН

Іздесен мені кімде-кім,  
Қаладан іздең жүргемін!  
Үйіме де іздең кіргемін!  
Аязды боран, ақ таудың  
Арасында өмір сүргемін.  
Солармен мәнгі біргемін.

Жетелеп мені ілгері,  
Күндерім менен тұндерім,  
Төсек сап қардан бір керім,  
Қарыма құрық ілгемін.  
Іздесен мені кімде-кім,  
Сол жерден келіп бір көрін!

Ақ түтек ашық ақпанда,  
Ақ сайда жылқы баққанда,  
Құрықты шашып ақ қарға,  
Аспанға қарап тұрам мен,  
Құс жолы – Болашақтарға,  
Қар теуіп жылқым жатқанда,  
Рақат одан шақ бар ма?!

Керек қой күзет өмірге  
Дүние үйықтап жатқанда...

Ақ қырау шалып тұлымын,  
Кісінеп қойса құлыным,  
Кетеді бойым жылынып,

Бұлк етіп менің жұлыным,  
Айтамын, айтам қайталап,  
Тұлпарлы жердің ұлымын!  
Ракетадан кем емес,  
Шаншылған менің құрығым!  
Сондықтан асau қылығым...  
Қашырап құтын ұрынын!

...Іздесен мені кімде-кім,  
Бұл жерден ізdep жүрмегін!  
Аязды ақ қар тұндемін,  
Ақ тозаң боран күндемін,  
Тұлпарыммен біргемін,  
Іздесен мені кімде-кім,  
Сол жерден келіп біr көрін!

### ТЛЕКТЕСКЕ

Ей, Бауырым!  
Көтерсөнші, көтерсөнші басынды.  
Алатаудың асқарына күннің нұры шашылды.  
Қыз-тіршілік, міне, тағы мойыныңа асылды.  
Асылды да саусағымен сипағандай шашынды.

Көтер басты,  
Тұр орныңнан!  
Терезеге қараши.  
Неткен тұнық, неткен қымбат жер мен көктің арасы!  
Неткен жақын бұл ғаламда адамзаттың баласы!  
Бауырым-ау, жи күшінді, терезеге қараши.

Жата берме ауыр дертке, ауыр дертке бас ұрып,  
...Эне біреу бара жатыр жұмысына асығып.  
Автобустан қалып қойған және біреу, ашынып,  
Әттең, әттен, айналайын көnlі қалды-ау басылып...

Қараши, эне, андал басып барады өтіп қарт адам,  
Ажары да, назары да, базары да тарқаған.  
Карт адамға қарсы келіп, сәлем берсе қарт Ана,  
Ұзын-сонар бірденені айтып жатыр қарт оған.

Мына жолмен уайымсыз әлі талай өтерсін,  
Шыға алмаған асуыңа, аман болсаң жетерсін.  
Ей, Бауырым!  
Ей, Бауырым, басынды біr көтерші,  
Мынау қызық дүниені қалай қып кетерсін...

## ДӘРІГЕРІМЕ

Керегі жок,  
Керегі жок,  
Керегі жок бәрінің!  
Иненің де керегі жок,  
Керегі жок дәрінің!  
Кетсем егер, пленканың үзілген бір әнімен,  
Қалсам егер, кара жердің жалғыз түйір дәнімен.

Дәрігерім, ракмет!  
Мен өзірге өлмеймін!  
Кешіре гөр!  
Жүрегімді пышағыңа бермеймін.  
Әуре болмай босат мені!  
Енді алдыңа келмеймін.  
Керегі жок, керегі жок,  
Пышактауға көнбеймін!  
Қорықпаймын пышақтан да,  
Қорықпаймын инеден.  
Ине түгіл бұл жүректі найза-дағы түйрекен...  
Құпиямды көресің ғой, мен сондықтан именем,  
Кешір мені,  
Кешір мені!  
Кетем ертең үйге мен.

Бауыр ісіп, бас айналып, бойда қаным тасыған,  
Бәріне өзім кінәлімін, оның несін жасырам.  
Көп нәрсеге қуанам да, көп нәрсеге ашынам,  
Ғылымға да, өзіңе де ракмет, бас ұрам!  
Уақытым барады өтіп, мен бір жаққа асығам...

## БІЛГІШІМЕ

Тағы да, тағы, тағы да,  
Тағы да сына, білгішім.  
Кіріп ап менің жанымға,  
Кір іздеп тағы жүрмісің?!

Бір жырым – менің бір балам,  
Мезгілсіз шала тумаған.  
Мерзімі жеткен шағында,  
Шығам деп сыртқа тұлаған.

Мезгілсіз өлең тумайды,  
Көнілсіз болса, кім білсін.  
Сыбызығы десем қурайды,  
Оны да сына, білгішім.

Домалак жердің үстінде,  
Домалап бара жатырмын.  
Мұхитқа сұнгіп түстім де,  
Аспанға бір-ақ атылдым.

Айға ұшып бара жатырмын,  
Мұны да сына, ақылдым,  
Әйтеуір мені қатырғын  
Туын жық тұғыр ақынның!!!

Сахара мына жеріме,  
Сағымнан көйлек кигіздім.  
Сандалып жүрген бөріге,  
Сары атанымды бүргіздім.

Жұлдызын мынау аспанның,  
Жерде тұрып-ақ басқардым.  
Мамық еттім де тастарды,  
Тауымды басқа жастандым.

Жотама кала орнатып,  
Бойыма сыймай жүр күшім.  
...Тұғыр ақынды сорлатып,  
Мұны да сына, білгішім.

Осылай өмір сүремін,  
Осылай жүріп күн кешем!  
Дүниенің мына жүрегін,  
Ақыннан сұра, білмесен!!!



Жырым көп әлі менің жазылмаған.  
Кенім көп әлі менің қазылмаған.  
Қалдырып болар-болмас қазынамды,  
Неліктен бір күні мен жазым болам?!

Қуалап тіршіліктің көбелегін,  
Қап қойды капелімде көп өлеңім.  
Жалғызыым, жаным менің – жырым менің,  
Қалдырып сені артыма неге өлемін.

Жазайын, жалықпайын, жасырмайын,  
Қашан қалғып кеткенше басылмаймын.  
Ая деп ажалға мен бас үрмайын,  
Шоқ шайнап, от бүріккен Қасымдайын!



Қырықта дәнене жоқ дара тұрған,  
Баяғы бала мінез, бала тұлғам.  
Дәл осылай он алты жасымда мен,  
Басымнан тұн өткеріп, таң атырғам.

Баяғыдай мінезім, ақылым да,  
Кеткенім жоқ әлі үзап шақырымға.  
Мытып қалсам өкшемді атырылған,  
Жирен тай жоқ жалғыз-ақ тақымымда.

Баяғыдай күндерім тұнге ұласқан,  
Тұнді сүйесм...  
Сүюші ем тұнді жастан.  
Өмір деген мектепті бітіре алмай,  
Көше алмай-ақ келемін бір кластан.

Баяғыдай шыт-шыбыр жейделерім,  
Баяғыдай құлгенім, сөйлегенім,  
Баяғыдай үрттап ап ыстық астан,  
Аузым күйіп қалады кейде менің.

Баяғыдай...  
Бәрі де баяғыдай.  
Баяғыдай кілемін жаяды май.  
Енді маған қырықтың қылығын бер,  
Ақылын бер, арын бер, ая, құдай!..

## ҚЫЗЫҚ ӨМІР

Қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат  
Қызық өмір, ақырын тұрсаң қарап.  
Біреулердің еңбегі еш, тұзы сор бол  
Біреулердің бақыты жүр сорғалап.

Қызық өмір, кім білсін, сонысымен,  
Аласы мен құласы, торысымен.  
Тағдыр түрлі болғанмен өмір біреу  
Ұнатамын өмірді сол үшін мен.

Ұнайды өмір ынтымақ, күресімен,  
Құр қалмайды ешкім де үлесінен.  
Өліп-талып жеткенде бақытына,  
Шорт үзіліп, кей тағдыр түгесілген.

Өміріме өзімнің таңданамын,  
Қалмайын деп қатардан қарманамын.  
Бүгінімді өткізсем қындықпен,  
Ертеніме үмітпен алданамын.

Ұнатамын өмірдің ой-қырларын,  
Сауық құрып, сайрандал, той қылғанын.  
Өмір керек көленке, шуағымен,  
Өмір керек!  
Басқаның қойдым бәрін...

## ТАҒДЫРМЕН БЕТПЕ-БЕТ

Хабар жоқ саған кеткен елшілерден,  
Ей, Тағдыр!  
Сөйлесейік, келші бермен.  
Қаншама соклақтарға бастасаң да,  
Сенімен сөйлесуді ерсі көрмен.

Білесің бе?  
Мен саған бағынбаймын!  
Бар ма тағы беретін зарың, қайғың?!  
Көлденендер деп жолымда тау бол тұрсын,  
Мен – мұнартқан басында сағымдаймын!  
Сондықтан да жібер деп жалынбаймын.

Неге жаның ашымай тірі адамға,  
Неге сала бересің бұраланға?  
Өз тағдырым – өзіме ана емес пе ен,  
Жұбатпайсың неге сен жылағанда?

Жақсылықтың қимайсын қалдығын да,  
Қарғысың ба, қалдырған жарлығың ба?  
Мен дегенде жыландай жиырылып,  
Керісінше істейсің барлығын да...



Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым  
Ұстай алмадым,  
Өткізіп қойып уақытын.  
Сансырап, шаршап жүргенде,  
Біреу тап келіп,  
Қакты да кетті,  
Айылы мықты, аты тын.

Тұратын еді,  
Қол созым жерде, қарға адым  
Камсыздығымнан, қайтейін,  
Ұстай алмадым,  
Ғанибет етіп, тірлікке мына алданып.  
Өлген жоқ бірақ,  
Бақытқа деген арманым.

Үрзамын өзім тіршілік етіп жүргенге,  
Кімдерге жаклай,  
Аяулы болып кімдерге.  
Бақыт дегенін – өмір кешу ғой білгенге,  
Келуі де онай,  
Кетуі де онай бір демде...

### **ЕСКІ АУЫЛДЫ ЕСКЕ АЛУ**

Сарала қаздар саздағы,  
Сардала – сағым,  
Маздады.  
Бұлкілдеп жүзген үйректер,  
Қанқылдап үшқан қаздары.  
Бала да, карт та мәз – бәрі,  
Ауылдың қайран жаздары!

Қаршиға тиіп кептерге,  
Қанатын үзіп кеткенде,  
Қалқып бір үшқан найзадай,  
Тырналар ұшып өткенде,  
Саршаның күні жеткенде,  
Үркітуші едік қуалап,  
Жайылып жүрсе дуадақ,  
Адырда, кырда, бөктерде.

Өрісте козы шулаған.  
Сусындал тұнық тұнбадан,  
Тай-құлын жүрсе тулаған,  
Бұралып жап-жас келіншек,  
Су алып жатса жылғадан,  
Тіршілік бір сәт тынбаған,  
Ғажап кой, ғажап бұл далам!  
Бір жерге байладап кіндігін,  
Сағынып таулар бір-бірін,  
Бұлтардан жаулық бұлғаған.

Куантушы еді көктем кеп,  
Көктем жок, жаз кеп өктем бол,  
Жасытып бізді кеткен жок.  
Жас жігіт – жазғы бидайдың  
Сіп-сирек мұрты көкпенбек.  
Сипайды самал еппен кеп.

Қара су бойы талдарға,  
Сайрауық құстар қонғанда,  
Құбылтып өнге салғанда,  
Тұп-тұнық, мөлдір бастаудан,  
Сусының әбден қанғанда,  
Жастығың қайта басталған,  
Басталған басқа арман да...  
Момақан ауыл бөктерде,  
Арқасын тіреп тауларға.  
(Алатын жау жоқ жалғанда!)

Сайлардан салқын есті жел.  
Салбырап, баяу кеш кірер.  
Сумұрындарын шақырған,  
Әжелер даусы естілер.  
...Осылай еді ескі ауыл,  
Осылай еді ескі жер...



Қапелімде байқамай жүргемін бе?  
Канат бітіп келеді күннен-күнге.  
Мына өмірден бір кетіп, бір келдім бе?  
Тұсі бөлек баяғы гүлдердің де,  
Кімдердің де, күн менен тұндердің де  
Осы, мен...  
Әлде басқа түрге ендім бе?

Бал арадай шықпайтын айналамнан,  
Бауыр, жолдас, дос, құрбы қайда қалған?  
Қысылтаяң кездерде пайдаланған,  
Жоқты қуған, қайдасың,  
Қайран арман?

Армысың!  
Есі дұрыс, мият-Құнім!  
Өліп қайта тірілген сияқтымын.  
Жарқын өмір, жан өмір, жасыл шуак,  
Алдарында сендердің үяттымын...

Алып ұшып барады қанаттарым,  
Күнді ұзатып, күтемін таң атқанын.  
Дәл осындей сәтіннен адастырма,  
Адастырма, өтінем, жаратқаным!

### ҚИЫН НЕ БАР?..

Мың құбылған қуаныштан, дертерден,  
Қыын не бар, адам жанын зерттеуден?  
Мен келемін өз жанымды зерттеумен,  
Бірде аяз, бірде жалын, өрт кеudem.

Арзан не бар ойнау менен күлуден,  
Қымбат не бар, адам сырын білуден?  
Мен өүремін, өз сырымды білумен,  
Кеше бұзып, өкінемін бүгін мен,  
Жылдарымды еске аламын бұлінген.

Адамдардың жаны менен жүрегін,  
Ойлайтын ем, бір кісідей білемін...  
Ажырата алмай шуак, түнегін,  
Танығанға мәз болыппын іренін.

Ертең басқа, бүгін жақсы көргенім,  
Өз көзіме өзім,  
Ғажап!  
Сенбедім.  
Кесірткедей ауыстырған өндерін,  
Түсінбеймін қылығына пенденин.

Жылдар бойы бірге жүріп, бір күлген,  
Жақыныңың жат боларын кім білген.  
Адамдарды зерттей алмай жүрмін мен,  
Оны зерттеу мүмкін емес, білдім мен...

## **ӨКІНБЕЙМІН**

Өшем деп өкінбеймін, жыламаймын,  
Жыласам да жұбат деп сұрамаймын.  
Қыранның құдіретін кимасандар,  
Қайтейін, тағдырын бер құралайдың.

Тағдырын бер, тағдырын құралайдың,  
Қашан атып алғанша құламаймын.  
Сусындастып тұп-тұнық тау бұлағы,  
Жанарымда жайнаған тұнады айдын.

Сайрандаймын сайларда, қырды асамын,  
Сыңсыған ну орманмен сырласамын.  
Қарауылға іліксем, ілігейін,  
Құзғынға үқсан келмейді мың жасағым.

Өшем деп өкінбеймін, қайғырмаймын,  
Өткен өшті.  
Енді оған қайырылмаймын.  
Қыран да, құралай да болмақ емен,  
Атымнан адам қойған айырылмаймын.

...Арпалысып жүргенде өмірменен,  
Қай-қайдағы әкетпес көніл деген.  
Өлсем өлем, өзімнің жерімде мен.  
Қалсам қалам, өзімнің елімде мен!  
Жыламаймын, соңдықтан көнілденем.

## **ТҮСІМЕ ТАУ КІРЕДІ...**

Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді.  
Тау жайлап, тау қыстаған шал жүреді.  
Басында ақ қалпағы, жұннен шекпен,  
Астында балпаң басқан Сал-қүрені.

Сөйлесуге, менімен сырласуға,  
Шақырады, кім білсін, мұндасуға,  
Енді жете бергенде, ғайып болып,  
Отырады басқа бір қыр басында.

Шақырады, отырып қыр басында.  
Шыбындаған қүрені түр қасында.  
Тағы жете бергенде, ғайып болып,  
Отырады басқа бір шың басында.

Өліп-талып, оған да жетемін де,  
Көз салам таудын алыс етегіне.  
Шалым кетіп барады өз жәйімен,  
Ер-тоқымсыз күрені жетегінде...

Қалып қойдым, түсе алмай, шың басында,  
Кеш те келді, айналды тұн басуға.  
Шың басынан түсе алмай әуреленем,  
Бір минутым тең болып бір ғасырға...

Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді.  
Түсінбеймін неғылған тағдыр едің?!  
... Тауда жортқан тағыдай алғыр едім,  
Алғырлығым қай жақта қалды менің?..



Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!  
Ол ғұмырды қеледі бір-ақ тепкім.  
Жамандықты жақсартып, жақсылықты  
Онан сайын келеді қуатты еткім.  
Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!

Женілді әкем өмірден, женілді анам.  
Кейімендер, сендердін кегінді алам!  
Мен өмірге ғашықтын, құшам оны,  
Көнсін мейлі, көнбесін өмір маған.



Жанартауым бар еді ғой қеудемде,  
Жалын атып, жана-жана сөнген бе?!  
Тас шайнатып, жатушы еді, от бүркіп,  
Тастай қатып, тынған ба енді, өлген бе?!

Бір жанартау жатушы еді төсімде,  
Жана-жана айналған ба өшуге?!  
Қызыл-күрен алау оттың орнында,  
Қылымсыған қыз-сағымдар көшуде.

Жанартауым бар еді ғой өртенген,  
Жалыны оның неге мұнша ерте өлген?!  
...Отырып ап сөнген ошақ басында,  
Қорқыт атам қыл қобызын шертем мен.



— Дүшпаның бар ма? — дейсін,  
Кайдан білем...  
Әйтеуір, жүрген жерім — сайран кілен.  
Қазактың қайсы үйіне барсам-дағы,  
Алдында — ақ дастарқан, жайған кілем.

Дүшпаным жоқ-ау деймін, түрі жаман...  
(Сірә, мен бұл майданда тірі қалам.)  
Қазактың қайсысымен кездессем де,  
Қайрылмай кеткені жоқ бірі маған.

Достастым кішісімен, үлкенімен,  
Өзімшіл өжетімен, үркегімен.  
Ата-қазақ алыста той жасаса,  
Алдымен тізіміне тіркері — мен.

Қайғырмаймын сонынан сөз бөскенге  
Білемін бұғатынын кездескенде,  
Әйтеуір, жүздерінде жылылық бар,  
Қазактың қайсысымен кездессем де.

— Дүшпаның бар ма? — дейсін,  
Кайдан білем...  
Асыр сап ортасында ойнап жүрем.  
Сірә, мен бақыттымын дүшпаны жоқ,  
Үйден шықсам — сауық пен сайран кілен.



Жер  
Жер!  
Сенің есігінді қағып тұрмын,  
Сен бесігім болмасаң, нағып тудым?!  
Өз үяды өзіме қимайсың ба,  
Неге мұнша пенденді сабылттырдың?!

Жер!  
Сенің есігінді қағып тұрмын!

Отті менен,  
Бәрі де отті менен,  
Ұлынмын тілеуінді көп тілеген.  
Жер!  
Менмін... Адаммын ғой...

Аясаншы!  
Адаммын,  
Күнде сенің арқаңды тепкілеген.

Өзінің сәбійіңмін күндақталған,  
Түсіндім...  
Сенсіз, Ана, күн жоқ маған.  
Асылып жауыр қылған арқаннан да  
Қойының өлдекайда қымбат маған!

### **БӘРІНЕ ДЕ ТҮСІНЕМ**

Бәріне де түсінем,  
Бәрін білем,  
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен.

Пайдам да жоқ ешкімге, зияным да,  
Ұялтуға қақым жоқ, ұялтуға.  
Жаяулатып жүріп-ақ, дәмем күшті,  
Құрық салам құланға киялымда.

Қалқасында жүріп-ақ қалтарыстың,  
Күшім бар деп, күшіндей Алпамыстың,  
Келсін шамам келмесін, шаруам жоқ,  
Геркулеспен келеді арпалысқым.

Олай көрем өзімді, бұлай көрем,  
Өзімді-өзім патша, құдай көрем.  
Кесілмеген тұсауы нәрестедей,  
Кездескеннің бәрінен құлай берем.

Шабыт, ашу, шаттық, мұң, ұят қалып,  
Жүрген жай бар, осылай күй актарып.  
Билей алмай жүрмін мен бір басымды,  
Роботы біреудің сияқтымын.

Бәріне де түсінем,  
Бәрін білем,  
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен...

### **СОҚ, ЖҮРЕК!**

Қалай-қалай соғасын, қан жүрегім?!  
Соғасын, әлі өмірің бар білемін.  
Дем ала ғой, байғұсым, дем ала ғой,  
Бұл тірлікте құмарым қанды менін.

Мазалама кеудемді, ойнақ салып,  
Хал жок менде қонетін қайраттанып.  
Қаншама рет суындың қайнап барып,  
Қаншама рет тірілдің жайрап барып?!  
Мен сені әлсіретіп алдым білем,  
Болмашы нәрселерге айдап салып...

Әртенбей қалып едің от-жалыннан.  
Көздел атқан кімдердің октарынан.  
Қорқамын, қорқам сенің, қан-жүрегім,  
Қалжырап ойпы-тойпы соққаныннан.

Тұсінемін сенің қажып тұрғанынды,  
Соқ, жүрек!  
Бұзбай соққын ырғағынды!  
Сыңғыраған сиқырлы үн естиін,  
Бұрап қой босап қалған сымдарынды.

Қалай-қалай соғасын, қан-жүрегім?!  
Білмеймін, қанша өмірім қалды менін.  
Торға түскен торғайдай боп баrasын,  
Қаршығадай самғаған алғыр едін...



Мен бұгін көп қиналдым,  
Еш нәрсе жаза алмадым.  
Бірдене мазамды алды, мазамды алды...  
Қөнілім қоқыстан бір тазармады,  
Қоқыс сатқан жандайын базардағы.  
Елегізіп, еске түсіп қай-қайдағы.  
Қөнілдің іріп кетті бал қаймағы.  
Кегі кеткен жандайын әлдекімге,  
Іш өртеніп, қайнайды қан бойдағы.  
Сам жамырап, келеді құлап інір,  
Мен ойлаймын ананы-мынаны бір.  
...Алыста, Абайлардың жайлауында,  
Жайылып поэзия пырағы жүр.  
Жүрсін, жүрсін жануар...  
Жүрсін, мейлі  
Әлі жеткен жан ұстап, мінсін, мейлі.  
...Мен бұгін көп қиналдым, көп қиналдым,  
Неге?!

Неге жүрегім дүрсілдейді!?



Өміріммен өтер болды-ау бұл өлен,  
Бір маза жоқ, кілем тоқып, гүл өрем.  
Асқар тауға ақша бұлт боп қонақтап,  
Қара жерге қара аспандай тұнерем.  
Өміріммен өтер болды бұл өлен.

Таңмен атып, күнмен бірге жатамын,  
Таусылмайды, бітпес сірә сапарым.  
Өзегінде өлең ағып жатпаса,  
Өгейситін сияқты осы Отаным.

Өлеңімсіз өмір сүрмес болыппын,  
Өлеңімсіз өмір де жоқ, борықлын.  
Ақындық бір жазылмайтын дерт екен,  
Ақындық бір ауру екен, соны үктым.

Ақын деген лапылдаған өрт екен,  
Ақындардың жанып өту – серті екен.  
Бықсымаспын, шалам қалмас артымда,  
Жана алмасам, ерте келдім, ерте өтем.

Жанып өтем, жанбай қайтіп тірі өлем,  
Жаумай қайтіп, жаумай қайтіп тұнерем.  
Тіл тиылмай, жүрек тынбай тынбайтын,  
Өміріммен өтер болды бұл өлең...

### **СЕН МЕНИҢ ЕЛІМЕ БАР...**

Сен менің еліме бар, жерімді көр.  
Жандар бар әр нәрсенің жөнін білер.  
Қонағы бол, жыл сайын келіп жүрер,  
Асылы бол, жыл сайын көріп жүрер,  
Ардағы бол, артатын сенім, жігер!

Сол жердің мен сияқты акымағын,  
Оқымасан, оқыма, оқымағын.  
Мен туралы сөйлейді шоқыларым,  
Мен туралы сыр шертер топырағым,  
Таста мені, қайтесін, оқымағын.

Мені сұра бастаудан, жылғалардан,  
Тоғайдағы көлшіктен, тұнбалардан,  
Мені сұра сағымнан қуған арман,  
Тал-шыбықтан сұрағын сырғаланған.  
Таудан сұра, найзадай шындарынан  
Шыға алмай таң сөріде Күн қадалған.

...Мен – бір бекен, аулаққа желіп кеттім.  
Желіп кеттім, басымды ерікті еттім.  
Сен менің жырымды оқы, ұнамаса,  
Менің туған жеріме көміл кеткін!..



Ұғысындар,  
Ей, таулар,  
Ұғысындар!  
Орын сайла ортаңнан, жұмысым бар.  
Ата болып, не маған ұрысындар,  
Адам болып, немесе ұғысындар.  
Ұғысындар, ей, таулар, ұғысындар!

Ей, таулар,  
Койындарынды ашып кірем,  
Бар сырынды айрандай шашып білем.  
...Жартастардың беттері сора-сора,  
Жылапты, қарсыласпас жасық білем.

Жүріп келем таулардың ортасында,  
Сан ғаламат үрей тұр шор-тасында.  
Сан салалы сай-жыра қойнына алды,  
Солай ма еken?!

Батырлар, қорқасың ба?!



Батар күн,  
Келер тұн,  
Атар таң,  
Шығар күн,  
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!  
Осы мен,  
осылай мәңгілік тұрармын,

Осы мен,  
сірә да, өлмейтін шығармын!

Жақындық сеземін –  
Жерден де аспаннан,  
Жылдық сезінем –  
Мұздардан, тастардан.  
Өмірім, сірә да,  
                  әріден басталған,  
Әріден басталып, мәңгіге тасталған.

Осы,  
мен,  
                  өлмейтін, өлмейтін шығармын,  
Сәлғана мызып ап, қайтадан түрармын.

## ЕКІНШІ ТАРАУ

Ауасын да  
тұрасын,  
аңсарым-ай!

Жарқ, етіп сөгөн жасындаи,  
Өтүі мүмкін, жақсы мен жақсы қосылмай.

## ПОЭЗИЯ

*Поэзия!  
Менімен егіз бе едің?  
Сен мені сезесің бе,  
неге ізdedіm?  
Алауытқан таңдардан сені ізdedіm,  
Қарауытқан таулардан сені ізdedіm.*

*Сені ізdedіm кездескен адамдардан,  
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.  
Шырактардан, оттардан, жалаулардан,  
Сені ізdedіm жоғалған замандардан.*

*Сені ізdedіm досымнан, қасымнан да,  
Ақша бұлттан ізdedіm, жасыннан да,  
Сен бе дедім ақ носер ашылғанда,  
Қызыл-жасыл шүгъла шашылғанда,  
Көкжиеқ пен көкжиеқ қосылғанда.*

*Махаббаттан ізdedіm, сағыныштан,  
Арманымнан ізdedіm алып үшікан!  
Сәттерімнен ізdedіm жаңылысқан,  
Сені ізdedіm жадырау, жабығыстан.*

*Сені ізdedіm зенбірек гүрсілінен,  
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.  
Куаныштан, түршігу-курсінуден,  
Жүректердің ізdedіm дүрсілінен.*

*Сені ізdedіm сезімге у шараптан да,  
Минуттерден ізdedіm, сагаттан да,  
Сені ізdedіm.  
Іздеймін тағат бар ма?  
Сені маган егіз шып жаратқан ба?!*

## МАХАББАТ БЕЙУАҚЫТТА ТАБЫСПАЙДЫ

Жайғана, көнілде жоқ қалағаным,  
Кешкілік бақты ұзак араладым.  
Өбісіп те өлісіп екеу отыр,  
Өтіп кеттім, бұрылып қарамадым.

...Есімде жоқ, жаз ба еді, күзде ме еді,  
Көп жыл өтті бұл бақа біз келгелі.  
Әйтеуір, дәл осылай бейуакта  
Құмар көңіл өлде не іздеп еді...  
Күзгі тұннің салқынын елең етпей,  
Отырушы ек ерітіп мұз денені.

Бұл жастық қой, білемін таныс жайды,  
Махаббат бейуақытта табыспайды.  
Махаббатты үлкендер үлесіп ап,  
Жастықты інілерге табыстайды.

## БАҚЫТЫНДЫ ЖЫРЛАЙДЫ

Жыламашы, шырағым,  
Күніренген қобыздың  
Бұрамашы құлағын.  
Ұмыт болып мына күн, сейіледі мұнарын.  
Жыламашы, шырағым,  
Шашыратып шуағын,  
Мен білемін мына күн шұғыламен тынарын.

Аттанады мына күн, ашылады аспаның,  
Шашылады аспанға сенің жаһұт тастарын.  
Сонау алыс асқарға асылады шашбауын,  
Шашырайды басқа нұр, қосылады бастарын...

Шаттық пенен қуаныш,  
Өкініш пен мұн-қайғы  
Өмір бақи тұрмайды, алма-кезек зулайды.  
Жыла, жаным, жылай бер...  
Мен де мәнгі тұрмаймын.  
Зарынды кім тындайды?  
Ертең келіп басқа ақын, бақыттыңды жырлайды.

## **МАЙ – МАХАББАТ**

**Май – Махаббат.**  
Аспанда да, жерде де,  
Айдын шалқар көлде де,  
Жатқан сонау көлденен  
Асқар-тауда, белде де  
Ынтызарлық кернеген,  
Махаббат жұр шөлдеген.

**Май – Махаббат.**  
Жерге ғашық сұр аспан,  
Жер де ғашық, жете алмай,  
Екі ғашық жыласқан,  
Қосылысып кете алмай,  
Кедергіден өте алмай.

**Май – Махаббат.**  
Адамдар да, андар да,  
Шыбықтар да, талдар да,  
Жәндіктер де, малдар да  
Ғашық болып қалған ба?!

Малынады арманға,  
Махаббат жұр орманда,  
Махаббат жұр тауларда.  
Бірін-бірі іздеген  
Ғашықтар жұр жалғанда.

**Женгетай Май жел беріп,**  
**Желпінеді бәрін де –**  
**Кәрісін де, жасын да...**  
**Махаббатқа зәру ме**  
**Мына дүние, расында?!**

**Май – Махаббат.**  
**Жайнасын**  
**Араша боп ар, мұңға!**  
**Ей, ғашықтар, қайдасың?**  
**Махаббатың бар мұнда.**  
**Тағым ет те, и басың**  
**Май айының алдында.**

**Жүректерге от тасып,**  
**Май – Махаббат,**  
**Бағала!**

Бір-біріне боп ғашық  
Өтсін біздің замана!  
Өзді-өзімен оттасып,  
Өшіккендер соттасып,  
Мал боп кетсін, оттасын!  
Махаббаттан садаға!  
Май айынан садаға!



Қайдасың, көріктім, гөзәлім,  
Сен дағы ойлайсың, сеземін.  
Жалғызыбын, білмеймін, неліктен,  
Болса да өз үйім, өз елім.

Едің ғой ақ қанат көгершін.  
Қайтейін, өмірің көгерсін!  
Әзірге мен бір жан белгісіз,  
Әйтеуір, сонында көрерсін.

1955 ж.



Жол ұзак,  
Шаршадым, шөлдедім,  
Қимайды үп еткен жел лебін.  
Ғарышта қалықтап бұлт болып,  
Ақ жаулық желпіген сен бе едің?

Жол алыс,  
Бусандым, терледім,  
Ентіге алады жер демін.  
Қырыдан, қияннан мөлт етіп,  
Көл болып көрінген сен бе едің?

Жол шалғай,  
Бос ойлар – ермегім,  
Сырласар тірі жан көрмедім.  
Көнілде күй болып күмбірлеп,  
Жүрекке жыр берген сен бе едің?

Жол қиян,  
Қиналдым, шаршадым,  
Жүрді екем шақырым қанша мың?  
Жүрсем де шақырым қанша мың,  
Сонша мың мен сені аңсадым.

Жеттім-ау,  
Жеттім-ау, шөлдедім,  
Шөлдедім, сен неге келмедің?  
Өміріме еш тағат таптырмас  
Айнымас үмітім сен бе едің?



Өледі кімдер, туады кімдер,  
Батады күндер, шығады күндер.

Семеді гүлдер, өседі гүлдер,  
Келеді күндер, көшеді күндер.

Өмірде кымбат асылдар – күндер,  
Өмірде килы ғасырлар – күндер.

Өмірге керек бақыттар – күндер,  
Откізген сәтті уақыттар – күндер.

Өмірдің мәнгі қосағы – күндер.  
Өмірді мәнгі тосады күндер.

Күндер...

Күндер...

1973 ж.

## СЕНБЕЙМІН САҒАН

Мен саған енді бармаймын!  
Бармаймын дедім, бармаймын!  
Басқа жолдарды тандаймын.  
Беріпсің маған садака,  
Садақаңды енді алмаймын!  
Ақылына да көнбеймін,  
Айтқанына да наңбаймын!  
Өлмеймін, енді өлмеймін,  
Өзіндік қуаныш, бар қайым.  
Мен енді саған бармаймын!  
Басқа жолдармен заулаймын,  
Басқа аспанда самғаймын,  
Өзінде деген жырымды,  
Өзгелерге енді арнаймын,  
Бармаймын дедім, бармаймын!

Мен саған енді көнбеймін.  
Көнбеймін-дағы қөрмеймін.  
Мен өлсем, сен де келмегін,  
Сен өлсен, мен де келмеймін!  
Қаза бер маған көр мейлін,  
Бірақ мен әзір өлмеймін!  
Жасаған сенің жаранды,  
Япыр-ау, қайтіп емдеймін!?  
Сертінен тайған сендейдің  
Дертінен ұзак шөлдеймін,  
Сонына бірақ ермеймін.  
Сенбеймін саған, сенбеймін,  
Келмеймін, сені қөрмеймін!!!



Қаншама жан болғанмен соры қалын,  
Әйтеуір саған бір күн жолығармын.  
Әзірге зарығармын, торығармын,  
Білемін, болар бір шақ жолығар күн.

Мен сені сүймеймін де,  
Сүйген де емен,  
Тағдырдан шын сүюді үйренбегем.  
Жанымда лапылдаған жоқ махабbat,  
Тек қана тірлігім бар күйбендеген.  
Сүюден күйген ерін, күйген денем,  
Жаралы жолбарыстын кирендеген.

Арзанқол достарым көп, құрдасым көп,  
Мен сені сағынамын мұндастым деп.  
Жоқ менің өліп-өшкен махаббатым,  
Жанымды жыльтсаншы сырласым бол.  
(Басқаға ақ көнілдер бұрмасын тек!)

Басқадан өзің бөлек, сөзің де ерек,  
Сорлаттың сорлап жүрген кезімде кеп.  
Мен сені сағынамын, сезесің бе,  
Сөзімді сезу үшін сезім керек.  
Сондықтан зарығамын, торығамын,  
Әйтсе де, төзу керек,  
Төзу керек!

## ШЫТ КӨЙЛЕК

Еркежан, есімде әлі шыт көйлегін,  
Кайда кеттің, сөзімді күтпей менің?  
Кайсыбіреу секілді қарсы алдында  
Келмеген-ді «сүйем» деп тік сөйлегім,  
Кайда кеттің, сөзімді күтпей менің?



Кезімде қадірімді сезбес мынау,  
Бекер-ақ, қарғам, маған кездестің-ау.  
Келмеске алдақашан аттандырған  
Керемет күндеріммен кездестім-ау!..  
Жаныма салдың менің төзбес тұмай.

Қарғам-ай, қалай десем айта аламын?  
Жалған-ай, қарай берсем, жай табамын.  
Арман-ай, қалай келсем қайтарамын?  
Калай десем лаулайды қайта жалын?  
Қайталағым келеді, қайталағым...

Көнілімнің сыбырлап көк құрағы,  
Аккуы үшкан ақ айдын көп тұнады.  
Солтүстікке жылы ағыс жетті ме екен?!

Бір жылы ағыс сен жақтан бетке ұрады,  
Бетім тосқым мен оған кеп тұрады.

Суынбасам, шіркін-ай, суынбасам!  
Суытатын суыққа ұрынбасам.  
Мұз болса да жүрегің ерітер ем,  
Сөл кешірек сен менен туылmasan,  
Сөл ертерек сенен мен туылmasam...

## ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАРЫНДАС

Мен бұларды білмейтінмін,  
Білмейтінмін тегін де,  
Бүйірса бір дастан жазам қарындастар жөнінде,  
Тіршіліктің бар шипасын барлық жанға егуде.  
Таныдым ғой, таныдым мен тақалғанда өлімге  
Мың сан алғыс қарындааска, мың сан алғыс келінге.

Сырқат жанға келеді де, халін сұрап ізетпен,  
Инесімен шипа құяр, сәл-пәл ғана тыз еткен.

Андып тұрған азы алты қарыс ажалдан,  
Сырқаттанған байғұстарды күні-түні күзеткен.

...Әлдекімнің үні естілді анау шеткі бөлмеден,  
Үні естілді, демек тірі... демек тірі... Өлмеген...  
Абайсызда бөлмеге енген ажал екен,  
Қарындас  
Өмір-өлім ортасында тұра қалды көлденен.

Өмір құлді.

Аузынан ажал заһар таратты.  
Қайырымды қарындасым, женді білем, таң атты.  
Таң атты да, тамаша Күн қакты-ау дейсің қанатты.  
Ақ кебіні сүйретілген ажал сорын боратты.

Күн де осылай, түн де осылай,  
Қайырымды қарындас,  
Игілікті ісінен бір қарыс адым арылмас.  
Өмір-өлім ортасында арпалыскан сырқатка,  
Қарындастай қайырымды жан бұл өмірден  
табылmas.

Табылmas-ау...  
Табылmas!!!

## СЕН МАҒАН ШАРПЫНДЫ БЕР

(K...ge)

Сен маған шарпынды бер, шарпынды бер,  
Сыйына сый жасаймын, нарқымды көр.  
Қарызынды мың есе қайтармасам,  
Шапалакпен жағымнан тартып жібер.

Сен маған шарпынды бер, шарпынды бер,  
Сырдың желі мойнымды шарпып жүрер.  
Алатаудың арда өскен тентегімін  
Қайырымды құрбының нарқын білер...

## ҚЫЗЫҚПА, ҚЫЗ!

Ақын жайлы айтады қызықты аныз,  
Бірак сен қызықпа, қыз!  
Қызықпа, қыз!  
Рас-ақ, біздер – патша!

Мұжық та – біз...  
Түзік те – біз, тұнерген бұзық та біз!  
Ақындарға қызықпа,  
Қызықла, қыз!

Шынымен ақын жанын қалайсың ба?  
Шыдайсың ба, шынымен талай сынға?  
Ақын деген бірде карт, бірде сәби,  
Картты сыйлап, сәбиге қарайсың ба?  
Лікпе, қыз,  
Ақынның тұяғына.  
Зымиян да осылар...  
Зиялды да.



Несін!  
Несін?  
Несін маған кездестің?  
Мұндасуға, сырласарға  
Таппадың ба өзге ешкім?!  
Өз мұным бар,  
Өз сырым бар жетерлік.  
Екі мұнды арқалауға  
Енді, жаным, тәзбеспін!

Там-тұм ғана қуанышым,  
Тарам-тарам бар қайғым.  
Сырт көргенге ойсыз, мұнсыз,  
Салдыр-салак жандаймын.  
Несін?  
Несін?  
Несін менен сұрайсың?  
Құры сөзбен жұбатамын, жұбатамын,  
Алдаймын.

Айтыс-тартыс, аласапыран өмірде  
Шекем қызып жүрген жоқ қой,  
Шырағым-ау, менін де.  
Барлығын да болады ғой,  
Болады ғой көруге.  
Көрмей өткен, білмей өткен  
Нағыз байғұс, тегінде...



Сен ғұлімсін,  
Карағым, сені кім еккен?  
Сезімбісін?  
Шыққансың қандай жүректен?!

Жанарда тұнған жалғыз тал  
әлде тамшы ма ен  
Жалт етіп бірде кірпіктен ырғып,  
дір еткен?!

Әнбісін әлде?  
Неткен үн сені шырқады?  
Әлде сен, қалқам,  
Бозарып атқан қыр таңы?  
Сезіп тұр санам,  
Сен өзін, сірә, болғайсың  
Жалғандағы осы жақсының ғана ұрпағы.

Қинама мені.  
Айтсайшы маған, сүйіктім,  
Адасып жүрген лағымысың киіктің?  
Айтсайшы, қалқам, бұлағымысың әлде сен  
Бұрқанып жатқан мендегі теніз-күйіктің?

1967 ж.

## ЖАРТАСКА ЖАЛҒЫЗ ГҮЛ ӨСЕР

Сабағы әлсіз сары гүл  
Жартаста жалғыз тұр өсіп.  
Жауын ба, жел ме – бәрібір,  
Өзінше ол да құресіп,  
Жартаста жалғыз тұр өсіп.

Дәнене де атпай желігіп,  
Олжасыз қалған бір мерген  
Отырған сәтте ерігіп,  
Жартастан жалғыз гүл көрген.

Паналап төсін көненін,  
Жыл сайын осы гүл өсер.  
Көрсетпек болып өнерін,  
Көздеді оны бір есер.

Бір есер отыр сүйініп,  
Есерді қостап жаңағы.  
Үкілі қыздай иіліп,  
Қылды гүлдің сабағы.

Тамыры терең көмілген,  
Жартасқа жаңа гүл өсер.  
Өткінші мынау өмірмен  
Өзінше ол да күресер.



Киіктер, мұнда жүрмендер,  
Бас бағып отыр сұр мерген.  
Боласың ғайып, байғұстар,  
Қоштасып сайран күндермен.  
Таста да отыр сұр мерген,  
Кетіндер аулақ бұл жерден!

Сұр мерген отыр бас бағып,  
Қанынды сенің шашқалы.  
Қаласың жерді жастаңып,  
Кетіндер үркіп, қаш бәрің!  
Осы бір манды тастағын.

Қаруын кезеп мергендер,  
Қандарын талай көмген жер,  
Киіктер талай өлген жер,  
Кетіндер аулақ, келмендер!

Жеріме жерік болғандар,  
Киіктерімді қорғандар!  
Құстарымды да атпандар,  
Құрактарымды ормандар!



Ұнататын ұрма қыз сыр ашуды,  
Сырын ашпай, төсекке құлаш ұрды.  
Күнделісімен жұлысқан дольдайын  
Маржан бүгін ашулы, тым ашулы.  
(Бірер минут өтпей-ақ сырды ашылды)

Тымырсымай қайсыбір үрғашыдай,  
Сайрайтын-ды сайтан қыз сыр жасырмай.  
Ашу-ыза, намысы бетіне ұрып,  
Қызу қанның аптығы түр басылмай.

Қыздар үнсіз карауда бір-біріне,  
«Тағы не боп қалды?!» – деп ділгіруде.  
– Аты қазақ демесен, иттерменен  
Жарамайды қасында бір журуге,  
Өзеурейді бір сүйіп үлгіруге.  
Жігіт емес, өншең бір жидігірлер,  
Жидігірге кор болып өткеннен де,  
Соларға да ғашық боп тиді кімдер?  
Жеке өзіме жесірдің билігін бер! –

Деп бір кетсін өзірге Маржанымыз,  
Ортасында үш қыздың ардағымыз.  
Маржан құлсе, құлкі боп жан-жағымыз,  
Алмағайып долданып, ашуланса,  
Үн шығармай, амал не, қорғаныныз.  
Ол ақиқат – «долықдан пері қашқан»,  
Алшандаған адымын кері басқан.  
Ашулының алдынан сақта, тәнір,  
Ақырып кеп атаңың көрін ашқан.

Сыры мәлім қыздарға қыз Маржанының,  
Талай көрген шиқандай сыйданғаның.  
Құрбысына тап болса бір жақсылық,  
Құптағаның білмейсің, қызғанғаның,  
(Ұнататын, әйтсе де, қыз Маржаның.)

Өзі айтады, Маржаннан сыр сұрама,  
Жаспақтатып, аспақтап, шымшылама.  
Кеудесінде кір тұнбас жадыра жан  
Жанын жайып салмастан тыншыға ма,  
Жалт бұрылып, жат көзден қымсына ма?

Сырын бағып Маржаның құрбылары,  
Үн шығармай, күйініп тұрды бәрі.  
Бірақ достар айтпай-ақ тез түсінді,  
Өжет қыздың көзінде мұң ызгары.

1974 ж.

## ӘЙЕЛДЕР-АЙ!

Әйелдер-ай!  
Әйелдер-ай!  
Кандайсын?!  
Әдемі боп кетіпсің ғой әрқайсын.  
Біреу жеріп тұрса-дағы қалмайсын,  
Біреу сүйіп тұрса-дағы бармайсын.  
Әйелдер-ай!  
Әйелдер-ай, кандайсын?!

Әйелдер-ай!  
Әйелдер-ай, қулар-ай,  
Жанарлардың жауын алып тұрғаны-ай!  
Біле тұра бүйректерің бұлк етіп,  
Кетесіндер тындай тұра, тындармай.  
Әйелдер-ай!  
Әйелдер-ай, қулар-ай!

...Әйелдерді еркектерден көп дейді.  
Ойбай,  
Ойбай!..  
Бола берсін көп мейлі!  
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,  
Әдемілік бізге көптік етпейді...

1972 ж.

## ЕЙ, АҚЫНДАРДЫҢ ЖАРЛАРЫ!

Ей, ақындардың жарлары!  
Ақын деген табиғат қой,  
Қысы, күзі, жазы бар,  
Көктемі бар шуакты,  
Аймала да, ақынынды жазып ал,  
Кеше біреу жылатты.

Ақындарың бұлттанғанда сөкпендер,  
Нөсерлетсін бір керім.  
Ақын жасын абайландар, төкпендер,  
Көзелерге құйындар да,  
Сіміріндер, күндерім!

Ақындардың жалғыз тамшы жасынан,  
Жанға шипа табылар.

Себебі онда адам ұлы бас ұрған,  
Адалдықтың нәрі бар,  
  
Ей, ақындардың жарлары!  
Бақыт деген қастарынан кете алмай жүр айналып,  
Кете алмай жүр, қона алмай жүр бастарына  
байланып  
Эне, ақының келе жатыр ұлан-ғайыр пайда алып.  
Ұлан-асыр ойланып, ұлан-асыр қайғы алып,  
Кешіріндер, ақын деген, міне, осындай бай халық.



Не айтам саған, жаным-ай, не айтам саған,  
Кете бердім жолменен шайтан салған.  
«Колда барда алтынның қадірі жок»,  
Киын екен қосылып, қайта ансаған.

...Сен қалдың қадіріме жетпей менін,  
Шын берілсөн, қара үзіп кетпейді едім:  
Сол сәттен көз алдыымда қалғаны тек  
Үстінде желбіреген көк көйлегін.

...Сонымен сен де кеттің, мен де кеттім,  
Ойран-асыр көнілді жөндемек кім?  
Кімді сүйсен оны сүй, бакытты бол!  
Бірақ менің сүйгенім сен демекпін.

Мейлі күн, мейлі айлар, жылдар өтсін,  
Өкініп, опық жейтін мезгіл жетсін.  
Шынайы саған деген махаббатым  
Өміріне қарыз боп бірге кетсін.

*Тамыз, 1958 ж.*

## ЛАШЫНГА

Бұгін де, кеше де, өткенде,  
Іздесен, қателік көп менде.  
Қауғадай басыма барлығы  
Сірә да соқпай бір өткен бе...

Іздесен, қателік көп менде,  
Сен бірақ түнілме, жек көрме!  
Лайсан жауындар, дауылдар  
Болмай ма күншуақ көктемде?

Өмірде кен, данғыл жол қайда...  
Дауылдар, жауындар болмай ма?  
Бас қорғап жататын ондайда,  
Айтшы өзің, мен шымшық торғай ма?!

Лайсан жауындар, жауындар,  
Жауындар, жауындар, жауындар.  
Лай су шаймайтын арым бар,  
Дауылдан қорықлас жаным бар!!!

Іздесен, қателік көп менде  
Бүгін де, кеше де, өткенде,  
Сен бірақ тұнілме, жек көрме!!!

*Ақпан, 1960 ж.*

## ЖАНЫМ-АЙ!

Жаным-ай!  
Жабықтырма, жабықтырма,  
Құмар ғып, көп нәрсеге зарықтырма,  
Жырымнан тарықтырма, тарықтырма.

Жаным-ай, неткен қылн өмір деген!  
Бүгін от, ертең менің көмір денем.  
Қоршалған төрт құбылам темірменен.

Жаным-ай!  
Менің шуақ күндерім-ай!  
Артымнан қанден-өсек үргенін-ай,  
Қанденмен күресе алмай жүргенім-ай!

Мен десе  
Күндіз-тұні көз ілмейді,  
Үреді де тұрады, безілдейді.  
Жаным-ай!  
Несіне сен қиналасын?  
Жаным-ай,  
Сыйламаса, сыйламасын.

## (Л-ҒА)

Көнілім менің басылды,  
Шегіне жеттім төзімнің.  
Сүйе де менің басымды,  
Бұршағын аршы көзімнің!

Сүріндім, онбай сүріндім,  
Кінәлі мына бір басым.  
Алдына келіп жүгіндім,  
Ақылшым әрі сырласым.

Сүйеші мені, касына ал,  
Құлауға, міне, пәс қалдым.  
Ақындық деген – ашымал,  
Ашымалға елтіп, мастандым.

Адуын жүрдім қашан да,  
Адымым алшак, бекем бой.  
Арындал кеткен асауға  
Ауыздық керек екен ғой.

Күнәсіз, бейқам жас күнді  
Сұрама менен, жоқтама.  
Асауын, міне, бас білді,  
Ауыздық сал да, ноқтала.

Белгілі рақат таппасым,  
Басылды, бітті желігім.  
Арқама ерің батпасын,  
Аяшы мені, СЕРІГІМ!

## КҮРСІНБЕШІ

Тағдырыма тура келген серігім,  
Мен бейбакқа сыйлады екен сені кім?!  
Шар басымда, шаңырағым, сен тұрсын.  
Басқалардың барлығынан жерідім.

Ауырлықтың көтердің-ау көбін сен,  
Сенен келіп қуат алдым жеңілсем.  
Сен – жер болдың, нөсер болып төгілсем.  
Шұғыласын, кара бұлт боп көрінсем.

Мен – түн болсам, сен – таң болдың жаңа атқан,  
Мені – қола, сені – шойын жаратқан.

Мен – ашу да, сен – ақылсың нәрі акқан.  
Сен – Адамсың, мен аждаһа зәр атқан.

Білемін ғой, білмейді деп жүрсің бе?  
Тұсінемін кеудендегі дұрсілге.  
Онашада, жұрт көзінен жасырын,  
Күрсінбеші, жалынамын, күрсінбе!

Әлі екеуміз аттанамыз сан жылға,  
Күрсінбеші, қуаныш көп алдында.  
Күрсінбеші, жүргегімді тындаши,  
Талай-талай кереметтер бар мұнда!..

## МАЙГУЛІМЕ

### Бірінші өлең

Ол өмірге келгенде көктем еді,  
Жер гүлін, көк те нұрын төккен еді.  
Саялатып сал самал өпкен еді,  
Сол өмірге несіне өкпеледі?!

Сол өмірге несіне өкпеледі?!

Ал өмір оны сыртқа тепеп еді.  
Қайғырмаймын, жырым ғой жазылмаған,  
Күрсінткені болмаса текке мені.

Күрсіндіріп кетті ғой текке мені...  
Дей алмаймын өмірге ол өкпеледі.  
Қойшы, тәйірі, осынау ит өмірге  
Текке келіп, адамдар текке өледі.

Жер астына жем керек тұзден кейде,  
Жұздер өтіп өмірден, жұз келмей ме?  
Қойшы, тәйірі, даланың раушаны  
Көктемде өсіп, осылай күзде өлмей ме?!

*Таң. 14 қараша, 1962 ж.*

### Екінші өлең

Тұсіме енді ап-арық қызыым бүгін,  
Қызыым бүгін... Жұлынған қызыл гүлім.  
Бақшамдағы балбырап пісіп тұрған  
Үзіп кетті, апыр-ай, жүзімді кім?

...Тұсімде қызым мені шақырады,  
Өзеннің ар жағында отыр, әні...  
Ғафу, балам, ғафу ет, бара алмаймын,  
Мен деген – жер бетінің «акымағы».

Мен деген – жер бетінің «акымағы»,  
Алдыңда аскар асу жатыр өлі.  
Сабыр, балам, қай жаққа қашар дейсің  
Сені жапқан қара жер топырағы...

Дей көрме әзір маған «жаныма кел»,  
Тағдырдың дегеніне бағына бер.  
Түбінде бір жол бізді табыстырап,  
Қайтейін, сағына бер, сағына бер...

*Таң. 15 қараша, 1962 ж.*



Бұлданба, жүрек, бұлданба!  
Жиылып досың түрғанда,  
Жиырып сені жентектер,  
Жымысқы қайғы-мұң бар ма,  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!

Қызығы тайып, қызы өлген,  
Жалғыз-ақ сен бе бұл манда?!  
Қыс қайтып, жасыл көктемде, –  
Қызғалдақ өсер қырларда.  
Өкініш айтып өткенге,  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!

Сары алтын дейді сабыр іс,  
Тепкілей берме, өкпемді.  
Қыз деген құрғыр сағыныш,  
Сағынту үшін кеткен-ді.  
Бұлданба, жүрек, бұлданба!

## МАЙГУЛГЕ

Қалақтай едін,  
Кабірінде қалақ тұр.  
Туғанынды, өлгенінді санап құр.  
Сенің анқау құлағындаі қалқып,  
Қыр басынан қала жакқа қарап тұр.

Қызым менін,  
Гүлім менін,  
Аяулым!  
Жатыр молан жотасыңдай қоянның.  
Құлпытастың құны маған бес тыын,  
Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын?!

Қойман, ботам.  
Керегі не көк тастың.  
Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын.  
Өзің келген май айында ақ нөсер,  
Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтассын.  
Керегі не көк тастың.

### ТАҒЫ Да МАЙГУЛГЕ

Қайтсем сенің құтылам елесіңнен?!  
Отырасың қасыма келесің де.  
Сен өлгесің, жаным-ау, мен тірімін,  
Мен тірімін.  
Тірімін!  
Көресің бе!!!

Көнген жаным жазаға, қазаға да,  
Өкпелеме,  
Сен енді жазалама.  
Шын болса, табысармыз ахиретте,  
Әзірше, жаным, мені мазалама!...

Мен деген – тірі жанмын,  
Сен – елессің.  
Білесің ғой, өлтірген мен емеспін.  
Мен үшін артық емес сенен ешкім,  
Бірақ та сен – елессің,  
Сен – елессің!

Араша тұра алады кім өлімге,  
Жата бер мені күтіп тұнегінде.  
Әзірге тірі жүрсем бұл өмірде,  
Сенің орның оңаша жүрегімде.

Майгүлім, гүлім менің, көгім менің!  
Жүрегін қияр дейсің өлімге кім.  
Сен – менің жүрегім ең.  
Дегенменен,  
Елессің, енді маған көрінбегін...

## МЕНИҚ КІШКЕНТАЙ КҮНІМ

Көтеріп сені батырып,  
көтеріп сені шығарам,  
Кішкентай күнім,  
сенсіз мен  
                  өмір де сүріп шыдаман.  
Кішкентай күнім,  
                  сені мен арқалап жүріп айығам  
Табанға кірген шегеден,  
                  миыма қаққан сынадан.  
Кондырам-дағы ұяна,  
                  отырам өзім күзетіп,  
Әлдекімдерден қызғанып,  
                  әлсіреп жүрек дыз етіп,  
Керімсал тұннің кей-кейде  
                  кетеді маған сызы өтіп,  
Отыра берем сонда да  
                  өмірдің кілтін түзетіп.  
Қара аспанымнан кей-кейде  
                  қара нөсерлер боратса, –  
Самалдатқаным мен сені,  
                  қапырық болып баратса.  
Кішкентай күнім,  
                  кеш мені,  
                  барлығы-дағы сен үшін  
Иілмес емендерге мен  
                  иілсем кейде садақша?  
Бата ғой, күнім, дөңгелеп,  
                  Шыға ғой, күнім, дөңгелеп,  
Тірліксіз болмау үшін де,  
                  титімдей күнім,  
                  сен керек!

1964 ж.



Біздің үйге көктем келді, қыз келді,  
Кызығын да, тамашан да бізде енді.  
Неғып жатыр, Әнуар, – шұжық, балқаймак,  
Нөкерімен шауып кетпей біздерді...

Біздің үйге Шолпан келді, Шолпаным!  
Шолпыым менің...  
                  Кызыққа енді шолпамын.

**Мінезіннен...**

Мінезіннен корқамын,  
Лашынға тартқан-ау деп жортамын.

Қызым менің – күлкім менің, сауығым,  
Базарым да, бауырым да, ауылым.  
Қандай ғажап, карақаттай көзінде.  
Қарап тұрған мен өзімді таныңдым!

*8 мамыр, 1966 ж.*

## **ҰЛЫМА**

Жүре-жүре мен өмірге қанықтым,  
Өмір сырын жана біліп, жана ұқтыйм.  
Қызбатаптық күндерімді ұзатып,  
Енді, міне, әке боп та қалыптын.

Сен өмірге басқа жолмен бас қадам,  
Әкең жүрген соқлақтардан қаш, балам!  
Ұғып ал да, сақ болып өс, айтайын,  
Өмір жолын әкең былай бастаған.

Мен әкемнің тәрбиесін көрмедім,  
Ал анамның ақылына көнбедім.  
Тіпті, кеше оқушылық кездे де  
Тізгінімді ешбір жанға бермедім.

Өмірімде бір иілген емеспін,  
Менмендігі менен өткен жоқ ешкім.  
Боламын деп «жалын жүрек, от кеуде»,  
Бола алмай, қуыс кеуде бол өстім.

Енді, міне, ұлым маған қарайды,  
Өткір көзін өңменіме қадайды.  
Көп қателік жіберіппін, амал не?  
Кешір, ұлым, мойындағым, жарайды!

*1968 ж.*

## **ҚЫЗЫМА**

Қарағым!  
Мен тағы үйлену тойыңа барамын.  
Мен бүгін тағы да  
Өзіннен адасып қаламын,  
                                  Қарағым!

Шараптың уы ұрып қаныма,  
Отырам  
Бейтаныс біреудің жанына.  
Көкешім, нальма,  
Мен сені ұзатам тағы да.

Тұман боп жанары,  
Әкең де, шешен де қалады.  
Достарың күніреніп,  
Еңліктің әніне салады.  
Әкең де қалады,  
Шешен де қалады.  
Баласын  
Баласы әкетіп барады.

Көкешім!  
Мұңайып не етесің?!

Сен бүгін тағы да  
Ұшасың, кетесің,  
Көкешім!  
Әкеңнен әкеңе жетесің,  
Мұңайма, Көкешім!

*Aқпан, 1971 ж.*

## АРМАНДА, ҰЛЫМ!

Кім боласын,  
Қандай өмір сүресін,  
Ол – өзіңнің үлесін.

Ақылымды тында, мейлің тындана,  
Тілегім бар бір ғана:  
Шығып ал да арманыңның шынына,  
Сосын, мейлі, ұшып өл де, сырғана.

Болса ақылың біл мынаны: жалғанда  
Жолай көрме арманы жок жандарға?!

Арманда, ұлым, арманда!  
Арманда, ұлым, актық демін қалғанда!

Бұқіл өмір, бұқіл дүние, бар жалған,  
Жадында, ұста, жаратылған арманнан!  
Өмірінің аяғы жок, басы жок,  
Өлген артық армансыз боп қалғаннан.

Айтқанымды жөн де, мейлі, жөн деме,  
Арманда, ұлым, қия деме, өр деме,  
Шығып ал да арманыңның шынына,  
Кира мейлін, күйре мейлін, дөнгеле.

## АПАЙ, КҮЗ, ТЫРНАЛАР

Соноу,  
соноу кездерде суға барған,  
Шөрегейлер ұшатын жылғалардан.  
Мұнды күздің өуенін еститінбіз  
Жылы жаққа аттанған тырналардан.

Қарайтынбыз қанатты керуенге,  
Қарасуда жүргенде серуендер.  
...Мұғалима назары қара жолда,  
Алыс кеткен жолаушы көрінер деп.

Жалғыз өзі бір түспей жар басынан,  
Көз ұшында көз алмай арбашыдан,  
Айналайын, күтер де тұрар еді  
Бейтаныс жан өткенше дәл қасынан.

Уақытын құры-босқа шығындастын,  
Бейтаныс жан өтетін, бұрылмайтын.  
Бір бозторғай көдеден көтеріліп,  
Көз алдында апайдың шырылдайтын.

Шырылы да торғайдың тынар еді,  
Жар басында жалғыз жан тұрар еді.  
Керуеннен қап қойған жалғыз тырна:  
— Ораламыз, шыдай тұс, шыда! — деді.



Және қайтып барасындар, тырналар,  
Ұзатып сап, уайымдал қыр қалар.  
Құрық мойын, ұзын сирак мырзалар  
Арттарында жылап жатыр жылғалар.

Тізбектеліп барасындар қай жаққа,  
Сенсіз сән жок, мынау өлке, аймакта.  
Жылап келіп жыл құстары табысып,  
Мауықтары басылғасын таймақ па?

Нөсерлетіп кеше сендер келгенде  
Мынау өлке той жасаған сендерге.

Міне, бүгін қарсақ жортып барады  
Сендер жүрген дөндер менен белдерде.

Қайда кетіп барасындар, қай маңға,  
Солдаттардай сап түзеген майданға?  
Еркін құстар жаратылған сайранға,  
Еріктісің, сайрандар, сайранда!

Жолың болсын, жолың болсын, керуен,  
Еркін көшкен жерімен де көгімен!  
Тек біздерде қанат жоқ қой, жоқ қанат,  
Бірге көшіп кетер едік сенімен.

## ТАУДАҒЫ КӨКТЕМ

Сай-саланы  
Аймалады,  
                  Жоталардан жел есті.

Көк қарағай  
Көп баладай  
                  Күбір-күбір кенесті.

Қасқа бұлак  
Тастан құлап,  
                  Бара жатыр шапқылап.

Шыңылдаған,  
Сыбырлаған  
                  Айқай тастар – саққұлак.

Бір жүрекпен  
Дір-дір еткен  
                  Жасыл талдар, жас талдар.

Еміренген,  
Тебіренген  
                  Ақбас Ата – асқарлар.

Күннен – бәркі,  
Гүлден – кәркі,  
                  Тау тамаша, тау алып.

Қатпар басын,  
Шатқал, тасын  
                  Көрген сайын жаңалық.

Айналаңа,  
Сайға қара,  
                  Шыңға қара ақ мандай.

Бала шағын,  
Болашағын  
                  Көктеп келе жатқандай.

## **ЖАЛҒЫЗ ТЕРЕК**

Жас терексің жапырақ жая алмаған,  
Біз – жолаушы саянда аялдаған.  
Біз кетеміз, қаласын, тұлдыр терек,  
Салқын бола алмады саян жаман.

Сая бола алмайсың мына бізге,  
Неге ғана біткенсің құла дүзге?!  
Тірі болсақ, соғармыз өскенінде,  
Біздің жақтан, әйтеуір, құлак үзбе.

Біз кетеміз, бұл жерде сен қаласын,  
Иемденіп қазақтың иен даласын.  
Киелі ағаш, мүмкін, сен атанарсын,  
Саялатып үш жүздің бел баласын.

...Жас терек,  
Жалғыз терек жапандығы,  
Жайқал, өс, киелі ағаш атан-дағы.  
Ақтық байлар адамның есіне сал,  
Жауынгерлер болған деп қатардағы.

## **САП-САРЫ ЖАПЫРАҚТАР**

Сап-сары жапырактар...  
Сап-сары жапырактар...  
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

Біреудің жанарында,  
Біреудің табанында,  
Сап-сары жапырактар жоғалуда.  
Қаусаған қанқасы түр ағаштардың,  
Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.

Естілмей құстың әні,  
Естілмей құстың үні,  
Жалғанның кетті сәні, үшты гүлі.  
Сырғасынан айырылған ақ қайынның  
Басына бар ғаламның түсті мұны.

Сап-сары жапырактар,  
Сап-сары жапырактар,  
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

*14–15 қазан, 1972 ж.*

## **МАХАМБЕТТЕР, АБАЙЛАР-АЙ**

Өмірдің қысы, жазы, көктемдері,  
Қысылтаян шақтары, өткелдері,  
Адамның аққан қаны, төккен тери,  
Мұратқа жетпегені, жеткендері –  
Жанымды жеп жүр менің көптен бері.

Атысу, андысу мен таласудың,  
Санасу, табысу мен жарасудың,  
Мінезін мынау адам баласының  
Білсем деп құпиясын аласұрдым.

Алдында алуан-алуан мінездердің,  
Амалсыздан келеді мың өзгергін.  
Әркім өзін балайды данышпанға,  
Бір-бір құдай санайды бір өздерін.

Білмейді екем...  
Қолымнан келмейді екен,  
Жоқты аңсал, жоқ сусынға шөлдейді екем.  
Қой енді, тыйылайын, бұғынайын,  
Ойымды орасанға бөлмей бөтен.

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,  
Қайтейін кетті бәрі қарайламай.  
...Айтарын ашып айтқан абыламай,  
Дарига-ай,  
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

## **ҚАСЫМ СОЛАЙ БОЛМАСА...**

Дейсіндер-ау! Қасымның несі басым?!  
Қасым солай болмаса, несі Қасым,  
«Ақынмын» деп қопандап жүргендердің  
Әммесінен Қасымның десі басым.

Куат алып жырына бәз-даладан,  
Ол жанған.  
Күні жоқ-ты маздамаған!  
Өлісінде өнеге болғаны анық,  
Тірісінде біреуге «жазған Адам...»

Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,  
Өлеңінің өлмеуін арман қылды.

Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,  
Кан менен жас аралас тарлан-жырды.

Жеді.

Тынды...

Керемет дертер төніп,  
Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп.  
Қасым деген – қалғыған жанартау ғой,  
Жанартау ғой.

Жанды да кетті өртеніп.

«Бір күй бар домбырамда...»

(Иесі Қасым)

Қасым солай болмаса, несі Қасым!?  
Жыр бәйгеге аттанған адам болса,  
Сөредегі Қасымын есіне алсын!..

## ШӘМІЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРДАН

1

Шәміл-ау!  
Хал-жайымды білсөн еді,  
Білмеймін қайтерімді...  
Кім сенеді?  
Он жетімде өшіріп алған отым,  
Қайтер ен, қайта қарып жүрсе мені?

Бір дертеке ұшырадым бұл күнде мен,  
Қоштастым сауығыммен, құлқімменен.  
Жүрегім жерік болған жағдайы бар,  
Бір пәле жатыр білем бұлкілдеген.

Ыңтығып ыңқылменен, құнқілменен,  
Жеткізіп айту қын күр тілменен.  
Бүгін маған жиырма керек боп жүр  
Алдында хор қызының іркілмеген.

Белгілі саған менің маубастығым,  
Сабырсыз, аузы күйген албастымын.  
Кесемді алдыменен үрлеп алам,  
Ыссы шайды аузыма алмас бұрын.

Ойласам, талай-талай қыр басыппын,  
Досым деп, «доңызбен» де мұндасыппын...

...Шәміл-ау!  
Қалың достан қалған сен ең,  
Қайтемін?  
Ғашықтын мен,  
Шын ғашықтын!!!

Ғашықтын!  
Ғашықтын деп білдірмедім,  
(Белгілі: білдіргенім – бұлдіргенім).  
Жарқ етіп жайдың оты шашылғанда,  
Жалт беріп, қарауға да үлгірмедім...

## 2

«Достардың» ортасына түсіп қалдым...  
(Шәміл-ау!  
Осы мені ұшықтар кім?)  
Желдеріне желігіп пысықтардың,  
Кеше мен махаббатқа ішіп бардым.

Бардым-дағы отырдым қарсы қарап,  
Ол да отыр.  
Тұрі жоқ хал сұрамақ.  
Сұктанған жат көздерден жасқандым да,  
Тайып тұрдым.  
Қашанғы әл шыдамақ.

Тіл қатып, тіс жармадым, ұн демедім,  
Білмеймін білгенін де білмегенін.  
...Мен деген – саудам біткен саудагермін,  
Керегім бола койсын кімге менің?!

О, шіркін!  
Қайран күндер!  
Сайран күндер!  
Қанатын бақыт құсы жайған күндер!  
Жалт бұрылып, оқыс бір қарағанда,  
Жүзінен жүрексініп, тайған кімдер?!

Сол күндер ғой жүректің ансағаны,  
Соған шөлдеп, айызым тамсанады.  
Әкініш пе, білмеймін, куаныш па?  
Әз-әзінен жүрегім өн салады.

Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма,  
Өзегінді өртеп дерт, жаншымай ма?

Махаббатқа арнап бір өн шығарсын,  
Шәміл-ау!  
Шәмші кайда?  
Шәмші кайда?

Шәмшіге айт,  
Тағы да бір таңдандырысын,  
Жындандырысын жүректі, жандандырысын!  
Мәнгі өлмес Махаббатым айта жүрер  
Мәңгілік өлмейтүғын өн қалдырысын!

3

Махаббат бүгін және қарамады,  
Қарамады...  
Жанымды жаралады.  
Шәміл-оу!  
Білесің бе?  
Шын махаббат  
Осылай қарамаудан жаралады!

Мейлі, ол қарамасын, түсінбесін,  
Осылай асқақ болсын, кішірмесін.  
Бастан ауып баратқан тал түсіме  
Тағдырым көленкесін түсірмесін.  
Ескермесің, білмесін,  
Кете берсін.  
Бұл фәниден алансыз өте көрсін!  
Дәрменсіз менің мылқау махаббатым,  
Сірә да, өміріммен өтелерсің...

4

Шәміл-оу!  
Күндер өтті,  
Айлар өтті.  
Алансыз қайран күндер қайда кетті?  
Махаббат сөулесіне ұрындым мен,  
Махаббат өмірімді ойран етті.

Қазір тұн.  
Көктем тұні маужырап тұр.  
Отырмын жазбай, сызбай қалжырап құр.  
Алдында тереземнің – кәрі қайын,  
Көктей алмай бұтағы саудырап тұр.

Ақ нөсер анырап кеп дүркін-дүркін,  
ашылар,  
Кәрі қайың қөктер бір күн.  
Махаббат мені, сірә, дауалар ма,  
Бет алып бұрылмасқа кеткен шіркін.

Көшелердің қозінен қан атылып,  
Қала жатыр,  
Қазір түн.  
Дала тұнық.  
Махаббатты құзетіп, кірпік ілмей,  
Бүгін және отырмын таң атырып.

5

Шәміл, Шәміл!  
Айналдым жазылмасқа.  
Күйрейтүғын түрім бар жазым бассам.  
Қазір менен сауық пен сайран қалған,  
Жайына жыр да қалған жазылмастан.

Ойға өріс таппаған, тілге – дерек,  
Ойнакы жырым менің кімге керек?  
Тулайды тұтқындалған ақ тиіндей,  
Шығыршықты айналып шыр көбелек.

Жок, Шәміл,  
Менің ойым бөлек еді,  
Басқа жыр, басқа ғұмыр керек еді...  
Құл болғам Махаббатқа, менде ерік жок,  
Еріксіз өмір маған не береді?!

Махаббат түсінбеді, аулактады,  
Арманым кетті мені алдаң тағы.  
Сая іздеп құр бекерге сабылыптын,  
Табыныппын сағымға әр жақтағы.

...Қазір түн.  
Сыртта нөсер.  
Сәуір айы.  
Көктеген әлдекашан кәрі қайың.  
Сәлден кейін тағы да таң атады,  
Тағы да...  
Сары уайым...  
Сары уайым...

Шәміл,  
 Шәміл!  
 Шаршадым, қалжырадым.  
 Ет жүрегім езілді, қан жылады.  
 Жырым менің – науқастың сандырағы,  
 Құным менің – тазының қарғыбауы.  
 Темір емес, мен-дағы адаммың ғой,  
 Аңнан емес, адамнан жарапдым ғой!  
 Шәміл-ау!  
 Тұнғиыққа қамалдым ғой!  
 Қайтермін?!

Қайда барып жазармың бой?!

Тағы тұн.  
 Тағы менен ұйқы қашты.  
 Қайтемін қаныраған күйкі басты?  
 ...Алдыңда мынау фәни тыржаланаш,  
 Шығарып тілін маған, сиқын ашты.

Махаббат менен кеткен,  
 Бөлекте жүр.  
 Мен де бір – жасын түскен терек те бір.  
 Тіршілік махаббаттан таралған ғой,  
 Шәміл-оу!  
 Енді маған керек пе өмір?!

1–4 наурыз, 1972 ж.



Дос болам десен,  
 Досымды сыйла, қымбаттым!  
 Досыңа сонда,  
 Досыммен ғана қымбаттын.  
 Дос болам десен,  
 Мендеңі доспен достасқын,  
 Сендеңі доспен дос болып сонда түрмактын.

Достарың көп пе?  
 Апырау неткен жақсы едін?  
 Досым аз менің...  
 Досым-ау менің, тапшы емін?  
 Достарыңменен достастыр мені, асылым,  
 Достастыр мені?  
 Болайын құлың нақ сенің!

Достыққа жүрмін,  
Достыкка жүрмін құмартып!  
Өлгелі жүрмін,  
Өзіме-өзім мін артып...  
Жауыздың барып, жанына уәзір болғаннан,  
Достардың барып, ауласында өлген мың артық.



Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!  
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.  
Достық деген – адамның көрігі екен,  
Достық деген адалдың серігі екен.

Қыран құлқі-тамаша – бәрі осында,  
Отырмын думан-тойдың арасында.  
Береке бойдан асып жатқанымен,  
Олқы түр көнілім менің, нанаңың ба?

Ұйытқып жатыр көнілде құйын-дауыл,  
Неге сен келе алмадың жиынға бұл?!  
Жыракқа жалғыз мені жібермеші  
Жаныңа жаманшылық бұйырмағыр!

Әне, жұрт өзді-өзімен, сөйлеседі,  
Өзімсіп: – Ей! – деседі, – өй! – деседі.  
Шіркіндер-ай, даурығып тындар емес!  
Есіме ап, тост көтерсем, кейде сені.

Сенсіз көніл қашан да хош тұрған ба?  
Сенсіз думан – қызылсыз бос қырман да.  
Әсіре ойнап қайтемін, әсіре құліп,  
Сенің орның құлазып, бос тұрғанда.

## ШӘМІЛДІҢ ПӘЛСАПАСЫ

Жігіттер, осы Шамқаның  
Айтқанының жаны бар.  
Тесігі болса қалтаның,  
Ақшанды қолға алып ал.

Жыртыла қалса шұлығың,  
Әйеліңе алғын тіктіріп.  
Шақыра қалса ұлығың,  
Алдынан табыл, тік тұрып.

Шәркейің тозып баратса,  
Армянға бар да, шегелет.  
Мәрттігің ұстап қазақша,  
Артық күмісті бере кет.

Қарының ашса, ет жегін,  
Шөліркеп кетсөн, су ішкін.  
Сыра іздел алыс кетпегін,  
Ақырын күтпей жұмыстың.

Шаршасан, жатып дамылда  
Кереуетіннің ұстіне.  
Ауырсан-дағы ауырма,  
Ойлайды, ойбай, ішті деп.

Галстук байлап жейдене,  
Жақсылат тұрып қырын да,  
Жұмысқа барғын, сөйлеме,  
Сөйлеген жанға бұрылма!

...Айта берсен, табылар  
Тағысын, тағы, тағылар.  
Жігіттер, осы Шәмілдің  
Пәлсапасының жаны бар...



Ненді сенің аңсаймын, бала шағым?  
Бұлдыраған айналаң ала сағым.  
Ала сағым ішінде – болашағын,  
Болашағың – болашақ алашағын.

Сенің қандай аңсаймын «тамашанды?»  
Соғыс келді:  
Жүрекке жара салды,  
Шапан еттім төсөнген алашамды,  
Қамқор тұтып, қауқарсыз қара шалды.

Сағынам ба сүнә мен талқанынды?!  
Суығынды, сұрқия қантарынды.  
Әжем байғұс мезгілсіз ораза ұстап,  
Бізге беріп талқанын қантарылды.

Сағынам ба түстерің, кештерінді?!  
Жалаң аяқ таңғы шық кешкенімді.  
Өшкенімді білдірмей, өскенімді,  
Жүре бердім жамылып бөстегімді.

Сағынбаймын,  
Сағынсам мұнайтады...  
Мұнайсам, көніл тағы лайтады.  
Әнуарды, Шәмшіні, Шәмілдерді  
Күн өткізген солай деп кім айтады?..

### **САБЫРХАНГА**

Қызылқұмда ізіміз қалар ма еken,  
Іздеген жан біздерді табар ма еken?

Адасармыз адассақ, қарамай-ақ,  
Кел, екеуміз кезейік жалаң аяқ.

Қасиеттеп қадірлі жерімізді,  
Қалдырайық, басайық мөрімізді.

Әуестемей әлдекім салған ізді,  
Өзімізше сыйайық таңбамызды.

Адасармыз мықтаса құм шағылда,  
Тынығармыз Қызылқұм құрсағында.

Тек ізіміз...  
Ізіміз өшпесе еken,  
Құйын тұрып,  
құм басып, көшпесе еken.

Өшсе, өшер,  
өшкенге қарамай-ақ,  
Қызылқұмды кезейік жалаң аяқ.

Қызылқұмда ізіміз қалар ма еken,  
Іздеген жан біздерді табар ма еken?..

*1965 ж.*

## ТӨЛЕГЕНГЕ

### I

Тұнғыш көрдім өлгенін шын ақынның,  
Кызырып батты ертеңгі шығатын күн.  
Торғай-өлең шырылдаپ бара жатты  
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

Торғай-өлең өлмеді, аман қалды,  
Әкетті ажал...  
Жыр емес, адамды алды.  
Бір өмірдің дастаны басталды да,  
Шорт үзілді,  
Шоп-шолак тәмамдалды.

Қаралы лек.  
Бозғыл шаң шұбатылды.  
Бара жатыр жерлеуге шын ақынды.  
Маржан жырдың мәп-мөлдір бір түйірі  
Құмға түсіп кетті де, уатылды.

Тұнғыш көрдім қайтқанын шын ақынның,  
Қаталы-ай жыл дейтін сұрапылдың!  
Сұнқар төсі томпиып, карсы қарап,  
Қаршығадай қылшылдаپ тұратын кім?!

Енді жок азаматым, аймандаіым,  
Жок болды құмға сіңген айрандайын.  
Асығыс, ылғи жортып жүруші еді  
Бетпактан су іздеген жайрандайын...

### II

Бармандар ақынды жұрт жерлегенде,  
Көрмендер көрдің аузы жабылғанын.  
Көтеріп сендер оны келмегенде  
Көмусіз қалмайды ғой, бауырларым!

Көмбендер!  
Топыракты тастамандар!  
Жабыла толтырмандар құмды ұраны.  
Ақынды көмсін білмес басқа жандар,  
Басына бармандар да, құрбылары!

Ет жүректің езілмес кезі ме бұл...  
Жылай білсөң, шын жыла!  
Жасыма тек.  
Кезек күтіп тұрғандаі сезіне біл,  
Алдыңдағы аланның басына кеп.

1967 ж.

## ПУШКИНМЕН ҚОШТАСУ

«Мы вольные птицы, пора, брат, пора  
Узы

Ал енді қоштасайық, сардар аға.  
Мен ертең кетем ұшып сардалама,  
Қыранның қырандығы – кең далада,  
Қыранның қырандығы – тауда ғана.  
Мен ертең кетем ұшып сардалама.

Қош бол тұр, қош есен бол, сардар аға!  
Сөкпей де өкпелемей қал балаңа.  
...Ақынның ақындығы – атақта емес,  
Ақынның ақындығы – арда ғана.

Айтатын арызым бар, аға, саған,  
Көніл – кермек, бой – күйез тамашадан.  
Ақымақпын, кей-кейде арыма мен,  
Өз қолымен күйені жаға салам.

Сен болған шақ бұлышыр, тұнжыр маған.  
Әйтсе де аямапты құрғыр заман.  
Болат Пушкин тіріліп кете ме деп,  
Тұғырынды болатпен шынжырлаған.

Қарадым сенің қола мұсініңе,  
Қоланы да болады тұсінуге.  
Мені тәнірім жаратқан табынуға,  
Сенің мәнгі қақын жок кішіруге.

Ортасына сауықшыл түсіп көптің,  
Мастандым да, масайрап ісіп кеттім.  
Мұн шаға келіп едім – ұш! – дедің сен,  
Өзің ұш деп тұрған соң ұшып кеттім.

Ұшып кеттім тауларға бұлт басқан,  
Төңкеріліп тенізге тұныпты аспан.

Теніз бенен аспанның тыныштығын,  
Долы дауыл барады жұлып, кашқан.

Хош бол, аға, әлемді тамсандырған,  
«Тас мейманға» табиғи жан салдырған.  
...Меніменен сайрандар жел жок, бірак,  
Алатауым күтіп түр қарсы алдымнан...

## СЕРГЕЙ ЕСЕНИНГЕ

Эй, Сергей!  
Сергей, Сергей, Сергей, Сергей!  
Тұстім-ау сергелденге мен де сендей.  
Аулакқа, тым аулакқа кеттім білем,  
Жаны ашып ақыл берген елге сенбей.

Мен-дағы сол жақтанмын,  
Ауылданмын,  
Ауылдың ауруымен ауырғанмын.  
Өзінді Мәскеу қалай қабылдаса,  
Алматы мені солай қабыллады.

(Менін де өкіндірер өткенім көп)  
Атқа міндім, алысып, теппедім доп.  
Мен-дағы малды сүйем, итті сүйем,  
Інімнің мандайынан шерткенім жок.

Шаршағанда ширіғам шарап ішіп,  
Саған ұқсап менің де жанады ішім.  
Құлағыма сыйырлап «құран» оқып,  
Иектейді мені де «Қара кісі».

Мен де сендей, Серега, күнәдамын,  
Жыр азабын тартамын, тіл азабын.  
Туған ауыл, туған жұрт қайда барсам,  
Қайда барсам – қасымда Рязаным...

Эй, Сергей!  
Сергей, Сергей, Сергей, Сергей!  
Бір ауылдан екенбіз мен де, сен де.  
Басым сынып барады, басым сынып,  
Жөндесем де болмайды, емдесем де.

13 акпан, 1972 ж.

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА

Аға,

Саған, білмеймін не айтарымды,  
Кай қырыннан білмеймін байкарымды.  
Қенілдегі ой көмейге кептелді де,  
Тұрмесіне қеудемнің кайтарылды.  
Кайтерімді, білмеймін не айтарымды?

Жасқануды білмеуші ем, жалтаруды,  
Неге қөніл, білмеймін, антарылды?!  
Ақ тұлларым бар еді саған деген  
Алыш үшпай ол неге қантарылды?!

Сен зәру смессін ғой құрметке,  
(Сырлы аяқтың сыны бар, сыры кеткен...)  
Тонға емес, орамал жолға жарап,  
Сый тартуды атамыз ырым еткен.

Тартар сыйым өзіне болмағасын,  
Белгілі ғой қасына жоламасым.  
Ақ сұнқарым бар еді, үшпай қойды,  
Алсам-дағы басынан томағасын.

Қылышымды суырып қынабынан,  
Қыл қапқан жүзін қөріп, жыладым-ау...  
Жетімдердің кегі мен жесірлердің  
Суарып ем суалған бұлағына.

Қайрап едім зауалдың шарығына,  
Қактап едім қан майдан жальыныа.  
Қынабына оны да жасырдым мен,  
Керек болып жүрер деп халығыма.

Қынабына сап қойдым үміттенен,  
Оның несін жасырам бүгін сенен.  
Саған, аға, сакталған бір сый бар-ау,  
Назарына ешкімнің ілікпеген.

Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,  
Бір сый бар, аға, саған, тартылмаған!  
Үрпактар аңыз етіп айта жүрер,  
Сыйдан да он есе артық данқың маған.

Ешкімнің назарына ілікпеген,  
Саған бір сый тартам деп үміттенем.

Жүргімнің тапсырған аманатын  
Бере алмай кетем бе деп күдіктенем.

Қандай сый тартсам екен, аға саған,  
(Білмеймін, жараспай ма, жараса ма?!)  
Ешбір сый таба алмасам, аға саған  
Аппак тонын – атамның тәбәрігін,  
Жұзге кел деп арқана жаба салам.

## ҒАБАНА

*Габит Мұсіреповке*

Ғабеке,  
Анда-санда Сізді көрем,  
Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем.  
Еліктең өзінізге есім кетіп,  
Көгендер ақ қағазға тіздім өлең.  
Мейіріммен қарайтын Сізді көрем,  
Басқалар үміттерін үзді менен.

Заһармен жібітем деп қу тандайды,  
Сеземін, өзін-өзі жұрт алдайды.  
Жібітсем кейде мен де қу тандайды,  
Басымнан Алатаудың бұлты аунайды,  
Біреулер келекелеп, жыртындайды.  
Тұбінде құртса мені, құртар қайғы,  
Алайда жырларымды жырта алмайды!!!

Менен де үміт күтіп туған елім!  
Мен-дағы үмітпенен туған едім,  
Мас болған өлеңіне бір жан едім.  
Ғабеке!  
Айтсанызшы мыналарға,  
Мен кімнің қазынасын үрлап едім?

29 мамыр, 1974 ж.

## ӘБДЛЛАҒА

Тұрғанда үйқы-түйқы ақ самайын,  
Мен қалай,  
Әбе, сені жат санайын.  
Абыржып асанды ұстап отырғанын,  
Ашулы Грозный патшадайын.

Сөйлесен,  
Бурадайын лықсып-тасып,  
Жаралы жауынгердей сылтып басып,  
Әбігер боп жүргенің қашан көрсем,  
Жырдағы жалғандықпен мылтықтасып.

Бой түзеп,  
Босқа кетпей сауықпенен,  
Боз қырау босағасын тауышты өлең.  
Жаман жыр жазғанымда  
Ақ таяғың –  
Арқамда ойнай ма деп қауітпенем...

## ФАРИЗАҒА

Фариза!  
Фаризажан, Фариза қызы,  
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.  
Шыдай-шыдай акыры жалғармыз,  
Бірімізден біріміз арылармыз.  
Біздерді де жоктайтын жан болса егер,  
Шаң басқан архивтерден табылармыз.

Сен мені білесің бе, білесің бе?  
Жаралмаған жан екем күресуге.  
Жылай жүріп, өтірік күлесің де,  
Жүресің де қоясың, жүресің де.  
Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,  
Тастағысы келеді күресінге.  
Фаризажан, сен соны білесің бе?..

Жанағымды тұманмен түмшаладым,  
...Серіппесі үзіліп түр садағым.  
Жігітінен қазактың дос таба алмай,  
Қыз да болсан, мен саған мұң шағамын.  
Ауырлар деп ойлап па ем мұнша халім...

Ақын болып несіне жаратылдым,  
Арасында қап қоймай қара тұннің.  
Қасиетін сезем деп Ана тілдің,  
Кауырсыны қалмады қанатымның.  
Кү тірлікке құл болып, аян басып,  
Құлашымды жая алмай баратырмын.

Момын едім, жақсы едім, ұян едім,  
Аттап өттім олардың кия белін.  
Еңді, міне, қауқарсыз құр ашуды  
Жия бергім келеді, жия бергім.  
Мандайымнан сипаған бір жан болса,  
Еңді қалған өмірімді кияр едім.

Білмеймін, бұзықпын ба, жындымын ба?!  
Кеп тұрады телігім мұнды мұнға.  
Еңді қалған өмірдің құрдымында  
Өлтірсе де көмбеймін жырды құмға!  
Нәл болады деп айтам, жалтармаймын,  
Көбейтсен де қаншама мынды мынға...

Айналаға қарайтын анық барлап,  
(Тұн кеткесін күн шығып, жарық болмақ.)  
Не туралы жырласақ, Фариза қыз,  
Бағыштайық бәрін де халыққа арнап.

Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,  
Бірімізден біріміз арылармыз.  
Том-том болып дүкенде тұрмасақ та,  
Подвалдағы архивтен табылармыз...

11 желтоқсан, 1974 ж.

## МАХАББАТ ДИАЛОГЫ

- Құс бол ұшып жоғалсам, не етер едін?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
- Отқа түсіп өртенсем, не етер едін?
- Құл бол бірге соныңнан кетер едім.
- Бұлдырасам сағымдай не етер едін?
- Жел бол қуып, ақыры жетер едім.
- Қайғы әкелсем басына не етер едін?
- Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін.

## ХАТ

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі  
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.  
Ракатта іші-сырты ауылдың,  
Қуантсаншы сен де, сәулем, кеп мені.

Сағынышым – тек өзіңсің бір ғана,  
Ұшып жетті, қарлығаш та, тырна да,  
Саралақаз жұмыртқалап үлгірді,  
Кеше екеуміз асыр салған жылғаға.

Ең алғашқы нөсер де өтті себелеп,  
Әлдеқашан гүлге қонды көбелек.  
Байлық, бақыт – бәрі де бар ауылда,  
Әттең, сәулем, тек сен жоқсың не керек?!



Тұрсын солай, болсын солай бәрі де,  
Білем, менің қосылмайсың әніме.  
Сенің көнілің қайда екені белгісіз,  
Менің көнілім сенікінен әріде.

Сенің көнілің қайда екенін біле алман,  
Мекен таусып, шыққан болар құмардан.  
Бар поезды жетелеген рельстей,  
Барлық жанды жетелемес бір арман.

Болсын солай, тұрсын солай, солай ғой...  
Әрбір адам бір-бір жыныс тоғай ғой.  
Ну орманнан шыққаннан да жол таусып,  
Еркін келіп, еніп кету – онай ғой.

### **МАХАББАТЫМ ӨЗІМДЕ**

Жүргенде қатал тұрмыс илеуінде,  
Білмеймін, сүйдім бе мен, сүймедім бе...  
Жастықта жалын атып сүйсем егер,  
Тұспес ем дәл мынадай күйге мұлде.

Мен нағыз махаббатты армандаимын,  
(Оны мен жоғалтып та алғандаймын...)  
Ал қаздар арасынан акқуымды  
Ажырата білмеген сормандаимын.

Өтінем сенен ғафу, асыл жарым,  
Көрсетпе тарпаң мінез, тасынбағын.  
Сен менен от іздеме, құрмет ізде,  
Өртеніп жана-жана басылғамын.

## АРУЛАР

Арулар – асыл жандар!  
Шуақ боп шашылғандар,  
Куат боп тасынғандар,  
Құшак боп ашылғандар,  
Арулар – асыл жандар!  
Арулар – асыл жарлар!

Арулар – әрбір үйдің шанырағы,  
Әрбір үйге от болып жағылады.  
Әрбір үйде таң болып атты-дағы,  
Әрбір үйге сәуле боп жамырады.

Жимайды-ау бір шашылған шуактарын,  
Саясына келеді-ау, шуактағын.  
Жамандыққа киярсын қалай ғана,  
Жайнаған бір-бір үйдің шырактарын.

Арулар – асыл жарлар, сағыныштар,  
Өтініштер, құшақтар, жалыныштар...  
Жек көрсө олар жүргегін мұз жасайды,  
Жақсы көрсө балқытып, жанына ұстар.

Арулар – аяулылар, ардақтылар,  
Әмірдің жылуы боп қалмак бұлар.  
Арулар – тіршілікке күре тамыр,  
Әмірді бір-біріне жалғап тұрар.



Ат суара барғанда жылғага мен,  
Ашан жүзін ашылып, бір қарап ең.  
Құлағында ай-сырған дір-дір етіп,  
Енді үзіліп кетердей тұрған өрен.

Қымыл сайын майысып бос буынын,  
Асылып тұр арқаңа қос бұрымын.  
Құла бесті құлағын тіге қалды,  
Қыз көрмеген мақұлық осқыруын!

Жақыннатпай жаныңа үрікті кеп,  
Тарпаң неме тулап тұр бұлік тілеп,  
Жолбарыстай атылып тізгінді алдын,  
Жігіт жүрек қыз едің, жігіт жүрек.

Тарпан неме тайсалды қуатынан,  
Құлай түстім қасына құла атынан.  
Ерге кондың.

Жөнелдің ен далаға,  
Артында тек шаң қалды шұбатылған.

Құла сайтан барады оқтай ағып,  
Шыт көйлегін алаулап оттай жанып,  
Әудем жерге жеткенде бұрылдың да,  
Кол бұлғадың артыңа токтай қалып.

Кім болды екен жолынды торып жүрген?  
Біреу барды қасына торы мінген.  
Тентектердің өзімдей бірі ғой деп,  
Әйтеуір жақсылыққа жорыдым мен.

Құйын боп қырға тарттың екеуін де,  
Құла кетті торының жетегінде.  
Құмды құшып, дәрменсіз қала бердім,  
Қуатым жоқ енсемді көтеруге.

Айналамда дүрлікті ауыл болып,  
Адастырдың басына бағың қонып.  
Құйын болып жылғадан бастадың да,  
Сардалада жоғалдың сағым болып.

Қидым саған құла аттың түяқ қүшін,  
Қарғамаймын, демеймін ұяттысың.  
Сағым болып алысталап кеткенінмен,  
Самал боп оралатын сияқтысың.

Серігінмен сен аскан жұмбак қырдан,  
Жұмбак қырдан – жүрекке мұн қалтырған  
Сағым жүрсе, телмірем сен екен деп,  
Жете алмай орамалын бұлғап тұрған.



Ғашықпын!

Шын ғашықпын сол адамға!  
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба!?  
О, тәнірім! Неткен жан қайрылмайтын!  
Жүрегі еттен бе, әлде қоладан ба?!

Ғашықпын,  
Қайтіп оны жасыра алам,  
Бір алтын оның әр тал шашы маған.  
Сағынайын, таусыла сағынайын,  
Сағынышқа жаралған ғашық адам.

Шарықтап, колым жетпес көкте Күнге,  
Ақ қанат құсым менің, кеткенің бе?  
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,  
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?

Сарғайған сағынышты басып толық,  
Бар үміт, бар сенімді шашып болып,  
Өтермін сірә да мен бұл өмірден,  
Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.



Сенің көзің түпсіз терең тұнғиықтан жаралған,  
Сонда жатыр менде жүрген орындалмас бар арман.  
Сенің жүзің көкте күннен, жерде гүлден нәр алған,  
Шашың сенің – жан баспаған жапандағы қара орман.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындағы қап-қара,  
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, макта ма?!

Әсем басың әп-әдемі, мұсініңе шақ қана,  
Шиедейін еріндерің қызырып түр шоқтана.

Толықсыған тұла бойың шыбық па еken, тал ма еken,  
Бейнен сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба еken,  
Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар, бал ма еken,  
Бұл ғаламда сенен артқан сірә, біреу бар ма еken?!

Бұл ғаламда сенен артқан жан бар деуге сенбеймін,  
Сен солайсың, Ләйлім менің, сенбе маған, сен мейлің.  
Бұл ғаламда сенен артқан бір жан болса егерде,  
Өз көзімді өзім оям, оны мәңгі көрмеймін.

Зәмзәм сұы сенен арзан, тата алмаған кәусарым,  
Сенің әсем мұсінінді сөзбен қалай тауысамың?!

Мың Мәжнұн мендей, сірә, тебіренбеген шығар-ау,  
Аппақ құсым, қайдасың сен?

Аңсадым-ау, аңсадым...

— Бала едік, ә?

— Бала едік кеше біздер.  
Неше қыстар өтілті-ау, неше құздер.  
Енді бізді балалар әкеміз дер,  
Енді бізді балалар шешеміз дер.

Жалаң аяқ бала едің лақ қуған,  
Терезеге тас атып, лактырған.  
Көкесінің тартып ап тентектігін,  
Көп жасағыр үлдарың сауап қылған.

Мынауың не, басыңа шық тұрған ба?!  
Аппак ұнды әйелін жұқтырған ба?..  
Қайранмың, қалай шыдап жүр екенсін?!  
Жылаушы ең асығынды үттырғанда...

— Бала едік, ә?..

Бала едік.

Тал тұс еді.

(Үйретпепті-ау өмірдің салты сені)  
Басқа несін қарадың?

Бас — биік қой,  
Биік жерге алдымен қар түседі.

Тентектікі бердім балаларға,  
Бермесіңе қоймайды, шара бар ма.  
Онып тұрған жерің жоқ сенің-дағы,  
Тілің қайтіп барады табалауға?

Тек көздерің құлгенін ұмытпапты,  
Қайық төсің қирауға жуықтапты.  
Қолаң қара шашыңа кім байлаған,  
Әне бір аппак-аппак сұыртпакты?!

Кірпігінде бұлт тұр жауатындей,  
Сілкіп қалсан селдетіп ағатындей.  
Мандайыңа әлдекім сурет сапты,  
Шағаланың шарқ үрған қанатындей.

Сен бота едің көздерің мөлтілдеген,  
Мен құлың ем тұлымы желпілдеген.  
Өтті бәрі...

Ана мен әке болдық,  
Арамызда сыр қалды шертілмеген.



Қарғам-ау, қайдасың сен, жұрсің бе есен?  
Хабар бер қасиетімді білсін десен.  
Зіл батпан көкірегім көтертпейді,  
Демігіл әлсін-әлі күрсінбесем.

Еңжарлық, көнілсіздік, езілемін,  
Қалғандай қара жаяу сезінемін.  
Егер де осы өмірде бақыт болса,  
Сол бақыт менің үшін өзің едің.

Есімде ақырғы үн, ақырғы леп,  
Ақ моншақ жанарыннан атылды кеп.  
Үндесерге тіл келмей, амал қанша,  
Кош дедік алғашқы рет, ақырғы рет.

Қайдасың, хабарың жок, өтті уақыт,  
Сан жылдар жігерімді кетті уатып.  
Жетім құлын секілді көшке ілескен,  
Сенімен кетті жастық, кетті бақыт.



Көнілде ән, көгімдегі Күн көруші ем,  
Барғанда маған ылғи гүл беруші ен.  
Жалт етіп жай отындей көкжиектен  
Әттен-ай, маған енді бір көрінсен!

Кетер ем бұлтпен бірге араласып,  
Көрер ем найзағаймен жағаласып.  
Артыннан акша бұлт боп жүзер едім,  
Көзіме бір көрінсен бала-ғашық.

Сандал тау, сайдан соққан самалым-ай!  
Ой-санам құлайды кеп саған ұдай.  
Әлдеқандай күн кешіп жүр екенсін,  
Сүттен ак, судан таза, адым-ай!

Сап-сары сағынышпен жағаласып,  
Жастық өмір басымнан барады асып.  
Көзіме бір көрінші, тынайын мен,  
Қайдасың, қайдасың сен, бала-ғашық!..



Жамылдып сағыныштың сал шекпенін,  
Сарғайып сенің үшін зар шеккемін.  
Зарықтыр, о, тәнірім, жалықтырма?  
Мәнгілік ғашықпын мен, ант еткемін!

Көзіме көрінбесен, көрінбе сен,  
Күнім боп тұра бергін көгімде сен.  
Өлді деп ойлай бергін сонда мені,  
Бұлт болып шуағынды тұтып алып,  
Нөсер боп селдетіп мен төгілмесем.

Көкке емес, жерге сонда құлайды арман,  
Сел болып ағар, мүмкін, лайланған.  
Сен сол кез ке兹бе бұлтқа бір қарап қой,  
Сол – менмін көктің жүзін шыр айналған.

Білем саған жете алман, ғарыштасын,  
Белгілі мәнгілікке табыспасым.  
Дерт те емес, күйік те емес, жар да емессін,  
Сен маған сағыныш боп жабысқасын.

Қайтсем еken сені ұстап қалу үшін?!

Сен маған шексіз дала сағымысын.  
Мен өтермін, өтермін, өтермін мен,  
Мәнгілік сен қаласын, сағынышым!!!



Сағынып, аңсап барғанда,  
Сағына күткен жан бар ма?  
Оттары қайда аулымның,  
Ошақта сөніп қалған ба?!

Лактай ырғып өскен ем,  
Суатта, анау жарларда.  
Өскен ем, өмір кешкен ем,  
Осынау ұлы тауларда,  
Осынау ойлы орманда.  
Самала мынау белдерге,  
Сағынып, аңсап келгенде,  
Сары ала шәйі жамылып,  
Самауыр қойған женғем бе?  
Сауығушы едім көргенде,  
Күректей күрен сақалын,  
Сұлтанбай атам өлген бе?

Астында ма анау жотаның?  
Еліктей жортып өскен ем,  
Еңіс пен қырат, дәндерде,  
Өскен ем, өмір кешкен ем,  
Өнеге тұтып зердемде,  
Осынау ұлы жерлерде...  
Армандал, аңсап барғанда,  
Алдынан шыққан жан бар ма?  
...Басымды ием тауларға,  
Басымды ием орманға,  
Бұлардан ыстық жан бар ма?..



Мен өскен лашық – бір бөлме,  
Бір бөлме, сенін іргенде,  
Білгенімді істеп жатушы ем  
Сонау бір алыс күндерде.  
Мен өскен лашық – бір бөлме,  
Бір бөлме – маған мың бөлме,  
Хан тағы қараша қалатын,  
Босағанды аттап, кіргенде.  
Қонақлен күнді батырып,  
Қонақ бол атып таң нұры.  
Тұратын еді шақырып  
Әжемнің аппақ жаулығы.  
Мен өскен лашық – бір бөлме!  
Болғансың пана кімдерге?  
Ат ерттеп жатқан жас жігіт  
Жарамады үйге кір деуге.  
Демесе, мейлі, демесін,  
Көрмеген нені бұл кеуде.  
Жұрт едік қой ниеті кен,  
Ей, жігіт, саған не етіп ем?  
...Әкемнің қара шаңырағын,  
Сатты екем неге... өкінем,  
Өкінем, жігіт, өкінем!  
Осалдан емес қырсығы,  
Осы үйдің едім қыршыны.  
Рұқсат болса, жігітім,  
Су берші маған бір шыны?  
Сыйламас іні сен бе едін,  
Сый білмес аға мен бе едім?!  
Су берші маған, інішек,  
Су берші маған, шөлдедім?..



Қазір тұн.

Таңғы сағат тәрттің кезі.

Ойлар-ай!

Ойлар мені еттің мезі.

Қалтырап ғарыштағы үміттейін,  
Қарайды қаладағы оттың көзі.

Кайтем анау төсекті иі қанған,  
Сәл жантайсам болғаны – күйік, арман.  
Рақат-ау үйқы да, әйткенменен,  
Ұйықтамауы керек кой миы бар жан.

Батқан жоқ мамық төсек жамбасыма,  
Талыға күтудемін танды асыға.  
Оп-ояу, дәл осылай отырып-ақ,  
Кім кепіл мәңгі ұйықтап қалмасыма?!

Қазір тұн.

Көктем тұні.

Нөсер, нөсер...

Иен тегін нұр – емендер жонын төсер.  
Ұйқысыз-ақ өтейін тұн күзетіп,  
Өшірмейін шыракты, өзі-ақ өшер.



Суық күз.

Сермен жатыр жел ескегін,  
Сен сонда көктем болып елестедің.  
Жел жағыма панаңай қайыспай тік,  
Қалқандай қайрат берген емес пе едің?

Қыс келген, қырау тұрған кездерде де,  
Маздаған шуағынды сезген дене.  
Ұмытты деп ойлама жақсылықты,  
«Жалаң аяқ құдайдан безген неме».

Көктемге де сенімен еріп келдім,  
Көктем тұрған бағымды келіп көрдім.  
«Көрінгенге ійле, майыспа!» деп,  
Көніліме тәқаппар желік бердің.

Жаздың да жан шөлдетер аптабында,  
Жан сусылын баса алмай жатқанымда;  
Шыңыраудан шығардың шырын тартып,  
Шырылдаған жүректі ап қалуға.

...Енді саған қараймын, қараймын да,  
Шырқайналам шабактай ақ айдында.  
Сыйына сый, жаркыным, қайтаруға,  
Халім менің келе ме, жараймын ба?!

### АЯҚӨЗ – АРУ

Аяқөз,  
сірә,  
аядай бұлак көзі емес,  
Аяулы, сірә, қыз болар.  
Ақиқат бағып,  
анықтап жатар кез емес,  
Белгісіз, досым,  
белгісіз тұр ғой бізге олар.  
Белінде мынау  
берігіп жатқан қырлардың,  
Бейіттен бөлек,  
белгісі жоқ-ты қыздардың,  
Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды,  
Тұндігін тесіп туырсып жатқан мұз-қарды  
Бұр жарды,  
Кетті.

Өмірді мәнгі мансұқ қып,  
Соларды іздең, сорларды талай қаңсыттық.  
Койғаны-ай, шіркін,  
өмірдің қатал занының,  
Оларды бізге,  
оларға бізді Таңсық қып.

Аяқөз деген –  
аядай бұлак деседі.

(Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді?)  
Аяқөз болып,  
ғасырлар алға көшеді,  
Ая, көз, ая, – Арулар елі кешегі!

### МАХАББАТ МОЛАСЫ

Аяқтап болып,  
Махаббат дейтін сапарды,  
Қозы мен Баян моласы, міне, атанды.  
Қалауын қанша тапқаныменен, кара тас,  
Қайырымсыз ата Қарабайдайын  
қатал-ды.

Басына бардым,  
касында тұрмын солардың,  
(Козыдай маңырап,  
сүймеген, сірә, болармын...)  
Егіз жүректі екіге бөліп мола тұр,  
Тұмсығы үшкіл қанжарындай-ак  
Кодардың.

Төрт жанардың да  
тауысып түгел көлдерін,  
Төрт бұлақтарынан  
төге де жүріп селдерін.  
Ескерткіш етіп,  
қос Ана тастан кеткен бе?!

Жол түсіп, ұрпақ,  
Тансыққа барсаң тегінде,  
Бір соқпай кетпе  
күмбезге сонау көрінген.  
Қазақтың осынау  
қасқайып түрған төрінде,  
Бабаларыңың  
махаббаттары көмілген...



Қашанғы бұлай өтеміз,  
Қашқақтап жүріп екеуміз!  
Анамыз тасқа жерік боп,  
Тас болып түстік пе еkenбіz!?

Мен көнсем кейде, сен көнбей,  
Сен көнсен қейде, мен көнбей;  
Түнереміз де жүреміз,  
Әкеміз бүгін өлгендей,  
Өтеміз бе өстіп, жөнделмей?!

Өтті ғой бәрі, өтті ғой...  
Өтінем сенен, кекті жой.  
Қосылмас рельстердің де,  
Қосылар шағы жетті ғой...



— Көрмеймін! — дейсін,  
Көрмесен, мейлін, көрмегін!  
Көретін көктен тәнірім емес сен менін  
Көрмедін,  
мейлін,  
көңілінді маған бөлмегін,  
Мен-дағы қарап өлмедім,  
Түсіннен, бәлем, шошытар,  
Мендегі леп, мендегі ұн.

Сезіне тұра,  
келмейді-ау, сірә, білмегін...  
Білмегін, мейлін, білмегін!  
Сезеді мені сенсіз де,  
мазасыз өткен күндерім,  
үйқысыз өткен түндерім.  
Уақыттармен біргемін.

Көрмесен, көрме,  
Білмесен білме,  
Шырағым менің сөнбейді,  
Шыдамын таусып сендейдін,  
Мазасыз жаным,  
маған бір тыным бермейді,  
Дариға-жүрек  
жоқ нәрселерге шөлдейді.

Көрмесен мейлін,  
көзіңе сенің ұрынбан.  
Ұрынбан, бірақ бұғынбан!  
Есінде болсын!  
Құлагері де Серінің  
Сөреге жетпей жығылған...



Иек артқан теңізге мүйістейін,  
Келші, қарғам, шашындан иіскейін?  
Иіскейін тек қана, тиіспейін,  
Келші, қарғам, шашындан иіскейін?

Қолан қара шашың-ай құн қақтаған!  
Қос бұрым-ай жотанда бұлғақтаған!

Қарғам, сенде жерімнің ісі бар-ау,  
Жер ісі жұпардан қымбат маған!

Ісі бар-ау дәннің де, шалғынның да,  
Қырдың да, қырманың да, жаңбырдың да,  
Тұр, сірә, мына шашта ісі аңқып  
Аптаптың, аңызактың, тандырдың да.

Шашынан іскетші, қарғам, маған?  
Есіме түсер ме екен арман-далам.  
Іскетші?  
Жауқазын-жан екенсің;  
Жасанды өсемдікке алданбаған.

Тұргам жоқ сауға сұрап қылышынан,  
Жан едім махаббаттың күрығы ұған.  
Ііскейін жұртымның топырағын,  
Ііскет, қарғам, маған бұрымынан?..



Қажыдың, қарғам,  
басылар ма екен аптығын,  
Қалжырама, ерте жат бүгін.  
Көніліңе алған, түсіңе еңсін шаттығын.

Ертерек қамдан,  
ертерек, қарғам, жат бүгін.  
Боз атка мініп,  
боз тауға, мүмкін, шығарсын,  
Боз көйлек киіп,  
бозарған танда тұрарсын.  
Боз Айдай балқып,  
бозарған көктө тұнарсын,  
Бозарған, жаным,  
боз түске неге құмарсын?!

Аяулым менің,  
Ақ бояу, өлде, арың ба?!

Арманың ба, өлде, бағың ба?  
Қып-қызылы оттан бозарып шыққан жалынға  
Телміре бермей, ертерек бүгін дамылда.

Аяулым менің,  
айналан толы аппак нұр,  
аялап сені, сақтап тұр.

Осылай, қарғам, тұндерге,  
аппак нұрыңмен аттап кір.

Кажыма, жаным,  
бөлменді ерте аш бүгін,  
Ойлардың бөгө таскынын.

Күтуде сені,  
бозарған төсек,  
бозарған көрпе-жастығын...



Ол енді кетті,  
Мәңгілік кетті қасыннан,  
Көрмейсің енді ол жанды,  
Көніліңе сенің бас ұрған.

Алтынға құмар, ғашық жан,  
Айырылып қалдың, айырылып қалдың асылдан.  
Ол кетті сенің қасыннан.

Асылдан бөлек,  
алтынға несін құмарттың?  
Жүрегіне оның жүк арттың.  
Жаз болып күліп, жадырап тұрған шуактың,  
Жасырып жүзін,  
бұл болып неге мұнарттың?

Сен үшін ғана,  
сен үшін ғана, арнайы.  
Тағдырдың нелер  
тартпады дейсің қандайын.  
...Татады зәһар,  
татады зәһар таңдайын.  
Бақ емес, бауырым,  
шыбын да тайып кеткендей,  
Тайқы еken сенің,  
тар еken сенің мандайын.

Ұшқан құстардан  
сан сәлем жолда сен, мейлін,  
Ол кетті сенен,  
Ол енді қайта келмейді.

Рухың сенің  
сал-сахараларда шөлдейді,  
Рухы оның  
келмейді, бірақ өлмейді!!!



Махаббат,  
Сенен келсін деуші едім ажалым,  
Сүйе алмайды екем,  
Тарқапты менің базарым.  
Шаршапты қөніл,  
Шаршатты бәрі, шаршатты,  
Қош енді  
Менің ажалым менен азабым!  
Сергелден болма,  
Сен енді мені іздеме,  
Іздеме қыста,  
Іздеме көктем, күзде де,  
Шәйі жамылғыш;  
Шәлкездеу желпіп қалғанда,  
Лып етіп сөнген  
Шырактың нұры – біз деген...



...Осылай болған,  
осылай болды,  
осылай тағы болады.

Уақытты ұстап тұратын құдірет жоқ әлі.  
Осылай күз кеп, осылай боран соғады.  
Қараши Күнге, әуелі өрлөп жоғары  
Құлдилап барып, көзіңнен ғайып болады.

Қамықла, жаным,  
қайдағыны еске салмашы,  
Сескене берме  
сelt ете қалса тал басы.  
Сені мен біздер осынау дастан-өмірдің  
Жалғанда біттес жалғастарының жалғасы.

Өтіпті көктем, өтіпті жаз да,  
Несі айып!?  
Күз кепті, міне,  
Қырға жүр, қырман басайық.  
Сары тандардың самалың жұтып, салқытп,  
Салтанатты бір сабан тойларын жасайық.



Ала көзбен атасың, ішіп-жейсін,  
Сен мені сезінбейсін, түсінбейсін!  
Неге сонша мрамор мұсіндейсін?!  
Тұғырыннан тұс те кел, кішірмейсін,  
Бір тұтанып, бір сөніп жанарымда от.  
Неге саған қараймын?

Хабарың жок.  
Жан емеспін жәдігөй залалым көп,  
Берерім бар,  
қорықпа,  
аларым жок!



Тымырсық күндей  
тамызда жаңбыр көксеген,  
Жақсылық күтем,  
жаксылық күтем тек сенен.  
Жаман бір ойлар  
жанымды шарпып өтсе егер,  
Мен жақтан саған  
сүйкі бір хабар жетсе егер,  
Жалғызыым менің,  
қайтер ең?

Ұшар ма ең қанат байланып?  
Қалар ма ең, әлде, ойланып?  
Келер ме ең менің қасыма,  
Періштем болып, айналып?

Қайтер ең, жаным?  
Тағдырыма етіп құлшылық,  
Талықсып жүрсем тұншылып,  
Жетер ме ең маған  
Құрықтан қашқан асаудай,  
Құлын-мүшенмен құлшынып?

Көзіннен акқан  
дариялардан өте алмай,  
Қалар ма ең, әлде, жете алмай?  
Қалайда, Жаным,  
кірпігіне үміт ілдіріп,  
Мен жүрген жаққа бет алғай...

Көзінен аққан дарияға  
Көпір сап, Жаным, өткейсің,  
Қалайда маған жеткейсің?  
Үзілмей жұрген үмітіне мінгейсің,  
Адасып, сірә, кетпейсің.

Карғып өт, Жаным,  
қатерлі-қауіп текшеден!  
Жетесің маған,  
жетесің маған, бек сенем!  
Тымырсық күндей,  
тамызда жаңбыр көксеген,  
Жаксылық күтем,  
жақсылық күтем тек сенен!

## ЖҮР, ҚАЛҚАМ

Шайқалып нұр,  
Маужыраған мамырдан май тамып тұр.  
Жайқалып қыр,  
Тауға соққан боз сағым қайта ағып тұр.  
Айталық сыр,  
Серуендең, жұр қалқам, қайталық бір.

Сырласайық,  
Қызығалдақты іскеп, бір жасайық,  
Қыр басайық,  
Әмсө бұлай мамырдың тұрмас айы.  
Мұндасайық.  
Қос көнілдің пернесін бір басайық.

Танысайық,  
Сенде – мамыр, ал менде – ағұс айы.  
Табысайық,  
Сенде – шырын, менде – дән, ауысайық?  
Ауысайық,  
Шырының да, дәнін де тауысайық.

Құлақ талып,  
Мына даңнан кетті ғой құлақ талып,  
Жырақ барып,  
Серуендең қайтайық сыр ақтарып.  
...Бара жатыр жанымды бір от қарып,  
Жастығым ба, тірілген құлап барып!..



Көнілсізсін, көнілің қаяулы ма?  
Түнерген аспандайсың жай алдында,  
Жаным-ау, саған қатер таянды ма?!  
... Тіршіліктің тынысын бағып тұрған,  
Кім екен тұл тигізген аяулымы?!

Айнытпастан таныған ак-қараны,  
Осы бір жан өзімдей бол барады.  
Неден секем алды екен, сактанады?!  
Көніліне көленке түсірді ме,  
Көбік езу біреудін даттағаны?!

Көзін жұмып отыр ғой көре-біле...  
Сынар езу сыншының керегі не,  
Сынарымның үнілдім өлеңіне.  
... Тағдыр маған тағдырлас дос сыйлапты,  
Егіз жұрсін екеуі дегені ме?

### **СЕРІКСІЗ БЕ ЕДІН, ҚҰРБЫЖАН?..**

Сен әлі серіксіз бе едін,  
Серіксіз бе едін,  
Құрбыжан?  
Өтіпті-ау айлар, еріксіз жылдар жылжыған,  
Жападан-жалғыз,  
Жауатын күндей тұнжырап,  
Жүресін, құрбым,  
Не істеймін саған?  
Қынжылам.

Жаңа жарылған,  
Жауқазын едің көктемде  
Жылдысып жазың өткен бе?  
Лапылдал тұрған,  
Жалын едің ғой өрт-кеуде,  
Тәйір алғырлар,  
Танымай сені кеткен бе?!

Әмірде мына,  
Тап болар талай тосын жай,  
Әмір – әмір ғой,  
Әмірдің заны осындай.

Бірі – Батыста,  
Бірі – Шығыста,  
Жарқетіп, сөнген жасындей.  
Өтуі мүмкін, жақсы мен жақсы қосылмай.

### МЕН СЕҢІ САҒЫНГАНДА...

Мен сені сағынғанда,  
Қарамай жауындарға, дауылдарға,  
Қарсы қарап жүземін ағындарға,  
Кеудемде қымылдаған жаным барда,  
Мен сені сағынғанда,  
Бір минут та қақым жок дамылдарға.

Мен сені қызғанамын,  
Қызғаныштан мұз шайнап,  
Тұз жаладым.  
Шаңқылдап алдыннан шық,  
Ана-қыран,  
Алыстан келеді үшып мұзбалағын.

Тәкаппар ең, өрлікке бола туған,  
Жет тездеп,  
Дауыл түрғыз қанатынан.  
Сен – мендік, мен – сендікпін, ана-қыран,  
Қыранбыз, қырандардан жаратылған!

Сағыныштың сағымын жамылғанда,  
Қарамай қара нөсер қағынғанға,  
Саған үшам,  
Қалмайды сабыр жанда,  
Мен сені сағынғанда, сағынғанда...

### БАЙҚАЛМАЙ ӨТКЕН МАХАББАТ

Қысқы түн.  
Аяз.  
Ай жарық.  
Төңірек тегіс қалғуда.  
Басқаға көніл бұрылмай,  
Тұратын едім байланып,  
Терезенің алдында,  
Желідегі құлыштадай.

Қадалып жарық кең үйге,  
Арманым – сені бір көрсем.  
Сырттағы байғұс не қүйде  
Тұрғанын өсте, білмеуші ен.

Ызғарын аяз төккенде,  
Терезен кеткен қыраулап.  
Арыда-бері өткенде,  
Көлеңкең ғана жүр алдап.

Боз қырау аты кірпідей,  
Келетін әкең жұмыстан.  
Тазыдан қашқан тулкідей,  
Ініме мен де жылыскам.

Махаббат өткен байқалмай,  
Бұл шакта бәрі ұмытылған.  
Сүйем деп саған айта алмай,  
Сүйсініп жүргем сыртыннан...



Сиыр айдал өріске ертеңменен,  
Баратын ек тоғайға еркемменен  
Тал басына шық тұрып, күннің нұры  
Мың бояумен тоғайды көркемдеген.

Қарасаздың шыбығын жел тербеген,  
Жел тербеген шыбықты мен тербегем.  
Ойласамшы, сол шыбық терек болып,  
Өзегімді бір кездे өртер деген...

Қарасаздың шыбығын жел тербеген  
Жел тербеген шыбықты сен тербел ең.  
Сонда менің ойымда мұн бар еді,  
Өзі келіп, бір күні серпер дегем.

Жақын өсіп жас шыбық бала талға,  
Оянатын екеуі ала таңда.  
Тағдырымды сонда мен табысталпын,  
Сезімі бар, сенім жоқ алақанға...

Қарасаздың шыбығын сен тербел ең,  
Сен тербеген шыбықты мен тербегем.  
Ойласамшы сол шыбық бір кездерде,  
Өзегімді өзің бол өртер деген.

Сол тоғайға барып ем ертеңменен,  
Карсы алдында терек түр жел тербegen.  
Бір тоғайда бірге өскен егіз едік,  
Неге ғана шошыдын, еркем, менен?!

### МЕН СЕҢІ ҰНАТАМЫН...

Мен сені ұнатамын.  
Дегенменен,  
Басқадан көрмегенді сенен көрем.  
Өз обалың өзіңе, өзіңнен көр,  
Бір күні ғайып болсам егерде мен.

Басқадан көрмегенді сенен көрем,  
Сен биікте жұрсін деп, тәмендегем.  
Кім еken мені өзіңе дуалаған?!  
О, тоба!  
Мен неғылған өлермен ем?!

Кім еken мені саған дуалаған!?  
(Сенсіз де көңілденем, қуана алам)  
Кім еken,  
Мені сенен айналдырып,  
Цирктің аттарындаі қуалаған!?

Дегеніннің бәрін де жасап жүріп,  
Көрсетпеймін зәредей асau қылық.  
Сенің ғана ырқына бас алдырып,  
Бұға берем...  
Неғылған жасандылық!..

Мен сені ұнатамын.  
Бірак, бірак...  
Мейірінді қайтейін жылап сұрап.  
Ұнатамын дегенім – жасандылық,  
Саған деген жүрегім құрақ-құрақ...

### БӘРІН ДЕ ҚОЙШЫ...

Өмір-ай, деймін,  
Өмір-ай, деймін кейде мен,  
Күндер де өтті,  
Ойнайтын қыста жейдемен.  
Кездер де кетті біреулер маған «Ей!» деген,  
Кездер де жетті біреулер сіз деп сөйлеген.

Бәрін де қойшы...  
Козы тұс өтті аяулы,  
Тал тұс те кетті, бесін де міне таянды.  
Мына жалғанда не қалар дейсің баянды,  
Кезекпе-кезек бәрі де жылжып, таяр-ды.

Мұны да қойшы.  
Махаббат шіркін сұйтты-ay!  
Мен-дағы оны,  
Ол-дағы мені ұмытты-ay!  
Аңсаған жүрек алдаса-дағы қашама,  
Махаббаттан да, аспанның Айы жуықтау.

Бәрін де қойшы...  
Бәрі де өтер тоқтаусыз,  
Өмір ме өмір?  
Өнбей де өспей, жоқ-барсыз?  
Кезегім келіп,  
Кеткенде келмес сапарға,  
Хабарсыз, ізсіз, қалмасам екен жоқтаусыз...

## ЖАНЫМ, СЕН ЖАСЫМАҒЫН

Көбайте берме, жаным, шашын ағын,  
Жаным, сен жасымағын, жасымағын,  
Нөсерлетіп, бір сәтте басыламын,  
Шашылады шүғылам, ашыламын.

Ұшқындарын жан-жакқа шашыратқан,  
Кездерім бар кей-кейде жасын атқан.  
Қара бұлтқа қара да басымдағы,  
Құн шығады деп ойла осы жақтан.

Жанымның жақсы емес тыншығаны,  
Тыншығанда жүрегім тұншығады.  
Жасынымнан, жаным, сен сескенбегін,  
Жай отының артынан күн шығады.

Жай отымды алыппын бәсендетіп,  
Есім кетіп қалыпты, есем кетіп.  
Ақ жанбырдың нұрына шомыла бер,  
Нөсерлетіп алайын, нөсерлетіп.

Жаным, сен жасымағын, жасымағын!  
Нөсерлетіп алам да басыламын.

Айқыш-ұйқыш бұлттардан жай атылмай,  
Күн тымырсып тұрғанға ашынамын...



Сұмдық-ау!  
Менен махаббат ауып кеткен бе?!  
Шаманы бағып, шау тартар шаққа жеткем бе?  
Тозған бұйымдай жыртығын жамап көнілдін,  
Отырғаным ба?!  
Ой тастап өткен-кеткенге.

Көз жауын алған сонау да сонау күндерде,  
Тартпайды енді тамаша мынау гүлдер де.  
Ақ қырау аяз аулама менің кірген бе?!  
От болып келіп,  
Жок болғаным ба, бір демде?!

Далада көктем,  
Көнілі құрғыр құздейін.  
Құлазып жатыр, қуарған құла тұздейін.  
Сұмдық-ау!  
Менен махаббат ауып кеткен бе?!  
Әмір жок онсыз,  
Іздейін оны, іздейін.

Қырлардан әлде, таулардан әлде, құмдардан,  
Қызғалдақ көрсөн, қауызын ашып, бүр жарған,  
Құба тал көрсөн, сыңсып бір тұрған нулардан,  
Аспанды көрсөн, Ай, жұлдызынан нұр жанған,  
Жастарды көрсөн, болашақ жаңа жылдардан –  
Бергейсін сәлем жоғын іздеген бір жаннан,  
Дегейсің сенсіз шын жалған екен бұл жалған...

## САМАЛ ЕСТИ

Самал есті, даладан, сай жақтан ба?!  
Аппақ інір тауларды ойлантқан ба?  
Аспанға сүт әлдекім қайнатқан ба?!  
Кілегей тұр меймілдеп қаймақтанған.

Жайлай еді,  
Жайлы бір інір еді,  
Жұлдыз тамып кетердей кідіреді.

Өзеніне асыққан өрім-бұлак,  
Төмен қарай төскейден жүгіреді.

...Қай тұста еді, құдай-ау, қай манда еді?!  
Маған құшақ сол жанның жайған жері?  
Алғаш біздер ақ ғұлін таптап кеткен,  
Қай манда еді, жастықтың сайран-белі?!

Таулар да тұр, баяғы бұлақ та бар,  
Өзің жоксын, бірақ та сыр актарар.  
Іздемей-ақ қояйын сол орынды,  
Аттанам ғой ақыры, жылап қалар...

## СОЛ ТҮНІ

Ауды да тұрады, аңсарым-ай!  
Әлі сен есімдесін, Аршалы сай.  
Сол түні неге мені өлтірмедің?  
Сол түні риза едім алса құдай.

Сен күә, Аршалы сай,  
Сол түні мен,  
Аққуға тұзак салып, өлтіріп ем.  
Сол түні неге мені аяп қалдың?  
Жаңадан ауызданған бөлтірік ем.

(Бөлтірік ем, арлан боп аяқтандым.)  
Шырылдап сонда сені оятқан кім?

Есінде ме,  
Көз жасы...  
Жалынышты үн?..  
Сол түні неге мені аяп қалдың?!

Қара түннің ішінде, қара бақтың,  
Атар тан, келер күнге қарамаппын.  
Тағдырдың өзі берген махаббатты,  
Тәрк етіп, мәңгілікке жаралаппын...

Аршалы сай!  
Негілған көркем едің!  
Сол түні неге мені өртемедің?  
Сол түннің қияметін есіме алсам,  
Сенен де, өзімнен де жиіркенемін.



Әкпелеттім...

Не дейін, әкпелеттім,  
Әкпелетіп қалайша көктемеклін.  
Сенің қойған меженден атгадым да,  
Шекараннан шықтым да, шетке кеттім.  
Әкпелеттім, амал не, әкпелеттім.

Қараши әне, келеді таң сарғайып,  
Сыртқа жүрші, қойшы енді, томсармайық!..  
Ақкуым-ау, тамаша таң алдында,  
Қырсықтың қытығына қол салмайық.

Ақылдым-ау, неге сен қарамайсың?!  
Кейде өзің де қызықсың... баладайсың...  
Күш-сезімді күрес деп санамайсың,  
Сонда қалай?  
Қалай деп бағалайсың?

Жүрші сыртқа, қараши таң нұрына,  
Табынайық табиғат пандығына.  
Таң атады, кетеді базаршы-күн,  
Қазынасын жинап ап сандығына.  
Сергікші малынып таң нұрына,  
Әкпелейсің несіне тағдырына...



Ақ қыздар, арым таза алдарында!  
Сөндірдім жалынымды жанғанымда.  
Өтеуі жоқ өмірмен қала бердім,  
Бәрінде бір махаббат арнадым да.  
Ақ қыздар, арым таза алдарында!

Ақ қыздар, бәрінді де тұнық көрдім,  
Жасқанып жанарлардан бұғып келдім.  
Біріншің арына ақау тұсірмедім,  
Шыққанша қырқасына қырық белдін.

Білмедім құмармын ба, ғашықлын ба,  
Білмеймін ынжықтын ба, жасықлын ба.  
Білмей жүріп қырықтан бір-ақ шықтым,  
Болуға бәрінде аға асықтым ба?!

Ақ қыздар, айна-қыздар қайда маған?!  
Жас арманым жастықта жайнамаған.  
Колан қара шаштарым, қош болындар,  
Ыңжық емес, пысықтар аймалаған!..

## ЖАЛҒЫЗ СӘТ

Жанарың жалт етті-ау бір, жай отындей.  
Жай отындей жандырып, жоятындей.  
Жалғыз сәтті, жанымды дір еткізген,  
Жасырдың-ау,  
Жалған-ай!  
Коя тұрмай.

Жалғыз сәтпен жанымды дір еткізген,  
Сені алдынан, құрбыжан, кім өткізген?!  
Жанарынды жасырып, аулақтайсын,  
Жүзге тұра қарамас жүрексіз бе ең?

Жанарында ғажайып от бар екен,  
Кімді қарып, кімді өртеп, тоқтар екен?  
Жалғыз сәтпен жанымды дір еткіздін,  
Одан басқа сыйларың жоқ па бөтен?

Сап-сап, көніл!  
Нені ойлап, неге кеттің?  
Қасиетін кемітпе кереметтің.  
Жанымды дір еткізген жалғыз сәттің.  
Жалғанда құнын қалай төлемекпін.

Жанаrlар жалт-жұлт етіп жай отындей,  
Осылай жан-жағымнан жай атылғай.  
...Жақсыны дүниеден жоятындей,  
Жалған-ау, жасырасың қоя тұрмай.



Өзеніне асыққан бұлақтайын,  
Енесіне жүгірген лактайын,  
Жайқалайын жанында құрақтайын,  
Енді мен де саған кеп тұрактайын.

Аскар тауға соғылған дауылдайын,  
Ақтарылған аспаннан жауындейын,  
Дамылдайын, саған кеп дамылдайын,  
Ауа бермей аулаққа сағымдайын.

Өзімменен сапарға бір аттанған,  
Құрбылардың бәрі де тұрактанған.  
Ақ үмітті іздейін бір кездегі,  
Ұмыт болып жұртымда жылап қалған.

Өз орнында, өзгермей тұр ақ қайын,  
Тұрактайын, мен де енді тұрактайын.  
Ар үміті – жоғалған ақ үмітім,  
Табайын да, сені енді жылатпайын...



Мен білмеймін,  
Не болады күні ертен.  
Не болса да, не болса да күнелтем!  
Екеуміздің жүрегіміз білер тек,  
Сырласайық,  
Онашаға жұр, еркем.

Қалай-қалай құбылады мына күн?!  
Қалай-қалай құбылса да шыдадым.  
Екеуміздің жүрегіміз ұғады,  
Сырласайық онашада, шырағым.

...Мен несіне,  
Сен несіне жыладын?!  
Айтпай-ақ қой,  
Айтпасаң да ұғамын.  
Бәлен жерде құлағанда құланын,  
Бәлен жерде ұмыт қалған тұмарын!..

Бәлен жерде...  
Не түседі дәлелден?!  
Бәрі де ұмыт, бәрі де жок,  
Бәрі өлген...  
Оны сен де таба алмайсың әлемнен,  
Оны мен де таба алмаймын әлемнен...



Есінде ме?  
Екеуміз де елде едік.  
Екеуміз де жок нәрсеге шөлдедік.  
Ағайынның айтқанына көнбедік,  
Ойлап тұрсам...

Жасаптыз ғой пенделік.  
Нені көрдік?!  
Не бітіріп, жөнделік?!

Нені сездік?  
Нені көрдік, досым-ау?!  
Аңсап көрген арманымыз осы ма?!  
Елге қайтып кетеді деп шошыма,  
Оралмаймын бір жығылған қосыма!

Есінде ме, тар лашық, аласа,  
Еденіміз – текемет пен алаша.  
Аласа үйде – асқар таудай тамаша,  
Аласұрып, қуанушы ек балаша,  
Сонда біреу екеумізге қараса,  
Тамыз еді...  
Жылға, тоғай.  
Оңаша.  
Шіркін, сол шақ,  
Тамаша еді, тамаша!  
Онда – тамыз, мұнда, міне, қараша...



– Бал дәурен, бала дәурен, қайда қалдын?  
– Баяғы жылқы бакқан сайда қалдым.  
Қоштастық қорасында Қойбағардын,  
Сен содан мені тастап қайда бардын?

– Мен содан жастық деген желік қуып,  
Бір қызық бір қызықтан еліктіріп,  
Тапқан ем бір махабbat өліп тұрып,  
Өліп тұрып қоштастым, жеріп тұрып.

– Махабbat, ақ махабbat, қайда қалдын?  
– Сен өзің қорлап кеткен ойда қалдым.  
Биікті ұнатушы ең шыға алдың ба?  
Бойда – қаным, қайтейін, ойдағы – арым!..

– Шығам деп бір биіктен бір биікке,  
Кездестім бір күйіктен бір күйікке.  
Сен – ақ бастау орнында тұнып қалған,  
Тұрғанын түсіне бер кім биікте...

Білдім де артқа мойным бұрмасымды,  
Тауға да, тасқа да ұрдым бұл басымды,  
Сені еске алсам, келеді өмір сүргім,  
От сөнді.  
Отауым жоқ.  
Жын басылды...

### СҮЙГЕН ЕРІН...

Сүйгісі келе берер сүйген ерін,  
Сүй, жаным!  
Сүйкімді бір күйге енемін.  
Жүрегіміз жақыннан бірге соқсын,  
Ағытшы бешпетіннің түймелерін?

Сүй, жаным!  
Сүйе бергін, кім біледі...  
Бір кезде еске аларсың тұнді, мені.  
...Жалт етіп өте шыққан баяғыда,  
Жастықтың талықсыған бір күні еді.

Ұялып, барады өтіп бұлак – бала,  
Бұйығып, үн қатпайды жылап қана.  
Баланың мандайынан сипалаған,  
Дірілдеп айдан тамған шуак қана.

Тау-аталар тұкситіп қабактарын,  
– Ар аттадың, – дегендей, – қарақтарым...  
Сүйген жүрек қалады есенгіреп,  
Есенгіреп, білмеппіз таң атқанын.

Сүйген ерін сүйгісі келе берер,  
О, жастық! Махаббат тап, көгере бер!  
Сүйгемін жоқ, өлгемін – дер едім мен,  
Сүйдің бе деп сұраса менен егер...

### СЕН

Сен көрікті едің...  
Көріктісің!  
Баяғы бойындағы желік-күшін.  
Не істеймін десен-дағы еріктісің,  
Себебі көріктісің, көріктісің!

Сен ақылды едің...  
Ақылдысың!  
Тал бойында талмаған ақыл-күшің.  
Ерке мінез, есен-сау жатырмысың,  
Жатырмысың, жаңыма жақын құсым?!  
Жаратқан қолдан сокқан асыл мұсін.

...Алдыңа келу қандай қыын маған!  
О, менің ақ бақыттың, бұйырмадан.  
Саусағынның ізіне көзің салшы,  
Шым-шытырақ шимаймен шиырлаған,  
О, менің ақ бақыттың, бұйырмадан.

Сен сүйікті едің...  
Сүйіктісің!  
Сені көріп тағы да күйікті ішім.  
Мен шыға алмас шың едің, шың бақыттың,  
Әлі де биікпісің?  
Биікпісің?!



Кілты тағдыр карсы алдында тұрғанда,  
Мен шорқақпын махаббатты жырлауға.  
Өленде емес,  
Өмірімде ат ізін,  
Амал қанша, салғамын жоқ бұл маңға.

Он сегізге, жиырмада толғанда,  
Отау тігіп, ойнағам жоқ ол манда.  
Шың махаббат көрмедім мен,  
Болғанда,  
Даяр едім Отанымдай қорғауға.

Махаббаттың өзімде деп ескерткем,  
Кез болған жоқ құлай сүйіп, ес кеткен.  
Кім біледі, сырт айналып кетті ме?!

Босана алмай жүргенімде бөстектен.

Қапелімде арты – өкініш, алды – мұң,  
Қаламаймын махаббаттың қалдығын.  
Содан болар...  
Содан болар кім білсін,  
Махаббатқа шорқақ менің жан-жырым.

Махаббатқа шорқақ менің өлеңім,  
Телісем де тели алмай келемін.  
Неге керек өзімді-өзім демеуім,  
Кімге керек сені сүйем дегенім?!



Алдыңда құлдық ұрып, ақталмаймын,  
Астыңда аяғыңың тапталмаймын.  
Біраз күн сені есімнен шығарды рас,  
Жаныма батқан дертім, батқан қайғым.

Не күйде жүргенімді көресің бе?  
Мен сөніп баратырмын, сенесің бе?  
Қан майданнан оралған жауынгермін,  
Жарадан сау-тамтық жоқ денесінде.

Басымды бұлт алған бүгінде сен,  
Жүрекке ине қадап, бұлінбе сен!  
Әлсіреп, әзер жанған шырақпын мен,  
Сөнемін де қаламын бір үрлесен...

## БАЙҚА, ҚАЛАМ!

Қалай?!

Қалай?!

Қалқам, маған не дедің?!

Мен өзімді зерттей алмай келемін.  
Өзім жайлы жалғыз ғана дерегім –  
Өзгелерге түсініксіз өлеңім.

Өмірім бар, өкпем де бар, наз-мұн да.  
(Андал көргей, өзім жайлы жаздым ба?!)  
Қаршадайдан өмір кешіп саз, құмда,  
Ақылымды ат тепті ме, аздым ба?!

Түсінбеймін неге келдім?!

Неге өттім?

Мына өмірде нені жойдым, нені ектім?!

Байқа, қалқам!

Мен де саған керекпін!  
(...Қазір қыс қой, жапырақсыз терекпін)

## ҚЫЗДАРҒА

Қыздарды көрсем, бір түрлі  
Өзімнен-өзім мұнданам.  
Тыям да бейқам құлкімді,  
Өзімнен-өзім сыр бағам.

Қымбат-ау, қыздың ар-мұны,  
Қыын-ау, қыын, тым қыын.  
Не болар еken тағдыры?!  
Үйірліп соқса бір күйын.

Тоймайды көзім жұз көрсем,  
Жайқалған менің гүлдерім!  
Тон тұрып жерге, күз келсе  
Не болар еken күндерін?!

Тұртқілеп күдік жанымды,  
Кетеді жүрек дыз етіп...  
Әзірге жасыл бағымды,  
Отырмын, міне күзетіп.



Қасында жүрсем,  
Қадірім саған жоқ еken.  
Қасыннан кетsem,  
Адамның нағыз қоры екем.  
Қасында жүріп,  
Құлетінім де сол еken,  
Қасыннан кетіп, жылайтыным да сол еken.

Қасында сенін,  
Қағынып жүрген желөкпе,  
Өзіңнен кетсе,  
Өзгеге, сірә, керек пе?!

Мен деген, жаным,  
Қадалған мәңгі бұтакпын,  
Сен деген алып мың жүрегі бар терекке.

Неге де болса,  
Сенімен бірге шыдаймын.  
Негізім менің!  
Неліктен сонша мұнайдын?!

Құласан егер,  
Құтқармақ болып мен сені,  
Қадалып жерге,  
Сенің астына құлаймын!

### ЕСКЕ АЛУ

...Келсен, кел.  
Ұятынмен, арынмен кел.  
Бойындағы жақсылық, барынмен кел.  
Биік бол, мендегінің бәрін менгер,  
Жабырқаған жанымды жанынмен көр.

Бірі ұнатып, біреуі жек көреді,  
Мен қойғам адамдарға өкпелеуді.  
Басқа жағдай көнілді қөп бөледі,  
Өкпе, наз дегендерің өткен енді.

Өмірдің заны бөлек, жөні бөлек,  
Несіне өкпелейсің, жөніне кет.  
Бықсып жатар өсектің қоламтасы,  
Еркінірек наздансан өлінеге кеп.

Ағайын, құлқің қайда, назың қайда?  
Жарасқан бір-біріне өзіл қайда?  
«Қалған көніл – шыққан жан» дегендейін,  
Шынынмен енді қайтіп жазылмай ма?!

Келсен, кел.  
Әзілмен кел, назынмен кел.  
Жан жұмсартқан жайдары жазынмен кел.  
Не халде отыр екем, көзінмен көр,  
Аясан, сезімінді сезіммен бер.  
Бәрінен айырылсан өзінден көр.



Раушан гүліне сен серік едің,  
Раушан арасынан көріп едім.  
О, менін аққанат құс – махаббатым,  
Қайдасың, қайтсем саған көрінемін?..

Дүние тыныш еді «құлакқа ұрған»,  
Талықсып тал бойында шуақ тұнған.

Табиғат сонда саған, раушанға,  
Барынша бар жасауын лактырған.

Есінде ме?  
Сонда сен байқадың ба?  
Дір еттім, жанарыңнан тайқадым да.  
Сол күні раушанның өзін емес,  
Іісін сыйлағансың қайтарымда.

Гұлді койшы, гұл ата ырымы ма,  
Мәңгі шатпын сол күнгі қылышына.  
Гұл иісі тұр екен жүрекке ұрып,  
Танауымды такасам бұрымына.

Гұлді койшы, семеді гұл дегенін,  
(Гұл сыйлап, гұл алуды білмегенім...)  
Қайдасың?..  
Мен түсімде екеу болып,  
Ертенгісін жалғыз боп түрегелемін.

О, менің акқанат құс – махаббатым,  
Қайдасың жанға шипа шапағатым?  
Сен қайда, күндер қайда, түндер қайда,  
Махаббат... махаббат деп аталатын?..



Бақыт ізденеп несіне шаршағамын!?  
Қасымда жүр екен ғой аңсағаным.  
О, менің ән-самалым, жан-сонарым!  
Тамсанамын,  
Тілінен бал сорамын.

Сені мен көп ізденегем, көп ізденегем.  
Жұлдыз боп төніп едім теңізге де.  
Көрініп көз алдымда тұрмағасын,  
Түбінен тұңғиықтың сені ізденегем.

Оралдым тұңғиықтан батып барып,  
Одан да әкелмедім бақыт тауып.  
Қасымнан – жер бетінен таптым сені,  
Жайына бақыт қалып, жаһұт қалып.

Жайна, жайна, жұлдызым көгімдегі!  
Кенде ғып жаратпаған өмір мені.  
Қасиетті ойымсың көнілдегі,  
Қасиетті әнімсің төгілмелі!



Арып-ашқан жан болса,  
Мен бір үзім нан болсам.  
Ол мені жеп әлденсе,  
Бишарага әл берсем.

Айнала шөл құм болса,  
Қарға адым жер мұн болса,  
Жолаушының сонда мен  
Құтысында су болсам.

Өшкелі жатса ер дене,  
Өмір болып келсем мен.  
Қайғыдағы пендеге  
Куаныш боп енсем мен.

Арманымнан жаңылсам,  
Ақша болсам, не деймін?!

...Қашан дағы табылсам  
Қалтасынан кедейдін.

Мен, мен болсам, мен болсам,  
Бір өзім бір ел болсам.  
Қол астымда өскерім,  
Ар-ожданым сен болсан!



Сағындым ғой дедің-ау, жаным, маған...  
Бұлт қөрдің бе тауларда мамырлаған?  
Сол менің ақ жанымның ақ жалыны,  
Аулақта ауылымнан дамылдаған.

Естідің бе аспанның курсінгенін?  
Сол менің саған деген тылсым демім.  
Ұйықтап жатса оянсын, ояу болса  
Күніренген жанымды білсін дедім.

Мен деп ойла самал боп, есіп өткен,  
Мен деп ойла нөсерді, есі кеткен,  
Мен деп ойла өзінді әр түн сайын,  
Төсегін сағынышқа бесік еткен...

## ТАҒДЫРЛАСТАР

Келген көктемді қарсы алып,  
Өнген гүлдерге жан салып,  
Сонау сағымға тамсанып,  
Ойға бататын едін,  
Бұлақ басында ән салып,  
Анаң есіне түсіп,  
Мұнданушы едің соншалық.

Бұлақ басынан көріп,  
Сұрап, қасына келіп,  
– Жаным, жасыма! – дедік,  
Үнсіз отыруши едін,  
Жылап, басыла беріп.

Аскар таулармен сырласып,  
Жасыл орманмен сырласып,  
Жалаң аяқпен қыр басып,  
Сені іздейтін еді,  
Үміт үзбейтін еді.  
Сорлы бір ғашық.

Бұлақ басынан көріп,  
Жылап қасына келіп,  
Жылап қайтатын еді,  
Сырын жасыра беріп.

Сен елең етпейтін едің,  
Ол ұзап кетпейтін еді,  
Көз жасын көл болып жатқан,  
Сүймесе төкпейтін еді.  
Сенің салған әндерің,  
Оған жетпейтін еді.

Бұлақ басына келіп,  
– Жылап, жасыма! – дедік.  
Үнсіз қайғырды байғұс,  
Бізге асыла беріп.

Сен оның сорына орай,  
Белгісіз бағытқа қарай,  
Жар тауып, кеттің бе, қалай?  
Бақытты болғайсың, байғұс,  
Істеген ісіне жарай...

## ЖАНБЫРДА

Жас едің сен,  
Жақсы едің сен, жан-құрбым.  
Жақсылықлен жаттың отын жандырдың.  
Токта, құрбым,  
Қайда кетіп баراسын?  
Ақырын бақ мына нөсер-жанбырдың!

Аялдай тұр,  
Мына күн де ашылар.  
Келші мына ықтасынға, қасыма.  
Ақ жүзіннен алқымына жосыған,  
Жанбыр ма, әлде, жанарыңның жасы ма?!

Жаныма кел,  
Жасыма да, шошыма!  
Жағдайынды түсіндірші досына!

Жақсы едің ғой,  
Құлын мұсін қылыштым,  
Тұзағына тұстің қандай құрықтын?  
Қайдан жүрсін?  
Жүзің неге сынық тым?  
Неге, ұмыттын, неге бізден сұйттын?..

Еніреп тұр,  
Бұлыңғырда – адасқан бір құлын жүр.  
...Мына өлкені кетіп еді шаң басып,  
Қара нөсер, жуындырсан, жуындыр...

## ЖАЛАҢ АЯҚ ҚЫЗ

Төпеп тұрған нөсерге қарамай-ак,  
Бір қыз кетіп барады жалан аяқ.  
Жалтыраған әдемі топылиын,  
Кім біледі, жауыннан барады аяп.

Ойнақтаған далада қара көзім,  
Еске түсіп кетті ме бала кезін?  
Елен қылмай ешкімді барады өзі,  
Жалаң аяқ жүргендей дала кезіп,  
Еркін ұстап елігім барады өзін.

(Шыт көйлегі жабысқан кеудесіне)  
Қарамаска, коймайды көрмесіңе.

**Не келді екен сайтанның зердесіне?!**  
**Жалаң аяқ сиқырға қарап тұрып,**  
**Жалаң аяқ жастығым келді есіме!**

**Қара да тұр, қайтесін, қара да тұр,**  
**Бұлан өткен бұл сурет қалады акыр.**  
**Жалаң аяқ...**  
**Балтыры жалт-жұлт етіп,**  
**Файып болып жастығым бара жатыр.**



**...Махаббат па?**  
**Махаббат болған еді.**  
**Таудың мен еркін жүрген тағысы едім,**  
**Тапты да, тұсірді ғой торға мені.**

**Махаббат па?**  
**Махаббат болған менде.**  
**Жиі барғам акқулар қонған көлге.**  
**Ал, қазір тоңған жүрек, солған кеуде.**

**Ғашықтық па?**  
**Ғашық та бола білгем.**  
**Бір-ақ жанға ғашықтың бала күннен**  
**Жанымменен сүйемін, жанарыммен.**

**Сағыныш па?**  
**Қалай оны тауыса аламын.**  
**Сағынғамын, шөлдегем, аңсағамын,**  
**Ақыры шаршагамын, шаршагамын.**

**Сүйгенім бе?**  
**Сүйгенім өмірде емес.**  
**Ұйықтасам, тұнде тұсім, көнілде елес.**  
**Әлгенше кетер емес көнілден еш...**

## **АҚҚУЛАР, ҚОШ БОЛЫНДАР**

**Аттанып бара жатыр акқу-қаздар,**  
**Қош енді, қош болындар, гөкку-наздар!**  
**Кеудемде күніренген дастан қалды,**  
**Киелі қанатымен акқу жазған.**

Аккулар, кешіріндер, жазыктымын!  
Қараймын керуеніне қажып бүгін.  
Адасып кетті-ау бірге сендерменен,  
Алапат күшім менен нәзіктігім!

Сыңқылдал соғылғанда қанаттарын,  
Таба алмай қалды менің тағат жаным.  
Үзілген жолдарыңа, қарактарым,  
Үзілген жанарымды сабактадым.

Ақ көлдің айдын төсін шимайлаған,  
Сұлулар, жатыр сені қимай далам.  
Акку боп неге ғана жаралмадым,  
Адам боп өзіме-өзім сыймай барам.

Аккулар, алданыш па ең, арман ба едің?  
Кош енді, қанатым жоқ самғар менің!  
Нуларым сыңси жылап қалды-ау менің,  
Суларым жетімсіреп қалды-ау менің!..

### ӨМІР СҮРЕЙІК АЛМАСЫП

Жапырак-жүрек, жас қайың!  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасан.  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?

(Көрінер, мүмкін, кімге ерсі)  
Өмірінді маған бір берші!  
Дүрбелен ұнына дүниені,  
Адам көзімен бір көрші.

Қайың боп мен де бағайын,  
Орманнан орным табайын.  
Беймәлім маған өмірге,  
Қайың көзімен қарайын.

Сен-дағы жерден нәр алдың,  
Мен-дағы жерден нәр алдым.  
Біреуден сен де жаралдың,  
Біреуден мен де жаралдым.  
Тілің жоқ, жанды қайың сен,  
Айырмашылығым – Адаммың.

Мендегі бары бір жүрек.  
Беріпті жүрек саған мын,  
Сондықтан ұзақ жасайсың –  
Құрдасы келер заманның.

Бар-жоғы менде бір жүрек,  
Ол өлсे мәнгі кеткенім.  
Сендергі семсе мың жүрек,  
Келгенде жасыл көктемін,  
Тірілер қайта дүркіреп.

Жапырак-жүрек, жас қайың!  
Жанымызды айырбастайық?  
Адам бол жүрсөң қасқайып,  
Қайың бол тұрам қасқайып,  
Төуекел, айырбастайық!

Әмірге өмір жалғасып,  
Анамыз жерге жармасып,  
Бірде адам, бірде қайың бол,  
Сүрейік өмір алмасып...

ҮШІНШІ ТАРАУ

Дарига-Жүрек  
шөлgesі

Өмірді қандай сыйласан,  
Өлімді сондай жат көрме!

## МЕН БІР ЖАҚҚА АСЫГАМЫН...

*Сок, жүрек,  
Салқында, ми,  
Тасы, қаным!  
Өмірге айтылған жоқ гашық әнім,  
О, Муза!  
Бір өзіңе бас ұрамын,  
Тездеп жет,  
Мен бір жаққа асығамын...*

*Гашық әнімді айтайын өмірге мен,  
Құлақ естіп, көздерге көрінбекен.  
Носерім түр көгімде тогілмеген,  
Жемісім түр бағыма себілмеген.  
Бермей кетпен бәрін де тегінде мен.*

*...Суық-ау, ажал деген, өлім деген,  
Суық көрге салады кебінменен.  
Сенімменен келгемін өмірге мен,  
Кетсем кетем өмірден сенімменен.*

*Тіл өнерін, сиқырлы сөз өнерін  
Оңбайсың сөз өнерін тәжегенің!  
Тілден алмас жоғалса, сөзден қанжар,  
Бұл тірлікten бір күнде бозер едім.*

*Айтылған жоқ өмірге гашық әнім,  
Қашан айтам, қашан мен басыламын?!  
Айта алмай қалам ба деп ашынамын,  
О, Муза!  
Мен бір жаққа асығамын...*

## МОЦАРТ. «ЖАН АЗАСЫ»

(Реквием)

Біреу келді де, кара киімге оранған.  
— Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт! —  
Жоғалған...  
Әлде бір елес...  
Әлде бір адам болар ма?!  
Аза тұтқан,  
Бір жақыны жоғалған?!  
Аң-тан Моцарт,  
Бар жұмысын доғарған.

Аты мен жөнін білейін деп артынан,  
Іле шыққан-ды.  
Аула алдында сәл тұрган.  
Аты-жөні, кім екені белгісіз,  
Кара киім ғайып бопты антүрган.

«Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт!»  
Азалы үн...  
Жаназа күйі елітті оның назарын.  
Бұл өмірдің тозағы менен мазағын,  
Тәрк етсін бір.  
Жазамын оны, жазамын!

Өнім бе әлде,  
Түсім бе әлде?..  
Тәнірім!  
Рояльдың жәйлап басып бір көрді тамырын.  
Хош бол енді, хош бол, хош бол, бауырым!  
Дегендейін күрсініп алды ауыр үн.  
— Хош бол, Моцарт!  
Дегендей ме жүрегі?!!  
Сәл кідіріп, қуан тартты ірені.  
— Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт! —  
Япыр-ау,  
Періште ме әлде, пері ме әлде, кім еді?!!..

Күй пернесін тағы да келіп бір басты.  
Құніреніп барып, бір үнмен бір үн мұндасты.  
Өмірді мынау азалы, ауыр үн басты,  
Күйзеліп, жәйлап, өмір мен өлім сырласты.

## 1. Табыт үні

Мен сені сүйгем  
Жаныммен сүйгем, Жарық Күн!  
Жатсам да сүйем тұңғирыңда тамұқтың.  
Ақ сәулең сенің аймалап мені,  
Жарық Күн,  
Тұрған да болар үстінде мынау табыттың.

Ғарыштан құйған ғаламға ортақ шуағың,  
Сезгемін, білгем,  
Мен үшін бір күн тынарын.  
Тастама мені,  
Тастама мені, Шырағым!  
Шуағың түссін,  
Шөп болып, мейлі, шығамын.

Қомағай көніл құмартып өткен әрнеге.  
Тірлікте сонау тұскемін талай өуреге.  
Кешкен өмір де,  
Көрген бақыт та – барлығы,  
Жетпейді екен ғой,  
Бір күндік сенің сәулене.

Бір күндік сәуле...  
Бір күндік жарық мекенім!  
Мәңгілік тұнек – қапасқа қалай кетемін.  
Келмейді-ау тілім...  
Өлгеннен сұра дер едім,  
Тірі жандарға,  
Өмір дегениң не екенін.

Өмір дегенге,  
Тірлікте, сірә, жетер ме ой.  
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.  
Бекер ғой бәрі,  
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,  
Өмір дегенің – бір күндік Сәуле екен ғой!..

Тамшыдай ғана, нұрына міне, зарықтым.  
Өмір осы екен, сырына міне, қанықтым.  
Жаса сен Мәңгі!  
Жаса сен Мәңгі!  
Жарық Күн!  
...Табыттын, табыттын, табыттын...

## **2. Халық үні**

Ажалдың аяз, боран, тұні өткенде,  
Көктем кеп, жер бетіне, гүл еккенде,  
Қызғалдақ қара жерді жарып шығып,  
Қадалар кеуделерге, жүректерге.

Аспанда алапат күш дүр еткенде,  
Көк пен жер тітіркеніп, дір еткенде,  
Қақ бөліп, қара бұлтты қақыратып,  
Ұшқынын тұраг сенін тұнектерде.

Болашақ дүниеге шыр еткенде,  
Бір үрпақ, бір үрпаққа іліккенде,  
Аспалы көпір болып қаларсын сен,  
Жалғайтын жүректерді жүректерге.

Біз сенімен,  
Сен бізбен қанаттандың.  
Қанаттанып, халқына нәр ақтардың.  
Сенің көшің тоқтамас жер бетінде,  
Өлмес мәңгі сапарға жаңа аттадың.

Әрине, суық қайғы, суық қайғы.  
Көнілін халқың бірақ сұытпайды.  
Егерде халық өзін ұмытпаса,  
Бақұл бол, халқың сені ұмытпайды!

Қайырымсыз қазаға елің бас үрмайды,  
Саған деген сағыныш басылмайды.  
Табытынды жасырса, жер жасырар,  
Ал уақыт, өзінді жасырмайды!

## **3. Жесірлер үні**

Жалғанда – жалған.  
Жалғанда,  
Жесірден мұнлық жан бар ма?  
Жалғанда, жалғыз қалғанда,  
Әдіра қалған арманға,  
Араша түсер жан бар ма?  
Жалғанда – жалған,  
Жалғанда,  
Қанырап бәрі қалған ба?  
Жете алмай алғы тандарға,  
Кеттің-ау, боздақ, арманда.

Арада жұрген асылды,  
Алды да ажал, жасырды,  
Опты да, жұтты қара жер,  
Атылған көктен жасынды.

Панаңыз қалған жесірден,  
Біржола үміт кесілген.  
Жарқырап жанған шырақты,  
Соққан да дауыл өшірген.

Сені де жұтқан көне жер,  
Сан рет әлі көгерер.  
Салтанатқа әлі бөленер,  
Бірақ та маған не берер?  
Төгер де мұнын, жөнелер,  
Көзімнен жасым себелер.  
Тас бауыр табыт тас қылып,  
Мені де бір күн шегелер.

Сен сүйген орман, көлдерге  
Жыл сайын құстар келгенде,  
Көкжиек, сонау белдерден,  
Сағыныш-сағым көргенде,  
Зарығар саған шер-кеуде,  
Сағынар жүрек-шерменде.  
Төзermін қалай мұнына,  
Жетер кім сенің құныңа?  
Не істермін ажал ұрыға?!

Шомылып көздің суына,  
Өзің жоқ қанық сырима.  
Өтермін жасып, бұғына.  
Қашаннан жерік қара жер,  
Жесірдің кайғы-мұнына.

Қоршаған тұман жан-жағым,  
Келмеске, құсым, самғадың.  
Қош енді!  
Үзілген мениң арманым,  
Қош бол, Ардағым!..

#### **4. Жетімдер үні**

Біздер –  
Жетімдерміз,  
Жетімдерміз.  
Ақпанның,  
Аяз, қардың өтінде міз.  
Мына саран өмірден сауға сұрап,  
Тіршіліктің мазасын кетіргеміз.  
Біздер – жетімдерміз!  
Біздер – жетімдерміз!  
Доп қылып жердің шарын өтудеміз.  
Бостан-босқа өлмейміз,  
Өкінбеніз.  
Жекірменіз,  
Біздерге жекірменіз,  
Жекірменіз!  
Босағасын паналап талайлардың,  
Талайлардың басынан секіргеміз.  
Себебі, жетімдерміз!  
Өкінбеніз, біздерге жекірменіз.  
Біздер – жетімдерміз!!!  
Өмірге келу де егіз, кету де егіз.  
Сүренсіз өтуде жаз, өтуде күз.  
Жалғанда өлім бар да – жетімдер бар,  
Сондықтан мәңгілікке бекінгеміз.  
Біздер – жетімдерміз!  
Ұрылар да емеспіз, қарылар да!  
Қарғыс танба біздерден арылар ма?!  
Жылынамыз бір ауыз жақсы сөзге,  
Қарғыс аяз біздерді қарығанда.  
Жасамаймыз қиянат жаны барға.  
Жаны бар жан, бірақ та табылар да?  
Жетім көніл жақсыға жарыған ба?!  
Біздер – жетімдерміз!  
Жетімдерміз!  
Жетім болып жүріп-ақ жетілгеміз:  
Дөңгелек жердің шарын допша қуып,  
Мазасын тіршіліктің кетіргеміз.  
Тіршілікте біреуін біреу күндер,  
Бізге жат – өлі кімдер,  
Тірі кімдер...  
Жиылып, Жер шарының жетімдері,  
Алдында Ақиқаттың бірігіндер!

## 5. Бесік жыры

Әлди,  
Әлди,  
Ақ балам,  
Ұйықтай ғой, ұйықта,  
Жат, балам,  
Мәңгілік сені тербеуге,  
Мәңгілік бесік сақтағам.

Күндер де мұнда жок, балам,  
Таңдар да мұнда атпаған.  
Тұсіріп сөule тұнекке,  
Жат, балам,  
Әлди, ақ балам.

Сор да жок мұнда, бақ та жок,  
Атак та, құрмет, данқ та жок.  
Жетпейді мұнда өсек те,  
Жетпейді саған атқан оқ.  
Әлди, әлди, ақ балам,  
Мәңгілік тыныш жат, балам.

Жок мұнда күрес, ерегес,  
Күншілдік, құлық, тәбелес.  
Өзіндей мұнда – көп елес,  
Ақ балам, жалғыз сен емес.

Ұйықтай ғой, балам, шошынба.  
Бауырын, жарын, досын да,  
Андыған жауын, қасын да,  
Тоғысар бәрі осында.  
Ұйықтай ғой балам, шошынба.

Шулама, орман, кен дала,  
Баламның алма мазасын!  
Тербетіп тұрам мен ғана,  
Мәңгілік жанның азасын.

Әлди,  
Әлди,  
Ақ пенде,  
Тыныштық тауып, жат менде.  
Өмірді қандай сыйласан,  
Өлімді сондай жат көрме!

Бауырыма мәңгі сақтаған,  
Әлди,  
Әлди,  
Ақ балам...  
Әлди...  
Әлди...  
Әлди-ай!..

## АҚҚУЛАР ҮЙЫҚТАҒАНДА

### I

Өзен де жок сыймаған арнасына,  
Жылға да жок даламен жалғасуға.  
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындей,  
Қалай біткен мына көл тау басына?!  
Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,  
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?  
Қанша үрпақ кетті екен, қаншама адам?  
Қанша шырша өсті екен, құлады екен,  
«Жетім көлге» қараудан шаршамаған?  
«Жетім көлден» су ішкен қанша марал,  
Қанша киік қалды екен сай-салада?  
Қанатынан үзіліп ән-самала,  
Қаншама акқу кетті екен – ансаған ән?

Ортаймаған «Жетім көл» толмаған да,  
Болған өмір үқсайды болмағанға.  
Сызат та жок бетінде, сызық та жок,  
Айдынына акқуы конбаған ба?!  
Кызғыштары қиқулап, корғағанда,  
Сорлағанға үқсайды, сорлағанға,  
Шүрегейлер айдынын корлағанда,  
Көккүтандар қанатын қомдағанда...

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,  
Айдын көлдің иесі жол алғанда.  
Жетісіп бір «Жетім көл» қалушы еді-ау,  
Тынушы еді-ау, тенселген қара орман да.  
Таянғанда акқулар қонар манға,  
Басушы еді-ау, байызын бар арман да!

Қанатынан ақкудын балапандап,  
Ән үшатын сымпылдап таң атарда.  
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,  
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауга.  
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,  
Карайтұғын айдынға, ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,  
Таудың басы алаумен боялғанда,  
Тірілетін таудағы бар тіршілік,  
Қанатынан аккудың оянған ба?!

Көмейінде тәтті үні былай қалып,  
Жаға-талда жас бұлбұл түр ойланып.  
Жетті ақкулар.

Тұгендер «Жетім көлін»,  
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,  
(Бірден көлге қонбайды құлай барып.)

Сондайтұғын, ақкулар сондайтұғын,  
Асығыстық оларда болмайтұғын.  
Қомағай көккүтандар секілденіп,  
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.  
Сондайтұғын, ақкулар сондайтұғын,  
Ақ мұсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсінде, бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мұсінін тербейтұғын.  
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,  
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.  
Ақкулар аман-есен қайтқанынша,  
Суына «Жетім көлдің» шөлдейтұғын.  
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын.)

Үрпактан үрпак алып жалықпастан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.  
Заманнан заман өткен, жаңарған жүрт,  
Аккуын айдын көлдің налытпастан  
Дәстүрін аттамаган, анық басқан.  
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,  
Бір үрпак бір үрпакқа алып қашқан.

Қайсыбір қыын-қыстау ай, күндерде,  
Шойырылтып, түссе-дағы қайғым белге,  
Алансыз аккуымды атпасын деп,

Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,  
Акқулар ұйықтағанда айдын көлде...

...Оралмады акқулар осы маңға,  
Жылдар өтті, байғұстар шошынған ба?  
«Жетім көл» жетімсіреп қала берді.  
Арман-ай, аккуымен қосылар ма?!

## II

Бала жатыр төсекте, албыраған,  
Әке жатыр еденде, қалжыраған.  
Тұн күзетіп ана отыр, қос жанары  
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.  
Тұні мынау – тамыздың маужыраған,  
Тауың анау – шымылдық салбыраған.

Биік барып жарапған жер бетінен,  
Сол байырғы «Жетім көл» келбетімен.  
Айдыныңда акқулар ұйыктап жатыр,  
Сайдан соққан самалмен тербетілген.  
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,  
Қауышыпты қара орман, көл де, тұн де.

Бала жатыр төсекте қүйіп-жанып,  
Баласының ана отыр қүйін бағып.  
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,  
Миын қарып барады, миын қарып.

«Сарқытындағы өлімнің қалған қарға,  
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..»  
Арагідік назарын аударады,  
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.  
Қауіптеніп тұндерге, тандарға да,  
Үн шығармай іш кұса, зарлауда ана.

«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?!

Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...  
– Аккуменен баланы аластандар,  
Деді-дағы жәйімен жөнеп кетті...»

– Тұрсаншы,  
таяу қалды таң атуға,  
Неткен жансың санасыз жаратылған?!

Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,

Ұмытылып кетті ме санатынан?  
...Айналайын аккудың қанатынан,  
Кайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетім көлге» барып қайт таң жамылып,  
Таң атқанша қалайда тауға ілік.  
Біреулердің көзіне түсіп қалып,  
Дүрліктірме жұртынды, салма бұлік!  
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...

— Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!  
Атармын аққу құсты қалай ғана?!  
Айдынның аққулары ұйықтағанда,  
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,  
Барлығы қасиетке қарайлаған,  
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..  
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:  
— Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!  
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!!  
Топан су басып кетсін қалғандарын.  
Перзент сұрап несіне армандағын?!  
Құрысын онсыз сенің жанған бағын!  
Мылтықты әкел!

Атты ертте!

Жалған бәрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,  
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,  
Таудағы тіршілікке өн салдырып,  
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,  
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.  
Бұлбұл үні.  
Көл бетінде,  
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.  
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,  
Танданып тәкаппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,  
Айдын — төсек, аспанды жамылуда.

Арша, шырша, жартастар жағадағы,  
Сұғынып, бәрі көлге табынуда.  
Аласұрып, қан ойнап тамырында,  
Ана-жүрек тыптырып, қабынуда,  
Не қылтарын біле алмай, жабығуда.

Аскар белден күн нұры шашырады,  
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.  
Құс аппак, айдын аппак, нұр да аппак,  
Аппак нұр – аппак нұрға қосылады.

Көл – көкке,  
көк – көлге кеп асылады,  
Ұйқысы аккулардың ашылады.  
Сұлулыққа сұқтанып, қашып өлі.  
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.

Қызғанып, қызғыш байғұс шыр айналды,  
Абыржып ана-көніл мың ойланды.  
Ғазиздің көзінде емес, көнілінде,  
Айдын көл астан-кестен лайланды.  
Дәстүр, ырым, жәйімен құдай қалды,  
Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.  
Айдынның акқуының орынан  
Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

...Аккулар...  
Ақку мойын, сүмбе қанат,  
Алансыз тарануда күнгө қарап.  
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,  
Етермін тағдырынды кімге аманат?!

Жаны сұлу ак еркем, ары сұлу!  
Бір мамығы майысса ауырсынып,  
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,  
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,  
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,  
Жаны сұлу ак еркем,  
ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,  
Бірде суға сұңғиді басын малып.  
...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,  
Тыныштығын олардың қашырмалық.

**Мерген отыр жағада.**

Ей, ақша бұлт,  
Жаулығынмен оларды жасыр барып.  
Бас бағады шыршаның қалқасынан,  
Қаруынан колында қан сасыған.

...Ал, аққулар,  
Аққулар тарануда,  
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.  
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,  
Құлынымның қасынан неге кеткем?!  
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,  
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»

Ана отыр,  
Озбыр ойлар қамалауда,  
Қамалауда, әлдекім табалауда.  
...Аққулар ақ айдынды қалдырыды да,  
Тартты кеп, ана отырған жағалауға.

Шошымай шолжаң өскен батырларын,  
Ана отырған шыршаға жақыннады.  
Көзі тұнған бейбағын, топ аққуға,  
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.  
Көздің алды көк тұтін, ақыл жарым,  
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,  
Сүт үйиған тегешін сапырғанын!...

Ию-қиу көл маңы, астан-кестен,  
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.  
Жаңғырығып, жар салып, жартастар тұр,  
«Жетім көлдің» қайғысын бастан кешкен,  
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сяя алмай бір,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.  
Мөлдіреген «Жетім көл» көкке қарап,  
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып, сұнқылдан үшты-дағы,  
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,  
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,  
Карғыс атқан мекеннен күсті бәрі.

Тау жанғыртып, тамаша құстың әні,  
Қош айтысып көлменен, үшты бәрі.  
Көл бетінде көлбендер, жаралы акку,  
Үша алмайды, үшпак бол күш қылады...

Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,  
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.  
Қан аралас қалқыған мамығымен,  
«Жетім көлдің» толқыны ойнап жатыр.  
...Касиетке оқ атып, жойған пакыр,  
Қалай алып кетерін біле алмастан,  
Сүле-сопа, жағада ойлауда құр.

«Жетім көлден» сән кетті мана тұнған,  
Ақку кетті, ән кетті қанатында.  
Асқар-асқар таулардан асып әрі,  
Шың-құздардың үн қалды қабатында.  
Ақку әні естілмей қалатын ба?  
Алатаудан үзілтіп Қаратаяға,  
Жаңғырығып жартастар таратуда...

III

«Жетім көлдің» басында жылқы жаткан,  
Дөңге шығып, карт тұрған жылқы баққан:  
«...Апыр-ай, бұл кім болды, таң сәріде,  
Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!  
Құстардың зәре-құтын шыркыратқан,  
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!

Мылтықты атарлықтай көлге келіп,  
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»  
Мылтық даусы, күстардың шулағаны —  
Шыдамын алды қарттың, бермеді ерік.

Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:  
«Берекесін бұл жердің кім қашырған?..»  
Әнім бе, түсім бе деп таңданады,  
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,  
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:

— Ей!  
Кімсің?  
Тірісің бе?  
Жаңың бар ма?  
Аккуды неге атасың, арың бар ма?!  
Тастағын қаруыңды, келгін бері,  
Келгін бері, қеуденде жаңың барда!

...Байғұс әйел үн-тұңсіз жылап тұрды,  
Қарттың үні мен-зен ғып құлаққа ұрды.  
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,  
Бөгелмей, «Жетім көлге» лақтырды.

— Эй, балам!..  
Болмады ғой, болмады ғой...  
Қасиет кетті қөлден, сорлады ғой.  
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,  
Атқа мін, ауылға кайт, олжаны қой!..

Мін атка, қайт ауылға тағат қыл да,  
...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?!  
Ақкуға кезенерде, ырым жасап,  
Тым құрыса саусағынды қанаттың ба?

— Элек боп, арпалысып сор-қайғымен,  
Жоқ, ата, жасамадым ондайды мен...  
Жасымнан естігенім бар-тын еді,  
Эйтеүір аққу атқан онбайды деп...

— Солай, солай...  
Аманат бір құдайға...  
Кай-кайдағы түседі құрғыр ойға...  
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,  
Карт тастап — нелер сүмдік сырды бойға.

Бәрі ұмыт: бақытын да, байлығын да,  
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұн да.  
«Жетім көл» жетімсіреп қалып қойды,  
Бір өлі, бір тірі акқу айдынында...  
Бар өмірден көнілі шайлышуда,  
Байғұс ана еркінен айырылуда.

Әлденеден сүм жүрек сескенеді,  
Арагідік әлдене ес береді.  
Табиғаттың, таудың да, акқудың да,  
Байғұсқа болмай қалды еш керегі.  
Келеді ана, сезбейді ештеңені.

Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,  
Қайткан құстай алыстанап барады ұміт.  
Көліменен қоштасқан акқу үні,  
Құлағына келеді арагідік. —

Өмір емес өмірі, қораштанған,  
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.  
Келеді ана, қарабет қаракшыдай,  
Ел мен жерден біржола аласталған.  
Аппак нұрды көре алмай ақ аспаннан,  
Тұн-тұнекте бейне бір адасқан жан.

...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелен-ді,  
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.  
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды  
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді  
Білмейді, кайда келді, кімге келді.

Өн бе, түс пе, әйтеуір таласуда,  
Өлі менен тірінің арасында.  
Отырғандай «Жетім көл» жағасында,  
Акқу жатыр көзінің шарасында.

Аунап түсіп атынан, үйіне енді,  
Есіне алып ерін де, баласын да.  
Өліп жатқан ұлына қарасын да,  
Қалсын ана «Жетім көл» жағасында,  
Өлі менен тірінің арасында.

...Аппак нұрмен шомылтып айналаны,  
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,  
Көз алдында...

Құлақтан кетер емес,  
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,  
Көз алдында – аққудың жайрағаны.  
Сынар қанат, сынық құс – жаралы акқу  
Өлі акқудан кете алмай айналады.

Ақ төсек – аппақ айдын, акқу – бала,  
Жаралы акқу секілді жаттың ба, ана?..  
«...Мына жатқан «Жетім көл», мына акқуды,  
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жана...»

Жоқ!  
Мен емес...  
Мен атпадым...  
Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»  
Ғазиз ана, ербендең екі қолы,  
Жиылған жүргің қарап алақтады.

Құледі, бірде жылап, зарланады,  
Көкке қарап, бекерге қарманады.  
Бірде үнсіз, мелшиіп тың тындайды,  
Құлағында аққудың арман-әні.  
Алдымен жүрт үн-түнсіз танданады,  
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...

Бірде ана көкке жайып алақанын:  
«Қазір, ботам...  
Мінеки, таң атады...  
Қазір, ботам, акқумен ұшықтаймын...  
Жазыласың құлыным...  
балапаным!

Қасиет!..  
О, қасірет!  
Осындей ма ең?!

Сорымның қалындығы шашымдай ма ең!..  
Қасиет!..

Қасиеттер ұшып кетті,  
Қасірет!..  
Қасымдағы досымдай ма ең!..  
Қасиет... Қасірет...  
Қасірет... қасиет...»

## Эпилог

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,  
Жерді ансаймын...  
Жалғыз-ақ сол — арманым.  
Киын екен, кимасың екі бірдей,  
Көз алдында ғайып бол жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,  
Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?  
Балам-ай, мынау өмір-дарияның,  
Білмейсін қайда екенін өткелінің.

Акқулар...  
Аңыз көп қой олар жайлы,  
Көзіңмен көргеніндей бола алмайды...  
Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,  
Шошыса, екінші рет оралмайды.



Орнында екен «Жетім көл», жоғалмапты,  
Ортаймапты немесе тола алмапты.  
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,  
Касиетті акқулар оралмапты.

## БАЛА ШАҚТАН – БОЛАШАҚҚА

*Өмірдастан*

### 1. БЕСІК БАЛАҒЫНДАҒЫ ЖЫЛАН

Қырық-отыз құрым үй Жиектегі,  
Қырқадағы оракта ниеттері.  
Шешем бөлеп, ұйықтатып, бесігіммен,  
Керегеге кетіпті сүйеп мені.

Кетіпті өзі жылғаға су алуға,  
Сусап келер өкемді суаруға.  
Әкем байғұс оракта болса керек,  
Мұршасы жок, құлуге, қуануға.

Есі-дертін екі үлға кезек бөліп,  
Кетсе керек әжем де тезек теріп,

Тойып алсам, томпиып жатады екем,  
Шамалы еken шешемді мезі еткенім.

Жар салып, жасалмапты тойым анық,  
Ағайын шабылмапты қойын алып,  
Уыз емген бұзаудай жатсам керек,  
Уызына шешемнің тойып алып.

Тал бесігім қорғаныш болып маған,  
Жатсам керек, сірә да, қорықлағам.  
Қошан тірлік айналам дүние екен,  
Құрымаған немесе молықлаған.

Жатса, тұрса жармасып жерге үніле,  
Өз тірлігін күйттепті ел де міне.  
Сірә, бір жан, білмеймін, қуанды ма?  
Бір казақтың өмірге келгеніне.

(Неге керек қуансын, қуанбасын!  
Қазак жұрты әйтеуір суалмасын!)  
...Шешем менің жылғадан қайтын үйге,  
Апыл-ғұпты, асығып су алғасын.

Асығыпты, еш неге бұрылмапты,  
Әлденеден жүрегі сүйлдапты.  
Құлағына әлдекім сыйырлапты,  
Әлдебіреу мен болып шырылдапты.

Үйге келсе,  
қаперсіз жатыр екем,  
Шошырлықтай нәрсе жок заты бөтен.  
Қайта бүркеп бесікті қойыпты да,  
Каннен-қапер қатерден қапыл екен.

Бірдеме деп, күбірлеп, ырымдапты.  
Тіршілігін жалғапты, бұрылмапты;  
Жүк үстінде, сол сәтте ала мысық,  
Үдірейе, бесікке, бырылдапты.

Ине-мұрты шаншылып танауында,  
Әлденені мысық түр қарауылдап,  
...Оралып қарашибар жылан жатыр,  
Бас жакта, тал бесіктің балағында.

Зәре-құт жок, анамда сүр қалмаған,  
Қарсы алдында аждада сумандаған,  
Бас бармактай басында сағат тілі,  
Өтті-кетті дегендей жылмандаған.

Құрым үйдін құбыжық есік-төрі,  
Дәрмені жоқ алмапты шешіп мені.  
Әжем үйге кіргенде, үнсіз ғана,  
Әбжыланды нұскапты бесіктегі.

Әжем келіп жүзімді байқап көрген,  
Тірі ме деп басымды шайқап көрген,  
Сусып түсіп сумандап, шұбар тажал,  
Ирелендереп, іргеге тайқап берген.

Қысып тұрып қыскышпен желкесінен,  
Әжем оны алыпты жер төсінен.  
Анама сүт әкел деп бұйырыпты,  
Әңгімені доғарып келтесінен.

— Бұзықтың қамшысындаи иректелген,  
Бұзық ит, сені не сор сүйреп келген?!

Тамыз, кәне, сүтінден таңдайына,  
Тажал неме бізге де үй деп келген.

Тұрыпты анам түсінбей мән-жайына,  
Ысып-суып, зымырап, қан бойына.  
Дұшпанды әжем есен-сау жолға сапты,  
Ақ тамызып жауымның таңдайына.

— Өлтірмегін,  
көтерме құнын босқа,  
Ол шакқан жок,  
жытуын, қуын, шошқа!  
Ұйықта, ботам,  
өзің кеп тиіспесен,  
Жылан деген төкпейді уын босқа.

Мен жатылпын есен-сау бесігімде,  
Алда болып ажалым, несібем де.  
Титтей-титтей қырық күн сығалапты.  
Қырық жамау құрым үй тесігінде.

Әлде сактап, періштем қақты ма екен?!

Әлде корғап мысығым жатты ма екен?

Әлде менін дүшпаным өзі коркып,  
Менен келіп корғаныш тапты ма екен?!

Неге менін үйіме төте кірді?!

Бесігіме неліктен көтерілді?!

Неге мені шақлады?!

Сезді ме әлде?!

Мен өзіне жау емес екенімді.

Жақын болса жауым кеп, сұйінер ем,  
Жауым болса жақыным, күйінер ем;  
Кім екенін білмеймін, түсімде мен,  
Қарашибар жыланды жиі көрем.

Сакта мені салқын тау, жұпар далам?!

Улы тістер бар шығар мұқалмаған...

Екінші рет, білмеймін не боларын,  
Бірінші рет, әйтеуір, жұта алмаған...

## 2. АЛДЫМЕН КӨРГЕНИМ – АСПАН

Кешірсін мені Жер-ана,  
Жер-ана – мәнгі жөргегім.  
Көк аспан, тұнық көк аспан –  
көзімді ашып көргенім.  
Әкеткен де іліп сол Аспан,  
әжемнің құрған өрмегін.  
Тек Аспан – менің арманым,  
Тек Аспан – менің өрмегім.  
(Шалқамнан бөлеп үйреткен)  
Жатырмын міне шалқамнан.  
Аспанды көр деп, Жер өзі,  
Көтереді арқамнан.  
Шаршайды бір сәт жанарым,  
сүрініп сонау тауларға,  
Өте алмай алып қалқаннан.

Қалқанға барып, көкжиек,  
салбырап тұрып құлайды;  
– Аспанның шеті сол ма? – деп,  
абдырап сәби сұрайды.  
Әлек боп әже жатқаны,  
әуелі атап құдайды:  
...Аспанның шеті болмайды,  
болмайды, балам, о несі?!

Қалқалап тұрған, көрдін бе?  
Таулардың сонау тәбесі.  
— Эр карай тағы аспан ба?  
— Мыжыма, балам, өсесін,  
өскен соң өзін көресін.

Көнбеймін,  
және қараймын,  
Алыста жатыр мұнартып,  
көк айдын, бірде ақ айдын,  
Тағы да таулар-қалқандар,  
Аспанның шеті құлай кеп,  
таусылғанға санаймын.

Тамаша!  
Дәл сол жерде, онша,  
Тағы да аспан бар ма еken,  
Өз көзінмен карасан!  
Көкжиек!  
Жұмбак көкжиек!  
Эр жағын маган белгісіз,  
Әлде бір жатқан түнек пе,  
тірі адам шыдалп көргісіз?!

Әлде бір аспан бар ма еken,  
Менікіне де бергісіз?!

Белгісіз маган белгісіз.

Өз үйім ғой – Жер менін,  
Алдымен Аспан – көргенім.  
Айды, Құнді, Жұлдызды –  
Сонан соң барып көргемін.

Алдымен аспан – көргенім,  
сонан соң барып таныдым,  
бұлттардың қаптап өргенін,  
ағызып өткен селдерін,  
селдерден кейін, аспаннан,  
әжемнің көрдім өрмегін.

Аспаннан тұнді таныдым,  
аспаннан танды таныдым,  
Таныдым тұннің түнегін,  
Таныдым күннің жарығын.  
Аспаннан саулап тұратын,  
түйірі ме әлде бидайдын,  
түйірі ме әлде тарының?!

Желпініп алып,  
бір сәтте,  
желікпе-бұлттар тарайтын,  
Тойымсыз біздің томпак жер,  
томсарып көкке қарайтын.  
Кекжиек және көлбей кеп,  
көлеңке тауға жанайтын.

Жанарына жас тұнып,  
Жалғызырап көлдер де,  
Аспанға қарап жататын,  
Қайтқанда құстар, келгенде.

Айдында шабақ шоршитын,  
аспандағы айды көргенде,  
аспаннан сәуле төнгенде.

Аспанға қарап сұығам,  
аспанға қарап жылығам,  
«Аспанның асты кен» дейді, –  
(Үсті кен, солай ұғынам)  
Апыр-ау, мұнда не сыр бар?!  
Майлыаяқ біздің қамықса,  
аспанға қарап ұлыған.

Аспанға қарап келді адам,  
аспанға қарап кетті адам,  
Шынымен аспан шексіз бе?!

Белгісіз осы тек маған.  
Кекжиек таумен сүйісіп,  
көрінбей жатса ар жағы,  
Аспанның біткен жері сол,  
аспан жок әрі деп қалам.

Құныскан құрым үйімде,  
жаттым-ау, талай шалқалап,  
Белгісіз маған өуе-аспан,  
белгісіз маған шартарап.

Майыстырып уығын,  
желпініп алып, құрым үй,  
Аспанымды, аядай,  
тұратын еді арқалап.

Аядай менің Аспаным,  
Төңкерілген тәбемнен,  
Алайда, сен шексіzsің,  
шетіне жетпей келем мен.

Өзіне қарап туылпын,  
Өзіне қарап өлем мен...

### 3. АДАМ АТА МЕН ХАУА АНА

Мен – Адам Ата,  
Ол – Хаяуана,  
Мен де таза, ол да таза, ауа да.  
Жылжып ағып жылға жатыр – қой-толқын,  
Харекетсіз біз отырмыз жағада.

Айналамыз алау-жасыл жаннат-бак,  
Антарылған екеумізді ардақтап.  
Бет алған ек біздер қайда бармаққа?  
Неге отырмыз ел көзінен аулактап?

Не күш бізді бастап келді, білмейміз,  
Неге біздер ойнамаймыз, күлмейміз?!  
Неге біздер бұрынғыдай асыр сап,  
Алдым-жұлдым арпалысып жүрмейміз?!

Әрі жақын, әрі алыс арамыз,  
Қыз бенен ұл...  
Бөлініппіз, қараныз.

Қыз бенен ұл...  
Жер мен көктей арамыз,  
Жер менен көк жақындастып барамыз.

Біз отырмыз, еш нәрсе де демейміз,  
(Еш нәрсені түсінбесек не дейміз...)  
Жылып аққан жылғаға тас лақтырып,  
Құныға кеп құмға аяқты бөлейміз.

Ал, табиғат...  
ал, табиғат тым басқа,  
Түйіп болмас, сүйіп болмас сыр-дастан.  
Үю-кию құстар анау шуласқан,  
Көбелектер нәр алуда тынбастан.

Шалғын мынау бүйра шашын таранған,  
Сары, жасыл, қызыл гүлдер – сан алуан.  
Самалдатып сағым акса аулакта  
Сағым болып теңселеді тау, орман,  
Барлығы да сүйісден жаралған.

Бар өлкеде бара жатыр нұр жанып,  
Бәрі бізді бағатындаи үрланып.  
Адам Ата бастап берген күнәға,  
Біздер, бірақ, мойнымызды бүрмадық.

Бақа-шаян, айуандар не түрлі,  
Сол күнәні қалайтындаи секілді.  
Басқа шығып бал шарабы көктемнің,  
Балбыратып, мазамызды кетірді.

Не керемет бізді мұнда тастаған?!  
Ол да менен, мен де одан жасқанам.  
Айналайын Адам Ата, Хая ана,  
Алдыменен қайсың едің бастаған?

Әлде сен бе, айналайын, Хая ана,  
Қауызын ашқан гүлге ұсап қараған?  
Адам Ата, әлде сен бе, ақ гүлден,  
Нәр алғанды тіршілікке балаған.

(Айтарым бар кендерге мен мақтанып)  
Сендер батқан күнәға біз батпадық.  
Түрған болар әйтеуір бір от жанып,  
Жанып барып, жанып барып, тоқтадық.



Албыраған алмадайын Хая анам,  
Албырап тек отыр еді манадан,  
Шырт етті де, бұтағынан үзіліп,  
Шолп беріп, суға түсті жағадан.

Сермен қалып, аппак сазан-білекті,  
Ағынменен арпалысып бір өтті.  
Су сипалап, су аймалап денесін,  
Мен өппеген дидарынан су өпті.

Аунап, тулат, арнасында жылғаның,  
Араласып кетті-ау, кетті су, жалын.  
Сонда барып, сезді менің ку жаным,  
Су мен өрттің өрістес боп туғанын.

Тас бауры қалуға бір жылынып,  
Суық су да тілейді екен жылылық,  
Алау жалын өртөнгөнмен қаншама,  
Калайды екен қалғанды бір сұннып.

Су мен жалын бірін-бірі тапқандай,  
Суыта алмай, жылыта алмай жатқандай,  
Ақ жалынды аппақ нөсер жапқандай,  
Ақ айдынға аппақ жалын батқандай.

Жалын мен су барып-барып басылсын,  
Мәлдір моншақ жағаға кеп шашылсын  
Хордың қызы судан алып кеудесін,  
Қос қолымен қекірегін жасырсын,  
Қос бұрымы қос иыкка асылсын.

Жылып қана жуасыған жылғада,  
Су моншағы мойынынан сырғанап,  
Моп-момақан, ақ қанатты періштем,  
Әлі менің көз алдымда тұр карап...

Махабbat па, әлде басқа сезім бе?  
Сезінбедім сол бір сөтте өзім де.  
Қысқа өмірдің қызғылықты сөтінің,  
Негативі әлі менің көзімде.

Талай қызық көрдім де мен, көрермін,  
Тайталасқан сезімге ерік берермін.  
Менен алып негативін сол сәттің,  
Сондағыдай сурет жасап, берер кім?!

#### 4. ШАРУА ҢӘМ ЖАУЫНГЕР

Білмеймін, өлдің бе сен, өлмедің бе,  
Белгісіз, жендің бе сен, женбедің бе.  
Кетіп ен «Көппен көрген – ұлы той» деп,  
Уыстап қайратынды шенгелінде.

Білмеймін, сен аттың ба, жау атты ма?!

Тірідей тықты ма әлде абақтыға?!

Білмеймін, бір қағынғыр соғыс салса,  
Шалғайдағы шаруа жауапты ма?!

Жанжал десе, құлағы елендеген,  
Жауынгерлер сиякты ем сенен де мен.  
Сенбеймін, сен адамды ата алмайсын,  
Кару алған жауынгер дегенменен.

Аранын ашқан шақта қанды ауыздар,  
Корғанып аттың ба әлде жалмауыздан?!

Білмеймін, қайтып адам өлтіре алдын,  
Үйінде көрмеп едің мал бауыздап?!

Намысын қозды ма әлде төзім беріп,  
Оқ болып үшты ма әлде сезім-желік?!  
Оракпенен қолынды отап алсан,  
Шошушы ең өз қанынды өзің көріп...

Әлде, ол, басқа қан ба, жолай, бөтен,  
Әлде ерліктің ғадеті солай ма екен?!  
Әлде елінде егін сап, мал бакқаннан,  
Адамды ата салу оңай ма екен?!

Мен білмеймін,  
білмеймін,  
тұсінбеймін!..

(Ел мактасын ерлігін үшін мейлі.)  
Қарлығаш боп отына су себем де,  
Сені әйтеуір тозаққа тұсірмеймін.

Қару құрысын, қаруды нағыласын,  
Сен орақты алдымен танығасын.  
Жаһаннамға қан жүктеп кеткен жоқсын,  
Егін салған егеу-қол шаруасын.

Базарлап отыратын барыңменен,  
Шаруа едің жаныңмен, арыңменен,  
Әлде жау бұлағынды бұрып алып,  
Егінінді суардың қаныңменен?!

Әлде біреу тұтқан соң арманынды,  
Амалсыз, жұмсадың ба қанжарынды?!  
Амалсыз, өлтіруді үйрендің бе,  
Жау айдал баратқасын бар малынды?!

Құлағалы тұрған соң қайран қосын,  
Қару болып қолында қайлан-досын.  
Қансыратып біреуді жықтың-ау сен,  
Құрбандықсыз қан майдан қайдан болсын.

Өлтіруден басқа еш, дым білмедін,  
Кім білсін, кек алып та үлгірмедін...  
Алғаш рет жауынды жамсатарда,  
Аян маған абыржып, ділгіргенін.

Мүмкін, жауын сол сәтті пайдаланды,  
Аяушылық, парасат жайға қалды,  
Сезім билеп, сен аяп тұрған шақта,  
Сені аямай, дұшпаның байлап алды.

Адаммен тілдесуге күмар едін,  
Мүмкін, сен анғалдықпен тұра бердің,  
Мүмкін, сенің көзінде қан ойнақтап,  
Әйтеуір қыра бердің, қыра бердің.

Өкінбен сен өмірден өтті ғой деп,  
Өкінем жау түбіне жетті ғой деп.  
Өкінем жендегтердің арасында,  
Сендей бір шаруалар кетті ғой деп.

Кетсінші аулақ!  
Құрысын пайымдаулар!  
Жан емеспін қасқырдан койын даулар.  
Менің әкем, белгісіз солдат емес,  
Бауырлар моласына қойылғандар!

Бауырлар моласына табынамын!  
Басқадай ескерткішті нағыламын.  
Бастарында мәңгілік тұрса болды,  
Орак пенен Балғасы шаруаның...

## 5. МЕНЕН СҰРА

Мен соғысты көргенім жок,  
Көргім де жок, көрмедім.  
Соғыс ойынын ойнайтынмын,  
(балалардың ермегі).

Қару алып,  
кан майданда,  
Қас жауыма төнбедім,  
Көрдім, бірак  
жесірлердің, жетімдердің еніреуін.

Мен соғыста болғамын жок,  
катыспадым, бармадым,  
Батыр ойынын ойнайтынмын,  
(батыр болу – арманым.)  
Білем, бірак  
шымылдықтар түсірілмей қалғанын,  
Бесік жыры болғандығын қатындардың зарлары.

Жо, жок,  
жолдас!  
Біз соғысты көргеміз!  
Аты солдат болмағанмен,  
солдаттардан кем бе біз?!

Кызыл аяқ партизандар –  
кырдан масак тергеміз,  
Калтамызды қағып тұрып,  
кан майданға бергеміз.

Аштан өлген ауру қартты,  
акландағып,  
көрге біз,  
Тонды тесіп, әзер-әзер,  
Үш-төрт күнде көмгеміз.  
Таттық біздер, сол соғыстың,  
«балы менен шекерін»  
Көрдік біздер,  
Махаббаттың құлазыған мекенін,  
Сездік біздер,  
женгеміздің жастығының өтеуін,  
Білдік біздер,  
әкесіздік,  
некесіздік не екенін.

Көрдік қой біз,  
өткердік қой,  
қилы-қилы кездерді.  
Гүліміз де ерте ашылып,  
кәмелеттік тез келді,  
Тыңдал біліп,  
көмейдегі айтылмаған сөздерді,  
Тани білдік құмарлықтың тұманы бар көздерді.

Атасына жараспайтын келінінің сәлемі,  
Кез еді бір...  
(кесапттар кесапатқа тән еді...)  
Тілдеріне тиек тұтып,  
іздейтүғын дәлелі –  
Не демексін,  
тек соғыстың, тек соғыстың әлегі.

...Соғыс деген кайдан шықты?!

Авторы кім алғашқы?

Есіл Адам,  
есі кетіп,  
оған несін жармасты?!

Бір дәуірден бір дәуірге неге үзілмей жалғасты,  
Бұқіл адам тарихының бетін неге қан басты?

Соғыс деген немене өзі?  
Тек қана апат, қырғын ба,  
Арман-тілек, акыл-ойды апаратын құрдымға?  
Соғыс деген –  
аккан соры аксүйектін, құлдын да,  
Соғыс деген –  
төккен ары қыздың жөне үлдын да.

Соғыс деген жаралмаған,  
жалғыз ғана қан үшін.

Соғыс деген –  
сор айдаған содырлардың табысы.  
Соғыс деген – сақаймайтын есуастар дәрісі.  
Соғыс деген –  
сойқандардан қорғанғандар намысы.

Соғыс деген –  
сотқарлардың қолындағы найзасы,  
Колданады, долданады,  
таусылғанда айласы.

Соғыс деген,  
соғыс деген – зұлымдықтың айнасы,  
Біреулердің шығыны да, біреулердің пайдасы.  
Жас дәуірге,  
жармасып ап,  
соғыс дейтін кәрі бір,  
Колдан ажал жасап алып,  
жасқандырып әлі жүр.

Әділетті,  
әділетсіз...  
Аты – соғыс, бәрібір,  
Қан тәгіссіз қара жердің кірмей қойды «сәні» бір.

Тыныш жатқан бір елге,  
бір ел келіп ұрынар,  
Қандай ғана әкесінің, алынбаған құны бар?!

Қайсы ел соғыс бастаса,  
ел емес, ол – ұрылар,  
Қан майданда басы оның алдыменен жұлынар.

...Шексіз сүйем ұлтымды,  
сүйе тұрып, алайда,  
Басқа адам баласына көз алартсан, қалай ма?!  
Ұлтын сую бір бөлек,  
ұлтшыл болу жарай ма?!  
Қайтіп айтам Дантеge,  
Жетпейсің деп Абайға?!

Маған соққан самал жел,  
басқаға да соғады,  
Маған келіп бақ қонса,  
басқаға да қонады,  
Мендегі бар ұлылық,  
басқаларда болады.  
Қандай ғана қақым бар,  
тұрам деуге жоғары?!

Әлемге ортақ ауа бар,  
әлемге ортақ жарық бар,  
Мұнаймасын «кішілер»,  
мұнайтпасын «алыптар»,  
Ұлы ұлт жок,  
кіші ұлт жок,  
Адамдар бар, халық бар,  
Соғыс емес, еңбекпен ұлылығын анықтар.  
Халықтар бар,  
алдында тарам-тарам жолдары,  
Табиғаттың бәрі ортақ,  
таласпаса болғаны.  
Соғыс деген –  
бір халық бір халықты зорлауы,  
Соғыс деген – фашистер,  
ұлтшылдықтың қорғаны.

Соғыс дейтін сөз ескі,  
өтті ол енді кезенмен,  
Сөздік қорға фашизм, фашист деген сөз енген.  
Фашизм, фашист – сөздерден,  
құлактардың безі өлген,  
Қарғай жүріп оларды ерніміз де кезерген.

Соғыс – фашист,  
екі сөз, бір түбірден таралған,  
Бірі сынар қалмауы үшін,  
біреуісі жаралған.

Қарға оларды, тау мен тас,  
                          қарға оларды, кара орман,  
Фашизм – ұлы ғасырды уландырған арам қан!

Фашизмді көргемін, фашизмді сезем мен,  
Мен құрсақта жатқанда маған қару кезенген.  
Фашист барда – соғыс бар,  
                          ол – ақиқат ежелден,  
Фашизм бар, фашист бар,  
                          соғыс деген сөз өлген.

...Мен соғысқа бармадым,  
                          мен соғысты көрmedім,  
Бірақ көрдім солдаттың үйіне кеп өлгенін.  
Құмарлана құша алмай сағынышын жеңгемнін,  
Құлағанын үйге кеп өз көзіммен көргенмін.

Мен соғысқа бармадым,  
                          мен соғыста болмадым,  
Жүрді бірақ майданда мен жіберген қолғабым.  
Көрдік, бірақ құрбы қыз толмай жатып солғанын,  
Жібіткенін көргемін әлдекімнін тондарын...  
Жанап өтті балалық, бала болып өспедім,  
Шаруаның ғұмыры, кенедейден кешкенім.  
Менен сұра,  
                          Бидайдың егілгенін, өскенін,  
Менен сұра,  
                          Еңбектің қысқа таңын, кештерін.

Менен сұра, соғыстың тастап кеткен зардабын,  
Ауыл қайтып көтерді қан майданның салмағын,  
Менен сұра, жас бала қайтіп әйел алғанын,  
Менен сұра, жас қыздың қайтіп шалға барғанын...

## 6. АҒА, МЕН ТІРІМІН

...Содан бері көрmedім, жолаушы аға,  
Жолығысып, шіркін-ай, қол алсақ-ая!  
Кезең асып, қайырылмай кетіп еді:  
Сонау – сен, сонау – атың, сонау – шанан.

Жадымда,  
                          Соғыс кезі, сойқанды кез,  
                          Қыс еді қытымыр шал, сойқан мінез.

Салдыртып шыға келдің кыр басына,  
Қалдырып алдындағы қайқанды лез.  
— Мынадай түтеп тұрған борасында,  
Ей, бала, өлейін деп барасын ба?!  
— Ағатай, ала кетші нағашыма?  
Әнеки, аноу таудың арасында.

Сөзіміз осы болды, үндемедін,  
Шұбар ат желіп кетті «Шұу!» деп едін.  
Қайырымсыз кісіні алғаш көрдім,  
Қайырымсыз қазақты білмеп едім.

Деп тұрғам жок, сенен мен өш алайын,  
(Кездесті ғой қайырымсыз неше ағайын...)  
...Шұбар атың аман ба, өлген жок па?  
Сынған жоқ па сондағы кәшауайын?

Білмегенсін, менің кім екенімді,  
Жетпесімді ауылға, жетерімді,  
Сәлем, аға, қөнілдін архивінен  
Сен қалдырған бір тозаң көтерілді.

Сен кеттін.  
Мен тағы да жаяулайын,  
Жүгірейін, желейін, аяңдайын.  
Сәл сабыр ет, ағасы, ретіменен,  
Аспай-саспай, ақырын баяндайын.

Аштық дейтін албасты-наланы артқан,  
Бала едім қорек іздең бара жатқан.  
Адамның баласы деп, қарайлап ем,  
Қарандап көрінген соң қараш арттан.

Баратқан ем, таппак боп несібемді,  
(Ағат айтсам, ашумен, кешір енді...)  
Сен маған қайырылмай кеткенінде,  
Есінде ме, ағасы, бесін еді.

Екі көзім – шұбар ат, сенде, менің,  
Өклем кеуіп, артыңдан терлегемін.  
Әуре етейін деген бір әзілі деп,  
Өзімді-өзім жұбатып, сенбегемін.

Панам ғой деп, тәнірім жолықтырған,  
Шырылдағам жолына болып құрбан.

Естімеуін даусымды мүмкін емес,  
Себебі, жел мен жақтан соғып тұрған.

Ақыры ғайып болды тарлан шұбар,  
Тарлан шұбар – сендеңі ардан шұбар.  
Жарты қасық қазақтық қаның болса.  
Құлағында дауысым қалған шығар.

Сол кеткеннен мол кеттің, қарамадын,  
Күн батты, қырға қарай жағаладым,  
Жүріп келем, қадалып жүргіме,  
Шұбар аттың емшекті тағалары.

Батырсып, кайрат жиып, жортқан болам,  
– Кайт! – дейді, қарсы алдыннан соққан боран.  
Сонда, аға, сен қай жерде бара жаттың?  
Шұбардың тұяғынан оқтар борап?!

Мен адастым таудың бір аңғарында,  
Байыпленен бағдарлай алмадым да.  
Еміс-еміс естімін иттің даусын,  
Ендігі сол – үмітім, арманым да.

Болды ма аяз, білмеймін болмады ма,  
Көніл бөлген мен жоқпын ол жағына.  
(Сен сонда шай да ішіп үлгердің-ау,  
Болайын сенің қазақ болғаныңа...)  
Карамай қажығаным, тонғаным,  
Иттің даусы қай жақтан шықты екен деп,  
Тың тындал, терім қатып, сорладым-ау.

Иттің де даусы тынды қырсыққанда,  
Өлген бе бұ дүние, тұншыққан ба?!

Кешір, аға, мен сені аяғам жок,  
Омбы қарға бір тұсіп, бір шыққанда...

Бір сайдың тірелдім кеп түйіғына,  
Аспан құлап барады иығыма,  
Бетім ауған жақленен безіп келем,  
Тұсіп алып қойлардың шиширина.

Жок, аға, мені өлсін деп жаратпаған,  
Үміт тұр қарсы алдында, қарап маған.  
Шай ішіп, буы шығып, қыстау жатыр,  
Мұржасына тұтінін сабактаған.

Төбеттер жүр қораны шыр айналып,  
Тура тарттым, тұрмадым мың ойланып.  
Қорқыныш та, үрей де былай қалып,  
Тақадым-ау қыстауға құлай барып.

Kісі алатын төбеттер қалай бөтен?!  
Несібемнен бұрылып, қалай кетем?!  
Корықпа, аға, есен-сау үйге де ендім,  
Аш адамды ит-тағы аяйды екен...

Төрт-бес төбет қаппады, таламады,  
Ракмет иттерге, бағалады.  
Иттің тісі жүрекке дарымады,  
Дарығаны – шұбар ат тағалары.

Үй иесі өзіннен бөлек екен,  
Бала десе, бәйек боп өледі екен.  
Қайырымды қазаққа дөп келіппін,  
Қазақ деген сен емес, бөлек екен.

Жауып жатыр тонын да, торқасын да,  
Беріп жатыр етін де, сорпасын да.  
Нағашымның қыстауын таппағанмен,  
Әке-шешем отырмын ортасында.

Сен туралы қартқа айттым, жолаушы аға,  
Сені жақсы демеді ол оншама.  
Әкеннен, тәліміңнен түк қойған жок,  
Ластанды сонау ат, сонау шанан...

Қарт сенін біледі екен қылышынды,  
«Даярлап жүрмін, – деген, – құрығымды».  
Қан майданнан баласы оралғанда,  
Қалайда үзем деген жұлышынды.

Білмеймін бес бересі, аласынды,  
Қарт саған кәрін төгіп, аласұрды.  
«Ит болмаса, айтпай ма, бұл тауда жок,  
Ол сенің біледі ғой нағашынды».

Өткен күн – өткен із ғой басылады,  
Көшкен бұлт – көніл кірі, ашылады.  
Бабам білмес қазақтың қара шалы,  
Он бес күн каникулда асырады.

Қолғанат қып, қойын да бактырмады,  
Тон аудартып, кетпен де шаптырмады,  
Өзі өкеліп тастады ауылымы,  
Өзіңе үқсап, өзекке лақтырмады.

Жетер енді,  
Жел сөзді желпіді інін,  
Жолаушы аға, барсың ба, мен тірімін.  
Атын былғап, аман-сау жұрсін бе сен,  
Қазақтың қасиетті кемпірінің?

## 7. ДАРИҒА-ЖҮРЕК

### 1. Аққудай еді

Болған-ды менде бір женге,  
Жылайтын еді бір демде,  
Күлетін еді бір демде;  
Күлетін еді құллі әлем,  
Дариға женгем құлгенде;  
Жас тамып жасыл бүрлерден:  
Қарағай, терек, бургеннен;  
Жылайтын еді гүлдер де,  
Дариға жылап жұргенде;  
Ауыра қалып бір демде,  
Айығушы еді бір демде.  
«Аққудай еді көлдегі,  
Сұнқардай еді жердегі».  
Айта да жүріп осы әнді,  
Дариға-жүрек шөлдеді.  
Санаттан жары келмеді.  
Саятқа көнілін бөлмеді,  
Сабырға сайтан ермеді;  
Сайтанға ерік бермеді;  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Шөлдеді, бірақ өлмеді;  
«Сұнқардай еді жердегі,  
Аққудай еді көлдегі».  
Аққудай еді көлдегі...  
Жолбарыс бақай – білегі,  
Құлан жон жанның бірі еді;  
Құлпыра сокса рені,  
Құтыра сокса жүрегі,  
Қыранды құрдай іледі;  
Қос уыс бұрым арқада,

Кос жылан болып жүреді;  
Егіз шың тұрған кеудеде,  
Еністін жатыр сілемі;  
Кос жанар бірден жалт етсе,  
Жарқ етіп шыкқан күн еді;  
Дариға-жүрек кім еді?..  
Далаңың жалғыз гүлі еді,  
Екеуі болса, бірі еді,  
Біреу болса, өзі еді;  
(Оны өзі де сезеді.)  
Дариға-жүрек кім еді?  
Тасылмай қалған өзені,  
Ашылмай қалған өзегі,  
Келмей бір кеткен кезегі,  
Керемет жанның өзі еді;  
Айтылмай қалған сөз еді;  
Ашылмай жүрген сыр еді,  
Басылмай жүрген жыр еді;  
Дариға-жүрек кім еді?  
Дариға-жүрек мендегі!  
«Сұнкардай еді жердегі,  
Аккудай еді көлдегі».  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Дариға-жүрек шөлдеді.  
Сап-салқын қоңыр кештерде,  
Сайлардан самал ескенде,  
Алыстан Ай кеп, шындардың,  
Ақ сәлдесін шешкенде,  
Керуен-бұлттар көшкенде,  
Көнілден оттар өшкенде,  
Аршалар күбірлескенде,  
Жан салар соның бәріне,  
Ән салар сонда бір үн бар;  
Тұрындар бәрің, тұрындар!  
Әнменен туып, бірге өлген,  
Атаннан қалған ырым бар;  
Тұрындар, түгел тұрындар!  
Әуезге құлақ бұрындар,  
Әуелі сыртқа шығындар;  
Шығындар да, тынындар,  
Талықсып жеткен сол үнге  
Талықсып біраз тұнындар;  
Аясында анау аршаның,  
Дариға отыр ән салып;

Білдірмей өксіп, бір шалың,  
Бір шалың отыр тамсанып...  
Дариға отыр ән салып;  
Жер түбі кеткен жарларын,  
Жесірлер тұрсын карсы алып,  
Жетімдер үшсін жар салып,  
Дариға отыр ән салып,  
Өлі бір кешке жан салып;  
«Сұнқардай едім жердегі,  
Аққудай едім көлдегі...»  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Сапардан жары келмеді...  
Дариға отыр ән салып,  
Дариға солай отырсын,  
Жалғаннан жарын шақырсын;  
Керенау, дел-сал, ей, таулар,  
Құрсінбей неге жатырсың?!  
Кейімей тұрсың, кең жайлау,  
Кең жайлау емес, татырсын!  
Кеуіп бір қалған тақырсын!  
Кейімей тұрсың Ай да, сен,  
Ай емес, қара бақырсын!  
Қаранды суға батырсын!  
Құнірен, таулар, құнірен,  
Құнірен, жайлау, құнірен,  
Кеуденінен жалын атылсын!  
Кірпігінді қақшы, Айым,  
Көзіннен жасың шашылсын.  
Дариға-жүрек басылсын,  
Көнілдің кірі ашылсын,  
Жасырсын, бәрін жасырсын,  
Шақырды жарын, келмеді,  
Белгісіз тірі, өлгені;  
Дариға-жүрек шөлдеді.  
Тау-дағы көніл бөлмеді,  
Ай-дағы көніл бөлмеді,  
Жайлау да көніл бөлмеді;  
Қос басы – өлік көмгендей,  
Дариға оны көрмеді;  
«Сұнқардай едім жердегі,  
Аққудай едім көлдегі»,  
Дариға-жүрек шөлдеді,  
Дариға-жүрек шөлдеді.

## 2. Жалған

- Женгелер-ау, женешем қайда менің?  
— Шомылып жатыр аноу сайда, — деді.  
Бір сүмпайы құлкіні қымтап қалды,  
Қылымсыған қатынның қаймақ ерні.  
— Экел бермен,  
    қымызың қайда?! — деді.  
— Қымыз емес,  
    бүгінгі айран еді...  
  
— Ыстық мынау,  
    соншама кешігесін...  
Әкел бермен!  
    Несіне тесілесін?!  
Шалғы шындал отырған кексе қатын:  
— Ей, Бәтіш,  
    нене сонша есіресін?!  
Несібенді үрлаған Дариға ғой,  
Балаға несін сонша жекіресін?..  
  
— Жүресін де қоясын,  
    өсек бағып,  
Қашан бізге беріп ең төсек салып?!  
Жәйіне отыр оттамай, ісінді біл,  
Тұлпарға әкеп теліме есекті алып!..  
  
— Пішту деген бетім-ай!  
    Карай қалғын?!  
Білмейсің бе сынғаның шар айнаның?!  
Өз көзіммен көргемін, әлі көрем!  
Шомылуға сен-дағы талай бардың...  
    Мен кетіп қалдым...



Жаман түстен шошынып оянғандай,  
Шошып кеттім,  
    шошыдым,  
        ой, аллам-ай!  
Мен алапат екі бір жыртқыш көрдім,  
Кызыл қанға бөксесі боялғандай.

Сүмдүқ көрдім ешқашан сыр ашпаған,  
Несіне айтамын деп тыраштанам...

Сұмдық көрдім,  
бүкіл бір сұлулықты,  
Сүркія құмарпаздық ластаған.  
Дүние-ау,  
сұлу ең ғой жаңа ғана,  
Оп-онай-ак,  
осылай,  
жоғала ма?  
Айтсаншы, ей, табиғат,  
сұлулығын  
Осындай сүркайлықтан жарада ма?!  
Дарига...  
Тфу!!!  
Жаман еді аты қандай!  
Сорлы аға,  
сойқан апты қатын алмай.

...Аузымды андаусыз ашып қалсам,  
Жүргегім снаряд боп атылардай.

Тфу, ит!  
Қандай жаман ән салады,  
Ән емес, осы еken ғой ансағаны.  
Мына бір бояуы жок бозала тау,  
Өзіне сұлумын деп тамсанады.  
Мына бір бүркүраған бұзық-өзен,  
Даурығып өзіне-өзі жар салады.  
Мына бір татымы жок тау самалы,  
Ана бір албастыдай аршалары,  
Мен сұлу, мен сұлу деп қарсы алады;  
Мына бір қызыл ғүлдер қызынақсып,  
Ана бір жаужапырақ қол соғады;  
Кай жерден көрінер деп қансонары,  
Сонау бір көрі қыран тау шолады;  
Қыран емес, жауыз ол, қан сорады!

Жақпар-жакпар жартастар,  
құдайсындар!  
Себебі, сендер, міне, былайсындар:  
Тәқаппар сұлулықты сақтайсындар.  
Беттеріңен жосқанда лай сулар;  
Тәқаппар сұлулықты сақтау үшін,  
Тәқаппар қорлықтарға шыдайсындар;  
Күннен жылу, желден тіл сұрайсындар!

О, жартастар!  
Жартастар, құдайсындар!

Жабыла кеп жалғандық құндеңенде,  
Әр «сұлудын» басына құлайсындар;  
Сұлұлықты қайтадан құрайсындар;  
Сендер ғана – мәңгілік ескерткіштер,  
Сендер ғана – мәңгілік құдайсындар;  
Сендерге мен шыңғырып шынымды айтам,  
Шыңғырып сендер бірге жылайсындар.

Жалған! – дедім,  
(жалған деп айтам әлі.)

Жалған-н-н! – деді,  
(жартастар қайталады.)

Таулар! – деп ем,  
(тауларым байқамады.)

Жартастарым таулар деп қайталады.

Дариға-жүрек!  
(тағы да қайталады.)

Құндыз бөркі құздардың шайқалады.

### 3. Намыс пен мұза

Самалдап барып,  
саялап тынған шалғайда,

Дариға-жүрек,  
аккуға қосқан ән қайда?

Сұлұлық шіркін,  
шынымен мені алдай ма?

Дариға-жүрек,  
және бір әнге салмай ма?!

Кою тұн мынау,  
коқырып жатыр қос басы.

Бойкүйез тау тұр,  
бозбала бұлтпен достасып.

Бір бел мен бір бел –  
қосыла алмайтын қос ғашық.

Гүлдерін ұстап,  
қолдарын бұлғап, қоштасып.

Естерін жиып,  
есіней-есіней, маужырап,  
Адамдар түгел ұйқыға кетті қалжырап.

Бұлактың басы,  
бүйіғы өскен бал-құрак,  
Бағады сыйыс,  
естілер емес ән бірак.

Жартастар жатыр,  
жалаңаш тастап кеудені,  
Сайлар да, міне,  
сарыла-сарыла, шөлдеді.  
Мазасыз бұлақ маңайға тыным бермеді,  
Аңсатып бәрін,  
Дариға-жүрек келмеді.

Несіне келсін,  
ән салу оған мақтан ба,  
Не жетсін, шіркін,  
несібе құшып жатқанға.  
Несі бар онын:  
жетім мен жесір, қарттарда,  
Не жетсін, шіркін,  
темекіні орап тартқанға.

Жат көздер, мейлі,  
жазғырып оған қарасын,  
Түсінсін бе олар,  
өлі мен тірі арасын.  
Жарайды сол да,  
жанының басты жарасын,  
Жадырап енді,  
жалыны бойға тарасын.

Дариға-жүрек,  
несіне енді салсын ән,  
Несін алды онын,  
жүрекке ине шаншыған,  
Не тауып еді,  
көзінен тамған тамшыдан.  
Не тапты әннен,  
көңілін ыңғи жаншыған?!

Күтпендер, таулар,  
Дариға әнге салмайды,  
Жартастар күтпе,  
Дариға даусы бармайды.

Күтпендер, сайлар,  
кулкімен енді алдайды,  
Халқының үнін сауыққа енді арнайды.

...Осы бір ойлар,  
тұн сайын мені езеді,  
Бойымда қаным –  
тулаған таудың өзені.  
Жанымды менің,  
женгемнің даусы кезеді,  
Жүрегім ұлып,  
калғандай жетім сезеді.

Шөпшабыс еді.  
Қосымыз тұрған шатқалда  
Ұйқыдан қауым,  
жанадан тұрып жатқанда,  
Дариға-жүрек,  
ботадай келіп боздады,  
Бозарып тұрып,  
бозарып атқан ақ танда.

Тындаған жан жок,  
өзінше жүрттар дүрбелен,  
Кімдері сөйлеп,  
кімдері үрсып кімменен.  
(Қауымның мұндай,  
қатыгездігін білмеп ем.)  
Айғай мен ғайбат,  
айналам тегіс гулеген.

– Таң атпай жатып,  
оійна тұсті әлдене?  
Сайқалданба енді,  
үнінді өшір, қар неме!  
Сұмдықты бастап,  
таң атпай жатып зарлама,  
Үнінді өшір!  
Отірік зарлап, алдама!

– Пәруәрдігер,  
алbastы ма өзі, пері ме?!

Аруакты мына ит,  
оятар болды-ау көрінен.

Дариға-жүрек,  
мына жұрт сенен жеріген,  
Көмгелі жатыр,  
өнінді бірге сенімен.

Күрсініп алып,  
күніреніп кетті тау маңы,  
Бағытын бұзып,  
бұлттағы Ай теріс заулады.  
Тигендей бүйі,  
кең жайлау кейіп, аунады,  
Дариға-жүрек,  
дамылын таппай, лаулады.

Жайлауды тастап,  
жапырлап ауыл көшкендей,  
Шатырлап барып,  
ошақта оттар өшкендей.  
Азалы бір үн,  
аяулы біреу өлгендей,  
Азамат мерт бол,  
ауылын жауы женгендей.

Азалы бір үн,  
арызын кімге шакқандай,  
Мезгілсіз күз кеп,  
мерейді тұман жапқандай.  
Мекенін тастап,  
мезгілсіз құстар қайтқандай,  
Коңыр қаз  
ән сап,  
коштасып бара жатқандай.

Кыршындаі солған,  
қызғалдақ гүлге бүр жарған,  
Курайлар сыңсып,  
жоқтау сап құла қырлардан.  
Азалы бір үн,  
бірде мұң-қайғы,  
бірде арман,  
Азалы үnnің астында жатыр бұл жалған.

Дариға-жүрек,  
лапылдаپ барып басылды,

Күрөн күн келіп,  
мойнына таудың асылды.  
Бір белден сонда,  
бригадир келді ашулы,  
– Тездет! – деп,  
жұрттың дегбірін әбден қашырды.

Тірліктің күні,  
тірліктің сәнін сырғытты,  
Тірліктің күні,  
тірліктің әнін қылғытты.  
Жалына аттың,  
біреулер жасын ырғытты,  
Біреулер жасын,  
бетінен төмен жылжытты...



– Қымызың бүгін тәтті екен,  
күйшы, тентегім,  
Айызым қанып,  
ішейін бүгін иен тегін.  
Женгемде көзім,  
кудіктің бұлтын серпемін,  
Белгісіз маған,  
көнілім бір күй шертеді.

Ернінде оның,  
киығы менің қөзімнің,  
Елестеп кетті,  
қылығы бағлан-қозымның.  
Қозыма сусын бергендей болып сезіндім,  
Лас ойларды лақтырдым мұлде,  
безіндім.

Сырлы тостақтан,  
сызылта сорып болды да,  
Сызыла беріп  
сырғанай тұрды орнынан.  
Аяныш көзбен,  
абайлап қарап сорлыға,  
Жігерім жасып,  
көнілім сонда болды нан.

– Тентек,  
сен отыр,  
атынды тұса, аттанба,  
Тас жуа теріп келейін ана шатқалдан!  
– Дем алсаң етті,  
несіне сонша желіктін,  
– Тентегім менін...  
тұсінесін бе...

жерікпін...

(Тұсіне алмағам, жерікті қашан көріппін)

Оңаша, жалғыз  
отырмын жұмсақ макпалда,  
Коямын қарап,  
женешем кеткен шатқалға.  
Оңбаған ойлар,  
оралып жатыр қайтадан,  
Сонау бір өткен,  
сонау бір сұрқай шақтарға.

Безінем одан,  
көрмедім оны,  
бармадым,  
Бәрі де сұлу,  
сұлулық толы жан-жағым.  
Қарағай-шырша,  
қапталдан құлай қаулауын.  
Тұңғиық көкте,  
қыранның, қара, самғауын.

Сайлардан соққан  
самалдың, қара, салқының,  
Таңдайға үйіп,  
гүлдердің мына аңқуын.  
Бу шашып,  
әнеу,  
кәрі жартастың балқуын,  
Жасыл белдердің  
жасырын бәрі шалқуын!

Жарық дүние-ай,  
жаным-ай менің!  
Ғажапсың!  
Ғажапсың, шіркін!  
Амал не, тезсің,  
аз-ақсың...

**Құзар жартастан**  
 орамал көрдім бұлғаған.  
 – Қош бол, тентек!..  
 (Әзілдеп, сірә, түр маған.)  
**Кек көйлек көрдім,**  
 калықтап құздан зулаған,  
 – Қош бол! – деп, – Тентек...  
 шуылдаپ үні тынбаған.  
  
 – Қош бол! – деп тастар  
 хабарлап жатты жан-жакқа,  
**Негылған сұмдық!**  
 Дариға ма, әлде аруақ па?!

**Өте алмай қалдым,**  
 жете алмай қалдым ар жакқа,  
**Дариға-жүрек...**  
 Үшты да кетті аулакқа...

**Муза деп атап,**  
 акындар ғибрат қылатын,  
**Сол екен – менің періште жырым,**  
 мұратым!  
**Дүниенің мынау,**  
 қабағын бағып тұратын,  
**Дариға-жүрек,**  
 өмірге берді бір акын...

## 8. ҚАНАТТАРЫМ МЕНІН

*...Сол жылдардағы соғыс құрбандарының  
отбасыларына арнаймы*

**Бәрі де майдан үшін!**  
 Осы ұранды,  
**Медет қып бүкіл қауым жосыған-ды.**  
**Шабындықтар айырылып шалғышыдан,**  
 Диқандардың еркексіз қосы қалды.

**Кетіп жатыр біреудің бауырласы,**  
 Біреудің бас иесі, ауылдасы.  
**Қанырап, мелшиіп тек қарап тұрды,**  
 Бітпеген мектептердің қабырғасы.

**Жоқ болды жаңа мектеп енді бізге,**  
**Бітпей қалды (қырсықты көрдініз бе?!)**

Сонда барып ойнаймыз соғыс ойнын  
Сәбиміз, дәнене жоқ көнілімізде.

Атысамыз, Чапай бол шабысамыз,  
«Біз» болып, «неміс» болып алысамыз.  
Діңкеміз құрығанда үйге келіп,  
Дертімен шешейлердің табысамыз.

Осылай енген біздің өмірімізге  
Баяғы болып өткен соғыс-аңыз.

Бартұғын екі досым, екі інім,  
Екі А нам, екеуі де екі Күнім.  
Мал дегеннен жалғыз-ақ құла құнан,  
Қасқасы бар астында кекілінін.

Екі Ана, екі ғана дос болатын,  
Екі іні, құла құнан – кос қанатым.  
Жеті жетім сүйеніп бір-біріне,  
Қайғы дейтін қанырап бос қалатын.

Мен қанатсыз емес ем жараптанданан,  
Жалғыз жаяу да емес ем қаран қалған.  
Жаным сүйген жақсы атты қанатым деп,  
Қанат альп үшқан ем адамдардан.

Өмір озды,  
Отыздан әрі атгадым,  
Ұшып келем, келмейді тағаттағым.  
Қандай еді?!

Қайда жүр?!

Қайда кетті?!

Менің мамық балапан қанаттарым.

1

Құздары құлаш ұрған көкте күнге,  
Алып таудың аулымыз бөктерінде.  
...Құландай құнаныма құрық түсті,  
Соғыстың ең алғашқы көктемінде.

Сәби ем, шын қайғырып үлгермеген,  
Жалаңаш-жабықтықты мін көрмеген.  
Жарысып бірге жүрдім күндерменен,  
Жайғасып бірге үйіктадым түндерменен,  
Сәби ем зор өмірден дым көрмеген.

Жылғада жүрдік ойнап аулақтағы,  
Жылқы жатты қашада тау жақтағы.  
Бір топ адам бір асау ортасында,  
Карбалас қоршап алған қаулап бәрі.

(Құтылмас бұғалықтан жылқы малы)  
Шу асау қыл арқанда қылқынады.  
Босанбақ боп шалмашы тақымынан,  
Торға түскен тортадай бұлқынады.

Көз алдымда шалмашы шіренгені,  
Жақыннады асауға біреулері.  
Кос құлактан біреулер тұқырта ұстап,  
Біреулері тентекті жүгендеді.

Соншама атбекілер ортасында,  
Күнан емес, құланнан қорқасың ба;  
Жалына кеп, жармасып, пысық бала,  
Карғып мінді асаудың арқасына.

Тастай алмай үстінен «батыр» ұлды,  
Асау біраз әлек бол атырылды.  
Жылқышы қарт балаға дем береді...  
«Тарт тізгінді, босатпа тақымынды!»

Қарысып қалды бала құламастан,  
Көнді асау ауыздыққа шыдамастан.  
Кенет менің жарқ етті көз алдымда,  
Кекілі күлтеленген құлақасқам.

Кос құрбым қос жағымда қанатымдай,  
Алды да үшты арланды соғатындей.  
Үшеу болып үштық біз, ортада мен,  
Нағыз бір жауды шауып алатындей.

Таусылмаған табы бар бұла күннің,  
Тізгініне оралдым құнанымның.  
Тай-ашуым тулап бір өн бойымда,  
Шеміршегін шайнайды құлағымның.

Бойды кернеп барады анғал күшім,  
Кайткенде де қалап түр жанжалды ішім.

Жылқышы карт мырс етті миғынан:  
«Қарай гөр зәнталақты, малжандысын!»

Жүргімнен карт сөзі шоқып алғып  
Тұр едім мен ызының оты жаңып,  
Жем ісін сезгендей құла құнан  
Ііскейді кеудемнен оқыранып.

«Үйретіп бер деп сенен сұрадым ба,  
Не әкеннің құны бар құнанымда?!»  
...Пысық бала құланы мытып еді,  
Атылды асау.  
Мен қалдым жыладым да.

Шаужайынан айырылып қалғанымда,  
Әзіл-оспақ гуледі жан-жағымда.  
Сайқы-мазақ тұрғандай болды қаптап,  
Бүкіл сонау таулардың анғарында.

Шартсынды шанағынан шыдам деген,  
Қалайша кек қайырам жылауменен?!  
Кос канатым – қос досым, әйда үшеуміз,  
Жарыса үштық самғаған құнанменен.

Омыраулата, осқыртып Көктенбілін,  
Артымыздан саңқ етті өктем бір үн:  
«Ей, шірік! Қай жеті атаң көріп еді,  
Аттыны жаяу қып жеткендігін?!»

Жоғал былай, жотаңнан таспа алармын!  
Ку аяқ, құйттайындан қашқан арын.  
Жалғыз сенің басыңа түскен іс пе,  
Жаны қайтіп шыдал жүр басқалардың?!»

Құн өткен әкең сені бұла қылған,  
Жанынды шығарармын құлағыннан!  
Күшіміз жетпей жатыр, соқаға шық,  
Касымда болсын десен құла құнан.

Қарай гөр, қаршадайдан жынданады...  
Екі бірдей шешенді кім бағады?!»  
Қайырып үшеумізді қосқа әкелді,  
Шолақ қол бригадир Құрманәлі.

**Аңызак.**

Аптап сеуіп тұрады аспан,  
Аңыздарда қаңбақтар жүр адасқан.  
...Бала неме бар күшін сарқа тартып,  
Арып біткен астымда құлақасқам.

Арып біткен жануар майысады,  
Жетектегі жауырға ойысады.  
Құйттай байғұс қамытта мықшиғанда,  
Денем мұздалап, қабырғам қайысады.

**Беу жастық-ай!**

Сезбейді-ау құлағанын,  
Бір қамшы салдыртпайды құла-жаным.  
Азаптап құтқарайын десем-дағы,  
Таба алмай-ақ қойғаным бір амалын.

Басын тежеп, пәлек сәл салбыраса,  
Соп қамшымен соқашым салды қанша,  
...Күніреніп дүние кетер еді-ау,  
Егерде адамға үқсан мал жыласа.

Пысық бала сүм еді-ау ойран бөлек,  
Ойлаушы едім қас дүшпан қойған ба деп.  
Жаным келіп алқымға тығылатын,  
Арықтарды жауырдан сойғанда кеп.

Сүйсінетін соп қамшы ыскырғанда,  
Құмар еді құлшына күш қылғанға.  
Іштей нелер қарғысты жаудырамын,  
Тәнірінің таяғы түскір жанға.

Каныпезер, жауыз деп аталғандар,  
Соқыр күштің торына мatalғандар,  
Адам деген сезімнен тумады ма,  
Кайдан ғана жарапған қатал жандар?!

...Күннен бөлек түйір жоқ шар аспанда,  
Самал да жоқ саялап, толастарға.  
Көлбей келіп көкжиек төңкерілген,  
Төніректі қоршаған тау-асқарға.

Жатыр таулар, кемедей қайырлаған,  
Жатыр дала, әлдене уайымдаған.  
Жатыр бәрі, жатыр бір сал тіршілік,  
Жердің төсін уыстап айырылмаған.

Шошымаған, тірліктен жасымаған,  
Жатыр ауыл бір-бірін асыраған.  
Біреулердің түтіні тұзу шығып,  
Біреулердің түтіні шашыраған.

Бәрі жатыр қимылдап, әлі өлмеді,  
Әлі өлмейді, өлмейді, дәлелдеді!  
Осынау тыныштықта сену киын,  
Қырғын боп жатқанына әлемдегі.

Сену киын қырғын боп жатқанына,  
Адамды адам аяусыз атқанына,  
Сену киын ұры кеп тұскеніне,  
Байыргы Бағбан-Отан бақтарына,  
Сену киын қарауыл болғанына,  
Нелер ғұмыр фашистің оқтарына.

Алайда, абыржу бар жерде, аспанда,  
Дариға-ай, дүниені шер басқан ба?!  
Тату елге бұл тажал қайдан келді?  
Таршылықтан көздерін енді ашқанда.

...Иесіз дала.

Анызак.

Арық көлік.

Бар қуатты бойдағы алып беріп,  
Түрендейміз сокамен ескі анызды,  
Арықтармен қыбырлап барып-келіп.

Жырта-жырта түтіліп, тозған аныз,  
(Күш шамалы, тыңға қол созбағамыз...)  
Әшпесін деп әкелер салған ізі,  
Әйтеуір қозғаламыз, қозғаламыз.

Қозғаламыз бағынып бір ағынға,  
Қозғалады жануар құнаным да;  
Соп-қамшысын жыландай ыскыртады,  
Пысық бала соканың құлағында.

Сыртылдаң бар сінірі, таспалары,  
Құлақаскам камшыдан жасқанады.  
Домбыраның ішегіндей созылады,  
Сорлым менің, су болып қас-қабағы.

Құйттай менің құрбым-ай!  
Канша амалым?!

Мұншама азап мен саған аңсамадым.  
Арқа-басын тер басты.

Сездім міне,  
Канатымның біржола шаршаганын.

Бар қуаты біртінде ойсырауда,  
Жануар ғой, тілі жоқ жәй сұрауға.  
Бір пысқырып, кекілін сілке тастап,  
Дәрмені жоқ құлағын қайшылауға.

Тоқтады, зор күрсініп алды-дағы,  
Кілт тұрып қозғалыстың қалды бәрі.  
Мезгілсіз үсік үрган жапырактай,  
Бүрісіп қос құлағы салбырады.

Сөніп кетіп барады әл-шыңдамым,  
Әлденемен әлек боп жанышламын.  
Пысықтан қорыктым да тұңғыш рет,  
Қанатымды аямай қамшыладым.

Кайыс өрме бауырын тілімдейді,  
Еш қымыл жоқ, буыны дірілдейді.  
Қарғып түсіп,  
қарасам көздеріне,  
Баяғы от, баяғы үшкын білінбейді.

Үрей кеулеп кетті де тағатымды,  
Қамытынан босаттым қанатымды.  
Соканың құлағынан айырылмай,  
Состиып со бір сотқар бала тұрды.

Ерін алдым.  
Сергіп бір сілкінбеді,  
Астыңғы ерні сәл ғана бүлкілдеді.  
«Ештеңе тақалған жоқ,abyржыма!»  
Деді де пысық бала күнкілдеді.

«Пысық, пысық» дегенге әуестене,  
Аяйтұғын жәйі жоқ әбес неме.  
Құнаным тұр, үқсайды қалт-құлт етіп,  
Аяғын тәй-тәй басқан нәрестеге.

«Пысық-пысық» дегенге қораздана,  
Коқиланып қарайды Ораз бала.  
...Жануарым сенделіп барды-дағы,  
Серейіп құлап түсті бораздаға.

Киылып кетті менің ерке-арманым,  
Сезіндім қанатымды өрт алғанын.  
Құйындаі құйқылжыған құла құнан,  
Құрыды, тұяғын да серпе алмады.

Кекілінен сипаймын байғұсымды,  
Қандай өсем қасқасы ай мұсінді!..  
Белім менің бесіктен шықпай жатып,  
Беймаза өмір, мінеки, қайғы ұсынды.

Бар әлемнің қайғысы бір басымда,  
Енірерім, ешкім жоқ сырласуға.  
Кос бауырым, кос құрбым қасымда жоқ,  
Кос анам жоқ жетеу боп мұндасуға?

Пысық Ораз, үш жауыр жұбатпайды.  
Аскар таудай басыма құлап қайғы,  
Бар өнірдін аттап пен аңызағы,  
Тек менің арқама кеп шуақтайды.

Кімге керек шырылдап жылағаным,  
Сардала сағымымен бір ағамын.  
...Еске түсіп әкемнің өлгендігі,  
Сезіндім корғанымның құлағанын.

Сезіндім майдан болып жатқандығын,  
Сезіндім сор келгенін бақтан бұрын.  
Сол сәтте сену маған қын еді,  
Көрем деу келер таңның атқан нұрын.

Зіл батпан уайыммен жаншыламын,  
Көзімнен бүршақ жауды, аршымадым.  
Көл-көсір адамзаттың көз жасына,  
Құйылып жатты менің тамшыларым.

Сезіндім: мұң-наланың көшін көрдім,  
Сойқаның соғыс салған кесірлердің.  
Колдан келер айла жок, косылдым тек,  
Хорына жетімдер мен жесірлердің.

Шығармай шар аспанды шырағынан,  
Анызда жатты жайрап құла құнан.  
Қанатым мертіккендей сезінемін,  
Жаулардың маған атқан бір оғынан.

Құн батты.

Таудың басы қанталады.  
Қанталап көпке дейін тарқамады.  
Қалдырып құнанымның қанқаларын,  
Жаяулап ер-токымды арқаладым.

Жүріп келем...

Жігерім опырылды.  
Ашу да, айбат та жок сопы ғұрлы,  
Жүріп келем қайтадан жалғайын деп,  
Қалдырып кеткен кеше оқуымды.

Бұлышты...

Болжай алман алдағымды.  
О, өмір!  
Ала көрме арманымды?  
Бәрін сезем.  
Бірақ та сезінбеппін,  
Бір-ақ сәтте есейіп қалғанымды...

### 3

Шешей қазір шаруа басыбайлы,  
Әжем отыр тастап ап насыбайды.  
Қайран қалам,  
Апыр-ау, неткен берік?!

Жалғыз ұлы өлсе де жасымайды.  
Білмеймін боздауы ма, өлеңі ме,  
Құніреніп өрмекке төнеді кеп,  
Көніл айта көлгірсіп келгендерге  
«Кебін киіп кетпеген келеді» деп,  
Қайраттана өрмекке төнеді кеп.

Қос інім жүр,  
Әзірге ес білмейді,

Киындықта ес білмей өссін мейлі.  
«Кебенек киіп кеткен» әкемізден  
Өлдіден басқа хабар естілмейді.

Қайырым жасап қасымыз, досымызға  
Қаперсіз жүре беріп қасымызда;  
Қайран әкем, тым құрыса жөні тұзу  
Жәй да салып бермепті басымызға.

Ел басқарды.

Қауым боп қолдасты елі,  
Бірі дос, бірі бауыр, жолдас деді.  
Бақандаій бір ауылды билеп тұрып,  
Бір үй жасап алуға болмас па еді?

Білмеймін, арланды ма, алданы ма,  
Дүние опа етпесін анғарды ма?  
Әзірге әзер-әзер тұр қалқып,  
Әкемнен көз тоқтатар қалған мұра.

...Кос досым тұр қасымда – кос қанатым,  
Кос жүрек тұр, менімен кос соғатын.  
Екеуінің енгендеге ортасына,  
Құлазыған көнілім хош болатын.

Кос досым, кос қанатым

Қайрат, Берік,  
Мал-мұлкін қоспаса да айдал келіп,  
Әлдері келісінше әкесіздер,  
Әлек боп жатыр маған қайрат беріп.

Тасташы, неге сонша уайымдадын,  
Ал менің басы бүгін гайымды алғын  
Құнаныңнан артпаса кем түспейді,  
Тайымды алғын!

Куаныш тойында мін.

О, достық!

Неткен ғажап сезім едің!  
Ет жүректің езілмес кезі ме бұл.  
Кос қанатым тұрғанда қолтығымда  
Езілемін неден мен безінемін.

...Естерінен айналдым, шырактарым  
Осылай бір-бірінді жылатпағын.

Осынау елге тұскен қара күнде  
Осылай бір-біріне шуактағын.

Бізді қойшы, біздің күн таяу қалды,  
Күш кетті, әл таусылып баяулады.  
Көліктерің тұрғанда қарғаларым,  
Жолға тастап кетпендер жаяуларды!..

Назарымды осы үнге тоса қалдым,  
Тұнғыш көрдім өжемнің босағанын.  
...Құйын соғып өтті де, желпінді жел,  
Солқылдатып діңгегін босағанын...

Әжем сөзін әріге жалғамады,  
Көзін сұртті көрсетпей, арланады.  
Көрініп тұр: көзден жас парлағаны,  
Қажығаны, төзімі қалмағаны.

Таңба тұр өткен күннің бәрінен де,  
Қашанғы шыдай берсін кәрі кеуде.  
Дариға-жүргегінің дақтары бар,  
Келмейтін бұл өмірде дәрілеуге.  
Қашанғы шыдай берсін кәрі кеуде.



Жок!

Бізге орнаған жок заманакыр!  
Жене алмады жендет те, нала-батыр.  
Қан майданнан хабарды жиі естіміз:  
«Біз женеміз!

Жау қашып бара жатыр».

Сүренсіз күн өтуде, сүренсіз тұн  
Жұрт үміткер,  
Күнелтпек тілеусіз кім?  
Жұрт үміткер,  
үміткер достарым да,  
Мен бірак реңсізбін, күдеусізбін.

Күндерге күн, айларға ай жалғанады  
Жалған үміт жанымды алдамады.  
Өлдіден басқа ешбір хабар да жок,  
«Кебенек киіп кеткен» жаннан өлі.

Кылаулатып қыс та түр, қыраулатып  
Қыраулатып кетеді тұмандатып.  
Әжем жатыр төсекте әл үстінде,  
Әлі біткен байғұсым тұмауратып.

Тыным бермей бишара жамбасына,  
Шешем жүр  
Сол өзінің шаруасында.  
Жесірліктің жабанын мойнына іліп,  
Жегіліп жүр тұрмыстың арбасына.

Жалғыз ғана иесі баспананың,  
Жалғыз соның бағамыз қас-қабағын  
Жалынады ол маған, жабығады:  
«Карғам менің, оқуды тастамағын?»

«Тастамайын оқуды аш қалғанда  
Қатерлі күн қатыгез басталғанда,  
Тастамайын оқуды, үміт тұлкі  
Бұлан етіп бұлтарып қашқанда алдан.

Тастамайын оқуды налығанда,  
Тарығарда, қауқарсыз арығанда;  
Тастамайын оқуды, тері шалбар  
Борбайымды қантарда қарығанда.

Тастамайын табаннан сыз өткенде  
Үсік ұрып құлағым тыз еткенде:  
Тастамайын оқуды, жесір анам,  
Әлі әкенің өлі орнын күзеткенде.

Тоқым-төсек, ерімді жастанайын,  
Тастамайын оқуды, тастамайын!  
Ант етейін алдында, алан болма,  
Жастайынан қуарған ақ самайым?!»

Осы ой тұрған.  
Онда мен айта алмағам.  
Біракта іренімнен байқауда анам.  
Талқан сұрап, қынқылдап екі інім жүр  
Үйректің баласындей байландаған.

...Жок!  
Бізге орнаған жок ақырзаман,  
Сары аяз да женбеді сақылдаған.

Эке, сенің өшкен жок тұтінің де,  
Өзіңсіз өлген де жок қатын, балан.

Тек әжем...

Эжем байғұс қиналады,  
Саған деген үмітін тыймайды әлі.  
Сыбырлап атынды атап шақырады,  
Сірә, сен бұл өмірден қимағаны.

Әлімге қимай сені жатыр әлі,  
Сыбырлап жиі-жиі шақырады.  
Сарғайып күннен-күнгө бара жатыр,  
Секілді сары күздің жапырағы.

Ербендер екі қолы қарманады,  
Байғұстың қозғалуға қалмады әлі.  
Есімде әлі.

Эжемді өлерінде,  
Көзімше көрші шалдың алдағаны.

Жатқан-ды түпсіз, терең сандырақта,  
Одан саса қоймады шал бірақ та:  
«Балаң тірі, тірі екен хаты келді,  
Кинама енді жанынды қалжыратпа...»

«Бәсе...

Солай...

Кебенек киіп кеткен...»  
Деді де, бәрімізді сүйіп беттен,  
Мазасыз жан алданып, толас тауып,  
Мәнгілік үйқыменен үйып кеткен.

Екі шеше тербеткен ұл едім мен,  
Екеуінің айырылдым біреуінен.  
Бақытым да бар шығар бұл өмірде,  
Сорым да бар іргемді түре кірген...



Алақай, женіс келді, женіс келді!  
Көз жасынан құрғайды жер үсті енді.  
Атыраптан «аттандар» естілмейді,  
Алаулаған от-жалын тегіс сөнді.

Сүйінші бер.  
Куаныш келді елге.  
Көз жасы құйылмайды шерлі көлге.  
Құлаған құнанымды құшактап ап,  
Жыламан қу далада енді мен де.

Енді күндер батпайды қанталанып,  
Күніреніп жатпайды барша халық.  
Қан майданнан ұлынан хабар күткен  
Қасіретін көрмеймін қарт ананын.

Оралуда майданнан жаралылар,  
Берері бар, өмірден алары бар.  
Жас жұбайлар үйінде той болады,  
Жас жұбайлар...

жандары балақұмар.

Азаматын ансаған қартан әбебе –  
Бар мейірін төгеді дархан-дала.  
Тасына да жерімнің дән өседі,  
Бауырсакқа жаримыз, талқанға да,  
Шаттанады шау карттар, шалқар бала.

Оралуда кімдердің бауырласы,  
Кімдердің әкелері, ауылдасы.  
Есекке ығыр болып тұрмайды енді,  
Мектептің бітпей қалған қабырғасы.

Жоғалды.  
Жоғалды енді қаһарлы күн,  
Пысық Ораз тастайды қаталдығын.  
Азабынан қалай да айығар-ау,  
Арқалаған жесірлер атан жүгін.

Қасіретті, қайғыны тастап әрі,  
Адамдардың ашылып қас-қабағы;  
«Кой үстінде бозторғай жұмыртқалап»,  
Уыз өмір қайтадан басталады.

...Әтіл жатыр жеңістің ай, күндері,  
Талпынуда інілер тай мінгелі.  
Азамат боп қалыптын.

Жесір женгем,  
Әзілдесіп менімен: – Қайным... – деді.

Жылдар өтті тыныштық жамылғалы,  
Дүрбелен де тынған шақ ауылдағы.  
Ойнай жүріп жетіппіз он жетіге,  
Комсомолға біздерді қабылдады.

Куанышты айт сол жылғы шақтардағы  
Басымызға конбаған бақ қалмады.  
Жастықтың жұлдызына құмартамыз,  
Жатырмыз аудан жакқа аттанғалы.

Болашаққа жолдама алуға біз,  
Көлік сайлап,  
жол жүру қамындағыз.  
Кешегі кесаптты өрт, дауылда біз  
Киялдап, осы күнді сағынғамыз.

Қос досым даярлапты көліктерін,  
Ішім жанды оларды көріп менің.  
... Тағдыр-ай,  
караң өшкір уайымды,  
Тек менің мәндайыма беріп пе едің?!

Барып қайттым ауылдың бастығына,  
(Білмеймін, достығы ма, қастығы ма?!)  
«Көзің көріп тұр, бала, көлік жок қой»  
Деген сөзбен үйге ендім бастырыла.

Жабырқаған анама қарадым да,  
Уайымның ұлыдым табанында.  
Сарқылмаған әлі де жас бар екен,  
Жабыгулы жаным мен жанарымда.

Женіс келіп,  
бөледі шартаралты,  
Құшақ-құшақ қуаныш арқалатты.  
Жүргімнің жүрді екен қай жерінде?!

Бір түйіні қайғының тарқамапты.

Көз жасымен найсалты қуалаймын,  
Жұбатпандар, ағайын, сұрамаймын.  
Жанның шері жоғалсын жаспен бірге  
Қазір жылап, екінші жыламаймын!

Уайым улы жылан, тасқа мекен  
Екінші жыламаймын, маскара етем!

Алдағы күндеріме апармайын,  
Менде өлі сарқылмаған жас бар екен...

«Бәтшағар, мұның қалай, қатынға ұқсан?  
Жігітсің, ойласаңшы ақылға сап»...  
Әжемді аттандырған баяғы карт,  
Басу айтты.

Далаға шақырды шак:

«Мін мынаны!  
Сұраксыз алла алдында.  
Неге келіп айтпайсың, арландың ба?!»  
Сенерімді біле алмай, сенбесімді,  
Қарай бердім қартқа мен тандандым да.

— Ауыр күндер сайранын кім сұрмеген,  
Аптығынды баса ғой дүрсілдеген?  
Айналайыным ажалдың ауызынан,  
Аман-есен оралса мінсін деп ем.

Ол бақытты кимады құдай маған...  
Жыласам, сенен бетер жылай да алам.  
Не істемекпін?

Тіріге өмір керек,  
Тіршіліктің қазығын шыр айналам.

«Бар, балам, қала көрме қатарыннан.  
Қала көрме үмітті сапарыннан».  
...Ақ бас данам... Айналдым сақалынан!  
Тұрғызды корғанығымды копарылған.

Ақ бас данам атаңдай торы ат берді,  
Торы ат емес,  
туырлық-қанат берді.  
Болашағыма ұшайын, ұшайын бір,  
Самғайтұғын маған да сағат келді.

Көрсем де жабығымнан жау атқанын  
Сезсем де сынның ауыр сағаттарын,  
Бұлінбепті,  
өлі де бүтін екен,  
Менің мамық балапан қанаттарым.

Жау менің әкемді атты, атамды атты  
Жау оғынан жаралы жапан жатты.

Қарақшылар қаншама қарманса да,  
Қанатымды, халқымды ата алмапты.

Самғаймын Болашаққа, Ана-мекен,  
Күндақтап қуанышынды ала кетем.  
Бүлінбепті қуатты қанаттарым,  
Ақ бас қарт,  
ақ бас халқым аман екен!  
Қанаттарым менің!!!

## 9. АТАМЕКЕН

Әкел, досым,  
Сен маған қолынды бер!  
Әкетейін, мен өткен жолымды көр.  
Сонау шынның басына шығарамын,  
Менмін ғой бұл аймақтың жолын білер.

Мінеки,  
Шыға келдік шың басына,  
Ал енді шақшанды бер құрдасына.  
Атамекен туралы сыр шертейін,  
Құлағын тұр, құрдасым, сырласына.

Қалай екен?  
Мына шың биік пе екен?  
Жарылмасын әуеге тиіп шекен.  
Қайсыбіреу өлкемді жамандаса,  
Шоқ түскендей жаныма күйіп кетем.

Біз тұрған тау есімі «Елшенбүйрек»,  
Шыға келсен аспанға еңсөң тимек.  
Жазда оранып жатады көк торғынға,  
Қыста аппақ елтірі сенсөң кимек.  
Басқа таудан жырақ бұл – «Елшенбүйрек».

«Тұзды көлге» тірелсе мына басы  
Құлар жері батыста «Лабасы»  
Аноу – Тянь-Шань,  
Ал анау – Хантөнірі  
Осы өлкениң байырғы ғұламасы.

Мен тұған жер Қарасаз, баурайдағы  
Жалғанда жер біткеннің бал-қаймағы

Есім кетіп жүргенде ес білдірген,  
Жаралған жұлдызым ғой мандайдағы.

Іркес-тіркес ағады қара сулар,  
Қарасаң суларда да таласу бар.  
Бұл суларға менің көп бересім бар,  
Бұл сулардан менің көп аласым бар.

Бақытым ғой «Қарасаз» келіп қонған,  
Кисем – киім, ішсем – ас, көлік болған.  
Мендей ұлдың осы жер мынын туып,  
Әлі күнге мынына жерік болған.

Сүтін еміп өскен ем сан бұлактың,  
Сан жыладым құрбымнан,  
Сан жылаттым.  
Жалын тартып мінген ем осы манда,  
Өмір дейтін шу асау арғымақтың...

Кешір, досым, ауытқып кеткеніме,  
Кейінірек тоқталам өткеніме.  
Әзірге сен шығыска көз жіберіп,  
Қарап отыр қиянға, шеткеріге.

Қазір жайлау  
Жерінен май тамып тұр.  
Төгілердей мөлтілдеп шайқалып тұр.  
Кәне, досым, екеуміз қиялменен.  
«Шалқөдені» аралап қайтальқ бір.

Жайлауын айт жайлау деп «Шалқөденің»  
Еңсесі мынғырған мал әр төбенін.  
Су емес суатынан қымыз акқан,  
Пау, шіркін, қандай ғажап өлкем едін!

Киік ойнап шатында, бөктерінде.  
«Айғайтас» «Шалқөденің» нақ төрінде.  
Қырағы көз шекара – «Құмбел» анау,  
Қытаймен екі ортаны қақ бөлуде.

«Айғайтас» – «Шалқөденің» шанырағы,  
Ақ отау ақша бұлтты жамылады.  
Жат жакқа жүрт үдере көшкен кезде  
Жабырқап тас та болса анырады.

«Айғайтас» – тас емес тек айғайлаған,  
Ғұлама қарт – жұрт үшін қайғы ойлаған.  
Халықтың үні жатыр кеудесінде,  
Бір кезде «Елім-айлап» ойбайлаған.

«Айғайтас» Албандарға атамекен,  
(Оны мен шежіредей атап өтем.)  
Ертеде ел шетіне жау тигенде,  
Айғайлап, хабар беріп жатады екен.

Солтүстігі «Қараарша», «Кетпенімен»,  
Қымбат олар бүгіні, өткенімен.  
Онтүстік шығысында, «Ойқарағай»,  
Артында «Айғайтастың» бөктерілген.

«Шалкөде» екі таудың арасында  
Екі өзен тулап жатыр сабасында.  
Жалғанда гүл біткеннің бәрі осында  
Жалғанда шөп біткеннің бәрі осында.  
Адамға шипа болар дәрі осында.

«Кенбұлак».  
Менің бабам өскен мекен.  
Менің әкем кіндігін кескен мекен.  
Сайды сағым қуалап бара жатыр,  
...Ғасырлардан оралған көштер ме екен?

Жаратыпты бәйгеге ат қосуға,  
Біздің ру ұясын тапты осында...  
Көшеді ел, көшеді замандар да,  
Тәнірім жерді бірақ сактасын да.

Біздің жұрт «Кенбұлакты» мекендерген,  
Ауру былай тұрсын, жөтелмеген...  
Менің бабам бай да емес, аткезші емес,  
Кедей де емес, тұғырмен тепендерген.

Күшін сатып біреуғе жалданбаған,  
Сауда жасап, Пішпекке сандалмаған.  
Бір өзіне жетерлік шаруа жинап,  
Бір перзенті болуын армандаған.

Байларменен пейілі қатар екен,  
Шалдың шақар мінезі қатал екен.  
Ірімшігін қайнатып, құртын жайып,  
Сары қымыз сапырып жатады екен.

«Кенбұлакта» еркімен сайрандаған,  
Өтті, кетті. О, менің қайран бабам!  
«Кенбұлағым» болса екен мәнгі баки,  
Болса екен таулар да аман, сайлар да аман.

«Кенбұлактың» кішкене тұқымы мен  
(Қыран емес, әрине, үкімін мен...)  
...Әй, досым-ай, қалтанда шақшан да жок,  
Қайттім енді?..  
Беріп қой тұтінінен?..

Жер туралы бойыма шабыт кіріп,  
Досым, сені алдым ба жалықтырып?  
Бауыр төсеп, шіркін-ай, жатып алса,  
Бабалардың жұртына барып тұрып.

Сайлардан саумал-өзен жайлап құлап,  
Самал бел, сонау жатқан – «Жайдакбұлак»  
Бауырында ерке бұлан бала болып,  
Базарлап өскемін жоқ ойнап бірак.

Бауырында бұла болып күн кешпедім,  
Бұлдырап бурыл тайға мінгеспедім.  
Бүйіғы жетімдермен бірге өскемін,  
Үнімен жесірлердің үнделсекен үн.

Күнмен батып, бірге атып тандарымен,  
Шөп шауып, шөмелे сап, мал бағып ем.  
Зарларымен қарттардың үйқыға еніп,  
Катындардың оянғам зарларымен.

Сенбесен қой,  
Сенсең сен.  
Мактанамын.  
Жеп жүрген нанымды мен актағамын.  
Мен деген – шаруаның мұрагері,  
Шаруаның паспорты сактағаным.

О, «Жайдак!»  
«Жайдакбұлак!»  
Жасыл мекен.  
Армысын, акбас, Атам,  
Асыл мекен!  
Кеудемде керемет бол қатып қалған,  
Өскен жер,  
Әлде сенің тасын ба екен?!

«Қарағайлы».

Карсыда «Ақбұлағы».

Ақша бұлттан жұлып ап, лақтырады.

«Катартөбе» ортада қалғып жатыр

Секілденіп қойшының Сакқұлағы.

«Тұзуақтас» әне түр қоқырайып,

Атаның ұмыт қалған ақ тұманы.

Өлкеге «Қисықақтас» қырын қарап,

Шипалы жылы сұын атқылады

Осы жер бәйіттердің нақ тұрағы

Түбінде осы жерде бақ тұнады.

Дара түр «Шәкірамбал» жұбын таппай,

«Колтық» бір қолға тұрмас ұрыншак тай,

Еңкейіп «Есекартқан анау жатыр

Жабыға жаба салған ыныршақтай,

Қос өзен «Шалқөдеден» құлдырайды

Ойнақтап өрістегі құлыншактай.

Белдеріне көзің сал «Дардамбының»

«Дардамбы» деп қалмақтан қалған бұрын

Затында жер – біздікі,

аты – онықі,

Шежіре біледі оның жалғандығын...

Рақат-ау, қажысаң «Шолакқа» кеп

Сарқырама басында алған тыным.

Қос «Шибұт» анау жатыр егіздейін,

Дегендей басқалардан неміз кейін.

Қос қанат қып ұшайын қос қолымды,

Қосағымның мекені, сені іздейін.

Бала сүйдім, жар сүйдім, «Шибұт» сенен,

Жырыммен ел жұртына сыйлық берем.

Қырқаннан қызыл тұлқі қылаң етсе,

Қияннан қосылуыш ем жүйрікпенен.

Қыран болып ілуші ем қырмызынды

(Қатерімде қуатын түр қызулы.)

Тентегіңе жатсынбай телідің сен,

Құлын мінез, құс аттас бір қызынды.

Қос өзен қосарланған қос келіншек

Жағанда жан біткенді дос көруші ек.

Атанаң ғұрпын сақтап, күйеусініп  
Кез келген кедейін де төс беруші ед...

«Шибұттың» сай-саласы тұйық келер,  
Жатыр ғой тұйықтықса сыйып нелер...  
Ал, «Шибұт», сәлемімді ал, қарыздар ем,  
Малым жок өрісімде жиып берер.

Армысын асау «Шибұт!» Асыл аға!  
Мың сәлем тауыңа да, тасына да!  
«Шибұт» сен, менің үшін махаббатсын,  
Махабbat өлмейінше басыла ма?..

Кешір дос, менің біраз бөскеніме,  
Есім кетіп оралам естегіме.  
Қай-қайдағы жоғалған қайран күндер,  
Шыныменен шырпыдай өшкені ме?!

Сонау тұрган «Қошқардың» басы ма екен?  
Қошқардың мүйізіндегі тасы бөтен.  
Ел аузында анызға жүгінсек біз,  
Осы тауға қырғыздар ғашық екен.

Аңсайды ғой алысты аты бар жан,  
Бұл тауда қырғыздың көп аты қалған  
Әргі жағын қайтеміз... қазақ, қырғыз,  
Әйтеуір осы тауда жатып алған...

Жайлау барсан, «Қошқар» бар, «Таласқа» бар,  
Жадырайды жан-жүйен, толас табар.  
Ну орман, бал бұлакты көргенінде,  
Басқа жайлау жәйімен қораш қалар.

Таң сызғанда сарғайып сары белден,  
Сары белден сәулелі лағыл өрген.  
Сай-саладан салқын бір самал сокса,  
Тандайына қымыздың дәмі келген.

Құлағын тұр қыранның шанқылына,  
Кеуденді тос керіліп, салқынына.  
Әжім-әжім ақ тастар күнгейдегі,  
Өткен бір ғасырлардың тамтығы ма?

Ескерткіштер сияқты гүл аланда,  
Бірі – малға ұқсайды, бірі – адамға.

Ак тастандын беттері сора-сора,  
Сора-сора... О, сұмдық, жылаған ба?

Әр жыраны қуалап мың бұлағы,  
Желдегі құлындаш шыңғырады.  
Қыран келіп киікке сорғаласа,  
Басын шайқап ну орман қынжылады.

Ая, шіркін! Не деген жұпар едін!  
Жұта бергін келеді, жұта бергін.  
Жалғыз-ак осы ауамен қоректенсөн,  
Досым, сен бұл өмірден үтар едін.

Жайлау барсан, «Қошқар» бар, «Талас» барғын  
Аялап кір астына көк аспанның,  
Желкесінде желпілдеп желбекей бұлт,  
Шындан асып кете алмай толастар күн.

Батысында «Қошқардың» көрші күнгей  
«Көмірші» көк бестінің ершігіндей.  
«Кегенге» кеп «Құсмұрын» су ішіп тұр  
Қашаннан дәл өзінің меншігіндей...

Жерім осы, «Шалқөде» аңғарында.  
Аскар-асқар тау жатыр жан-жағымда.  
Арманым ба, кім білсін, әлде маған  
Табиғат өзі орнатқан қорғаным ба.

Ұзын-сонар жырымды сабылттырып,  
Алдым ба, дос, сені мен жалықтырып?  
Қанеки, тұтініңнен беріп жібер,  
Сорайын ерінімді қарып тұрып.

Сонау тұр «Лабасы», «Төте» бері,  
«Жабырды» жамбасқа алып жетеледі.  
Басына «Лабасы» бұлт іліксе,  
Бар аймақ құрк-құрк жөтеледі.  
Нақышына келтіріп шебер тіккен,  
«Шұбартал» – зер тақия шекедегі.

Бір кезде ел «Үшқақпак» пен «Мұзарт» асып  
«Қашқарға» қашқын болып өтер еді.  
Анау жатқан «Үкірші» жап-жалаңаш,  
Таулардың барып тұрған көтеремі.

«Байынқол» бай өлке ғой, жұртқа да анық,  
Беу, шіркін, бір ай жүрсе «Сыртқа» барып!  
Шекарадан әрі асып «Текес» кетті,  
Бұлағын бар аймактың ұрттап алып.

Тігілген қос отаудай «Костөбе» тұр,  
Алдында Хантәнірдің бұқпаланып.  
Бердібектей азамат осында өскен,  
Табанын танертенгі шыққа қарып.

Шекарада бір жер бар «Сұмбे» деген  
Оны мен көрмеген ем, білмеген ем...  
Сезем бірак, «Сұмбенің» байлығына,  
Көз алартып қарайды іргедегі ел...

Өмірге шешем келген осы манда,  
Өмірді сүйген және шошыған да.  
Он бесінде жат жұртқа пендे болып,  
Жат босаға тұрыпты тосып алда.

Қаршадайдан қайғыны ішіп қанған,  
Қайырылмай артына ұшыпты арман.  
«Сарбастау» Нахамның көз жасымысын?  
Сау етіп кірпігінен түсіп қалған.

Тағзым етіп атымнан аударыла  
Карай-карай өтермін тауға мына.  
Сай-саланы сағым бол кезіп жүрген  
Анамның адастырған арманы ма?

Шаттансам шарық ұрып кейдегіме  
Кешір, дос, күйінемін кейде міне.  
«Шартастың» басындағы шарбы бұлттар,  
Он бес жасар шешемнің көйлегі ме?

Қараши, әне, «Шартастың» басы мұнар,  
Жарқылдайды, жасылы, жасыны ма?  
Әлде менің анамның алпыстағы,  
Әлде калай оянған ашуы ма?!

Сонау тауды атайды «Лайлы» деп  
Бөрі жорткан белінде, құдай-жүрек.  
Кезбе бұлттар көрісіп шындарында,  
Сұп-сұр болып тұнере жылайды кеп.

Бауыры – қыстау, басы – от «Лайлының»  
Бар нұрымен жонына құлайды күн.  
«Тұзкөл» міне, төсінде қаз бен үйрек,  
Қауырсынмен өрнектеп су айдынын.

Тар кеудеде тұншығып талай үн жүр  
Сабыр, досым, самал жұт,  
Манайың гүл.  
Тұтініннен беріп қой? Ақ жалынға  
Көк жалынды апарып жабайын бір...

Көкірек жанса жансын қүйіп те өшіп,  
Бұлақ жыр бұрқанаар ма иіп, көшіп.  
Биікті көрем десен, досым менің,  
Алдымен биікке шық, биікке шық!

Бұл биік біз отырған «Сарыдоғал»,  
Санамды самайының ағы қолдар...  
Тіл бітіп сөйлеп кетсе қайтер еді,  
Ақ жондар, мына жатқан сары жондар?!

Ей, тастар! Кейде биік, кейде тәмен,  
Ей, сайлар! Кейде тайыз, кейде терен.  
Ей, таулар! Құдіретің болсам егер,  
Жонындан осып тұрып сөйлетер ем!

Үнсіз-тілсіз, мелшиіп жатқан әлем,  
Құдіретің мен болған шақта бәлем.  
Қатпар-қатпар қырқанды парап етіп,  
Кітабынды өзің-ақ актарар ең...

Амал қанша... сен маған бағынбайсын,  
Мен саған қажет емес, жалынбайсын.  
Құпиянды бауырыңа басып алып,  
Кашан құрып кеткенше дамылдайсын...

Кешір, дос, айқайым бар кейде тегін  
Жер үшін жаралған бір бейнет едім.  
Туған жердің құлы емес, тілімін мен  
Калайда оны сөйлетем!  
Сөйлетемін!

«Қарасазым» сөйлейді қалай-дағы,  
Сөйлейді тауы, тасы – бар аймағы.  
Шуакта отырып ап күніренген,  
Әжемнің ғаламда жок тарайды әні.

Әжемнің естілгенде созған әні,  
Күрсініп мына таулар қозғалады.  
Ағыл-тегіл селдегіп аспан келіп,  
Көрісе құшактайды боз даланы.

Өшпейсің, атамекен, сұық кіріп,  
Кетпейсің ғайып болып, ұмыттырып.  
Киырдан әкем саған қол созады,  
Бауырлар моласынан шығып тұрып.

Көрінен күніренгенде батырағын,  
Қалайша сөйлемесін жапырағын,  
Бір ұланын қалайша жоқтамасын,  
Бір уыс бұйырмадан топырағын.

Аян ғой аймағының сыры маған.  
Сөйлейсің, сөйлейсің сен, Ұлы Далам!  
...Мен сенің көкке ұшырған бозторғайын,  
Шырылдаپ жерге тұспей тұрып алам.

Жаралған жан емеспін басы бөтен,  
Тұған жер, топырағынды басып өтем.  
Кеудемде қатып қалған бірдене бар,  
Кім білсін, туған жердің тасы ма екен?!

## РАЙЫМБЕК! РАЙЫМБЕК!<sup>1</sup>

### I

«Кара таудың басынан көш келеді».  
Кара жорға шайқалып, бос келеді.  
Кара күнді жамылып, қара қазақ  
Кара түнді басынан кешкен еді.  
Кара қайғы көрсетпей ештенені,  
Кара жауы қанатын кескен еді.  
Шұлғау болып қыздардың кестелері,  
Талай қара шанырақ өшкен еді.  
«Кара таудың басынан көш келеді!!!»

Кара жұртта бықсыған шала қалған,  
Аналардан ес кеткен, балалардан.

<sup>1</sup>Райымбек (1705 ж. т. – ө. ж. белгісіз) жонғар басқыншылығына ырсы құрескен қазақ батыры. Оның есімі Албаның ұранына айналған. Әйіті Алматы қаласында.

Тал да таппай қармауға жағалаудан,  
Ақыл қашқан адыра бабалардан.  
Қандай қарғыс атты екен қайран елді?!  
Қайда барып тығылар панаңауға?!

Қайда барып, қалжырап жатыр екен?!

Қандай сордың сортанын татар екен?!

Көр болса да болса екен қазақ жері,

Қазақ жері болғасын – Атамекен.

...Көш келеді, боздатып боз даланы,  
Көз үшүнда боз сағым қозғалады.  
Әлдекімнің естілсе созған әні,  
Әлдекімдер анырап жоқтау айтса,  
Әр кеудеде бір шемен козданады  
Әр казактың естіліп боздағаны.

«Қауқары жок қайран жұрт, қайран халық,  
Сайран салып жатушы ең, жайлау барып.  
Опат болып, ақ ордан ойранданып,  
Қара жауың әкеліп қара қайғы,  
Тас уатты-ау төбене тайран қағып.  
Аңырауды доғарып, аттан қазақ!  
Алты жасар ұлынды майданға алып».

Шұбатылған шаң көріп алыстағы,  
Қабай жырау жар сала дауыстады:  
– Жау келеді, жұрттым-ау, жау келеді!  
Жаудан қалған жемтікке жабысқалы,  
Тағдырынды біржола таусықалы...  
Сап түзеді қажыған нар боздақтар,  
Қара жаумен қайтадан алысқалы,  
Қайта қозып қазақтың намыстары.

Қайта шулап, жамырап катын-бала,  
Қанға шөлдеп, қанырсып жатыр дала.  
Қайта жауып, жай оты шатырлаған,  
Қайта төнген тамұқтың сотын қара.  
Қара жауы қайтадан лап қойды,  
Кезек бермей пақырға, батырға да.  
Қазақ қанын сылқытып жатыр дала...

Қиқулаған қалың қол, құйын дерсің,  
Қайтып оған шағын жұрт тыйым берсін,  
Тозған жұртты топырладап, тапап кетті,  
Қатыгез жау қайсыбір бұйым көрсін.

Боздақтардың желкесін шайнап кетті,  
Қалған малды қайтадан айдалап кетті,  
Қанжығаға байланған қыз-келіншек,  
Бозторғайы шырылдап, сайрап кетті.  
Хас батырдың көзі еді қара жорға,  
Қара жаудың астында ойнап кетті.

(Кім айдаса, сонықі түздің малы)  
Қара жауға қатын бол қыздың бәрі,  
Әр өлікке жалп беріп, қонып жатыр,  
Далаңың тұндік қанат құзғындары.

Тұяқ та жок тігерге дым қалмаған,  
Жау жалмаған, жабысып, құм жалмаған,  
Сырлар бар-ау қойнында, туған далам,  
Ақтарылған қанынан казағынның,  
Құзғыны да құдайдың құр қалмаған.  
Сенде ме?..  
Сенде сұмдық сыр бар, далам...

Қан сасыған далаға қарайды да,  
Қуған бол жүр құзғынды Қабай жырау:  
– Пәрүәрдігер, неғылған сұмдық еді!  
Өнім бе, әлде түсім бе, қалай мынау?!

Боздақтардың далаңы бояп қаны,  
Құзғындар да әнеки тояттады...  
Өнім болса, тәнірім, тарт жанымды,  
Түсім болса, үйқынан оятпағын?  
Оятпағын, мәнгілік оятпағын?!

О, тәнірім!  
Неғылған шаққа айналды?!

Бір өзіне жалынып, жақ байланды,  
Тұнің тұтып, ақ таңын атпай қалды,  
Не қылышы жүртүмнің жақлай қалды?!

Көлім кеуіп, өзенім ақлай қалды,  
О, тәнірім!  
Неғылған шаққа айналды?!

Қаусаттың-ау іргемді қара жауым,  
Қан бол ақсын басына қара жауын!  
Катын, қызың құн болып әр есікте,  
Құл бол өтсін мәнгілік балаларың!

Ордан опат, айырыл елдігінен,  
Босамасын басың бір шерлі күннен.  
Тоз-тоз болып ұрпағың әр қиянда,  
Билігінен айырыл, тендігінен!

...Байқап еді өліктің қозғап бәрін,  
Бәрі де өлік, бірі де сөз қатпады.  
Қабай жырау басы ауған жаққа кетті,  
Құзғындарға қалдырып боздактарын!..

Кете барған, артына бұрылмаған,  
Аят оқып, ішінен сыйырлаған.  
Қозы көш жер қырғыннан ұзағанда,  
Құлын-дауыс естілді шырылдаған.

Аппақ нұрын жинап ап, тауға келіп,  
Күн де батып барады қанға бөгіп,  
– О, жасаған, кімдікі әлгі дауыс.  
Тірілді ме артымда қалған өлік!?

Жетім қалған құлындаі құлдыраған,  
Көз ұшында бір қара бұлдыраған.  
Тағат етіп тұруға дәрмен қайда,  
Аттың басын сол жаққа бұрды баба.  
...Есі кеткен алдында тұрды бала.

Ат үстінен баланы алдына алып,  
Бір алданыш тапқандай шал жұбанып.  
Қырғын көрген қызыл Күн қырдан асты,  
Қызыл-күрен қанына тауды малып.

— Сен ғанасын, құлыным, сен ғанасын,  
Мен де көпке бармаспын, сен қаласын.  
Ойран болған орданың орнына кеп,  
Отау тігіп, оттарын сен жағасын!

## II

Дала жатыр.  
Сағымы ширатыла,  
Бара жатыр қырына, бүйратына.  
Екі жетім, бұлақтың басындағы  
Әулиенің бұрылды зиратына.

Бастарына іс түскен шакты ойлаған,  
Ағашыңа пәнделер ақ байлаған.  
Құлан жортса құтылмас құла-дала  
Құлазыған, иесіз жатты айнала.

Керуен жол қасынан кесіп өткен,  
Осы жерді әулие бесік еткен.  
Мұсылмандар ғибрат етуші еді,  
Мұндар-тірлік мұқалтып, ескі кеткен.

Әулиенің бас ііп мекеніне,  
Мұсылмандық парызын өтеді де,  
Қабай жырау қайтадан еріп кетті,  
Қажап тұрған ойының жетегіне.

«Жайлауымды жау алып,  
Өрісімді өрт алып,  
Өзегімді дерт алып,  
Келдім саған, әулие!

Боздақтарым жоғалып,  
Боз кебінге оранып,  
Мандайымнан сор ағып,  
Келіп тұрмын, әулие!

Қыздарымды қатын ғып,  
Шаңырағымды отын ғып.  
Отауымды топыр ғып,  
Отанымды коқыр ғып,  
Ойран етті, әулие!

Қан сасыған даламның,  
Қатын менен баламның,  
Кегін қайтып алармың?  
Жебеп жібер, әулие?!

Елінің есін кіргізер,  
Жерінен малын өргізер,  
Жауына зауал тәнгізер,  
Қырықлышақ хандарды,  
Қылышына көнгізер,  
Дегеніне сенгізер,  
Сонынан жұртын ергізер,  
Бар казақтан – бір қазак  
Тумас па екен, әулие?!

Көкірегім күркілдеп,  
Көзімнің асты қолкілдеп,  
Ақ сақалым желпілдеп,  
Кәрі басым селкілдеп,  
Бас ауған жаққа барамын.  
Іздесем кімді табамын?  
Бағыт сілте, әулие?!

Айтса тілін алдырған.  
Алмастан оғын жондырған.  
Ата-қазақ баласын  
Алақанға қондырған.  
Бар қазактан – бір қазак,  
Табар ма екем, әулие?»



– Армысын, Ата!  
– Бар бол, балам, аман ба?  
– Жолыңыз болсын?  
– Жолдың несін ұрайсын, мына соқыр заманда.  
Қайда барса, Коркыт көрі қазулы тұр адамға.

Елде жүрген ескі анызды,  
Естіп пе едің, қарағым?  
Мына біздің ғаріп жағдай еске соны салады.

Сыңар қанат екі құс жарапты жалғанда,  
Бір-біріне жабысып алады екен самғарда.  
Құдірет деп екеуі зарлайды екен толассыз,  
Бірінің – он, бірінің – сол қанаты болғанда.

Құдіреттің құсы деп аталыпты екеуі,  
Қайда екені белгісіз жері, сұы – мекені.  
Сыңар қанат құстардың сыңайымыз, қарағым,  
Тағдырымыз, білмейміз, қайда бастап кетеді...

Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой,  
Қанатымыз қайрылып, топшысынан сыңды ғой.  
Ата-қазақ бір-бірін арашалай алмай-ак,  
Алауыз боп өзді-өзі құдай бізді ұрды ғой.

Кара жаумен іргелес ел едіндер, қарағым,  
Ойран болып сендер де, бұзылды ма қамалың?  
Мынау азған заманда, амал нешік, бұл қазақ,  
Білуден де қалды ғой бір-бірінің хабарын.

Суырдайын күн кешіп әркім ойлап өз басын,  
Тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары озғасын,  
Бүйрекіндей сиырдың бөлшектенген бұл казак,  
Құмалактай бытырап, қалай ғана тозбасын.

— Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,  
Жауларына біздің ел сәйгүлігін балтады.  
Койын сойып, қолдарын қусырды да, сорлылар,  
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.  
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,  
Алдыдағы аларын, белімізден аттады.

Батыр емес, қария, қатындар бар бұл елде,  
Беруге өзір барлығын билігі асқан біреуге.  
Батырлар жоқ бұл елде, қатындар бар бұл елде,  
Әркім қара басының амандығын тілеуде.

— Жамандама жұртынды, жамандасан, болмассын?  
— Қатындардың ішінде өзім-дағы онбаспын.  
«Үні шықпас жалғыздың, шаны шықпас жаяудың»  
Мен де қатын болармын, сірә, батыр болмаспын.

— Нешедесін?  
Кімнің сен тұқымысын, құлымын?  
— Хангелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын,  
Мал сонына сап қойды, ұстатты да құрығын,  
Жылқы жады әкеме жақпай қалып қылышым.

Жылым барыс, мінеки, асып барам он үштен,  
Қатын алып берем деп, әке-шешем келіскен.  
Адамынан айттырған ат-тонымды ап қашып,  
Қатынды өзім табам деп, әкемменен керіскем.

— Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендін?  
— Ішіндегі шалдардан, анау қараша үйлердін,  
Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар,  
Бабам қолдап, бір кезде маған билік тиген күн.

— Қара жауын қайтадан шапса елінді не етер ен?  
— Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем.  
Қатын болып күн кешіп жүргеннен де, қырқысып,  
Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем!

— Өзің бала болсан да, сөзің дана, отты екен,  
Ақ күн тузын алдыннан, басқа айтарым жоқ бөтен.

Калдым сенің ығында, мынау екі ғаріпке,  
Баар жер мен басар тау, басқа пана жоқ мекен...

### III

— Қарадай жерге қаратып кетті-ау, қағынды,  
Уатып кетті-ау, уатып кетті-ау тауымды!

— Қарадай неге тұніле қалдын, байғұс-ау,  
Басында үйін, бауырында қазан, нағылды?

— Неғылушы еді!

Күшігін жерге қаратты!

Құлқі етіп мені күшігендерге талатты.

— Тұніле бермей, туралап айтшы мән-жайын,  
Білейін мен де, естиін мен де, аңдайын?..

— Білесің әлі, атаңың басын аңдайсың?

Ұл емес, маған, жын таптың десем нанбайсың.

Ер орнына екесті ұлды туғанша,

Белгілі неге бедеу боп, қубас қалмайсың?

...Шағылып тауы, құлазып көніл мекені,

Тұкенің астан оралған осы беті еді.

Бәйгеде болған ұлының әбес қылышын

Ойласа болды, өрт қарып ішін өтеді.

Намыстан өліп кетердей, міне, үзіліп,

Өкпесі кеүіп, қуарып, өні бұзылып.

Малдасын құрып жұдырығымен жер тіреп,

Бейкүнә, момын бәйбішені отыр қыжырып.

...Жатаған келген Тұкенің жалдас қүрені,

Дүйім ел білген дүлдүлдің нағыз бірі еді.

Кешегі аста бәйгеге қосып жүйрігін,

Келерін біліп, қауіпсіз, бейқам тұр еді.

Көз ұшындағы көлденен жатқан қырқадан,

Көрінген кенет бәйгенің шаны бүрқаған.

Ию да қилю ұрандал тұрган рулы ел,

Жамырай тілеп, жақындай түсіп бір табан.

Тұяқлен турап, көлденен жатқан көк белді,

Кермені үзіп, сәйгүліктер де жеткен-ді.

Көре алмай Тұке баласы менен қүренін,

Көзінің алды көленке тартып кеткен-ді.

Озғанды қауым қаумалап-киіп жаткан-ды,  
Қалғандар кейін, озғандар гулеп, мактанды.  
Шорт сынған сағы, шошайып жалғыз Тұке тұр,  
Күнірентіп жүрген күрең ат қайда мактаулы?!

Желпіне барып, желігін жұрт та басқан-ды;  
Окыс бір ғажап оқиға сонда басталды.  
Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді,  
Каранғы тұнде қақ жарып тілген аспанды.

Ку даладағы құйын ба дерсің, ойнаған,  
Қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаған.  
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,  
Қамшы сабына жейдесін туғып байлаған.

Жайына қалып, өлі аруақ пенен тірі аруақ,  
Келеді бала, есімін өзі ұрандап.  
Тірілер шошып, жағасын ұстап, тұр аулак,  
Өлгендер көрде, тұскен де болар бір аунап  
Келеді қыршын есімін өзі ұрандап.

Доғара қойып, ойын мен дырду, сауықты,  
Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.  
Он үшке толған Тұкенің ұлы Райымбек,  
Албанға алғаш өсітіп өзін танытты.

Қүрен ат тарпып, қара темірді шайнаған,  
Қыбыр да жыбыр, күбір де сыбыр айнала.  
...Асасын ұстап, Әлмерек дейтін би келді.  
— Жеті бабасын жерге қаратқан қай бала?!

Е-е-е, Тұкенің ұлы – түлейдің ұлы сен бе едің?  
Осы болған ғой түлей әкеңнен көргенің.  
Саскөкектей. Өз атынды өзін ұрандап...  
Сырымбет пенен Хангелді сенен кем бе еді?!

Жетесіз туған, ант ұрып кеткір зәнталақ! –  
Бұлығып тұрды, баланың көзі қанталап.  
Қоқилана келіп, басына қамшы үйірді,  
Ақсакалдар да, көксакалдар да анталап.

— Оу, ағайындар!  
Жәберлемендер баланы,  
Жәберлейтіндей қайсына тиді залалы?!

Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой,  
Желісін үзіп, сендерден қайда барады.

Бара да қоймас, ұзай да қоймас сендерден,  
Сендермен бірге тағдырын тәңір тен бөлген.  
Өз атын өзі ұрандағанын несі айып?  
Аузына салып, періште шығар дем берген.

Жауына шапса өз атын өзі ұрандал,  
Қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ.  
Есі бар тентек ессең келе ер болар,  
Ерік беріндер, неғыласындар бұғаулап...

Қарсы алдындағы қалқан боп тұрған Қабайды,  
Қаршадай бала сүйеніш бәлкім санайды.  
Санайды-дағы қауымға тіке қарайды.  
Жүрегін жеген сөзін айтпақ боп талайғы.

Күреніменен атылып шетке шықты да,  
Айғайлап тұрып, анықтап, нақ-нақ, ұқтыра:  
— Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра,  
Күшік тазыдай жылмандастындар мықтыға!  
Ата жауларың арқана бәлем, шықты ма,  
Әкелеріннің көріне, бәлем, тықты ма!

Қызынды сатып, қымызға мас боп жатындар,  
Халықтысындар?!

Қазан андыған қатындар!  
Қорқау қасқырдай бірісін-бірі талаған,  
Бірісін-бірі тонаған, тозған пақырлар! —

Деді де, бала күреніменен самғады,  
Өз атын өзі ұрандауынан танбады.  
Тетір де болса, тентек баланың аруағы  
Шашылып жатқан ауылды тегіс шарлады.

...Кешегі аста Әлмерек бидің сөккені,  
Түкенің мүлде есінен бір сәт кетпеді.  
Теріс айналып, шөкті де қалды шал байғұс,  
Талақ етті де бүгіні менен өткенін...

Түке өлген.  
Он сегізде Райымбек,  
Жүрген жок әкө өлді деп, уайым жеп.  
Тіріге тізе бүгіп, бас имеген,  
Тізесін бүктірмесе құдайы кеп.

Білігі, бітімі де бөтен екен,  
Бар күні мал сонында өтеді екен.

Ерін – жастық, тоқымын төсөніш етіп,  
Белін шешпей, қисая кетеді екен.

Ел арасы дау-шарға араласпай,  
Лок беріп, ағайынмен жағаласпай,  
Кайсар болып, қатты боп өсті жігіт,  
Катыгез құмға біткен қарағаштай.

Қанағат қып әкеден қалған малды,  
Бәленнен ассам деп те қамданбады.  
Бозбасы сауыққа да алданбады,  
Бойында болсам деген қалды арманы.

Қалқалап, қадір тұтып естілерді,  
Талайды түйді жігіт, өсті, көрді.  
Қазактарды жау шауып жатыр деген,  
Үзік-үзік хабарды естіген-ді.

Ойлап тұрса, сол жауы іргесінде,  
Ойлап тұрса, сол жаудың түрмесінде  
«Айламен алдарқатып кеткен дұшпан,  
Кім кепіл қайта шауып кірмесіне?!»

Қыын екен өмірдің сұраулары,  
Ойланды балаң-жігіт, біле алмады.  
«Белінен дұшпан аттап баратқанда,  
Біздің ел неге қарсы тұра алмады?!»

Қайда жүр баяғының батырлары?  
Бас қойып, неге ұранын шақырмады?!

Жігер тайып жігіттің жетесінен,  
Сарқылды ма қарттардың ақылдары?!

Неге бірі садақ боп атылмады?!

Қойын сойып, қолдарын кусырды да,  
Дұшпандарын жіберді ту сыртына.  
Қакла бола алмаған қайран елге,  
Қауқары жоқ күндерің құрысын мына!

Әзірге аман тұрғанға малы-басын,  
Сауық пенен сайранға салынасын.  
Қазақ жылап жатыр ғой, қазақ жылап,  
Неменене жетісіп, қағынасын?!

Қайта шапқан жауынды танығасын,  
Құдайына шынымен табынасын,

Атамекен, жұртыңды сағынасын.  
Бұралқы боп, жат жерде зарығасын.

Құланыңды бауыздар желіге айдап.  
Құраныңың өртөнер соры қайнап,  
Қайда барсан Қорқыттың көрі болып,  
Конысынан ауарсың «Елімайлап».

Қайтсем екен?  
Аттан! – деп ағайынға,  
Құрбандыққа басымды шалайын ба?!  
Қабай жырау қайда екен, не дер екен?!  
Ақыл сұрап көрейін барайын да».

– Ар ма, ата!  
Арнай келдім, батанды бер?  
Қасыма баланды қос, қатар жүрер?  
Жол сілте, ақылыңды айт, қысылғанда  
Аятым болсын менің атал жүрер.

Сырымбет өuletінен таралғамын,  
Хангелді қасиетінен нәр алғанмын.  
Әкемдей малжанды боп, өріс күйттеп,  
Жарамас жабағы үйде қамалғаным,  
Жанымды тұншықтырған бар арманым.

– Айт, балам,  
Арманыңды айт, жасқанбағын,  
Көріп тұрмын, көзіңден шашқан жалын.  
Не айтам саған, көл едім, көлшік болдым,  
Көзі бітіп, суалған бастауларым.  
Тыңдайын, арманыңды айт, жасқанбағын.

– Кенедейден көзімді ашқан жауым,  
Еске түсіп, бойымды басқанға мұн,  
Деген ой «жастығымды ала жатсам», —  
Жоқтұғын менің мұлде басқа арманым.  
«Арманда, балам, арманда,  
Арманға толы жалғанда,  
Армансыз, сірә, жан бар ма?  
Армансыз жүрген жандарға  
Алданбас, балам, алданба!  
Арманда, балам, арманда,  
Қапелімде, жауларда,  
Ақырғы демің қалғанда,

Айырылып естен танғанда,  
Ақырғы рет қарман да,  
Арманда, балам, арманда!

Ақылымнан танғанда,  
Азұымнан шалғанда,  
Көрі койдың жасындай,  
Аз ғұмырым қалғанда,  
Нендей ақыл айтартын?!  
Ата жауын қалмақ-ты,  
Ел-жұртЫнды зарлатты.  
Ата-қазак үрпағын  
Аяқасты корлапты,  
Аспанынды торлапты,  
Жазиранды шандапты,  
Жазықсыз елді қандапты.

Жалғыз қайда баарсың?  
Жауынды қалай табарсың?  
Ауызданбаған арланым,  
Абайсызда шабарсың,  
Айлалы жаудың алдында  
Тұзакқа түсіп қаларсың!

Сонынан жұртЫн ермесе,  
Қолының ұшын бермесе,  
Дегеніңе көнбесе,  
Ауызданбаған арланым,  
Жауына жалғыз бармағын,  
Қылып қалар арманың!  
Халқына хабар арнағын,  
Аужалын түйіп, андаған,  
Кекке соққан қанжарым,  
Кемтіліп жүзің қалмағын,  
Жауына жалғыз бармағын!

Беліннен бір-ақ аттаған,  
Берекенді таптаған,  
Құлығын ішке сақтаған,  
Құмырсқадай қаптаған,  
Жауына жөнсіз ұрынбай,  
Ұрымтал жерден шап, балам!

Жауындың күшін андамай,  
Бетпе-бет ұрыс салмағай!

Ол көп-тағы, сен азын,  
Опық жеп, балам, қалмағай,  
Алды-артынды барламай,  
Орынсыз іске бармағай!

Тұтқылдан лап беріп,  
Томаға-түйік шап келіп.  
Жауыңын есі кіргенше,  
Қара тұнді қак бөліп,  
Ізінді жасыр жалт беріп.

Алды-артынды аңғармай,  
Айқаспай тұрып қорғанбай,  
Колайлы жерде қамданбай,  
Ашқөзденіп, мерт болма,  
Кораға түскен арландай!

Шабарынды білдірме,  
Шаужайынан ілдірме!  
Жекпе-жек күтіп, ділгірме!  
Жер қайыскан жауынды  
Женемін деме бір күнде!

Көзсіздік іске татыр ма?  
Айласыз батыр батыр ма?!

Отырып қалар тақырға.  
Күндіз ұйықтап, тұнде жорт.  
Қарасын қүннің батыр да, –  
Кегінді қайра ақылға,  
Жалғыз жортып, шатылма  
Аттанып жар сал, ер ұлым,  
Ел-жұртынды шақыр да.  
Дүние – қоңыз, енші бер,  
Соңынан ерген пакырға».



Бидің үйі,  
Ленің жағасында.  
Жақсы менен жайсаның бәрі осында  
Қарасақал, аксақал – алқалы топ,  
Алдына алып бір істі қарасуда,  
Бірі көнсе, біреуі таласуда.

Бірі олай тартады, бірі былай,  
Бірі өзінше патша, бірі құдай,

Бір сәтте ұйып, бір сәтте іруін-ай,  
Қазекемнің осы бір ырымын-ай.

Бірі өріден, білгенсіп, мысалдайды,  
Бірі өзінше түніліп, құшар қайғы.  
Жұз лоқсып, жүректе запыранын,  
Бірі іштен тынады, құса алмайды.

Бидің бағып біреуі қас-қабағын,  
Бұлқ етуден бишара жасқанады.  
Бірде бәрі жабылып біреуіне,  
Жемтік көрген бөрідей бас салады.

Екі ортаны біреулер андасады,  
Жен ұшынан женгенмен жалғасады.  
Бидің ығын қалайша табамыз деп,  
Бір-бірімен жыланша арбасады.

Ұйқылы-ояу би отыр данасынып,  
Қақ төріне қауымның дара шығып.  
...Би билігін күтуде Райымбек,  
Алып ұшып, жүрегі аласұрып.

Би дауысын бір сәтте кенеді де,  
(Жұрт назарын аударсын дегені ме?!)  
Қарт жырауға қаһарын атты келіп:  
«Ылан, дүбір саласың неге еліме?!

Атыспай да шабыспай тірлік құрып,  
Тыныш жатқан жұрттымды дүрліктіріп,  
Арандатпай, жәйіне жүрсен еді,  
Иман сұрай алладан, құлдық қылыш.

Тіршілікке тірек қып дін-арманын,  
Жақсылығын күтуші ек бір алланың.  
Кедей менен кепшікті айдал салып,  
Келдің-дағы сен, бейбак, ыланңадың!

Бас білмейтін байғусты еліктіріп,  
Қолтығына су бүркіп, желіктіріп...  
Амал қанша, ұялам сақалынан,  
Таспа алар ем жонынан керіп тұрып!

Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа,  
Қалауынды қақым жоқ ұғынбасқа.

Бір шартым бар «батырға» қоятұғын,  
Жамыраспа, бет алды шуылдаспа.

Басын тартпас, «батыр» ғой несі кетсін,  
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.  
Топ ішінен таңдаған атын мініп,  
Мына жатқан Ілені кесіп өтсін!

Кесіп өтсін, қайтадан оралсын да,  
Дуылдақсан дау-шарды доғарсын да,  
Ақ күн тузын алдынан, тарта берсін,  
Тандап-тандап елінен қол алсын да.

Шартым – осы!  
Осыған шыдайсың ба?  
Шыдамасаң тынасын, құлайсың да.  
Болсаң сосын боларсын, қол бастарсын,  
Алдыменен бағынды сынайсың да.  
Шыдайсың ба?  
Бағынды сынайсың ба?..

Оны да біл, құның жоқ суға кетсен,  
Құнәлі өзің, жанынды құрбан етсен!  
Қайда жүрсөң аманат бір құдайға,  
Аман-есен осынау сыннан өтсен».

«Болса болсын, тәуекел, шыдап бағам,  
Болашағым белгісіз сұрап маған,  
Өлсем өлдім, өзіме өз обалым,  
Ахиреттен орнымды бір-ақ табам.

Қайда барсан, бәрібір, кірерің көр,  
Қабылдайды қойынына түнеріп жер.  
Қапталына түсіріп қүренімнің,  
Қамыс артып, жігіттер, жіберіндер?»

Жарлы менен жақыбай намысты ойлап,  
Артып берді екі тең қамыс байлап.  
Тілсіз жауға тірексіз тұра тартса,  
Жылым жұтып, жігіттің бағы үшпай ма?

Райымбек мінді де қүреніне,  
Келді өзенге, жетпек боп тілегіне,  
Шым-шым қайнап, ширыға шұбатылған,  
Тылсым дүлей алдында – Іле міне.

Оңтайлау жер осы-ау деп өтпек еді,  
Оскырынып күрені беттемеді.  
Жағада жұрт, жаны ашып, жамырасып,  
– Қайтсаншы, өлесің ғой текке, – деді.

Тұрғанда ашу, намыс, сезім арбап,  
Тоқтасын ба, қауымның сөзін андал,  
Камшы басып күренгे суға атылды,  
Өз есімін айқайлап, өзі ұрандал.

Кәрі мен жас ұстасып жағаларын,  
Жамырайды, білмейді не боларын.  
– Кеш, аруақ, – деп, – тентекті, жалынады.  
Жаудырады иманын, тобаларын.

Артқан қамыс тірліктің белгісі бол,  
Демеу жасап, жылымға бергісі жок.  
Ақ айдыннан екі бас көрінеді,  
Адамның да, аттың да өлгісі жок.  
Күрен жүзіп барады өлгісі жок.

Жұрт назары – осынау ақ айдында,  
Екі басқа еміне қарайды да,  
Аруақтарды көрінен шақырады,  
Талай аят оқылып, талай дұға.

Күрен менен жігіттің бағын ойлад,  
Жалынады жағалау «а, құдайлап».  
Екі басты қақпакыл қағып алып,  
Әлдекайда барады ағын айдал.

Ағынменен күрен әт жалдал кетті.  
– Кетті!  
– Өлді! – жағалау зарлап кетті.  
Бір кісінеп жануар жіберді де,  
Ағын айдал, есен-саяр жаққа өтті.

– Дауасы жоқ жан екен, оты жанған,  
Ілесіндер осыған оты барлар!  
Су жол берген батырға мен жол бермей,  
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.

Барындар, әкеліндер салға салып,  
Сынайын сырттаныңды жауға салып.  
Кияннан құйылып кеп, қиратсын бір,  
Қатарын бөрілердің қан жосағып.

Дауасы жоқ жан екен жаратылған,  
Тұлпар екен тұғырдан дара туған.  
Қамауда ұстап қыранды отыра алман,  
Ұшсын, кетсін жай атып қанатынан.

Хангелдінің сауытын кигізіндер,  
Қыннан алып, қылышын сүйгізіндер.  
Сырымбеттің туының алдына әкеп,  
Тәубе еткізіп, басын да игізіндер.

Шауламаған шабыты бала қыран,  
Балалықлен қапыда қалары бар.  
Баптап өзін, батырды қалауына ал,  
Бас болғайсың балаға, дана-жырау.

Қашаннан би кесімі бір кесулі,  
Көнсен де, көнбесен де үйлесімді.  
Білгеніннен жаңылтып бидін десі,  
Білдіретін кезі ғой білмесінді.

Би кесті.  
Қара халық қабылдады,  
Қару алып, қол жимақ қабырғалы.  
Жорыққа әзірленіп жатты қауым,  
Касынан Райымбек табылғалы.

Ақтабан шұбырынды.  
Ақтабан шұбырынды...  
Қадарсың қайда барып тұғырынды?!  
Қазақ жері – алып бір қара қазан,  
Қазанда кайран жұртым қуырылды.

Ақтабан шұбырынды.  
Қарғаған кім болды екен ғұмырынды?  
Жортпай тұрып, үйрендің жығылуды,  
Шаппай тұрып, үйрендің тығылуды.

Ақтабан шұбырынды,  
Ақ туын жығылуы.  
Олақ қатын тоқыған алашадай,  
Өргемінің арқауы суырылды.

Жәннатынды жамсатып жау орнады,  
Жатқаны анау өртеніп қара орманың.  
Тұрылғы туралып, тоқым болып,  
Қанқасы тұр қалқып қара Орданың.

Ақтық байлап, табынып тал-қайынға,  
Отті күнің, сор қатып маңдайында.  
Кетті қымыз жауыңың таңдайында,  
Кетті қызың жауыңың борбайында.

Ақыныңа, серіңе, батырыңа,  
Тұсына қимаған, жақыныңа,  
Тұяғымен ор қазған тұлпарларың,  
Тулап кетті жауыңың тақымында.  
Нәлет айтып, кеш кірген ақылыңа,  
Ана сүтің аузыңа татыды ма?!

Ертіс, Есіл, Жайық, Жем, Сағызға бар,  
Бәрібір, пана болмас ауызға алар.  
Бәрібір, монғол шапсын, жонғар шапсын,  
Әйтеуір, қазақ алдымен бауыздалар.

Тобыл, Шу, Сыр мен Іле, Нұраға бар,  
Арнасында наласы жылап ағар.  
Қандай жаудың болса да қарауылы —  
Қазақ байғұс.  
Калкайып тұра қалар.

Өзіңің тұрмағасын уысында,  
Өз жерің өзіңе жат, құрысын да!..  
Жер шетімен шекаран шектелсе ғой.  
Жатса ғой алып мұхит шығысында.  
...Жалғаның жартысындей мынау өлкен,  
Кім білсін, сорың ба, өлде ырысың ба?!

Пайдаланып былығың-шылығынды,  
Жауың кеп, шырылдатты шыбынынды.  
Жау да, өзің де ластап тұнығынды,  
Жаяу ұстап қолыңа құрығынды,  
Қайда босып барасың, қайда, қайда?  
Ақтабан шұбырынды!  
Ақтабан шұбырынды!!!  
Ақтабан шұбырынды!!!

...Боса берген.  
Артына қарамаған.  
Өзіне жат өз жерін аралаған,  
Тау қуысы, өзенді сағалаған.  
Бірі барып құл болып Хиуаға,  
Екіншісі орысты паналаған.

## **МАЗМҰНЫ**

<b>Бірінші тарау</b>	
<b>Құмартып қайран сәттерге .....</b>	<b>5</b>
<b>Екінші тарау</b>	
<b>Ауады да тұрады, аңсарым-ай! .....</b>	<b>131</b>
<b>Үшінші тарау</b>	
<b>Дарига-жүрек шөлдеді .....</b>	<b>213</b>

**Мұқагали Макатаев**

**АМАНАТ**

**Жыр жинағы**

**Бас редакторы Әділхан Пірманов**

**Редакторы Райхан Райбаева**

**Суретшісі Арыстан Ысқақов**

**Көркемдеуші редакторы Мәриям Элімақанова**

**Техникалық редакторы Ұлдай Рысалиева**

**Корректоры Элима Кенжалина**

**ИБ № 1101**

Теруге 30.07.2002 берілді. Басуға 7.08.2002 кол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.  
«Таймс» гарнитурасы. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 15,96.  
Есепті баспа табағы 16,37. Тарапалмы 10000. Тапсырыс 452.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 75.

Казақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия  
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.



Мұқағали МАҚАТАЕВ – ақын,  
драматург, аудармашы.  
1931 жылы туған.  
1976 жылы қайтыс болған.  
1964 жылы «Ильич» атты тұнғыш  
поэмалар жинағы жарық көрді.  
«Қарлығашым келдің бе?»,  
«Дариға-жүрек», «Аққулар  
ұйықтағанда», «Өмір-дастан»,  
«Өмір-өзен», «Соғады жүрек» т.б.  
өлең жинақтары шыққан. «Қош,  
махаббат» пьесасының авторы.  
У. Уитменнің өлеңдерін,  
В. Шекспирдің сонеттерін,  
Дантенің «Құдыретті комедиясын»  
аударған..

